$$B = -1,0196 \cdot \left(\log \left[\frac{z}{L_e} \right] \right)^3 - 0,8910 \cdot \left(\log \left[\frac{z}{L_e} \right] \right)^2 + 0,5343 \cdot \log \left[\frac{z}{L_e} \right] - 0,1156$$


$$C = 0,8030 \cdot \left(\log \left[\frac{z}{L_e} \right] \right)^3 + 0,4236 \cdot \left(\log \left[\frac{z}{L_e} \right] \right)^2 - 0,5738 \cdot \log \left[\frac{z}{L_e} \right] + 0,1606$$

Мына аумақтағы $0 \leq \frac{x}{L_e} \leq 0,1$ көрсеткіштер арасындағы мөлшерлеушілікті жасау:

$$\frac{x}{L_e} = 0 \quad (s = A \text{ (2.10) Өрнектегі) және } \frac{x}{L_e} = 0,1.$$

Мына жағдайда $\frac{z}{L_e} < 0,1$, $\frac{z}{L_e} = 0,1$ көрсеткішін қолданады.

Мына жағдайда $\frac{x}{L_e} > 3,5$ немесе $\frac{z}{L_e} > 2,0$, $s = 0$ қолданады.



2.5 Сурет – Коэффициент s төбелер немесе тау жоталары үшін

с) Төбелердің немесе тау жоталарының жел жағы (2.5 Суретін қара).

Мына аумақ үшін $0 \leq \frac{x}{L_d} \leq 2,0$ и $0 \leq \frac{z}{L_e} \leq 2,0$ қолданады: $s = A \cdot e^{\left[B \cdot \frac{x}{L_d} \right]}$, (2.12)

мұндағы $A = 0,1552 \cdot \left(\frac{z}{L_e} \right)^4 - 0,8575 \cdot \left(\frac{z}{L_e} \right)^3 + 1,8133 \cdot \left(\frac{z}{L_e} \right)^2 - 1,9115 \cdot \left(\frac{z}{L_e} \right) + 1,0124$;

және $B = -0,3056 \cdot \left(\frac{z}{L_e} \right)^2 + 1,0212 \cdot \left(\frac{z}{L_e} \right) - 1,7637$.

Бұл үшін $\frac{x}{L_d} > 2,0$ немесе $\frac{z}{L_e} > 2,0$, $s = 0$ қолданады.

2.3.1.1.10 [4.4 ҚР ҚН EN 1991-1-4] Желдің турбуленттігі

Турбуленттіліктің z жоғарылықтағы жиілігі $I_v(z)$, турбуленттіліктің стандартты ауытқуының желдің орташа жылдамдығына қатынасы ретінде анықталған.

Жел жылдамдығының турбуленттілік құрамы орташа көрсеткішке ие, нөлге тең, және стандартты ауытқу σ_v .

Турбуленттіліктің стандартты ауытқуы σ_v тең:

$$\sigma_v = k_r \cdot v_b \cdot k_i, \quad (2.13)$$

мұндағы k_r – жердің коэффициенті, (2.5) Өрнегі бойынша;

v_b – жел жылдамдығының базалық көрсеткіші, (2.2) Өрнегі бойынша;

k_i – турбуленттілік коэффициенті. Турбуленттілік коэффициентінің көрсеткішіне $k_i = 1,0$ алынған.

Турбуленттілік жиілігі $I_v(z)$ тең:

$$I_v(z) = \frac{\sigma_v}{v_m(z)} = \frac{k_i}{c_o(z) \cdot \ln\left(\frac{z}{z_0}\right)} \quad \text{для} \quad z_{\min} \leq z \leq z_{\max}; \quad (2.14)$$

$$I_v(z) = I_v(z_{\min}) \quad \text{для} \quad z \leq z_{\min}$$

мұндағы k_i – турбуленттілік коэффициенті;

c_o – орографиялық коэффициент, 2.3.1.1.9 тараулары бойынша;

z_0 – кедір-бұдырлық параметрі 2.4 Кестесі бойынша.

2.3.1.1.11 Жылдамдық қысымының ең жоғарғы көрсеткіші

Жылдамдық қысымының z биіктіктегі орташа жылдамдық пен кезекті (соғулық) тербелісін есепке алатын ең жоғарғы көрсеткішін $q_p(z)$ былайша анықтау керек:

$$q_p(z) = [l + 7 \cdot I_v(z)] \cdot \frac{1}{2} \cdot \rho \cdot v_m^2(z) = c_e(z) \cdot q_b, \quad (2.15)$$

мұндағы ρ – ауаның тығыздығы, ол теңіз деңгейінен биіктігінен, температурасына және барометрлік қысымына байланысты. Көрсеткіштері, сұрапыл дауылды аймақтарға сәйкес анықталуға тиісті. Есептеулерде мына көрсеткішті қолданған жөн $\rho = 1,25 \text{ кг/м}^3$;


$c_e(z)$ – экспозиция коэффициенті, мына формуламен анықталады:

$$c_e(z) = \frac{q_p(z)}{q_b}, \quad (2.16)$$

мұндағы q_b – орташа (базалық) жылдамдық қысым көрсеткіші, :

$$q_b = \frac{1}{2} \cdot \rho \cdot v_b^2 \quad (2.17)$$

(2.15) Өрнегіндегі 7 көрсеткіші ең биік коэффициентке сәйкес келеді $k_p = 3,5$ (см. 2.3.1.1.18) тараулары қысымның да, әрі күштердің де аэродинамикалық коэффициенттеріне сәйкес келеді. Тегіс жер үшін $c_0(z) = 1,0$ болғанда, экспозиция коэффициенті $c_e(z)$, (жер бетінен) жоғарылық функциясы түрінде 2.6 Суретте және жердің түрлері түрінде (2.4 Кесте бойынша) берілген [4.5 ҚР ҚН EN 1991-1-4].



**2.6 Сурет – Экспозиция коэффициентінің $c_e(z)$
 $c_0 = 1,0$, $k_i = 1,0$ үшін графикалық көрсетілімі**

2.3.1.1.12 Желдік салмақтар

5.3 тармағына сәйкес ҚР ҚН EN 1991-1-4, құралымға немесе құралымдық элементке әсер ететін желдік салмақ F_w , міндетті түрде мына формула бойынша анықталады:

$$F_w = c_s c_d \cdot c_f \cdot q_p(z_e) \cdot A_{ref} \quad (2.18)$$

немесе жеке құралымдық элементтерге әсер ететін жел салмағының жалпылама құнымен анықталады, мына формуланы қолдану арқылы:

$$F_{w,j} = c_s c_d \cdot c_f \cdot q_p(z_e) \cdot A_{ref}, \quad (2.19)$$

мұндағы $c_s c_d$ – құралымдық коэффициент (2.3.1.1.13 тарауларын қара);

c_f – құралым немесе құралымдық элемент үшін жұмсалатын күштің аэродинамикалық коэффициенті;

$q_p(z_e)$ – желдің жылдамдық қысымының ең жоғарғы көрсеткіші (2.3.1.1.11 тараулары бойынша);

z_e – базалық биіктік, ол қаралып жатқан элементтің ең жоғарғы көрсеткішіне тең биіктік (7 бөліміне сәйкес ҚР ҚН EN 1991-1-4), немесе жел салмағын анықтау қажет болатын жер бетінен жоғарыдағы биіктігіне тең;

A_{ref} – конструкцияның немесе құралымдық элементтің базалық ауданы.

ЕСКЕРТПЕ 2.3.1.3 тарауларында коэффициенттер көрсеткіші c_f қиындысы тік жақтаулы тік бұрышты конструкциялар немесе құралымдық элементтер үшін, қиындылары дұрыс көпбұрышты болып келетін, дөңгелек цилиндр тәрізді, тор көзді конструкциялар т.б. үшін берілген.

2.3.1.1.13 Конструкциялы коэффициент c_{scd}

Конструкциялы коэффициент c_{scd} желдің жылдамдық қысымының барлық жоғарғы деңгейлері бойынша ең биік көрсеткіштерінің біруақытта туындамаған мүмкіндіктерін (құраушысы c_s), сонымен қатар желдің турбуленттілігінің ғимараттардың резонанстық ауытқуларына әсер етуін (құраушысы c_d) есепке алады.

Конструкциялы коэффициентті c_{scd} масштабты (өлшемді) коэффициент c_s және динамикалық коэффициент c_d ретінде екіге бөлуге болады.

Коэффициент c_{scd} көрсеткіштерін келесідегідей жолмен анықтауға ұлықсат етіледі:

а) Биіктігі $h < 15$ м ғимараттар үшін, каркасты ғимараттар үшін, және олардың ауырлық салмақ көтеретін қабырғалары бар, әрі олардың биіктігі 100 м кем және қалыпты деңгейі бойынша жел әрекетінің бағытына қарай ғимараттың төрт есе биіктігінен аспайтындайын қабылдауға ұлықсат етіледі $c_{scd} = 1$;

б) дөңгелек тіке қиындылы және биіктігі $h < 60$ м және $h < 6,5 \cdot d$ (мұндағы d – диаметр) түтін шығатын құбырлар үшін $c_{scd} = 1$ деп қабылдауға болады;

с) қалған жағдайларда коэффициент c_{scd} мына формуламен анықталады:

$$c_{scd} = \frac{1 + 2 \cdot k_p \cdot I_v(z_s) \cdot \sqrt{B^2 + R^2}}{1 + 7 \cdot I_v(z_s)}, \quad (2.20)$$

мұндағы z_s – тіке салынған ғимараттар үшін конструкциондық коэффициентті анықтау үшін қолданылатын базалық биіктік, 6.1 Суретіне сәйкес ҚР ҚН EN 1991-1-4, тең: $z_s = 0,6 \cdot h \geq z_{\min}$, мұндағы h – ғимараттың биіктігі;

k_p – ең биіктік коэффициенті, ол ғимараттың пульсациондық реакция құрамасының ең жоғарғы көрсеткіштерінің, оның стандартты ауытқуына қатынасы;

I_v – турбуленттіктің белсенділігі (2.3.1.1.10 тарауы бойынша);

B^2 – конструкцияның сыртқы бетіне тигізетін қысымның өзара толықтай байланыстылығы жоқтығын есепке алатын әрекеттің фондық құраушысы;

R^2 – турбуленттіктің әсерінен тербелудің түрлерін ескере отырып, резонанстық ауытқуларын есепке алатын әрекеттің резонанстық құраушысы.

1 ЕСКЕРТПЕ Масштабты (өлшемді) коэффициент c_s , сыртқы беттерінде желдің жылдамдық қысымының ең жоғарғы көрсеткіштерінің әртүрлі уақыттарда пайда болуының нәтижесінде болатын тиімділіктің төмендеуін есепке алады және келесідей түрде есептеледі:

$$c_s = \frac{1 + 7 \cdot I_v(z_s) \cdot \sqrt{B^2}}{1 + 7 \cdot I_v(z_s)} \quad (2.21)$$

2 ЕСКЕРТПЕ Динамикалық коэффициент c_d желдің турбуленттілігінің әсерінен ғимараттың резонанстық тербелуінің әсері есепке алады және келесідей түрде есептеледі:

$$c_d = \frac{1 + 2 \cdot k_p \cdot I_v(z_s) \cdot \sqrt{B^2 + R^2}}{1 + 7 \cdot I_v(z_s) \cdot \sqrt{B^2}} \quad (2.22)$$

(2.20) Өрнегі бойынша есептеу мынандай жағдайда қолданылады, онда жел әрекетінің бағытындағы тұрақты белгісінің қозғалуымен қоса, тек бірінші иілу түрі ғана есепке алынады. Жел әрекетінің бағытындағы иілу тербелісінің екінші және келесі түрлерін есепке алмаса да болады.

2.3.1.1.14 Параметрлерді анықтау k_p , B және R төменде келтірілген әдіспен орындалады (В ҚР ҚН EN 1991-1-4 Қосымшасына сәйкес).

2.3.1.1.15 [B.1(1) ҚР ҚН EN 1991-1-4] Турбуленттіліктің ұзындық масштабы $L(z)$ табиғи желдің орташа соқпалық мөлшерін көрсетеді. 200 м төмен z биіктігі үшін турбуленттіліктің ұзындық масштабы мына формуламен есептеледі:

$$L(z) = L_t \cdot \left(\frac{z}{z_t} \right)^\alpha \quad \text{при } z \geq z_{\min} \quad (2.23)$$

$$L(z) = L(z_{\min}) \quad \text{при } z < z_{\min}$$

базалық биіктікті $z_t = 200$ м, базалық ұзындық масштабын $L_t = 300$ м деп алып және $\alpha = 0,67 + 0,05 \cdot \ln(z_0)$, мұнда кедір-бұдырлық параметрі z_0 в м. Ең төменгі биіктік $z_{\min} = 2,4$. Кестеде көрсетілген.

2.3.1.1.16 [B.1(2) ҚР ҚН EN 1991-1-4] Жиілік диапазонындағы ауа ағымын реттеу жел күшінің спектральді тығыздығының мөлшерсіз функциясымен $S_L(z, n)$ мынадай формуламен есептеліп анықталады:

$$S_L(z, n) = \frac{n \cdot S_v(z, n)}{\sigma_v^2} = \frac{6,8 \cdot f_L(z, n)}{(1 + 10,2 \cdot f_L(z, n))^{5/3}}, \quad (2.24)$$

мұндағы $S_v(z, n)$ – желдің біржақты дисперстік спектрі;

$$f_L(z, n) = \frac{n \cdot L(z)}{v_m(z)} \quad (2.23) \quad \text{Формуласы бойынша анықталатын желдің орташа}$$

жылдамдығы $v_m(z)$ мен турбуленттілік ұзындығының масштабы $L(z)$, Гц-пен имараттың майысу тербелістерінің меншікті жиілігіне $n = n_{1,x}$ бойынша анықталатын өлшемсіз жиілік. Жел күшінің спектралдық тығыздығының функциясы 2.7.-суретте көрсетілген.


2.3.1.1.17 [B.2(2) ҚР ҚН EN 1991-1-4] Құралым бетіне түсетін қысымның толық корреляциясының жоқтығын ескеретін реакциясының фондфк құрамдас бөлігі:

$$B^2 = \frac{1}{1 + 0,9 \cdot \left(\frac{b + h}{L(z_s)} \right)^{0,63}}, \quad (2.25)$$

формуласы бойынша анықталады.

мұндағы b, h – желге перпендикуляр бағыттағы имараттың ені мен биіктігі;

$L(z_s)$ – базалық биіктікке z_s арналған (2.23) Формуласы бойынша анықталатын турбуленттілік ұзындығының масштабы. Қауіпсіздік мақсатында $B^2 = 1$ қолданылуы мүмкін.



2.7 Сурет Спектралды тығыздық функциясы $S_L(f_L)$

2.3.1.1.18 [B.2(3) ҚР ҚН EN 1991-1-4] Өрлеу коэффициенті k_p имарат реакциясының пульсациялық құрамдас бөлігінің ең жоғары мәнінің оның стандарттық ауытқуына қатынасы ретінде анықталған. Ол (2.26) Формуласы бойынша анықталады және 2.8. – суретте көрсетілген

$$k_p = \sqrt{2 \cdot \ln(v \cdot T)} + \frac{0,6}{\sqrt{2 \cdot \ln(v \cdot T)}} \quad (2.26)$$

немесе $k_p = 3$, үлкен мәнді анықтаушы болып табылады,
мұндағы v – (2.27) Формуласы бойынша шығыс ағынының жиілігі;
 T – желдің орташа жылдамдығына арналған орталандыру кезеңі, $T = 600$ с.

2.3.1.1.19 [B.2(4) СН РК EN 1991-1-4] Шығыс ағынының жиілігін v :

$$v = n_{1,x} \cdot \sqrt{\frac{R^2}{B^2 + R^2}}; \quad v \geq 0,08 \text{ Гц}, \quad (2.27)$$

формуласы бойынша анықтайды.

мұндағы $n_{1,x}$ – имараттың майысу тербелістерінің меншікті жиілігі.

$v \geq 0,08$ Гц шектеуі 3,0 өрлеу коэффициентіне сәйкес келеді.

2.3.1.1.20 [F.2(1)÷(4) ҚР ҚН EN 1991-1-4] имараттың майысу тербелістерінің меншікті жиілігі (ҚР ҚН EN 1991-1-4 F Қосымшасына сәйкес) анықтауға болады:


а) Құралымның майысуының негізгі меншікті жиілігін n_1 есептеуге арналған өзекшенің ұшындағы массалар орталығы (бір массасы) бар консольдық құралымдар үшін жеңілдетілген:

$$n_1 = \frac{1}{2 \cdot \pi} \cdot \sqrt{\frac{g}{x_1}}, \quad (2.28)$$

формуласы қолданылуы мүмкін.

мұндағы g – еркін түсу жылдамдығы, $9,81 \text{ м/с}^2$ тең;

x_1 – тербеліс бағытындағы меншікті салмақтың әсерінен болатын ең жоғар орын алмасу, м.



2.8 Сурет. Өрлеу коэффициенті

б) Биіктігі 50 м жоғары көп қабатты үйлерге арналған негізгі меншікті майысу жиілігі n_1 :

$$n_1 = \frac{46}{h}, \quad \Gamma_{Ц} \quad (2.29)$$

формуласы бойынша анықталуы мүмкін.

Мұндағы h – ғимараттың биіктігі, м.

Бұл формула мұнаралар үшін де ұсынылған.

в) Түтін мұржаларының негізгі меншікті майысу жиілігі n_1 :

$$h_{\text{eff}} = h_1 + \frac{h_2}{3} \quad \text{қолдану арқылы}$$

$$n_1 = \frac{\varepsilon_1 \cdot b}{h_{\text{eff}}^2} \cdot \sqrt{\frac{W_s}{W_t}}, \quad \Gamma_{Ц} \quad (2.30)$$

формуласы бойынша бағалануы мүмкін,

мұндағы b – түтін мұржасының сыртқы диаметрі, м;

h_{eff} – түтін мұржасының тиімділік биіктігі, м. h_1 және h_2 2.9 –суретте көрсетілген;

W_s –түтін мұржасы құралымдарының қаттылықты тудыратын элементтерінің салмағы;

W_t – түтін мұржасының жалпы салмағы;

ε_1 –1000 тең– болаттан жасалған түтін мұржалары үшін.

$h_3 = h_1/3$, мұндағы h_3 тербелістердің негізгі формасына арналған m_e ұзындығының бірлігіне массаны анықтау кезінде есептеледі. (бұдан әрі, (2.39)Формуласын қар.).


г) Қаттылықтың сақинасыз ұзын цилиндрлі қабығының эллиптикалық тербелістерінің негізгі жиілігін $n_{1,0}$:

$$n_{1,0} = 0,492 \cdot \sqrt{\frac{t^3 \cdot E}{\mu_s \cdot (1 - \nu^2) \cdot b^4}}, \quad (2.31)$$

формуласы бойынша есептеуге болады.

мұндағы E – серпімділік модулі, $\text{H}/\text{м}^2$;
 t – қабықтың қалыңдығы, м ;
 ν – Пуассон коэффициенті;
 μ_s – бірлігіне қабықтың аудан массасы, $\text{кг}/\text{м}^2$;
 b – қабық диаметрі, м .

(2.31) Формуласы бойынша қабықтың ең аз меншікті жиілігін алады. Қаттылық сақиналары меншікті жиілікті n_0 көтереді.



2.9 Сурет. Түгін мұржаларына арналған өлшемдер

2.3.1.1.21 [B.2(5) ҚР ҚН EN 1991-1-4] Турбуленттіліктің салдарынан тербелістер нысанын есепке алғандағы резонанстық тербелістерді ескеретін реакцияның резонанстық құрамдас бөлігі R^2 :

$$R^2 = \frac{\pi^2}{2 \cdot \delta} \cdot S_L(z_s, n_{1,x}) \cdot R_h \cdot R_b, \quad (2.32)$$

формуласы бойынша анықтауға болады.

мұндағы δ – сөнудің логарифмдік декременті (2.3.1.1.23 Тармақшасын қар.);
 S_L – (2.24) Формуласы бойынша жел күшінің спектралдық тығыздығының өлшемсіз функциясы;

R_h , R_b – (2.33) және (2.34) Формулалары бойынша анықталатын аэродинамикалық өткізгіштік функциялары.

2.3.1.1.22 [B.2(6) ҚР ҚН EN 1991-1-4] Аэродинамикалық өткізгіштік R_h және негізгі майысу тербелістерінің R_b для нысандарына арналған функциялар:

$$\eta_h = \frac{4,6 \cdot h}{L(z_s)} \cdot f_L(z_s, n_{1,x}) \quad \text{және} \quad \eta_b = \frac{4,6 \cdot b}{L(z_s)} \cdot f_L(z_s, n_{1,x}).$$

колдана отырып,

$$R_h = \frac{1}{\eta_h} - \frac{1}{2 \cdot \eta_h^2} \cdot (1 - e^{-2 \cdot \eta_h}), \quad R_h = 1 \quad \text{үшін} \quad \eta_h = 0; \quad (2.33)$$

$$R_b = \frac{1}{\eta_b} - \frac{1}{2 \cdot \eta_b^2} \cdot (1 - e^{-2 \cdot \eta_b}), \quad R_b = 1 \quad \text{үшін} \quad \eta_b = 0; \quad (2.34)$$

формулалары бойынша анықталады.

ЕСКЕРТПЕ Тербелістердің қосымша түйіндері бар тербелістер нысандары үшін мейлінше нақты зерттеулер талап етіледі.

2.3.1.1.23 [F.5(1)÷(4) ҚР ҚН EN 1991-1-4] Сөнудің логарифмдік декременті

(2.32) Формуласындағы сөнудің логарифмдік декременті δ майысу тербелістерінің негізгі нысанына арналған (ҚР ҚН EN 1991-1-4 F Қосымшасына сәйкес):

$$\delta = \delta_s + \delta_a + \delta_d \quad (2.35)$$

формуласы бойынша анықталады.

2.3.1.1.24 Логарифмдік құрылымдық өшу декрементінің δ_s жуықталған мағыналары

2.7 – Кестеде көрсетілген.

2.7 Кесте—логарифмдік δ_s құрылымдық өшу декременттінің жуықталған мағыналары құрылымның негізгі формалы ауытқулары үшін

Құрылым түрі		Құрылымдық өшудің мағынасы δ_s
сыртқы жылылықты сақтаусыз футерленбеген балқытылған болат түтін құбыры		0,012
сыртқы жылылықты сақтаусыз футерленбеген балқытылған болат түтін құбыр		0,020
қоршау құбыры бар және сыртқы жылылықты сақтауы бар болат түтін құбырлары ^{a)}	$h/b < 18$	0,020
	$20 \leq h/b \leq 24$	0,040
	$h/b \geq 26$	0,014
қоршау құбыры бар және сыртқы жылылықты сақтауы бар екі және одан да көп болат түтін құбырлары ^{a)}	$h/b < 18$	0,020
	$20 \leq h/b \leq 24$	0,040
	$h/b \geq 26$	0,025
ішкі кірпіштік қаптауышы бар болат түтін құбырлары		0,070
ішкі кірпіштік қаптауышы бар торкретбетон түтін құбырлары		0,030
Байланысқан түтін құбырлары, қоршау құбырыз		0,015
Қыздырылған болат түтін құбырлары, қоршау құбырыз		0,04
Болат торлы құрылымды көпірлер мен мұнаралар	балқытылған	0,02
	өте берік бұрандамалар	0,03
	Қарапайым бұрандамалар	0,05
Арқандар	параллельді сымдардан бұрымдары	0,006
	спиральды арқандар	0,020
^{a)} h/b аралық мағыналары үшін ұзындық интерполяциясы болуы мүмкін.		

2.3.1.1.25 Желдің әрекетінің бағыты бойынша ауытқулар үшін логарифмдік аэродинамикалық өшу декременті формула бойынша анықталады:

$$\delta_a = \frac{c_f \cdot \rho \cdot v_m(z)}{2 \cdot n_1 \cdot \mu_e}, \quad (2.36)$$

бұл c_f – күштің коэффициенті усилия (күш-салмақтың) желдің әрекетінің бағыты бойынша (мұнаралар мен дінгектер үшін 2.3.1.4.3 Тармақшаларды қараңыз);

μ_e – құрылым алаңының бірлігіне қатысты эквиваленттік салмақ, ол тікбұрышты беті үшін формула бойынша есептеледі:

$$\mu_e = \frac{\int_0^h \int_0^b \mu(y, z) \cdot \Phi_1^2(y, z) dy dz}{\int_0^h \int_0^b \Phi_1^2(y, z) dy dz}, \quad (2.37)$$

бұл $\mu(y, z)$ – құрылым алаңының бірлігінің салмағы;
 $\Phi(y, z)$ – модальды форма.

Құрылым алаңының бірлігінің салмағына модальды форманың максималды амплитуда нүктесінде қарапайым жағдайлар үшін, μ_e үшін жақсы жақындау болып табылады.

2.3.1.1.26 Көптеген жағдайларда модальды ауытқулар $\Phi(y, z)$ биіктік бойынша әрбір нүктеге ұдайы және Формула (2.36) орнына логарифмдік аэродинамикалық өшу декременті δ_a үшін желдің бағыты бойынша ауытқулар үшін формула пайдалануы мүмкін:

$$\delta_a = \frac{c_f \cdot \rho \cdot b \cdot v_m(z_s)}{2 \cdot n_1 \cdot m_e}, \quad (2.38)$$

Бұл m_e – ауытқудың негізгі формасы үшін ұзындық бірлігіне эквиваленттік салмағы.

2.3.1.1.27 [F.4(1),(2) ҚР ҚН EN 1991-1-4] Эквиваленттік массасы ұзындық бірлігіне эквиваленттік салмағы формула бойынша анықталады:

$$m_e = \frac{\int_0^\ell m(s) \cdot \Phi_1^2(s) ds}{\int_0^\ell \Phi_1^2(s) ds}, \quad (2.39)$$

бұл m – ұзындық бірлігінің салмағы;
 ℓ – құралымның немесе құралымдық элементтің аралығының биіктігі немесе ұзындығы;
 Φ_1 – Формула (2.40) бойынша анықталатын, иілгіш ауытқулардың негізгі формасы,;
 $i = 1$ – модальды форманың нөмірі.

Салмақты тең таратуымен консольды құрылымдар үшін m_e эквиваленттік салмағы m орташа мағынасы арқылы жақындатылып анықталады, құрылымның h_3 жоғарғы үштен бір бөлігінде таратылған (2.9 – Суретке қараңыз, бұл $h_3 = h_1/3$).

2.3.1.1.28 [F.3(1) ҚР ҚН EN 1991-1-4] Ауытқудың негізгі формасы


Консольды құрылымдар үшін $\Phi_1(z)$ негізгі иілгіш формасы, ғимараттар, мұнаралар, және түтін құбырлары сияқтылар формула бойынша анықталуы мүмкін:

$$\Phi_1(z) = \left(\frac{z}{h} \right)^\zeta \quad (2.40)$$

$\zeta = 2,0$ – мұнаралар мен түтін құбырлары үшін;

$\zeta = 2,5$ – торлы құрылымды металлды мұнаралар үшін.

На Рисунке 2.10 – Суретте консольды құрылымдар үшін негізгі $\Phi_1(z)$ иілгіш формасының графигі көрсетілген.



2.10 Сурет – консольды құрылым ретінде жұмыс атқаратын ғимараттар, мұнаралар және түтін құбырлары үшін иілгіш ауытқулардың негізгі формасы

2.3.1.1.2 Егер құрылымда ауытқуды сөндіру үшін құрылғы қолданылса, онда δ_d сәйкес келетін теориялық немесе эксперименталды әдістердің негізінде анықтайды.

2.3.1.2 Күштердің аэродинамикалық коэффициенті және ішкі қысымның коэффициенті

2.3.1.2.1 Күштердің құрылымдар мен құрылымдық элементтер үшін аэродинамикалық коэффициенті c_f және ішкі қысымның коэффициенті c_{pe} ҚР ҚН EN 1991-1-4, 7 Тарауында анықталады.

Құралдың берілген бөлімінде күштің c_f коэффициентін анықтау принципі көрсетілген тікбұрышты кесік элементтері үшін, көлденең кесігі бар элементтермен дұрыс көпбұрышты формасы бар өткір ұшты элементтермен (осы Тараудың ұсынулары бойынша) торы құрылымдар мен шеңберлі цилиндрлер үшін, сонымен қатар, шеңберлі цилиндрлердің ішкі қысымының коэффициенті.

2.3.1.2.2 [7.6(1),(2) ҚР ҚН EN 1991-1-4] Тікбұрышты көлденең кесігі бар құрылымдық элементтері


Тікбұрышты көлденең кесігі бар құрылымдық элементтер үшін күш коэффициенті c_f дұрыс көлденең кесік жағының келетін ағым бағыты бойынша мынаған тең:

$$c_f = c_{f,0} \cdot \psi_r \cdot \psi_\lambda, \quad (2.41)$$

бұл $c_{f,0}$ – өткір ұшты тікбұрышты көлденең және ұштардың еркін сүйіленуінсіз кесіктің элементтері үшін күш коэффициенті 2.11 – Суретте көрсетілген;

ψ_r – Рейнольдстың санына байланысты, шеңберленген ұшты квадраттық көлденең кесік құрылымы үшін төмендетуші коэффициенті;

ψ_λ – еркін сүйірлі ұштары бар құрылымдар үшін ұштық әсерді ескеретін коэффициент, (2.3.1.2.9 Тармақшаны қараңыз).



Коэффициентті кесіктермен анықтау: А – $c_{f,0} = 0,3193 \cdot \ln(d/b) + 2,5139$

В – $c_{f,0} = -0,7121 \cdot \ln(d/b) + 2,1460$

С – $c_{f,0} = -0,1443 \cdot \ln(d/b) + 1,2322$

2.11 Сурет – өткір бұрышты және ұштардың еркін сүйірленуінсіз тікбұрышты көлденең құрылымдар үшін $c_{f,0}$ күш коэффициенті

ψ_r коэффициентінің жоғарғы шекті мағынасы 2.12 – Суретте көрсетілген. Олар әлсіз турбуленттік жағдайлар үшін анықталады және қауіпсіз болып табылады.


A_{ref} бастапқы алаңын формула бойынша анықтау керек:

$$A_{ref} = \ell \cdot b, \quad (2.42)$$

бұл ℓ – қарастырылатын құрылымдық элементтің ұзындығы.

Жер үстіндегі z_e бастапқы биіктігі максималды биіктікте тең болатын қарастырылатын кесік үшін.

Пластинкалы көлденең кесіктер үшін ($d/b < 0,2$) шабуылдың белгілі бұрыштарындағы келетін ағымдарды көтеру күштері c_f мағынасының 25 % дейін ұлғаюына әкелуі мүмкін.



2.12 Сурет – ψ_r төмендетуші коэффициенті шеңберленген ұштарымен квадраттық көлденең кесіктердің құрылымы үшін


2.3.1.2.3 [7.7(1)÷(3) ҚР ҚН EN 1991-1-4] өткір ұшты кесіктегі құрылымдық элементтер

Құрылымдық элементтер үшін кесіктегі өткір ұшты c_f күш коэффициентін (2.13 – Суретті қараңыз) формула бойынша есептеу қажет:

$$c_f = c_{f,0} \cdot \psi_\lambda, \quad (2.43)$$

бұл ψ_λ – соңғы әсерді ескеретін коэффициенті, (2.3.1.2.9 Тармақшаға қараңыз).

Ұштардың барлық еркін сүйірсіз элементтерге $c_{f,0} = 2,0$ коэффициент мағынасын пайдалану қажет. Бұл мағына әлсіз турбуленттік жағдайлардағы өлшемдеріне негізделеді және қауіпсіз нәтиже береді.



2.13 Сурет – Үшкір шеттері бар қималар

A_{ref} базалық ауданның келесі мәндерін алған жөн (см. Рисунок 2.13):

$$\begin{aligned} - \text{x бабыты} &: A_{ref,x} = \ell \cdot b \\ - \text{y бабыты} &: A_{ref,y} = \ell \cdot d \end{aligned} \quad (2.44)$$

мұнда ℓ – қарастырылатын құралымдық элементтің ұзындығы.

Барлық жағдайларда z_e базалық биіктігін қарастырылатын қима үшін жердің бетіндегі максималды биіктігіне тең алған жөн.

2.3.1.2.4 [7.8(1)÷(4) ҚР ҚН EN 1991-1-4] Тік көп бұрышты пішінді көлденең қимасы бар құралымдық элементтер

Бес және одан көп қырлы пішінді көлденең қимасы бар құралымдық элементтері үшін c_f күш салу коэффициенті келесіге тең:

$$c_f = c_{f,0} \cdot \psi_\lambda, \quad (2.45)$$


мұнда ψ_λ – соңғы әсерді ескеретін коэффициент (2.3.1.2.9 тармақшасын қар.);
 $c_{f,0}$ – ұштарды бос айнала ағусыз құралымдық элементтер үшін күш салу коэффициенті.

Әлсіз турбулент жағдайында өлшеулерден алынған $c_{f,0}$ коэффициентінің ұсынылатын мәндері (беріктік қорымен) 2.8 Кестеде келтірілген.

A_{ref} базалық ауданды келесі формула анықтаған жөн:

$$A_{ref} = \ell \cdot b, \quad (2.46)$$

мұнда ℓ – қарастырылатын құралымдық элементтің ұзындығы;
 b – салынған шеңбердің диаметрі, 2.14 Суретті қар.



2.14 Сурет – Тік көпбұрышты пішінді көлденең қимасы бар құралымдық элемент

Барлық жағдайларда z_e базалық биіктіктігін қарастырылатын қима үшін жердің бетіндегі максималды биіктігіне тең алған жөн.

2.3.1.2.5 [7.9(1)÷(6) ҚР ҚН EN 1991-1-4] Айналма цилиндр үшін сыртқы қысым коэффициенттері

Айналма цилиндр үшін c_{pe} сыртқы қысым коэффициенті келесі формула бойынша анықталатын Re Рейнольдс санына байланысты:

$$Re = \frac{b \cdot v(z_e)}{v}, \quad (2.47)$$

мұнда b – диаметр;

v – ауаның кинематикалық тұтқырлығы ($v = 15 \cdot 10^{-6} \text{ м}^2/\text{с}$);

$v(z_e)$ – 2.15 суретке 2 Ескертуге сәйкес z_e базалық биіктіктегі жел жылдамдығының шекті мәні.

Айналма цилиндр үшін c_{pe} сыртқы қысымның коэффициенті:

$$c_{pe} = c_{p,0} \cdot \psi_{\lambda a} \quad (2.48)$$

мұнда $c_{p,0}$ – λ шексіз икемділігі бар цилиндр үшін сыртқы қысым коэффициенті;

$\psi_{\lambda a}$ – айналма цилиндр үшін соңғы әсерді ескеретін коэффициент.

2.15 суретте α бұрышына байланысты Рейнольдс санының әртүрлі мәндері үшін сыртқы қысым коэффициенті $c_{p,0}$.

**2.8 Кесте – Тік көпбұрышты пішінді көлденең қимасы бар элементтер үшін
күш салмақ коэффициенті $c_{f,0}$**

Қабырғалар саны	Көлденең қимасы	Беттің қасиеттері және жиектерді орындау	Рейнольдс саны $Re^{1)}$	$c_{f,0}$
5	Бесбұрыш	Барлығы	Барлығы	1,80
6	Алтыбұрыш	Барлығы	Барлығы	1,60
8	Сегіз бұрыш	Жазық беті $r/b < 0,075^{2)}$	$Re \leq 2,4 \cdot 10^5$	1,45
			$Re \geq 3 \cdot 10^5$	1,30
		Жазық беті $r/b \geq 0,075^{2)}$	$Re \leq 2 \cdot 10^5$	1,30
			$Re \geq 7 \cdot 10^5$	1,10
10	Он бұрыш	Барлығы	Барлығы	1,30
12	Он екі бұрыш	Жиектері дөңгеленген жазық бет ³⁾	$2 \cdot 10^5 < Re < 1,2 \cdot 10^6$	0,90
		Басқасы	$Re < 4 \cdot 10^5$	1,30
			$Re > 4 \cdot 10^5$	1,10
16 – 18	Он алты бұрыш – он сегіз бұрыш	Жиектері дөңгеленген жазық бет ³⁾	$Re < 2 \cdot 10^6$	Айналма цилиндр сияқты, см. 2.3.1.2.5
			$2 \cdot 10^5 \leq Re < 1,2 \cdot 10^6$	0,70

¹⁾ Re Рейнольдс саны үшін формула 2.3.1.2.5 тармақшасында келтірілген $v = v_m$. Үшін v_m мәндері – 2.3.1.1.7 тармақшасын қар..

²⁾ r – дөңгелектеу радиусы, b – салынған шеңбердің диаметрі.

³⁾ Көлденең қимасы $b = 0,3$ м және дөңгелектеу радиусы $0,06b$ гальванизирленген болат беттері бар үлгілерде аэродинамикалық құбырлардағы сынақтар арқылы анықталған.

Айналма цилиндр үшін соңғы әсерді ескеретін коэффициент $\psi_{\lambda a}$ келесіге тең:

$$\psi_{\lambda a} = 1 \quad 0^\circ \leq \alpha \leq \alpha_{\min} \text{ болған кезде;}$$

$$\psi_{\lambda a} = \psi_{\lambda} + (1 - \psi_{\lambda}) \cdot \cos \left(\frac{\pi}{2} \cdot \left(\frac{\alpha - \alpha_{\min}}{\alpha_A - \alpha_{\min}} \right) \right) \quad \alpha_{\min} < \alpha < \alpha_A \text{ болған кезде;} \quad (2.49)$$

$$\psi_{\lambda a} = \psi_{\lambda} \quad \alpha_A \leq \alpha \leq 180^\circ \text{ болған кезде,}$$


мұнда α_A – шеңбердегі ағынды бөлу күйі (2.15 Суретті қар.)

ψ_{λ} – соңғы әсерді ескеретін коэффициент (2.3.1.2.9 тармақшасын қар.).

A_{ref} базалық ауданды келесі формула бойынша анықтаған жөн:

$$A_{\text{ref}} = \ell \cdot b \quad (2.50)$$

Барлық жағдайларда z_e базалық биіктікті қарастырылатын қима үшін жердің бетіндегі максималды биіктігіне тең алған жөн.



2.15 Сурет – Рейнольдстің әртүрлі сандары үшін ұштардың бос айналу ағусыз айналма цилиндрдің көлденең қимасы бойынша қысымды үлестіру

1 ЕСКЕРТПЕ Аралық мәндерді сызықтық интерполяциямен қабылдауға жіберіледі.

2 ЕСКЕРТПЕ Репрезентативті мәндер α_{min} , $c_{p0, min}$, α_A және $c_{p0, h}$ 2.9 кестеде көрсетілген. 2.15

Сурет және 2.9 Кесте $v = \sqrt{\frac{2 \cdot q_p}{\rho}}$, болған кезде Рейнольдс санында негізделеді, мұнда q_p

2.3.1.1.11 тармақша бойынша.

3 ЕСКЕРТПЕ 2.15 Сурет 5×10^{-4} аспайтын k/b баламалы бұдырлыққа негізделеді. Баламалы бұдырлықтың репрезентативті мәндері k 2.10 кестеде көрсетілген.

2.9 Кесте – Рейнольдстің әртүрлі сандары үшін ұштардың бос айналу ағусыз айналма цилиндрдің көлденең қимасы бойынша қысымды үлестіру үшін репрезентативті

мәндер α_{min} , $c_{p0, min}$, α_A және $c_{p0, h}$

Re	α_{min}	$c_{p0, min}$	α_A	$c_{p0, h}$
$5 \cdot 10^5$	85	-2,2	135	-0,4
$2 \cdot 10^6$	80	-1,9	120	-0,7
10^7	75	-1,5	105	-0,8

Мұнда α_{min} – минималды қысымның күйі °-пен;

$c_{p0, min}$ – қысымның минималды коэффициентінің мәні;

α_A – ағынды бөлу күйі °-пен;

$c_{p0, h}$ – қысымның негізгі коэффициенті

2.3.1.2.6 [7.9.2(1)÷(6) ҚР ҚН EN 1991-1-4] Айналма цилиндр үшін күш салмақ коэффициенті


Соңғы айналма цилиндр үшін күш салмақ коэффициенті c_f келесіге тең:

$$c_f = c_{f,0} \cdot \psi_{\lambda}, \quad (2.51)$$

мұнда $c_{f,0}$ – 2.16 суретте көрсетілген ұштардың бос айналу ағусыз айналма цилиндр үшін күш салмақ коэффициенті;

ψ_λ – соңғы әсерді ескеретін коэффициент (2.3.1.2.9 тармақшасын қар.).

Баламалы бұдырлықтың мәндері k 2.10 Кестеде көрсетілген.



2.16 Сурет – Ұштардың бос айналу ағусыз айналма цилиндрлер үшін және k/b баламалы бұдырлықтың әртүрлі мәндері үшін күш салмақ коэффициенті $c_{f,0}$

ЕСКЕРТПЕ 2.16 Сурет $v = \sqrt{\frac{2 \cdot q_p}{\rho}}$ болған кезде Рейнольдстің санына негізделеді, мұнда q_p

2.3.1.1.11 тармақша бойынша.

Сым арқандар үшін күш салмақ коэффициенті $c_{f,0}$ Рейнольдстің санына байланысты емес алады, $c_{f,0} = 1,2$.

Базалық ауданды A_{ref} келесі формула бойынша анықтаған жөн:

$$A_{ref} = \ell \cdot b, \quad (2.52)$$


мұнда ℓ – қарастырылатын құралымдық элементтің ұзындығы.

Барлық жағдайларда базалық биіктікті z_e қарастырылатын қима үшін жердің бетіндегі максималды биіктігіне тең алған жөн.

2.10 Кесте – Баламалы бұдырлық k

Беті	Баламалы бұдырлық k, мм	Беті	Баламалы бұдырлық k, мм
Шыны	0,0015	Жазық бетон	0,2
Жылтылдатылған металл	0,002	Сүргіленген ағаш	0,5
Жоғары сапалы бояу	0,006	Бұдырлы бетон	1,0
Шаңдатумен бояу	0,02	Дөреке кесілген ағаш	2,0
Бету ашық түстік болат (жамылғысыз)	0,05	Тот	2,0
Шойын	0,2	Кірпіш қалау	3,0
Гальванизирленген болат	0,2	—	—

Салыстырмалы тегіс беті бар, жарықтағы арақашықтығы жердің деңгейінен $z_g/b < 1,5$ құрайтын цилиндрлар үшін (2.17 Суретті қар.) арнайы зерттеулер талап етіледі.



2.17 Сурет – Салыстырмалы тегіс беті бар цилиндр

2.3.1.2.7 [7.9.3 ҚР ҚН EN 1991-1-4] Бір қатарда орналасқан тік цилиндрлер үшін күш салмақ коэффициенті

Цилиндрлерді бір қатарға орналасқан кезде күш салмақ коэффициенті $c_{f,0}$ қатар өсіне қатысты желдің бағытына және 2.11 кестеде көрсетілгендей b орташа диаметрға a арақашықтықтың қатынасына байланысты болады. Кез келген цилиндр үшін күш салмақ коэффициенті c_f келесіге тең:


$$c_f = c_{f,0} \cdot \psi_\lambda \cdot k, \quad (2.53)$$

мұнда $c_{f,0}$ – күш салмақ коэффициенті ұштардың бос айналу ағусыз айналма цилиндр үшін (2.3.1.2.6 тармақшасын қар.);

ψ_λ – соңғы әсерді ескеретін коэффициент (2.3.1.2.9 тармақшасын қар.);

k – 2.11 кестесіне сәйкес коэффициент (жиналған ағынның ең қолайсыз бағыты үшін).

2.11 Кесте – Бір қатарда орналасқан айналма цилиндрлер үшін коэффициент к

a/b	κ	
a/b < 3,5	1,15	
3,5 < a/b < 30	$\kappa = \frac{210 - \frac{a}{b}}{180}$	
a/b > 30	1,00	

a – арақашықтық; b – диаметр

2.3.1.2.8 Торлы құралымдар және ормандар

ҚР ҚН EN 1991-1-4 7.11 тармақшасына сәйкес, параллельді белдеулері бар торлы құралымдар мен ормандар үшін күш салмақ коэффициентті c_f келесі формула бойынша анықтаған жөн:

$$c_f = c_{f,0} \cdot \psi_\lambda, \quad (2.54)$$

мұнда $c_{f,0}$ – ұштардың бос айналу ағысыз торлы құралымдар мен ормандар үшін күш салмақ коэффициенті. Коэффициент 2.19 ÷ 2.21 Суреттерінде бірыңғайлық коэффициентінің φ және Рейнольдс санының Re функциясы сияқты көрсетілген.

Re – 2.21 сурет үшін өзектің орташа диаметрі b_i негізінде алынатын, $v = \sqrt{\frac{2 \cdot q_p}{\rho}}$ болған кезде

анықталатын Рейнольдс саны, мұнда q_p 2.3.1.1.11 тармақша бойынша;

ψ_λ – соңғы әсерді ескеретін коэффициент (2.3.1.2.9 тармақшасын қар.), ол ℓ ұзындығы мен $b = d$ енін қолданумен есептелетін құралымның λ икемділігіне байланысты анықталады (2.18 Суретті қар.).

Жаппай құрылыстардың көлеңкелеуі әсер ететін ауа өткізбейтін қоршаулары жоқ ормандар үшін төмендету коэффициенттерін EN 12811 нұсқаулары бойынша қабылдаған жөн.

Бірыңғайлық коэффициенті φ келесі формула бойынша анықтаған жөн:

$$\varphi = \frac{A}{A_c}, \quad (2.55)$$

мұнда A – қарастырылатын жаққа перпендикулярлы үлкейтіліп көрсетілген өзектер мен түйінді фасонкалардың кескіндерінің аудандар соммасы, $A = \sum_i b_i \cdot \ell_i + \sum_k A_{gk}$.

Кеңістік торлы құралымдарда желдетілген жақты қарастырған жөн;

A_c – құралымның контурларымен шектелген тік проекцияның ауданы,


$A_c = d \cdot \ell$;

ℓ – торлы құралымның ұзындығы;


d – торлы құралымның ені;

b_i, ℓ_i – жеке өзектің ені мен ұзындығының тік проекциясы i (2.19 суретті қар.);


A_{gk} – түйінді қаптаманың ауданы k .




2.18 Сурет – Торлы құралымдар мен сатылар



2.19 Сурет – Бірыңғайлық коэффициентіне ϕ байланысты бұрыштық профильдерден жасалған жазық торлы құралымдар үшін күш салмақ коэффициенті $c_{f,0}$



2.20 Сурет – Бірыңғайлық коэффициентіне ϕ байланысты бұрыштық профильдерден жасалған кеңістік торлы құралымдар үшін күш салмақ коэффициенті $c_{f,0}$



2.21 Сурет – Дөңгелек көлденең қимасы бар профильдерден жасалған жазық және кеңістік торлы құралымдар үшін үшін күш салмақ коэффициенті $c_{f,0}$

Базалық ауданды A_{ref} келесі формула бойынша анықтаған жөн:

$$A_{ref} = A \quad (2.56)$$

Базалық биіктік z_e қарастырылатын элементтің үстінгі белгілеуіне дейін биіктікке тең.

2.3.1.2.9 Тиімді икемділік λ және соңғы әсерлерді ψ_λ ескеретін коэффициент


7.13 ҚР ҚН EN 1991-1-4 бөлімшеге сәйкес қажетті жағдайларда соңғы әсерлерді ескеретін және тиімді икемділікке λ байланысты ψ_λ коэффициентін анықтайды.

Күш салмақ коэффициенті $c_{f,0}$ 2.3.1.2.2 ÷ 2.3.1.2.8 тармақшаларында жерден (негізден) қашықталған ұштардың бос айналу ағысыз құралымдарды зерттеуге негізделеді.

Тиімді икемділік λ құралымдық элементтің өлшеміне және оның күйіне байланысты. Есептеулерде 2.12 кестеде көрсетілген ұсынылған λ мәндерін қолданған жөн.

Соңғы әсерлерді ескеретін ψ_λ коэффициенттің мәндері әртүрлі бірыңғайлық коэффициенттер үшін 2.22 суретінде келтірілген.

2.22 Сурет пен 2.12 Кесте әлсіз турбулентті ағыстар кезіндегі өлшеулерге негізделеді.







2.22 Сурет – Тиімді икемділік λ үшін және әртүрлі ϕ бірыңғайлық коэффициенттері үшін соңғы әсер ψ_λ коэффициенттерінің мәндері


Бірыңғайлық коэффициенті ϕ келесідей анықталады (2.23 Суретті қар.):

$$\phi = \frac{A}{A_c}, \quad (2.57)$$

мұнда A – жеке құралымдық элементтердің кескінделген аудандардың соммасы;
 A_c – құралымның жалпы ауданы, $A_c = \ell \cdot b$.

2.12 Кесте – Цилиндрлер үшін, көпбұрышты мен тікбұрышты көлденең қималар, шеттері үшкір құралымдық элементтер және торлы құралымдар үшін тиімді икемділіктің λ мәндері

Нөмірі	Сызудың жазықтығына нормаль бойынша жиналған ағынның бағытындағы құралымның күйі	Тиімді икемділік
1		көпбұрышты, тікбұрышты көлденең қималары мен шеттері көлденең қималары үшін, сонымен қатар торлы құралымдар үшін: $\ell \geq 50$ м, $\lambda = 1,4 \cdot \ell/b$ немесе $\lambda = 70$ болған кезде ең кішкентай мән анықтаушы болып табылады; $\ell < 15$ м, $\lambda = 2 \cdot \ell/b$ немесе $\lambda = 70$ болған кезде ең кішкентай мән анықтаушы болып табылады; Айналма цилиндрлер үшін: $\ell \geq 50$ м, $\lambda = 0,7 \cdot \ell/b$ немесе $\lambda = 70$ болған кезде ең кішкентай мән анықтаушы болып табылады; $\ell < 15$ м, $\lambda = \ell/b$ немесе $\lambda = 70$ болған кезде ең кішкентай мән анықтаушы болып табылады. Аралық ℓ мәндері үшін, сызықтық интерполяция анықталады.
2		
3		
4		$\ell \geq 50$ м, $\lambda = 0,7 \cdot \ell/b$ немесе $\lambda = 70$ болған кезде ең үлкен мән анықтаушы болып табылады; $\ell < 15$ м, $\lambda = \ell/b$ немесе $\lambda = 70$ болған кезде ең үлкен мән анықтаушы болып табылады. Аралық ℓ мәндері үшін, сызықтық интерполяция алынады.



2.23 Сурет – Бірыңғайлық коэффициенттерді ϕ анықтау

2.3.1.3 Жел әсеріне мұнаралар мен діңгектерді есептеудің негізгі қағидаттары

2.3.1.3.1 Желдің әсеріне мұнараны немесе діңгекті есептеген кезде құралым бірнеше сәйкес немесе сәйкеске жуық тақтайлардан тұратын секцияларға бөлінуі тиіс, 2.24 суретті қар. Жоспарда орналқан желдің бағытына параллельді қырлардағы байланыстардың және диагональды байланыстардың проекциялары құралымның есептік алаңын анықтаған кезде ескерілмейді [В.2.1.1(1)].

2.3.1.3.2 Мұнараның немесе діңгектің құралымын жалпы есептеудегі жел жүктемесін тиісті түрде модельдеуді үшін секциялардың жеткілікті санына бөлу қажет [В.2.1.1(2)].

2.3.1.3.3 Секцияға немесе элементке әрекет ететін жел жүктемесін 2.3.1.1.12 тармақшасына сәйкес анықтайды [В.2.1.1(3)].


2.3.1.3.4 [В.2.1.1(4)] Көктайғақ жағдайында жел жүктемесін анықтаған кезде құралымдық және қосалқы элементтердің есептік аудандары мұздың қалыңдығына түзеткіштердің ескеруімен көбейтілуі тиіс (қажет болса).

2.3.1.3.5 Осы нұсқаулықта келтірілген жел жүктемесін есептеу әдісін қолданған кезде желдің есептік бағытына $\pm 30^\circ$ бұрыштың шегінде желдің бағытында максималды жүктеуді алу үшін максималды күшті қолданған жөн [В.2.1.1(5)].

2.3.1.3.6 Нормалармен қарастырылмаған жағдайларда қажет болса (құрылыстардың басқа нысандары, жел ағысының басқа бағыттары және т.б.), немесе тапсырыс берушінің талабы бойынша жел жүктемелер бойынша деректерді аэродинамикалық құбырлардағы құралымдар үлгілерін үрлеу нәтижелері бойынша алуға рұқсат етіледі.


2.3.1.3.7 Аэродинамикалық құбырлардағы сынаулар ауытқумалы профильді ауа ағысымен айналып ағуының сапалы сүретін айқындау үшін, кедергінің аэродинамикалық коэффициенттерін анықтау, тиімділікті бағдарлы бағалау және ауытқуларды аэродинамикалық басу құралдарының параметрлерін таңдау үшін, автоауытқулардың пайда болу шарттары бойынша қауіпті шабуылдар бұрышының диапазонын, шекті жылдамдықтардың шамаларын және автоауытқулардың шекті циклдарының амплитудаларын, динамикалық майысулардың шамаларын және т.б. анықтау үшін ұсынылады.

а) Шаршы қима құралымының жоспары




ЕСКЕРТПЕ 1 қыр жел жақты болып алынуы тиіс: $-45^\circ \leq \theta \leq 45^\circ$

б) Үшбұрышты қима құралымының жоспары




ЕСКЕРТПЕ 1 қыр жел жақты болып алынуы тиіс: $-60^\circ \leq \theta \leq 60^\circ$. Сыртқы баспалдақ жеке элемент ретінде қарастырылады.

в) Діңгектің секциясы



г) Құралымның тақтайы



1 – қыр 1; 2 – қыр 2; 3 – қыр 3; 4 – қыр 4; 5 – желдің бағыты;

6 – 1 қырда перпендикулярлы кескінделген қосалқы элементтер; 7 – қырға перпендикулярлы кескінделген тіреу; 8 – бұл учаскедегі қосалқы элементтер 2 қырда үлестірілген; 9 – қырда перпендикулярлы кескінделген қосалқы элементтер (баспалдақтардың сатыларын, қоршауларды және т.б. қоса алғанда); 10 – қырға перпендикулярлы кескінделген тіреу; 11 – бұл учаскедегі қосалқы элементтер 2 қырда үлестірілген; 12 – Діңгектің секциясы; 13 – қосалқы элементтер, есептік аудан A_A ; 14 – құралымдық элементтер, есептік аудан A_B ; 15 – тақтайдың биіктігі (h)

2.24 Сурет – Бірыңғайлық коэффициентін ф есептеген кезде қолданылатын тақтайдың есептік ауданы

2.3.1.4 Мұнаралар мен діңгектердің торлы құралымдары үшін жел жүктемесінің коэффициенттерін c_f анықтау

2.3.1.4.1 Нұсқаулықтың осы бөлігіндегі 2.3.1.4.3 тармақшада келтірілген жел жүктемесінің коэффициентін анықтау әдісі (ҚР ҚН EN 1993-3-1 В Қосымшасына сәйкес)

төртбұрышты немесе үшбұрышты (тең жақты) қималы мұнаралар мен діңгектердің торлы құралымдарына жел жүктемесін анықтау үшін қолданылады.

2.3.1.4.2 2.3.1.4.10 тармақшасында келтірілген әдіс келесіде қолданылады:

- а) тікбұрышты қиманың құралымдары үшін нұсқаулық есебінде; немесе
- б) қосалқы элементтер мен антенналардың орналасуы туралы нақты деректері белгілі бар құралымдарды бағалау үшін қолданылады.

ЕСКЕРТПЕ 2.3.1.4.10 тармақшасында келтірілген тәртіп 2.3.1.4.3 тармақшасында келтірілген әдіспен салыстырғанда аэродинамикалық кедергінің одан да төмен мәндерін беруі мүмкін, егер K_A 2.3.1.4.6 және 2.3.1.4.7 тармақтарында 1,0 тең болып алынса [B.2.1.2].

2.3.1.4.3 Жалпы жел жүктемесінің коэффициенті

Жалпы жел жүктемесінің коэффициенті Σc_f құралымның секциясына желдің бағытында келесіге тең болып алынады:

$$\Sigma c_f = c_{f,S} + c_{f,A}, \quad (2.58)$$

мұнда $c_{f,S}$ – құралымның тақыр (қосалқы элементтері жоқ) секциясы үшін жел жүктеме коэффициенті, тақыр құралымға сәйкес келетін, бірыңғайлық коэффициентін ϕ қолданумен 2.3.1.4.4 тармақшасына сәйкес анықталады;

$c_{f,A}$ – қосалқы элементтер үшін жел жүктеме коэффициенті, тағайындауына байланысты 2.3.1.4.6 тармақшасына немесе 2.3.1.4.7 тармақшасына сәйкес анықталады.

Егер әр қырдағы қосалқы элементтердің есептік аудандары бір бірінен 10 %-дан ерекшеленсе, мұндай элементтерді құралымдық элементтер ретінде қарастыруға болады, және жалпы аэродинамикалық кедергіні 2.3.1.4.4 тармақшасына сәйкес есептеуге болады [B.2.1.3(1), (2)].

2.3.1.4.4 Құралымдық элементтер үшін жел жүктеме коэффициенті

Әр қырдың тең аудандарымен жоспардағы шаршы немесе үшбұрышты қиманың торлы құралымдары үшін жел бағытындағы секциялар үшін жел жүктеме коэффициенті $c_{f,S}$ келесіге тең:

$$c_{f,S} = K_0 \cdot c_{f,S,0} \cdot \frac{A_S}{\Sigma A}, \quad (2.59)$$

мұнда $c_{f,S,0}$ – (2.64) Формула бойынша анықталатын соңғы әсерсіз секция j үшін жалпы қалыпты күш (маңдай кедергі) коэффициенті;

K_0 – желдің әсер ету бұрыш коэффициенті;

A_S – құралымдық ретінде қарастырылатын қосалқы элементтерді қоса алғанда, қарастырылатын деңгейдің бір секциясының ұзындығының шегінде (2.24 суретті қар.) және қажет болса көктайғақты ескерумен элементтердің беттерін перпендикулярлы қарастырған кездегі жалпы есептік аудан;

ΣA – 2.3.1.1.12 тармақшасында A_{ref} ретінде алынады және A_{ref} мәніне жеткенше дерексіз шама ретінде (келісім бойынша) алынуы мүмкін.

Желдің әсер ету бұрышының коэффициенті K_0 келесі формулалар бойынша есептеледі:

– шаршы қиманың құралымдары үшін:

$$K_{\theta} = 1,0 + K_1 \cdot K_2 \cdot \sin^2 2\theta \quad (2.60)$$

– үшбұрышты қималардың құралымдары үшін:

$$K_{\theta} = \frac{A_c + A_{c,sup}}{A_s} + \frac{A_f}{A_s} (1 - 0,1 \cdot \sin^2 1,5\theta), \quad (2.61)$$

мұнда:
$$K_1 = \frac{0,55 \cdot A_f}{A_s} + \frac{0,8 \cdot (A_c + A_{c,sup})}{A_s} \quad (2.62)$$

$$\begin{aligned} K_2 &= 0,2 && \text{при } 0 \leq \varphi \leq 0,2 \quad \text{и} \quad 0,8 \leq \varphi \leq 1,0 \\ K_2 &= \varphi && \text{при } 0,2 < \varphi \leq 0,5 \\ K_2 &= 1 - \varphi && \text{при } 0,5 < \varphi \leq 0,8 \end{aligned} \quad (2.63)$$

Мұнда θ – жоспардағы 1 қырдың нормальдарына желдің әсер ету бұрышы;

φ – бірыңғайлық коэффициенті (2.3.1.2.8 тармақшасын қар.);

A_f – қырлардың беттерін перпендикулярлы қараған кезде қырдың секциясының жазық қима элементтерінің жалпы есептік ауданы;

A_c – бетті перпендикулярлы қарастырған кезде сыншыға дейінгі режимінде қырлардағы домалақ қима элементтерінің жалпы есептік ауданы;

$A_{c,sup}$ – бетті перпендикулярлы қарастырған кезде сыннан тыс режимінде қырлардағы домалақ қима элементтерінің жалпы есептік ауданы;

h – қарастырылатын секцияның биіктігі;

b – секцияның жалпы ені, 2.24 суретте көрсетілгендей.

$$\text{ЕСКЕРТПЕ } A_s = A_f + A_c + A_{c,sup}$$

K_{θ} мәні θ әдеттегі қолданылатын мәндері үшін 2.25 сурет бойынша қабылдауға болады. Домалақ қиманың элементтері Рейнольдстің тиімді саны $Re \leq 4 \times 10^5$ болса, сынға дейінгі режимінде болады және сыннан жоғары режимінде – Рейнольдс санының одан да жоғары мәндерінде, олардың мұздан бос болу шартымен ғана болатыны жіберіледі.

Re санының мәні (2.47) формула бойынша есептеледі, 2.3.1.2.5 тармақшасын қар..

Егер бір немесе барлық элементтерге қатысты сыннан жоғары ағын жіберілетін болса, одан да жоғары жүктеу $Re \leq 4 \times 10^5$ сәйкес келетін желдің төмен жылдамдығы кезінде пайда болмағанын тексеру қажет [B.2.2.1(1)÷(6)].

2.3.1.4.5 [B.2.2.2] Жалпы қалыпты күштің коэффициенттері

Жазық пен домалақ қималары бар элементтерден тұратын шаршы немесе үшбұрышты қиманың өзектік құралымының j секциясына қолданылатын $c_{f,s,0}$ жалпы қалыпты күштің коэффициенттерінің мәндері келесіге тең болып алынады:

$$c_{f,s,0,j} = c_{f,0,f} \cdot \frac{A_f}{A_s} + c_{f,0,c} \cdot \frac{A_c}{A_s} + c_{f,0,c,sup} \cdot \frac{A_{c,sup}}{A_s}, \quad (2.64)$$

мұнда $c_{f,0,f}$, $c_{f,0,c}$ және $c_{f,0,c,sup}$ – жазық, сынға дейінгі домалақ және сыннан жоғары домалақ қималарының элементтерінен тұратын секциялар үшін күш коэффициенттері тиісінше келесі формулалармен ұсынылған:

$$c_{f,0,f} = 1,76 \cdot C_1 \cdot [1 - C_2 \cdot \varphi + \varphi^2]; \quad (2.65)$$

$$c_{f,0,c} = C_1 \cdot (1 - C_2 \cdot \varphi) + (C_1 + 0,875) \cdot \varphi^2; \quad (2.66)$$

$$c_{f,0,c,\sup} = 1,9 - \sqrt{\{(1 - \varphi) \cdot (2,8 - 1,14 \cdot C_1 + \varphi)\}}, \quad (2.67)$$

C_1 келесілерге тең болған кезде: 2,25 – шаршы қима құралымдары үшін;

1,9 – үшбұрышты қима құралымдары үшін;

C_2 келесілерге тең болған кезде: 1,5 – шаршы қима құралымдары үшін;

1,4 – үшбұрышты қима құралымдары үшін.

мұнда φ , A_S , A_f , A_c , $A_{c,\sup}$ 2.3.1.4.4 тармақшасында белгіленген.

Сыннан жоғары режимдерінде домалақ қима элементтері үшін есептеген кезде бұл элементтердің сынға дейінгі режимдерінде болғанын консерваторлық түрде (кормен) жіберуге болады.

Күш коэффициенттерінің шамамен мәндерін 2.26 сурет бойынша қабылдауға болады.

2.3.1.4.6 [В.2.3] Сызықтық қосалқы элементтері үшін жел жүктеме коэффициенті

Жел жүктеме коэффициенті $c_{f,A}$ желдің бағыты тақтайдың биіктігі шегінде сызықтық қосалқы элементке болған кезде (толқын арнасын, фидердің және т.с.с. қоса алғанда) келесіге тең болып алынады:

$$c_{f,A} = K_A \cdot c_{f,A,0} \cdot \sin^2 \psi \cdot \frac{A_A}{\Sigma A}, \quad (2.68)$$

мұнда $c_{f,A,0}$ – мәндері жеке оқшауланған элементтері үшін 2.13 кестеде келтірілген Рейнольдстің тиімді санына байланысты және жеке қаңқалардан тұратын бөліктер үшін 2.3.1.4 тармақшасына сәйкес анықтауға болатын тиісті қосалқы элементі үшін жалпы қалыпты күштің (маңдай кедергі) коэффициенті;

K_A – ең негізгі құралымның қосалқы элементтің көлеңкелеуді экрандауды ескеру үшін азайту коэффициенті, ол құралымның ең болмаса бір қыры бұл элементті тиімді көлеңкелеген (немесе керісінше) жағдайда ғана алынады;

K_A 2.14 кестеде келтірілген, сыннан жоғары ағындағы домалақ қиманың элементтері үшін коэффициенттерден, сонымен қатар 2.3.1.4.7 тармақшаның шектеулеріне сәйкес келмейтін қосалқы элементтерден басқа, бұл жағдайларда $K_A = 1,0$.

ЕСКЕРТПЕ Егер A_A $A_{S-\text{тан}}$ көп болса азайту коэффициенті $c_{f,A}$ емес $c_{f,S,0}$ қатысты қолданылады. Осылайша, бұл жағдайларда:


$$c_{f,S} = K_0 \cdot c_{f,S,0} \cdot K_A$$

$$c_{f,A} = c_{f,A,0} \cdot \sin^2 \psi$$

ψ – желдің сызықтық элементтің бойлық өсіне ылдйы;

A_A – қажет болған жағдайда көктайғақ қосылатын, желдің бағытында қарастырған кезде элементтердің көрінетін бөліктерінің ауданы. Науалары бар цилиндрлік элементтер үшін аудан науалардың екі есе тереңдігін қоса алғанда жалпы ені бойынша алынады;

ΣA – 2.3.1.4.4 тармақша бойынша алынады.



1 – Желдің бағыты;

2 – Шырша кескінді мұнаралар, желдің бағыты $\theta = 45^\circ$;

3 – Шаршы мен үшбұрышты кескінді мұнаралардың желге қарсы қырлары;


4 – Үшбұрышты кескінді мұнаралар, жел қырға параллельді;

5 – Үшбұрышты кескінді мұнаралар, жел $\theta = 180^\circ$ бұрышқа.


Символдардың белгіленуін 2.3.1.4.4 тармақшасында қар..

2.25 Сурет – Желдің әсер ету бұрыштың коэффициенті K_θ

а) Квадрат қиманың құралымдары



б) Үш бұрыштың қиманың құралымдары



1 – жазық; 2 – домалақ сынға дейінгі; 3 – домалақ сыннан жоғары

ЕСКЕРТПЕ $\phi > 0,6$ құралымдарда құйын қоздырудың әсерінен бүйірлік желге реакцияның болу мүмкіндігіне назар аудару қажет, EN 1991-1-4 қар..

2.26 Сурет – Шаршы немесе үшбұрыш қиманың құралымдары үшін жалпы қалыпты күштің коэффициенттері $c_{f,s,0}$

2.13 Кесте – Күштің $c_{f,A,0}$ және $c_{f,G,0}$ жеке элементтер үшін типтік коэффициенттер

Элементтің типі	Рейнольдстің тиімді саны Re (1 Ескертуді қар.)	Күш (мандай кедергі) коэффициенті $c_{f,A,0}$ және $c_{f,G,0}$	
		Мұзсыз	Мұзданумен
(а) Жазық табақшалар және илемделген темір	Барлық мәндер	2,0	2,0
(б) Домалақ қиманың прокаты және тегіс сым	$\leq 2 \times 10^5$	1,2	1,2
	4×10^5	0,6	1,0
	$> 10 \times 10^5$	0,7	1,0
(в) Жіңішке бұрым арқандары, мысалы, болат білігі бар алюминийден жасалған домалақ, жабық есілген арқандар, 7 сымнан көп бұрымдарымен болат арқандар	Мұзсыз		
	$\leq 6 \times 10^4$	1,2	–
	$\geq 10^5$	0,9	–
	Мұзданумен		
	$\leq 1 \times 10^5$	–	1,25
	$\geq 2 \times 10^5$	–	1,0
(г) Қалын бұрым арқандары, мысалы, жіңішке сымнан жасалған арқандар, домалақ бұрым арқандары, 7 сымнан ғана жасалған бұрымдары бар шиыршық (1x7)	Мұзсыз		
	$\leq 4 \times 10^4$	1,3	–
	$> 4 \times 10^4$	1,1	–
	Мұзданумен		
	$\leq 1 \times 10^5$	–	1,25
	$\geq 2 \times 10^5$	–	1,0
(д) Тереңдігі $0,12D$ дейін шиыршық науасы бар цилиндрлік элемент (2 Ескертуді қар.)	Барлық мәндер	1,2	1,2
1 ЕСКЕРТПЕ Re тиісті аралық мәндеріне сәйкес келетін $c_{f,A,0}$ мәндерді сызықтық интерполяциямен шығаруға болады.			
2 ЕСКЕРТПЕ Бұл мәндер науаның еселенген тереңдігін қоса алғанда жалпы еніне негізделген.			
3 ЕСКЕРТПЕ Мұзданған элементтер үшін мәндер көктайғаққа жатады; олар қатқақ шөгінділерге қатысты қолданылса, ерекше назар аударған жөн (ISO 12494 қар.).			

2.14 Кесте – Қосалқы элементтер үшін азайту коэффициенті K_A

Қосалқы элементтердің күйі	Азайту коэффициенті K_A	
	Жоспардағы шаршы немесе тікбұрышты нысан	Жоспардағы үшбұрышты нысан
Секцияның ішінде	0,8	0,8
Секцияның сыртында	0,8	0,8

K_A төменде келтірілген шектеулердің кез келгеніне сәйкес келмейтін қосалқы элементтер үшін 1,0 тең болып алынады:

а) қарастырылатын қырға іргелес, сол қырдың құралымдық элементтердің есептік ауданынан төмен, қосалқы элементтердің жалпы есептік ауданы (2.24 Суретті қар.);

б) құралымның қандай болса да бетіне перпендикулярлы қандай болса да жеке ішкі немесе сыртқы қосалқы элементтің жалпы есептік ауданы тақтай бетінің толық ауданының жартысынан аз (2.24 Суретті қар.);

в) қандай да бір қосалқы элемент бұл деңгейдегі құралым қырының жалпы енінен кем дегенде 10 % нан шықпайды.

Қажет болса, тиісті айналдыру күшін T_{AW} мұндай айналдыру үшін күштің тиісті иінімен аэродинамикалық құбырда алынған коэффициентті қолданып есептеген жөн.

2.3.1.4.7 [B.2.4(1)÷(3)] Жеке қосалқы элементтер үшін жел жүктеме коэффициенттері

Сәуле түсіргіш сияқты жеке қосалқы элемент үшін, жалпы жел жүктеме коэффициенті $c_{f,A}$ желдің бағытында келесіге тең болып алынады:

$$c_{f,A} = c_{f,A,0} \cdot K_A, \quad (2.69)$$

мұнда $c_{f,A,0}$ – аэродинамикалық құбырда сынаулар жүргізген кезде анықталатын және әдетте дайындаушымен ұсынылатын желдің тиісті бағыты мен жылдамдығы үшін жеке элементтің жүктеу коэффициенті;

K_A – 2.3.1.4.6 тармақша бойынша анықталады.

Бүйірлік жел жүктемесінң $c_{f,A,x}$ тиісті коэффициенттері және $c_{f,A,z}$ көтергіш күштің коэффициентін жоспардағы аталған бағытты орташа желдің бағытына қалпыты сияқты, ал $c_{f,A,0}$ бүйірлік жел мен көтергіш күш үшін тиісті коэффициент ретінде есептеу қажет.

Айналдырудың тиісті күш салмақ коэффициентін T_{AW} аэродинамикалық құбырдағы сынаулар нәтижесінде алынған, мұндай бұраудың тиісті иінімен үйлесімде тиісті коэффициентті пайдалана отырып, есептеу қажет.

2.3.1.4.8 [B.2.5] Созулар үшін жел жүктеме коэффициенті

Созу және желдің бағыты орналасқан жазықтағы созуларға перпендикулярлы жел жүктеменің коэффициенті $c_{f,G}$, келесіге тең болып алынады:

$$c_{f,G} = c_{f,G,0} \cdot \sin^2 \psi, \quad (2.70)$$

мұнда $c_{f,G,0}$ – көктайғақсыз және көктайғақпен жағдай үшін мәндері 2.13 кестеде келтірілген, Рейнольдстің тиімді санына сәйкес келетін жалпы қалыпты күштің (мандай кедергі) коэффициенті;

ψ – созу өсіне еңкею бұрышы.

ЕСКЕРТПЕ Мұнда созу оқшаулағыштарына жел жүктемелері ескерілуі тиіс немесе созу ұзындығы бойынша орналасқан жеке элементтерге жел жүктеменің тиісті коэффициенттерін қолдану арқылы, немесе олардың $c_{f,G}$ әсерін ескере отыру қажет.

2.3.1.4.9 [B.2.6(1)÷(4)] Көктайғақ жағдайындағы жел жүктемесінң коэффициенттері

Көктайғақ жағдайында құралымның аэродинамикалық кедергісін және қосалқы элементтерін анықтаған кезде, құралымның әр элементі, қосалқы элементтер мен созуларды барлық жағынан қалыңдығы 2.3.2 тармағында келтірілген мәндерге тең мұзбен жабылған сияқты алу қажет.

Егер элементтер арасындағы саңылаулар мұздатылмаған күйінде 75 мм құраса, олар көктайғақ жағдайында мұзбен толығымен толтырылған деп қабылдауға жіберіледі.

Жеке элементтерге жүктеу коэффициенттерін 2.13 кесте бойынша қабылдау.

Кейбір созулар мұзбен жабылғанда, ал кейбіреулері көктайғақтан бос болған кезде ассиметриялық мұздануды қарастыру қажет (2.3.2 тармағын қар.).

2.3.1.4.10 [В.2.7.1] Жалпы жел жүктеме коэффициенті (нұсқа, 2.3.1.4.2 тармақшасын қар.)

Жалпы жел жүктеме коэффициенті c_f желдің бағытындағы тақтайдың биіктігінде үшбұрышты немесе шаршы қиманың құралымдары үшін немесе жақтары тең емес тікбұрышты үшін қимамен төменде келтірілген формулалар бойынша анықталады.

ЕСКЕРТПЕ Үшбұрышты немесе шаршы қиманың құралымдарын есептеген кезде 2.3.1.4.3 тармақшада келтірілген әдісті қолдану қажет.

Жалпы жел жүктеме коэффициенті c_f желдің бағытындағы тақтайдың биіктігінде келесідей анықтауға болады:

– тік бұрышты немесе шаршы қиманың құралымдары үшін:

$$c_f = c_{1e} \cdot \cos^2 \theta_1 + c_{2e} \cdot \sin^2 \theta_1 \quad (2.71)$$

– үшбұрышты қима құралымдары үшін:

$$c_f = c_{1e} \cdot \cos^2 \left(\frac{3\theta_1}{4} \right) + c_{2e} \cdot \sin^2 \left(\frac{3\theta_1}{4} \right), \quad (2.72)$$

мұнда c_{1e} – тиімді жел жүктеме коэффициенті, келесі түрде анықталады:

– тік бұрышты немесе шаршы қиманың құралымдары үшін:

$$c_{1e} = (c_1 + \eta_1 \cdot c_3) \cdot K_{\theta 1}$$

– үшбұрышты қима құралымдары үшін:

$$c_{1e} = \left\{ c_1 + \frac{\eta_1}{2} \cdot (c_2 + c_3) \right\} \cdot K_{\theta 1}$$

c_{2e} – тиімді жел жүктеме коэффициенті, келесі түрде анықталады:

– тік бұрышты немесе шаршы қиманың құралымдары үшін:

$$c_{2e} = (c_2 + \eta_2 \cdot c_4) \cdot K_{\theta 2}$$

– үшбұрышты қима құралымдары үшін:

$$c_{2e} = \left\{ c_2 + \frac{\eta_2}{2} \cdot (c_1 + c_3) \right\} \cdot K_{\theta 2}$$

$c_1 \div c_4$ – жел жүктеме коэффициенті, келесі формулалармен ұсынылған:

$$c_1 = c_{f,S1} \cdot A_{S1} / \Sigma A + c_{f,A1} \cdot A_{A1} / \Sigma A$$

$$c_2 = c_{f,S2} \cdot A_{S2} / \Sigma A + c_{f,A2} \cdot A_{A2} / \Sigma A$$

$$c_3 = c_{f,S3} \cdot A_{S3} / \Sigma A + c_{f,A3} \cdot A_{A3} / \Sigma A$$

$$c_4 = c_{f,S4} \cdot A_{S4} / \Sigma A + c_{f,A4} \cdot A_{A4} / \Sigma A$$

$A_{S1} \div A_{S4}$ – көктайғақты қоса алғанда 1, 2, 3 және 4 қырлар панельдерінің бір биіктігінің шегінде құралымдық элементтер сияқты қарастырылатын құрауыштардың, тиісінше 1, 2, 3 және 4 қырларына перпендикулярлы кескінделген аудандар, мұнда қажет (2.24 Суретті қар.);

$A_{A1} \div A_{A4}$ – көктайғақты қоса алғанда 1, 2, 3 және 4 қырлар панельдерінің бір биіктігінің шегінде қосалқы элементтердің тиісінше 1, 2, 3 және 4 қырларына перпендикулярлы кескінделген аудандар, мұнда необходимо (2.24 Суретті қар.);

$c_{f,S1} \div c_{f,S4}$ – 2.3.1.4.11 тармақшасына сәйкес анықтауға болатын құралымдық элементтер сияқты қарастырылатын құрауыштар үшін 1÷4 қырларына сәйкес келетін жел жүктеме коэффициенті;

$c_{f,A1} \div c_{f,A4}$ – жағдайға байланысты 2.3.1.4.6 және 2.3.1.4.7 тармақшаларына сәйкес анықталатын, бірақ барлық жағдайларда $K_A = 1,0$, құралымдық элементтер есебінде қарастырылмайтын қосалқы элементтердің 1-4 қырларына сәйкес келетін жел жүктеме коэффициенті;

ΣA – 2.3.1.1.12 тармақшасында дерексіз шама ретінде (келісім бойынша) алынуы мүмкін A_{ref} мәніне жеткенше.

η_1 және η_2 – құралымдық элементтер мен қосалқы элементтерді қоса алғанда, тиісінше 1 және 2 қырлардың кнлеңкелеуінің тиімді коэффициенттері:

– шырша қиманың құралымдары үшін η_1 және η_2 алынады: η_e

– үшбұрышты қиманың құралымдары үшін η_1 және η_2 қабылданады: $0,67\eta_e$

– тік бұрышты қималардың құралымдары үшін η_1 және η_2 қабылданады:

$\eta_e + 0,15 \cdot (\omega - 1) \cdot (\varphi - 0,1)$, бірақ 1,0-ден көп емес;

$\eta_e = \eta_f \cdot (A_f + 0,83 \cdot A_c + 2,1 \cdot A_{c,sup} + A_A) / (A_S + A_A)$, но не более 1,0;

$\eta_f - \eta_f = (1 - \varphi)^{1,89}$ формуламен ұсынылған және 2.27 суретте графикалық түрінде көрсетілген;

мұнда A_f , A_c , $A_{c,sup}$ – 2.3.1.4.4 тармақшаның анықтамалары бойынша 1 мен 2 қырларға қолданбалы;

$A_S = A_f + A_c + A_{c,sup}$ – 2.3.1.4.4 тармақшасын қар.;

A_A – жағдайға байланысты, құралымдық элементтер есебінде қарастырылмайтын қосалқы элементтердің 1-4 қырларына қолданбалы қосалқы элементтердің бетіне перпендикулярлы кескінделген аудан;

φ – 2.24 суретінде көрсетілгендей, 1 немесе 2 қырларына сәйкес келетін бірыңғайлық коэффициенті, бірақ құралымдық, сол секілді қосалқы элементтер сияқты қырларды қоса алғанда;

$$\text{осылайша, } \varphi = \frac{A_S + A_A}{h \cdot b}$$

ω – қарастырылатын қыр мен оған параллельді қырдың арасындағы арақашықтыққа тең, қарастырылатын қырдың еніне панель ауданының орталығы деңгейінде қарастырылатын қырдың еніне бөлінген, бірақ 1,0 деп алынатын тік бұрышты қима құралымы үшін арақашықтардың арақатынасы;

K_{01} және K_{02} – 2.3.1.4.4 тармақшасына сәйкес анықталады, 1 немесе 2 қырларға қолданбалы $(A_S + A_A) A_f$ және φ бұл тармақшада қалай анықталғаны.


θ_1 – желдің 1 қырдың нормаліне бағытының ылдйы.

Құралымға қатысты с $\varphi > 0,6$ болған кезде құйын тәрізді қоздырудан болған бүйірлік желдің әсерін қарастыру мүмкіндігі қажет., ҚР ҚН EN 1991-1-4 қар..

Панельге бүйірлік желдің жалпы жүктеу коэффициенттерін $c_{f,x}$ (2.71), (2.72)

формулалар бойынша анықтауға болады, бірақ аталған бағытты жоспарда орташа желдің бағытына қалыпты ретінде қабылдап.

Жалпы жел жүктеме коэффициенті c_f полигональды құралымның панель биіктігіндегі желдің бағытында (қырлар саны 4тен көп) аэродинамикалық құбырда сынауларға жататын негізінде анықтау қажет, ҚР ҚН EN 1991-1-4 1.5 Бөлімшесіне сәйкес.



2.27 Сурет – жазық қимасы бар элементтерден тұратын жеке қаңқалар үшін η_f көлеңкелеу коэффициенті

2.3.1.4.11 [B.2.7.2] Жалпы жел жүкеу және жеке қаңқалар коэффициенттері

Жазық және түтікті қималарымен элементтерден тұратын жеке қаңқалар үшін қалыпты күштің коэффициентінің c_f мәндері келесіге тең болып алынады:

$$c_f = c_{f,f} \cdot \frac{A_f}{A_S} + c_{f,c} \cdot \frac{A_c}{A_S} + c_{f,c,sup} \cdot \frac{A_{c,sup}}{A_S}, \quad (2.73)$$

мұнда $c_{f,f}$, $c_{f,c}$ және $c_{f,c,sup}$ – жазық, сынға дейінгі домалақ және сыннан жоғары домалақ қималарымен элементтер үшін қалыпты күш коэффициенттері, тиісінше келесі формулалармен ұсынылған:

$c_{f,f}$ – жеке рамалар үшін күш коэффициенті, келесіге тең:

$$1,58 + 1,05 \cdot (0,6 - \phi)^{1,8} \quad \phi \leq 0,6 \text{ үшін};$$


$$1,58 + 2,625 \cdot (\phi - 0,6)^2 \quad \phi > 0,6 \text{ үшін};$$

$$c_{f,c} = (0,6 + 0,4 \cdot \phi^2) \cdot c_{f,f};$$

$$c_{f,c,sup} = (0,33 + 0,62 \cdot \phi^{5/3}) \cdot c_{f,f};$$

A_f , A_c , $A_{c,sup}$, A_S және ϕ 2.3.1.4.10 тармақшасындағы анықтамаларға сәйкес.

Қалыпты күш коэффициенттерінің c_f шамамен мәндері 2.28 суретінде келтірілген.



ЕСКЕРТПЕ с $\varphi > 0,6$ құралымдарды 2.3.1.4.10 тармақшадан қар..

2.28 Сурет – Жеке қаңқалар үшін қалыпты күш коэффициенті c_f

2.3.1.5 Торлы мұнаралардағы желдің әсерінен күш салу

2.3.1.5.1 Статикалық әдістер үшін қағидаттар

(2.74) формуласында келтірілген шартты орындаған кезде, әдеттегідей, баламалы статикалық әдіс қолданылады, 2.3.1.5.2 тармақшасын қар.. Кері жағдайда одан да күрделі әдістерді қолдану қажет, мысалы, спектральды талдау әдісін, 2.3.1.5.9 тармақшасын қар..

Баламалы статикалық әдіс осы нұсқаулыққа сәйкес жобалануы мүмкін, мұнаралардың көбісі үшін типтілік күштерді динамикалық үлкейтуге рұқсаттарды қамтиды. Статикалық рәсімнің іске асатындығын тексеру (2.74) формулаға сәйкес тек қана құрал ретінде қарастырылады. Динамикалық жүктеудің өсімі әдетте кез келген мұнараның жоғарғы панельдерінде өседі, әсіресе қосалқы элементтердің үлкен санын қадала орнату кезінде немесе ойыс кескінді (Эйфелизация) қолданған кезде. Мұндай жағдайларда статикалық әдісті қолданған кезде, типтік құралымдарға қарағанда бұл әсерлер едәуір жоғары мұнараларға ерекше назар аудару қажет.

Баламалы статикалық әдісті келесі жағдайда қолдануға болады:

$$\frac{7 \cdot m_T}{\rho_S \cdot c_{f,T} \cdot A_T \cdot \sqrt{d_B \cdot \tau_0}} \cdot \left(\frac{5}{6} - \frac{h_T}{h} \right)^2 < 1, \quad (2.74)$$

мұнда $c_{f,T} \cdot A_T$ — панельдерге әсер ететін (қосалқы элементтерді қоса алғанда), мұнараның басынан бастап, $c_{f,T} \cdot A_T$ соммасы барлық мұнаралар үшін $c_{f,T} \cdot A_T$ қосындылаудың жалпы нәтижесінен $1/3$ бөлігінен аз болмайтындай, жел жүктеме соммасы (m^2);

ρ_S — мұнара құралымның материалының тығыздығы ($кг/м^3$);

m_T – $c_{f,T}$ құрайтын панельдердің жалпы массасы (кг);

h – мұнаның биіктігі (м);

h_T – $c_{f,T}$ құрайтын, бірақ $h/3$ аспайтын панельдердің жалпы биіктігі (м);

τ_0 – 0,001 м тең алынған көлем/кедергі константасы;

d_B – жел бағытының өлшемі,

– тікбұрышты қиманың мұнаралары үшін d іргесіне (м);

– үшбұрышты қиманың мұнаралары үшін іргесінің 0,75 еніне (м) тең.

2.3.1.5.2 [B.3.2.1] Баламалы статикалық әдіс (Жалпы ереже)

Қаттылықтың (тордың) триангуляцияланған байланыстары бар, жел жүктемесі

2.3.1.4 тармақшасын ескерумен есептелген қосалқы элементтермен немесе оларсыз тіреу тіректерден (белдеулерден) тұратын симметриялық мұнаралар үшін, құралымның элементтеріндегі максималды күштер 2.3.1.5.3÷2.3.1.5.7 тармақшаларына сәйкес анықталуы тиіс. Қаттылықтың триангуляцияланған байланыстары бар және жел жүктемесі 2.3.1.4.10 тармақшасын ескерумен есептелген қосалқы элементтермен тіреу тіректерден тұратын симметриялық емес мұнаралар үшін, құралымның элементтеріндегі максималды күштерді 2.3.1.5.8 тармақшасына сәйкес анықталу қажет.

ЕСКЕРТПЕ Үшбұрышты және шаршы қималардың симметриялық мұнараларға қатысты жел жүктемелер бүйірлік желдің бағытында маңызды болып табылмайды және сондықтан жобаланған кезде ескерілмеу мүмкін. Симметриялық емес мұнараларға қатысты мұндай жүктеулер ескерілуі тиіс.

2.3.1.5.3 [B.3.2.1] Мұнараға жел жүктемесі

Мұнараға желдің бағытындағы жел жүктемесі 2.3.1.1.12 тармақшасына сәйкес анықталады, бірақ 2.3.1.4 тармақшасында келтірілген жел жүктеменің коэффициенттерін қолданумен.

Желдің бағыты мұнараға болған кезде орташа желдің жүктеуі $F_{m,w}(z)$ келесідей алынады:

$$F_{m,w}(z) = \frac{q_p}{1 + 7 \cdot I_v(z_e)} \cdot \Sigma c_f \cdot A_{ref} \quad (2.75)$$

Желдің бағыты мұнараға болған кезде желдің екпінінен баламалы жүктеу $F_{T,w}(z)$ келесі формула бойынша анықталады:

$$F_{T,w}(z) = F_{m,w}(z) \cdot \left[1 + \left(1 + 0,2 \cdot (z_m/h)^2 \right) \cdot \frac{[1 + 7 \cdot I_v(z_e)] \cdot c_s c_d - 1}{c_0(z_m)} \right], \quad (2.76)$$

мұнда I_v – турбуленттің қарқындылығы, 2.3.1.1.10 тармақшасына сәйкес ;

$c_s c_d$ – құралымдық коэффициент, 2.3.1.1.13 тармақшасына сәйкес;

z_m – высота над основанием, на которой необходимо определить воздействие нагрузки;

h – жалпы мұнаның биіктігі;

$c_0(z_m)$ – орографиялық коэффициент, 2.3.1.1.9 тармақшасына сәйкес.

2.3.1.5.4 [B.3.2.2.2] Мұнара құралымның элементтеріндегі есептік күштер немесе іргеге жүктеулер

Құралым элементіндегі немесе іргеге жүктеудің максималды күшін S_{\max} $F_{m,w}$ негізінде анықтау қажет және коэффициентті ескеріп үлкейту қажет (сонымен қатар (2.76) формуласын қар.):

$$S_{\max} = S_{m,w} \cdot \left[1 + \left(1 + 0,2 \cdot (z_m / h)^2 \right) \cdot \frac{[1 + 7 \cdot I_v] \cdot c_s c_d - 1}{c_0(z_m)} \right], \quad (2.77)$$

мұнда $S_{m,w}$ – құралым элементіндегі күш немесе орташа жел жүктеменің негізінде анықталған іргеге жүктеу $F_{m,w}$;
 $c_0(z_m)$ – 2.3.1.5.3 тармақшасында анықталған.

2.3.1.5.5 [B.3.2.2.3] Жылжудан күштерді есептеу үшін жүктелу

Қаттылық байланыстарында (торларда) күшті есептеген кезде қолданылатын жүктелулер мұнараның конфигурациясын ескеруі тиіс.

ЕСКЕРТПЕ Іргеге көлденең күштер 2.3.1.5.4 тармақша бойынша анықталады.

Кескіндеу кезінде тіреу тіректері (белдеулері) мұнараның басында қиылысатындай сол тіреу тіректердің ылдйымен мұнаралар үшін (2.29 (а) Суретті қар.), байланыс элементтеріндегі максималды күштер немесе берілген деңгейде жылжыту күші 2.3.1.5.4 тармақшасына сәйкес анықталады.

ЕСКЕРТПЕ Тіректердің ылдйы өзгерген кезде қаттылық байланыстарындағы күштер тіреу тіректер мен жылжыту күшіндегі күштердің құрауыштарын қамтуы мүмкін.

Қарастырылатын тақтайдың тіреу тіректері кескіндеу кезінде мұнараның басынан төмен қиылысатындай еңкейген мұнаралар үшін (2.29 (б) Суретті қар.), аймақтық (патч) жүктеулермен, келесіні қолданып, екі есепті жасау қажет:

а) қиылысу астындағы орташа желдің жүктеуін және қиылыс үстінен желдің екпінінен болған баламалы жүктеу $F_{T,w}(z)$;

б) қиылысу үстінен орташа желдің жүктеуін $F_{m,w}(z)$ және қиылыс астындағы желдің екпінінен болған баламалы жүктеу $F_{T,w}(z)$.

Мұндай қиылыстардың бірден көп болған кезде әр панель үшін аймақтық жүктеумен екі есептен жасау қажет 2.29 (в) Суретті қар..

ЕСКЕРТПЕ Қиылысудың үстінгі нүктесі үстінен қаттылық байланыстары үшін мұнараның басының үстінен қиылысатын тіректер ылдйы бар мұнаралар үшін әдісті қолдануға болады.


2.3.1.5.6 [B.3.2.2.4] Мұнараны ұстайтын арқандар мен созуларға жүктеу

Арқандар мен созуларға максималды жел жүктемесін желдің бағытында $F_{c/Gw}(z)$ келесіге тең алған жөн:

$$F_{c/Gw}(z) = \frac{q_p(z)}{1 + 7 \cdot I_v(z)} \Sigma c_{f,G} \cdot A_G \cdot \left[1 + \frac{[1 + 7 \cdot I_v(z)] \cdot c_s c_d - 1}{c_0(z)} \right], \quad (2.78)$$


мұнда $q_p(z)$ – тростың есептік биіктігіне жылдамдық қысымының шекті мәні, 2.3.1.1.11 тармақшасына сәйкес анықталатын жер бетінің үстінен z метр;

$\Sigma c_{f,G}$ – желдің бағытында созуға/арқанға жалпы жел жүктеме коэффициенті, 2.3.1.4.8 тармақшасына сәйкес анықталады.




а) 1 жағдай



Жылжудың барлық күш салулары жел қарқындарына коэффициентті ескерумен орта желдің жүктемесінен анықталады




б) 2 жағдай



Патч - «А» панеліне жүктеме



б) 3 жағдай



«А» панеліне жүктеме

Патч 1 _____

Патч 2 _____



«Б» панеліне

Патч 1 _____

Патч 2 _____

1 – «А» панелі; 2 – «А» панелінің тіреу тіректердің проекциясы; 3 – орташа жел;

4 – 1 жағдайда сияқты «А» панелі, панельдерді жоғары қар.;

5 – Жел екпінінен жүктеу; 6 – «Б» панелі;

7 – 1 жағдайда сияқты «Б» панелі, панельдерді жоғары қар.;

8 – «Б» панелінің тіреу тіректердің проекциясы

2.29 Сурет – Жылжыту аймақтық (патч) жүктеу

2.3.1.5.7 [B.3.2.2.5] Ауытқулар мен бұрылыстарды есептеген кездегі жүктеу

Ауытқулар мен бұрылыстардың, әдеттегідей, пайдаланушылық жарамдылығына талаптарды орындау үшін ғана мәндері бар. Пайдаланушылық жарамдылықтың қағидаттары тапсырыс берушімен жобаға техникалық талаптарында белгіленуі тиіс (7 бөлімді қар.).

2.3.1.5.8 Симметриялық емес мұнаралар және жабдықтауы күрделі мұнаралар үшін жел жүктемесі

Симметриялық емес мұнаралар немесе симметриялы емес орналасқан үлкен өлшемді қосалқы элементтері (жабдығы) және/немесе маңызды бұрмалау мен көлденең жүктеуді болдыратын арқандары бар мұнаралар үшін, жалпы жүктеуде желден күшті анықтау үшін желдің бағытында, сол секілді бүйірлік желдің бағытында да, мұнараның жеке бөліктеріне желдің құрастырылған әсерін ескеру қажет, қажет болған жерде.

Бүйірлік желдің құйын ағындарынан болған ауыспалы (пульсациялық) жүктеуден күшті желдің бағытындағы жүктеуден күштердің үйлесімінде ескеру қажет.

Жалпы күшті анықтау үшін, мұндай жағдайларда орташа жел жүктемесінен желдің бағытында ауыспалы (пульсациялық) жел жүктемесінен бөлу қажет. Сондықтан мұнара құралымның есептелуі орташа жел жүктеме үшін, 2.3.1.5.3 тармақшасында көрсетілгендей, желдің бағытында ($F_{m,w}(z)$) жүргізілуі тиіс.

ЕСКЕРТПЕ Арқандар болған жағдайда арқандарға орташа жел жүктемесін қолдану қажет $F_{m,GW}(z)$ (2.3.1.5.6 тармақшасын қар.).

Солай болса, жеке күштерді келесі түрде есептеу қажет:

а) орташа жел жүктемесінен күш $S_{m,TW}$ орташа жел жүктемесінен $F_{m,TW}(z)$ анықталады;

б) ауыспалы сызықтық жел жүктемеден күш $S_{1,TW}$ келесі формула бойынша анықталады:

$$S_{1,TW} = S_{m,TW} \cdot \frac{[1 + 7 \cdot I_v(z)] \cdot c_s c_d - 1}{c_0(z_m)} \cdot (1 + 0,2 \cdot (z_m/h)^2) \quad (2.79)$$

в) бүйірлік желдің бағытындағы құйын ағындардан бүйірлік желдің ауыспалы күшін ($S_{1,TX}$), басқа ақпарат болмаған жағдайда, келесі формула бойынша анықталады:

$$S_{1,TX} = K_x \cdot \left(\frac{\Sigma c_x}{\Sigma c_f} \right) \cdot S_{1,TW}, \quad (2.80)$$

мұнда K_x – бүйірлік желдің құйын ағыннан күш үшін түзеткіш коэффициент.
 $K_x = 1,0$ мәні Ұлттық қосымша бойынша алынған.

Σc_x – қарастырылатын тақтайдың биіктігіндегі құралымның (және болған жағдайда қосалқы элементтердің) көлденең көтергіш күшінің коэффициенті;

Σc_f – 2.3.1.4.3 тармақшасына сәйкес.

ЕСКЕРТПЕ Бүйірлік желдің құйын ағындары тіпті симметриялық емес мұнараларда да ауыспалы жел жүктемелерін шақыртады; бірақ мұндай жүктеулер, әдеттегідей, сындарлы жүктелген элементтерге әсер етпейді (қажу жүктеуден басқа).

Желдің әсерінің нәтижесіндегі жалпы жүктеуден ΣS_T кез келген элементтегі күш келесіге тең болып алынады:

$$S_T = S_{m,TW} + S_{m,GW} + \sqrt{S_{1,TW}^2 + S_{1,TH}^2 + S_{каната}^2}, \quad (2.81)$$

мұнда $S_{m,GW}$ – (2.78) формуласында жел жүктеменің құрауышынан алынған арқандарға орташа күш;

$S_{канатов}$ – (2.78) формуласында жел жүктеменің пульсациялық құрауышынан алынған арқандарға ауыспалы (пульсациялық) күш [B.3.2.2.6].

2.3.1.5.9 [B.3.3] Спектрлік талдаудың әдісі

Егер күштер бойлық жел жүктемеден спектрлік талдау көмегімен есептелетін болса, онда қабылданатын метеорологиялық жағдайлар айтылмаш ҚР ҚН EN 1991-1-4 сәйкес болу керек, ал жел жүктеменің коэффициенттері 2.3.1.4 Тармақшасы бойынша қабылдану керек. Бұдан басқа, ҚР ҚН EN 1991-1-4 Қосымшасы бойынша анықталатын параметрлер, дәлірек деректеменің жоқтығында қабылдану керек.

Ауыспалы (пульсациялық) күштер желдің бағыты бойынша жүктемеуден болатын күштермен бірге ескеруге қажетті, құйын тәрізді бүйірлік желді тудырады. Ықтасын күштер үшін қабылданғандарға лайықты, тиісті параметрлерді анықтау қажет.

2.3.1.5.10 [B.3.4] Бүйірлік жел кезінде құйынның пайда болу әсерінен туған ауытқулар.

Егер мұнаралардың үлкен мөлшерлі призмалық, цилиндрлік және нашар сүйірлі формасы болса, немесе олар мұздың қалың қабатымен жабылу мүмкіндігінің бар болуы жорамалданады, құйын тәрізді қоздырумен және/немесе шоқырақтаумен тудырылған олардың ауытқуларға (резонансқа) қабілеттілігін анықтау қажет, ҚР ҚН EN 1991-1-4 сәйкес.

2.3.1.6 Созулары бар діңгектер үшін желдің әсерінен болған күштер

2.3.1.6.1 [B.4.1] Жалпы ереже

Діңгектер мен іргетастардың элементтерін есептеу кезіндегі қарастырылуға жататын барынша көп күштерді, құйын тәрізді ағымдардан болған күштерді есептеу үшін келісті жорамалдармен анықтау қажет.

Осындай күштер баламалы статикалық күш-салмақтардың орташа маңызды желдің 10 минуттық әсеріне тең, желдің бағыты бойынша ғана іске асатын, сонымен қатар, желдің бағыты бойынша ұйтқымалылығының нәтижесінде болған ауыспалы жүк-салмақ және қажет кезде, бүйірлік жел кезінде қорытқы әсері болып көрінеді.

2.3.1.6.2 [B.4.2] Статикалық әдістерді қолданудағы негізділігінің өлшемдері

Әдетте, статикалық әдістер діңгектердің элементтеріндегі барынша көп күштерді анықтау үшін қолданылады (2.3.1.6.3÷2.3.1.6.11 Тармақшаларды қар.). Спектрлік талдау әдісін (2.3.1.7 Тармақшаны қар.) динамикалық әсерге қатысты маңызды реакцияларға бейімді, діңгектерге қатысты ғана пайдалану қажет.

Маңызды экономикалық салдарын туғызатын немесе әлеуетті қауіпсіздік

күйзелістерін туғызатын көптеген діңгектердің есебін (2.3. Бөлімшесін қар.), спектрлік талдау әдісі бойынша тексеру қажет, егер бұл жобалық талаптарда ескерілген болса.

Статикалық әдістерді есептеуді пайдаланған кезде келесі талаптар орындалу керек:

а) жоғары созудың қабатының үстіндегі кез келген консольдың жалпы ұзындығы соңғыдан бұрынғы және жоғарғы созуладың арасындағы арақашықтықтың жартысынан кемін құрайды;

б) β_s параметрі 1-ден кем, бұл

$$\beta_s = \frac{4 \cdot \left(\frac{E_m \cdot I_m}{L_s^2} \right)}{\frac{1}{N} \sum_{i=1}^N K_{Gi} \cdot H_{Gi}} < 1, \quad (2.82)$$

$$\text{бұл } K_{Gi} = 0,5 \cdot N_i \cdot A_{Gi} \cdot E_{Gi} \cdot \cos^2 \alpha_{Gi} / L_{Gi} \quad (2.83)$$

N – созулар қатарларының саны;

A_{Gi} – i бекіткіш қабатындағы созулардың көлденең кесігінің ауданы;

E_{Gi} – i бекіткіш қабатындағы созудың білік иілгіштігінің үлгісі;

L_{Gi} – i бекіткіш қабатындағы созудың ұзындығы;

N_i – i бекіткіш қабатында бекітілген созулардың саны;

H_{Gi} – діңгек негіздемесінің i – бекіткіш қабатының биіктігі;

α_{Gi} – i бекіткіш қабатының көлденеңдегі созу еңкіші;

E_m – діңгек иілгіштігінің үлгісі;

I_m – иілім кезіндегі діңгектің серпінінің орташа кезеңі;

L_s – созулардың бекіткіш қатарларының арасындағы орташа арақашықтығы.

в) Q параметрі 1-ден кем, бұл

$$Q = \frac{1}{30} \cdot \sqrt[3]{\frac{H \cdot V_H}{D_0}} \cdot \sqrt{\frac{m_0}{H \cdot R}}, \quad (2.84)$$

бұл m_0 – діңгек ұзындығының орташа салмақты бірлігі, қосымша құрылғыларды қоса (кг/м);

D_0 – ани мачты діңгек шегінің орташа жалпақтығы (м);

V_H – діңгек шыңындағы (м/сек) желдің орташа жылдамдығы v_e ;

R – 2.3.1.4.4 Тармақшада анықталатын, ΣA ауданына c_f қарсылық коэффициентің әсер етуінің орташа көлемі;

H – Бар болу кезіндегі консольмен бірге діңгектің биіктігі (м).

Егерде, жағдайлардың кез келген біреуі орындалмаса, талдаудың спектрлік әдісін пайдалану керек. (2.3.1.7 Тармақты қар.)

2.3.1.6.3 [B.4.3.1] Эквиваленттік статикалық әдістер (Жалпы ереже)

Діңгекке әсер тигізетін, динамикалық жел жүктемесітарды есептеу үшін желдің патч-жүктемеумен ұлғайтылған, орташа желдің жүктеменің негізіндегі аймақтық патч-күш-салмақтардың статикалық кестелер сериясы бойынша діңгектің есептеуін жасау керек. Бұл әдістің қолданысы әрбір қарастырылатын әдістерге қатысты желдің бірнеше статикалық есептеулерінің орындалуын талап етеді және қорытындылары максималды сипаттамаларды қамтамасыз ету үшін араластырылып құралады.

Қосымша құрылғыларсыз немесе желдің бағытына қатысты қарастырылатын,

симметриялы орналасқан қаттылықтың (торлардың) үшбұрыштандырылған байланыстарымен, динамикалық әсерленгіштікке шалдықпайтын симметриялық кесіктік діңгектердегі максималды күштері, 2.3.1.6.4÷2.3.1.6.11. Тармақтарының негізінде шығарылады.

Желдің қарастырылатын бағытына қатысты симметриялы емес орналасқан, қосымша құрылғылары бар діңгектердің қатыстына қарай, 2.3.1.6.11 Тармақшасына сәйкес, бүйірлі желдің әсерінің салдарынан іске асатын, қосымша күштерді анықтау қажет.

Есептеу кезінде күш-салмақтардың төменде көрсетілген жағдайларын қарастыру қажет.

2.3.1.6.4 [B.4.3.2.1] Орташа жел жүктемесі

Орташа желдің ықпалының нәтижесінде, $F_{m,w}$ діңгегіне қарай желдің бағыты бойынша жел жүктемесі келесідей қабылданады,

$$F_{m,w}(z) = \frac{q_p(z)}{1 + 7 \cdot I_v(z)} \cdot \Sigma c_w(z) \cdot A_{ref}, \quad (2.85)$$

бұл $c_w(z)$ – құралымның желдік жүктеменің коэффициенті (және бар болғандағы қосымша элементтер), желдің бағыты бойынша қарастырылатын діңгектің секциясына, құрылыс алаңының жер деңгейінен z метр биіктігінде, 2.3.1.4.3. Тармақшасына сәйкес анықталған.

Күш-салмақтар секциялардың биіктік шамасыныда, жер алаңдарының орталық деңгейінде әрекет етуі тәрізді қабылданады. (бар болғандағы, қосымша элементтерді қоса)

Созулармен және желдің бағыты орналасқан жазықтықтағы созуларға перпендикулярлы $F_{GW}(z)$ созулардың желдік күш-салмағы орташа желдің ықпалының нәтижесінде келесідей қабылданады:

$$F_{GW}(z) = \frac{q_p(z)}{1 + 7 \cdot I_v(z)} \cdot c_{f,G}(z) \cdot A, \quad (2.86)$$

бұл $c_{f,G}(z)$ – қарастырылып отырған созулардың желдік жүктеменің коэффициенті, 2.3.1.4.8. Тармақшасы бойынша анықталған

Егер тең мөлшерлі күш-салмақтар тіркелсе, онда $q_p(z)$ діңгекке қатысты бекіткішті 2/3 биіктігінде желдің жылдамдығы үшін қабылдау қажет.

Орташа желдің әрекетінің ықпалы нәтижесіндегі S_m күшін, орташа желдің $F_{m,w}$ және F_{GW} күш-салмақтары арқылы геометриялық сызықтық емес статикалық есептеу арқылы діңгектің әрбір компоненттері үшін анықтау қажет.

2.3.1.6.5 [B.4.3.2.2] Аймақтық (патч) күш-салмақтар

Орташа желдің күш-салмақтарына қосымша, 2.3.1.6.4 Тармақшасына сәйкес алынған, төменде көрсетілген (патч) жүктемелер діңгектің оқпанына келесі түрде тіркеледі:

– діңгек оқпанының әрбір бойына созулардың бекіткіштерінің көршілес қатарлары арасындағы (және діңгек негізі мен бірінші созулар қатарларының арасындағы);

– консольға егерде, бұл маңызды болса;

– көршілес бойлардың орталыған орталығына дейінгі;

– созулар бекіткіштердің бірінші қатарының биіктігінің негізінен ортасына дейінгі;

– Бойлардың ортасынан соңғының алдындағы және жоғарғы созулардың арасындағы, егерде, бұл маңызды болса, консоль қосылады.

Бұл кестелер 2.30 Суретте көрсетілген. Аймақтық жүктеме келесі формула бойынша анықталады.

$$F_{PW}(z) = 2 \cdot k_s \cdot \frac{q_p(z)}{1 + 7 \cdot I_v(z)} \cdot \frac{I_v(z)}{c_0(z)} \cdot \Sigma c_w(z) \cdot A_{ref} \quad , \quad (2.87)$$

бұл $c_w(z)$ – 2.3.1.6.4 Тармақшада анықталған.;

k_s – ықтимал кездейсоқтықтарды анықтайтын, ауқымдау коэффициенті;


$I_v(z)$ – 2.3.1.1.10 Тармақшада көрсетілгендей, меншіктік және орографиялық ерекшеліктеріне байланысты, турбулент қарқындылығы.;

$c_0(z)$ – орография коэффициенті, 2.3.1.1.9. Тармағына сәйкес анықталған.

1 ЕСКЕРТПЕ k_s Ауқымдау коэффициенті созулары бар деңгейлердің мультимодальды реакциясын ескереді.

2 ЕСКЕРТПЕ Значение коэффициента масштабирования k_s Ауқымдау коэффициентінің маңызы $k_s = 3,5$ Ұлттық қосымша арқылы қабылданған.

3 ЕСКЕРТПЕ Жеңілдету мақсатында, тең өлшемді аймақтық жүктемелер үшін $I_v(z)$ және $q_p(z)$ аймақтың шыңының биіктігіне тең z мәнін қабылдау арқылы анықталуы мүмкін.



2.30 Сурет – Аймақтық жүктеменің Қосымшасы

Бұл аймақтық жүктемелер 2.3.1.6.4. Тармақшасына сәйкес анықталатын, орташа жел жүктемесінде діңгекке тіркелу керек.

50 метрлік биіктігі бар діңгектерді барлық діңгекке әрекет ететін орташа және аймақтық жүктемелермен тек қана бір жағдайды қарастыру қажет.

1 ЕСКЕРТПЕ Бұл жағдайларда, әрбір бойда қаттылықтың жылжу байланыстары бұл бойда, жылжудың (және онымен байланысты бұраулардың) максималды күшінің есебімен бірге жобалануы керек.

2 ЕСКЕРТПЕ Бұл жағдайларда, әрбір бойдағы тіректік тіреулер және олардың қосылыстары бұл бойдағы тіреуге максималды (минималды) жүктеме есебімен бірге жобалануы керек.

3 ЕСКЕРТПЕ Бұл жағдайларда, егерде діңгекте консоль болса, онда мына жағдайлар қарастырылуы керек: (i) консольға орташа және аймақтық жүктемелер және діңгекке орташа жүктеме және (ii) консольға орташа жүктеме және діңгекке орташа және аймақтық жүктемелер.

2.3.1.6.6 [В.4.3.2.3] Созулардың жүктелуі

Діңгектің тіреуінің аймақтық (патч) жүктелуінің әрбір жағдайында, 2.3.1.6.5 Тармақшасында көрсетілгендей, созуларға аймақтық желдің жүктелуі $F_{PG}(z)$ дәл сондай шектерде тіркелуі керек, 2.31. Суретке қара. Бұл аймақтық жүктемелер, созу мен желдің бағыты орналасқан, жазықтықта әрбір созуларға перпендикулярлы тіркелуі керек, және қабылдану керек:

$$F_{PG}(z) = 2 \cdot k_s \cdot \frac{q_p(z)}{1 + 7 \cdot I_v(z)} \cdot \frac{I_v(z)}{c_0(z)} \cdot c_{f,G}(z) \cdot A, \quad (2.88)$$

бұл k_s – аумақтау коэффициенті;


$c_{f,G}(z)$ – желдің жүктемесінің коэффициенті, созу мен желдің бағыты орналасқан жазықтықта созуға перпендикулярлы, 2.3.1.4.8. Тармақшасына сәйкес анықталатын.

1 ЕСКЕРТПЕ аумақтау коэффициенті k_s созулары бар діңгектердің мультимодальды реакциясын ескереді.

2 ЕСКЕРТПЕ Аумақтау коэффициенті k_s маңызы Ұлттық қосымша бойынша қабылданған $k_s = 3,5$

Жеңілдету мақсатымен, аймақтық жүктемелер жоғарыда көрсетілген желдің жүктемесінің z_p/z_G арақатынасына көбейту жолы арқылы қарастырылатын созулардың барлық биіктігіне таратылу мүмкіндігі бар:

бұл z_p – созудағы аймақ биіктігі; және
 z_G – діңгекке қарай созудың бекіткіш биіктігі.



2.31 Сурет – Созулардың аймақтық жүктелуі

2.3.1.6.7 [B.4.3.2.4] Аймақтық жүктемеден күштерді анықтау

Аймақтық жүктемелердің (S_{PLi}) дәйекті түрде тіркелгендердің әрбіреуінен алынған, созулар мен діңгектердің тіреу элементтерінің әрбіреуіндегі күштерді есептеп шығару керек.

Бұл тек орташа жүктемеден болатын және орташа жүктемелер мен күштердің

үйлесуі арқылы аймақтық жүктемелердің күштері арасындағы айырмаларын есептеп шығару арқылы іске асады.

Содан соң, бұл күштер квадраттардың жиынтығынан шаршы түбірі арқылы қиыстырылады, немесе:

$$S_p = \sqrt{\sum_{i=1}^N S_{PLi}^2}, \quad (2.89)$$

бұл S_{PLi} – i -жүктелу кестесінен күштер;

N – нагужения жүктелулердің қажетті кестелерінің жалпы саны;

S_p – аймақтық жүктемеден болатын жалпы әрекеттегі күштер.

2.3.1.6.8 [B.4.3.2.5] Жалпы күштер


S_{TM} дінгектің тіреу элементтерінің әрбіреуі үшін жалпы күш формула бойынша анықталады:

$$S_{TM} = S_M \pm S_p, \quad (2.90)$$

бұл S_M – 2.3.1.6.4 Тармақшасында анықталған, орташа желдің әрекетінен болатын күш;

S_p – 2.3.1.6.7 Тармақшасында анықталған, ауыспалы жүктеменің әрекетінен болатын күш, максималды күш алу үшін белгіні пайдалану арқылы.

(2.90) Формулаға сәйкес, жалпы күшті есептеу кезінде, дінгек тіреуінің әрбір бойының жылжу байланысында, минималды маңызы бойдың шегінде максималды маңызына тең болып қабылдану керек, созудың (немесе дінгектің негіздемесі, егерде бұл маңызды болса) бекіткіш деңгейінен әрбір көршілес қатар үшін бойдың бір ширектік қашықтығында есептелген. Берілген мәнмәтінде «бой» термині созудың бекіткіш көршілес қабаттарының арасындағы немесе бекіткіш қатарының төменгі және негізі арасындағы арақашықтықты анықтайды (2.32 - Суретті қар.).



1- Бұл аралықта қабылданатын минималды мән;

2- Ескертпені қараңыз; 3- Жылжу байланысындағы күш салу

ЕСКЕРТПЕ Қисық күшті айналдыратын, аймақтық жүктеменің әрекетінен болатын қаттылық байланыстарында (абсолюттік мағыналар көрсетілген).


2.32 Сурет – Діңгек тіреуінің жылжу байланысындағы минималды күштер

2.3.1.6.9 [B.4.3.2.6] Қарастырылуға жататын желдің бағыты

Діңгектің әрбір элементінің қатысына қарай, жалпы максималды күш беретін желдің бағытын ескеру қажет. Тәжірибеде бұл желдің бірнеше бағыттары қарастырылуы қажеттігін анықтайды.

Егер діңгек формасы мен күш-салмағына қарай іс жүзінде симметриялы болса, үш қырлы діңгекке қатысты желдің үштен кем емес, үш бағыттарда ажыратылған, яғни 90° , 30° қырына және 60° қырына бағыттарын қарастыру қажет. Төртбұрышты кесікті және төрт бағыттарды ажыратылған діңгектер үшін желдің екіден кем емес бағыттарын қарастыру қажет: қырға перпендикулярлы және 45° қырына. 2.33 - Суретте мысалдар келтірілген.

ЕСКЕРТПЕ Симметриялы діңгектердің жалпы тұрақтылығын есептеу үшін (5.1 – Бөлікшені қар.) бүйірлік желдің ықпалын ескеру қажет (мәселен, бойлық желдің күш - салмағынан 2% – бүйірлік жел жүктемесі, немесе, қабылданған бағыттан 2° желдің бағытының ауытқушылығы), екінші тәртіпті есептеуді орындау үшін.



(төрт созуы бар діңгектің дөңгелек кесігі - ұқсас)

2.33 Сурет – Қарастырылуға жататын желдің үлгілік бағыты

2.3.1.6.10 [B.4.3.2.7] Ауытқулар мен бұрылыстарды есептеу кезіндегі жүктемелер

Ауытқушылықтар мен бұрылыстар, негізінен, пайдаланушылық жарамдылыққа тек талаптарды орындау үшін маңызы бар. Пайдаланушылық жарамдылық өлшемі жобаның техникалық талаптарымен тапсырыс беруші арқылы анықталуы қажет (7.2.2 – Тармақты қар.).

2.3.1.6.11 [B.4.3.2.8] Симметриялы емес дінгектердің желдік күш-салмағы немесе күрделі жабдықталған дінгек

Симметриялы емес немесе үлкен көлемді (жабдықпен) симметриялы емес орналасқан қосымша элементтерімен және / немесе арқаны бар дінгектер, көлденең жүктеме және бұрайтын күштерді әкелетін, желден күштерді анықтау үшін жалпы жүк-салмақта желдің жеке бөлшектерге, қажетті кезде, желдің, сондай да бүйірлік желдің бағытына құрамдастырылған ықпалын ескеру қажет.

Бүйірлік желдің құйын тәрізді ағымдары ауыспалы (пульсациялық) жүктеменің күштерін әкеледі. Желдің бағытындағы жүктемелерден болған күштердің үйлесімімен ескеру қажеттілігі туады.

Ауыспалы жел жүктемесінен желдің бағытына қарай орташа жүктемелерді бөліп шығару әдісін 2.3.1.5.3. Тармақшасындағы мұнаралар қатысына қарай көрсетілгендей қолдану керек. Созулары бар дінгектерге қатысты бұл 2.3.1.6.5. Тармақшасында көрсетілгендей, көлденең аймақтық делдің жүктемелерінің қатарын дәл сондай қолдану қажеттілігін тудырады.

Жалпы күштер формула бойынша есептеледі:

$$S_{TM} = S_M \pm \sqrt{S_{PW}^2 + K_x^2 \cdot S_{PX}^2}, \quad (2.91)$$

бұл S_{PW} – желдің бағыты бойынша аймақтық жүктемелерден болған күш;

S_{PX} – бүйірлік желдің аймақтық жүктемелерінен болған күштер;

K_x – бүйірлік желдің құйын тәрізді ағымдарының күшінің түзету коэффициенті.

1 ЕСКЕРТПЕ K_x мағынасы, Ұлтық қосымшада қабылданған $K_x = 1,0$.

2 ЕСКЕРТПЕ Бүйірлік желдің құйын тәрізді ағымдары симметриялы дінгектердің өзінде де құбылмалы жел жүктемесін тудырады; әйткенмен, осындай жүктемелер, негізінен, қиын жүктеулі элементтерге әсер етпейді.

Балама ретінде, жеңілдету үшін, 2.3.1.6.11 Тармақшасында көрсетілгендей, бүйірлік желдің құйын тәрізді ағымдарын есепке алу арқылы нақты есептеуді орындау қажет емес, бірақ бүйірлік желдің жүктемелерінен болған әсерді ескеру 2.3.1.6.8. Тармақшасындағы S_{TM} жалпы әсерінен болған жүктеменің маңызын 10% – ға ұлғайту рұқсат етіледі.

2.3.1.7 [B.4.4] Спектрлік талдаудың әдісі

Спектрлік талдау арқылы реакцияны есептеу, тек реакцияға резонансты қосу үшін қолданылуы қажет.

Резонансты емес реакцияларды жалпы статикалық әдісті пайдалану арқылы анықтауға болады (2.3.1.6.4÷2.3.1.6.11 Тармақшаларды қар.). k_s мағынасы $k_s = 2,95$ болып қабылданады.

Метеорологиялық жағдайлар көрсетілген ҚР ҚН EN 1991-1-4 сәйкес келу қажеттігі, ал желдің жүктемелерінің коэффициенті көрсетілген 2.3.1.4.3÷2.3.1.4.9 Тармақшаларға сәйкес келу қажеттігі рұқсат етіледі. Бұдан басқа, ҚР ҚН EN 1991-1-4 Қосымшасында анықталған параметрлер дәліректеу деректемелердің жоқ кезінде қабылдану керек.

Бүйірлік желдің құйын тәрізді ағымдары құбылмалы желдің жүктемелерін тудырады, оларды көлденең желдің жүктемеумен бірге ескеру қажет. Желге ықпал жасаудың қатысына қарай қабылданғанға сай келетін тиісті параметрлерді қабылдау керек.

2 Гц-тен кемдеу өзіндік жиілігі бар ауытқудың әрбір түрі үшін реакцияларды есептеу қажет.

2.3.1.8 [B.4.5] Құйынның пайда болуынан туған ауытқулар / тербелістер

Егер дінгектер үлкен көлемді нашар сүйірлі объекттер үшін тірек болып табылса, немесе олар мұздың қалың қабатымен тегістелген болу мүмкіндігі болжамданады, олардың құйын қоздыруларымен туған ауытқуларға шалдыққыштығын анықтау қажет, ҚР ҚН EN 1991-1-4 сәйкес.

2.3.1.9 [B.4.6] Созулардың тербелістері

Дінгектердің созуларын жоғары жиіктіліктік тербелістердің болуына қарай тексеру қажет, құйын қоздыруларымен және галопирлеумен тудырылған, әсіресе, созулардың келесі тәрізді мұздану жағдайларында:

а) Құйын қоздыруларымен туған тербелістер.

Желдің төмен жылдамдығы кезіндегі жоғары жиіліктікті құйын қоздыруларымен тудырылған, кішкентай амплитуданың резонансты түрінің тербелістері созуларда пайда болуы мүмкін.

Құйын қоздырулары жоғарғы формаларда пайда болу мүмкіндігіне байланысты, жалпы ережелерді орнатпау керек. Әйткенмен, басшылық ретінде, ең көп ықтималдылығы бар осындай тербелістердің пайда болатынын көрсететін, тәжірибені қолдануға болады, егер созулардың кернеуі қозғалыссыз ауада бұзатын жүктемеден 10% асатын болса.

б) Галопирлеу (жаңбырдан пайда болған тербелістерді қоса).

Созулар майлайтын маймен қалың қабатымен немесе мұзбен тегістелген жағдайда галопирлеуге ұшырауы мүмкін. Майлайтын майдың немесе мұздың қабатының қалыңдығының ұлғаюы керіліс күші мен көтермелеудің тұрақсыздығын тудыратын, аэродинамикалық формаларды қалыптастыра алады. Үлкен амплитудалы төменгі жиіліктіліктің тербелістернің пайда болуы оның нәтижесі болуы мүмкін. Ұқсас тербелістер жаңбырдың кезінде пайда болуы мүмкін.

Бұл жағдайда, осындай жалпы ережелерді орнату қажет емес, өйткені галопирлеу мұздың немесе майлайтын майдың пішінінің пайда болуынан елеулі тәуелді болады. Негізінен, галопирование үлкен диаметрлі созуларда пайда болады және алдын-ала керіліске біркелкі сезімсіз болады. ҚР ҚН EN 1991-1-11, 8.3 Бөлікшесін қара.

Созулардың тербелістері пайда болған кезде ауытқулардың сөндіргіштерін немесе тербелісті сөндіргіштерін немесе кейінгі кернеулерді шектеуге арналған спойлерлерді алдын-ала қарастыру қажет, 3.4 Бөлікшені қара.

Егерде осындай тербелістердің пайда болуы туралы белгілі болса, ал оларды жою шаралары қолданылмаса, онда созулардың төзімділігіне анкерлеу тексерісін жасау қажет. Осындай жағдайларда, маманға кеңес алу үшін бару керек.

2.3.2 Мұзданудан болған жүктеме

2.3.2.1 Ауыртпалық орталығы сияқты, жел жүктемесіне де, көктайғақ әрекетін оның ықпалына қатысты қарастыру қажет

2.3.2.2÷2.3.2.7 Тармақшаларында көктайғақтан және ISO 12494 ережелеріне негізделген, мұнаралар мен дінгектерге арналған көктайғақтың желмен үйлестігінен болған жүктемелерді құрастыру әдістемесі келтірген. Сондықтан, қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы үшін ISO 12494 келтірген көктайғақтардың топтарымен үндестірілген, көктайғақтық жүктемелердің картасы жоқ болғандықтан, әдістеме бойынша есептеу нәтижелерін алынған нәтижелермен салыстыру үшін берілген өтпелі кезеңде іске асатын, әдістемені пайдалану ұсынылады.

2.3.2.8 Тармақшада өтпелі кезеңде іске асатын, көктайғақтық жүктемелерді құрастыру әдістемесі берілген.

Құрылым элементтеріндегі беріктіктің көбіректеу қорын беретін, сол әдістемесі бойынша есептеу нәтижелерін қабылдау ұсынылады.

2.3.2.2 [С.1] Жалпы ереже

2.3.2.2.1 Қорғалмаған жерлерде, дінгектер мен мұнараларға деген көктайғақтық жүктемелер желдің үйлесімімен және жобалау кезіндегі анықтауыш болатын кейбір жағдайлардағы қатқақ элементтердің салдарынан болған аэродинамикалық кедергінің ұлғаюы арқылы ұлғаю мүмкін.

2.3.2.2.2 Құрылымдардағы көктайғақтық қабаттарының өлшемдері, сонымен қатар олардың тығыздығы, орналасуы және формасы маңызды дәрежеде, жергілікті метеорологиялық жағдайларға, топографияларға және құрылымның өзінің формасына байланысты болады.

2.3.2.2.3 Мұздану мұз болып қалыптасудың екі түрлі процестеріне сәйкес дәстүрлі топтастырылады.

– ішкі бұлттану мұздануы;

– атмосфералық жауын-шашындардың нәтижесінде болған мұздану.

Бұл мұздану түрлері мұздың әртүрлі түрлерінің пайда болуына әкелуі мүмкін: жұмсақ боз қырау, қатты боз қырау, дымқыл қар және түрлі физикалық қасиетті тығыздығы бар көктайғақ, адгезия, когезия, түстері мен формалары. Мәселен, тығыздығы әдетте 200 кг/м^3 – тан 900 кг/м^3 –ге дейін, шоғырлас қабаттанулардан (көктайғақ және дымқыл қар) бір қырдағы, жел бойынша ұшталған шоғырлас емес қабаттануларға дейін түрленеді (жұмсақ және қатты боз қырау).

2.3.2.2.4. Инженерлік жобалау мақсаттарында барлық дінгек пен мұнаралардың элементтері белгілі қалыңдығымен мұзбен тегістелуі дәстүрлі рұқсат етіледі, бұл тығыздық үйлесімінде мұздың және аэродинамикалық кедергілердің салмағын есептеу кезінде пайдалануға болады. Осындай әдістерді, көктайғақ пен дымқыл қардың есептік көктайғақтық жүктемелерді құрастыратын төңіректерде негіздеу мүмкін, бірақ физикалық нақтылық қырау кезіндегі барлық дінгектер мен мұнаралардың элементтерінде мұздың тең өлшемді қалыңдығымен сәйкес келмейді. Дегенмен, мұздың қабаттары ішкі бұлттың

пайда болуы біршама аз болатын төңіректерде, мұздың салмағын анықтау әдісі және көктайғақ кезіндегі мұздың тең мөлшерлі қабаттары бар аэродинамикалық кедергілер тәжірибеде қолданылуы мүмкін, егер қормен алынған мағыналар қолданылса.

2.3.2.2.5 Басқа жақтан қарағанда, барынша көктайғаққа бейімделгіш төңіректер бар, және осындай аймақтар үшін мамандар көктайғақтық жүктемелерді бағалау керек. Осындай бағалар салмақ, орналасу, формасы және т.б. құрылымға деген көктайғақтық жүктемелер, сонымен қатар, нақты анықтауға жататын, желдің көктайғақпен тиісті үйлесімі.

2.3.2.2.6 Төменде көрсетілген ережелерде көктайғақтық жүктемелермен қатысы және олардың дінгектер мен мұнараларға әсер ететін желмен үйлесімінің жалпы суреттеуі берілген.

2.3.2.3 Көктайғақтық жүктеме

2.3.2.3.1 Көктайғақ – бұл атмосфералық жауын-шашыннан пайда болатын және де ең жоғары тығыздығы бар мұздың бір түрі. Көктайғақ жаңбырдың қатуынан немесе сіркіремеден пайда болатын немесе ішкі бұлттың қатуынан пайда болады және мұзданудың тең мөлшерлі үлестіруіне әкеледі. Төменде көрсетілген мұнаралар мен дінгектер үшін ережелерде тек көктайғақтан жүктемелер ғана қарастырылады.

2.3.2.3.2 Сипаттамалы көктайғақтық жүктемелерді анықтау принциптері 2.3.2.4.3÷2.3.2.4.5 Тармақшаларында көрсетілген. (ISO 12494 - ке сәйкес).

2.3.2.3.3 [С.2(2)] Дегенмен, көктайғақ мұнаралар мен дінгектерде симметриялы емес қалыптасуы мүмкін болғандықтан, осындай жағдайларды ескеріп отыру қажет. Симметриялы емес көктайғақ дінгектерге қатысты ерекше қызығушылық тудырады, көктайғақ мұндай түрлі созуларда барынша ерекшелене алады, дінгектің тіреуіне иілгіш ықпал жасауын тудырады. Симметриялы емес созулардың мұздануы дінгектердің симметриялы емес мұздың ішінара өсуін тудырады желдің бағытына байланысты және ішінара – созулардан көктайғақтың ауытқымалы түсіруі.

2.3.2.3.4 Бұлтты құрылымның жауын-шашын қарқындылығына, соған сәйкес, мұздану жағдайларына әсер етіп, аймақтық және жергілікті топография ауа массасының вертикалды ағымдарын өзгертеді.


Мұздың құрылымдардағы қалыптасуының қарқындылығы жердің деңгейінен құрылымның биіктігіне байланысты өте қатты өзгеруі мүмкін, дегенмен, мұздың биіктікке қарай таратылуының қарапайым үлгісі әлі жасалған жоқ. Кейбір жағдайларда кішкентай биіктіктегі мұз жоқ болады, дегенмен барынша биік деңгейлерде едәуір қарқынды мұздану және керісіншесі бақылануы мүмкін.

2.34 - Суретте стандартты коэффициент көрсетілген – жердің үстіндегі біршама биік деңгейлердегі мұз массалары үшін k_h көбейткіш (теңіз деңгейінің үстінен емес). Берілген коэффициент мұздың барлық түріне қолданылуы мүмкін (егер берілген төңірекке үшін нақты деректемелердің жоқ болған кезінде). Шынында, жағдай оның 2.34 - Суретте көрсетілгеннен де анағұрлым күрделірек болуы мүмкін, сондықтан қосымша зерттеулер қажет болуы мүмкін.

k_h коэффициентін солай формула арқылы есептеуге болады:

$$k_h = e^{0,01 \cdot H}, \quad (2.92)$$

бұл H – жердің үстіндегі биіктігі, м.



2.34 Сурет – Жердің деңгейі бойынша биіктіктің өзгеруімен мұздың салмағының өзгеру коэффициенті

2.3.2.4 Мұздың салмағы

2.3.2.4.1 Жинақталған мұздың ықпалының деңгейін анықтау үшін оның өлшемдері мен салмағын анықтау қажет. Барынша көп мұздану жазықтықта орналасқан, желдің бағытына перпендикулярлы, сонымен қатар кішкентай мөлшерлі элементтерінде, ауқымды кесіктің құрылымдарында жүзеге асады.

2.3.2.4.2. Белгілі бір алаңда жинақталған мұздың мөлшерін анықтау үшін «мұзды топ» (IC) термині енгізіледі. Мұзды топ бұл – берілген алаңның болжалданған мұздану деңгейін анықтау үшін есептеулерде қолдануға қажетті папарметр. Осы құралда берілген мұзды топтардың деректемелері бойынша жобалау кезінде мұздың ықпалын анықтауға болатын негіздемесі ретінде деректері сипаттама ретінде қолданады.

2.3.2.4.3 Мұзды топтар мұзды күш – салматың сипаттамалы көлемі бойынша анықталуы мүмкін, белгіленген жердегі мұздың бақылау коллекторында орташа болжалданған қайтару кезеңі 50 жылды құрайды. Берілген бақылау коллекторы 30 мм диаметрлі цилиндр болып табылады және ұзындығы 0,5м кем емес, жердің бетінен 10 м биіктікте орналасқан және өзінің білігі бойынша төңірегінде ақырын айналады.

Мұзды топтарды осылай анықтауға болады:

- метеорологиялық және/немесе мұздану үлгісін пайдаланумен бірге топографиялық деректер бойынша, немесе
- Алаңда өлшенген, құрылымның метр ұзындығына мұздың массасы (салмағы) бойынша.

Бұл егерде орналастыруда, жоғарыда көрсетілген деректер жинағының біреуі болатынын білдірсе, онда белгілі алаң үшін дұрыс мұзды топты анықтауға болады.

Мұзды топтар көктайғақ үшін де анықталады, және боз қырау үшін, өйткені олардың сипаттамалары бір-бірінен ерекшеленеді. ICG Тобы көктайғақтық қабаттануларға арналған, ал ICR – боз қыраулы қабаттанулар үшін арналған.

ICG Топтары (көктайғақ) мұзды бақылау коллекторындағы мұздың анықталған қалыңдығы болып анықталады. 2.15 Кестеде әрбір (ICG) көктайғақтық топтары үшін мұздың қалыңдық және салмақ мағыналары көрсетілген. 2.35 суретте ықтимал мұздану үлгілері келтірілген.

2.15 Кесте – Көктайғақтың мұзды топтары (ICG)(плотность льда = 900 кг/м³)

Мұзды топ (IC)	Мұздың жалпақтығы, t мм	Көктайғақ салмағы, m, кг/м			
		Цилиндрдің диаметрі, мм			
		10	30	100	300
G1	10	0,6	1,1	3,1	8,8
G2	20	1,7	2,8	6,8	18,1
G3	30	3,4	5,1	11,0	28,0
G4	40	5,7	7,9	15,8	38,5
G5	50	8,5	11,3	21,2	49,5
G6	Экстремалдық мұздану жағдайында қолданылу керек.				

2.3.2.4.4 [C.3(1)] Торлы мұнаралар мен діңгектердегі көктайғақтың салмағын анықтау кезінде, барлық құрылыстық элементтер, сатылардың бөлшектеріі, қосымша құрылғыларды және т.б. мұздың түгел бетінің барлығы мұздың бірдей жалпақтығымен жабылуын рұқсат етеді. (2.35 Суретті қар.).

Мұздың көрсетілген және қалыңдығы көлбеу элементтерге де нақты солай. Қалыңдығы желіс осының ұзындығына перпендикулярлы өлшенеді және әрдайым желіс / құрылымның шеңберінің барлық бағытында бірдей болып табылады.

2.3.2.4.5. Мұзды салмақтың тығыздығына көбейту арқылы, мұздың салмағы жинақталған мұздың көлденең кесігінің ауданы болып есептеледі (мұздың ішіндегі объектінің көлденең кесігінің ауданының шамасынан тыс).

Мұздың салмағы формула бойынша есептеледі:

$$m = \pi \cdot \gamma \cdot t \cdot (d + t) \cdot 10^{-6}, \quad (2.93)$$


бұл m – көктайғақтық мұзданудың салмағы, кг/м;

t – көктайғақтық мұзданудың қалыңдығы, мм;

d –цилиндрдің диаметрі, мм;

γ – көктайғақтық мұзданудың тығыздығы, кг/м³.

Мұздың тығыздығы $\gamma = 900$ кг/м³.



2.35 Сурет – Құрылыстық элементтердегі мұздың қалыңдығы

2.3.2.5 Көктайғақ кезіндегі жел жүктемесі

2.3.2.5.1 [C.4(1)] Көктайғақтың аудандарда пайда болуының желмен үйлесімі жиі мұнаралар мен діңгектердің жобалауының нәтижесіне ықпал жасайды. Жеке элементтерде

мұздың қабаттануымен болған, ұлғайтылған аэродинамикалық қарсылық сындарлы жүктеменің қалыптасуына әкелу мүмкін, егер желдің жылдамдығы максималды сипаттамалы мағынадан кем болғанның өзінде де.

2.3.2.5.2 [С.4(2)] Мұздалған мұнараның және дінгектің аэродинамикалық қарсылығы, 2.3.1.4 Тармақшада көрсетілген, негізгі әдісін қолдану арқылы есептелуі мүмкін, көктайғақтың қабатының қалыңдығынан болған элементтердің қалыңдығының ұлғаюын есептеу арқылы. Егер элементтер арасындағы саңылаулар кішкентай болса, (мәселен, 75 мм – ден кем), онда мұзбен толтырыуға рұқсат етіледі.

Аэродинамикалық қарсылықты анықтау боз қырау кезінде анағұрлым күрделірек, және дінгектердің немесе дінгектердің шектерінің толық мұздану жағдайларына ерекше көңіл аудару керек. Осы жағдайлар үшін нұсқау ISO 12494 көрсетілген.

2.3.2.5.3. ISO 12494 Ережесіне сәйкес, мұздалған жағдайдағы құрылым C_i мен жеке элементтер үшін жел жүктемесін есептеу үшін, мұздалған құрылымның қарсылық коэффициенттерінің мағынасы қажет. Көптеген жағдайларда C_i мағынасы C_0 мұзсыз құрылымдар үшін қарсылық коэффициенттерінен ерекшеленеді. Осы ретте C_i мағынасы C_0 мағынасымен белгілі деңгейде байланысуы мүмкін, бұлар, C_i мағынасын шығару үшін қолданылуы мүмкін.

Мұздалған элементтердің қарсылық коэффициенті кескін түріне, оның C_0 мағынасы, мұзды тобы, мұздың түрі, элементтің қалыңдығы және желдің мұздану осыне қатысты бағытына байланысты болады.

2.16 кестесінде әр түрлі мәндер мен барлық мұздық топтар үшін ұсынылған мәндер жазылған. Бұл модель ені мұзданусыз шамамен 0,3 м құрайтын элементтерге қолданылады. Кестеде түрлі C_0 мағыналары үшін және барлық ICG мұзды тобы үшін ұсынылған C_i мағыналары бар. Берілген үлгі шамалап 0,3 м құрайтын мұздалумаған қалыңдығын құрайтын элементтерге қолданылуы мүмкін. Үлкен біртұтас объекттер мұзданудан кемірек тәуелді болады.

2.16 Кесте –желідегі көктайғақ үшін C_i Коэффициенті

Мұзды топ (IC)	Мұздың қалыңдығы t мм	Желідегі көктайғақ үшін C_i Коэффициенті						
		Мұзданусыз қарсылық коэффициенті, C_0						
		0,50	0,75	1,00	1,25	1,50	1,75	2,00
G1	10	0,68	0,88	1,08	1,28	1,48	1,68	1,88
G2	20	0,86	1,01	1,16	1,31	1,46	1,61	1,76
G3	30	1,04	1,14	1,24	1,34	1,44	1,54	1,64
G4	40	1,22	1,27	1,32	1,37	1,42	1,47	1,52
G5	50	1,40	1,40	1,40	1,40	1,40	1,40	1,40
G6	Экстремалдық мұздану жағдайында қолданылу керек.							


2.3.2.5.4 Қарсылық коэффициенттері элементтің (мұздалған) қалыңдығы мен элементтің бойлық перпендикулярлы осыне, желдің бағыты үшін беріледі.

Элементтің бойлық осы бар болатын желдің бағыты мен жазықтығының арасындағы бұрыш, 90° ерекшеленеді, желдің $F_w(\theta)$ күш-салмағы төмендеуі мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ F_w – бұл элементке перпендикулярлы әсер ететін жел жүктемесі. Егер элемент желдің бағыты бойынша көлбеу бұрышының астында болса, жел жүктемесі берілген элементке өзгереді. Суретте түрлі, әдетте қолданылатын компоненттері көрсетілген:

$$F_w(\theta) = F_w(90^\circ) \cdot \sin^2 \theta$$

бұл θ – желдің жазықтық бағытында және элементтің бойлық осында өлшенген құлау бұрышы. $F_w(\theta)$ объектінің бойлық осыне перпендикулярлы әсер етеді.



Шартты белгілер: 1 – желдің бағыты

2.36 Сурет – Көлбеу элементіне әсер ететін күштер

2.3.2.5.5 Көктайғақ пен желдің үйлесімі кезінде желдің сипаттамалық қысымы уақыт кезеңдерінде, түрлі жағдайдағы желдің сипаттамалық қысымы көктайғақтың пайда болу мүмкіншіліктерінен азырақ болғанда. 2.3.1.1.11 Тармақшада көрсетілген, желдің сипаттамалық қысымын k коэффициентіне көбейткенде, еске алу қажет. k коэффициенттері 2.17 – Кестеде берілген және көктайғақтың тобына тәуелді болады.

k коэффициенті желдің қысымын, 50 жылдық қайталау кезеңімен қиын мұздану жағдайларындағы желдің жүктеменің бір уақытты әсер ету қысқартылған мүмкіншілігінің себебінен төмендету үшін пайдаланылуы керек. [С.4(3)].

2.17 Кесте – желден болған жүктемесі төмендету коэффициенті

ICG	G1	G2	G3	G4	G5
k	0,40	0,45	0,50	0,55	0,60

2.3.2.6 Мұзданудан болған асимметриялық жүктеме

Діңгектің асимметриялық мұздануын көктайғақтың діңгек тіреуіне қабаттануы кезінде ескері керек және барлық созулардың бәрін мыналарды қоспағанда:

- созулар немесе бір жоғарғы қатардағы созулар;
- созулар немесе екі жоғарғы қатардағы созулар.

2.3.2.7 Көктайғақ пен желдің үйлесуі

2.3.2.7.1 [С.4.6(1)] Көктайғақ пен желдің үйлесуін симметриялы тәрізді симметриялы емес мұздануда да ескеру қажет. Жүктеменің мағыналарын есептеуін анықтау үшін келесі үйлесімдерді қолданған жөн:

- мұздың басымдылығы және ілеспе жел:

$$\gamma_G \cdot G_k + \gamma_{ice} \cdot Q_{k,ice} + \gamma_w \cdot k \cdot \psi_w \cdot Q_{k,w} \quad (2.94)$$

– желдің басымдылығы және ілеспе көктайғақ:

$$\gamma_G \cdot G_k + \gamma_w \cdot k \cdot Q_{k,w} + \gamma_{ice} \cdot \psi_{ice} \cdot Q_{k,ice}, \quad (2.95)$$

бұл k коэффициенті 2.17.- Кестеде берілген.

Келесі коэффициенттер үйлесімін пайдалану ұсынылады:

$$\psi_w (\text{ветер}) = 0,5$$

$$\psi_{ice} (\text{лед}) = 0,5$$

2.3.2.7.2 [С.4.6(2)] γ_{ice} көктайғақ күш-салмағы және γ_w желдің жүктеменің, γ_G жалпы салмақ үшін жеке коэффициенттері, 2.2. - Кестеден қара

2.3.2.8 Ауыспалы кезеңнің есептеу әдістемесі

2.3.2.8.1 Ауыспалы кезеңде төменде көрсетілген әдістемені пайдалану керек.

Көктайғақтық жүктемелерді көктайғақ қабырғаларының қалыңдығы бойынша Қазақстан Республикасының аумағының аудандық картасы бойынша, қазіргі уақытта әрекет ететін (2.37 және 2.38 - Суреттерді қар.), қабылданатын көктайғақты аудандарға байланысты анықтау қажет.

ЕСКЕРТПЕ Алдағы уақытта, қосымша ақпарат негізінде, жаңа картамен үйлестірілген, жаңа карта және есептеу әдістемесі жасалады.

2.3.2.8.2 Көктайғақтық жүктемелерді электр қуатын беру мен байланыстардың әуе линияларын, антенна – дінгектік құрылымдарды, түтіндік құбырлар мен осындай құрылымдарды жобалау кезінде ескеру қажет.

2.3.2.8.3 70 мм диаметрінің шеңберлі кесігінің элементтері үшін сызықтық көктайғақтың жүктеменің i , Н/м сипаттамалық мағынасын Формула бойынша анықтау қажет:

$$i = \pi \cdot b \cdot k \cdot \mu_1 \cdot (d + b \cdot k \cdot \mu_1) \cdot \rho \cdot g \cdot 10^{-3} \quad (2.96)$$

Көктайғақтың үстінгі жүктеменің i' , Па басқа элементтері үшін сипаттамалық мағынасын формула бойынша анықтау қажет:

$$i' = b \cdot k \cdot \mu_2 \cdot \rho \cdot g, \quad (2.97)$$

бұл b – 2.18 – Кесте бойынша қабылданатын, жердің үстіндегі 10 м биіктігінде орналасқан 10мм диаметрлі шеңберлі кесіктің элементтеріндегі көктайғақтың қабырғасының қалыңдығы, мм (5 жылда бір рет ұлғайтылады), ал 200 м – ден астам биіктіктерде – 2.19 – Кесте бойынша. Басқа қайталану кезеңдерінде көктайғақтың қабырғасының қалыңдығын орғатылған тәртіпте бекітілген арнайы техникалық жағдайларға байланысты қабылдау қажет;

k – 2.20 – Кесте бойынша қабылданатын және биіктігі бойынша көктайғақ қабырғасының қалыңдығының өзгерісін ескеретін коэффициенті;

d – сымның, сым арқанның және арқанның диаметрі, мм;

μ_1 – 2.21 – Кесте бойынша анықталатын және шеңберлі кесіктің элементтерінің диаметріне байланысты көктайғақ қабырғасының қалыңдығының өзгерісін ескеретін коэффициенті;

μ_2 – 0,6-ға тең қабылданатын және элемент бетінің толық ауданынына қарай мұздануға шалдыққыш, элемент бетінің ауданға қатысын ескеретін коэффициенті;

ρ – мұздың тығыздығы, $0,9 \text{ г/см}^3$ тең қабылданатын;

g – еркін құлауды жылдамдату, м/с^2 .

2.18 Кесте – Көктайғақ қабырғасының қалыңдығы

Көктайғақ аудандар	I	II	III	IV	V
Көктайғақ қабырғасының қалыңдығы b , мм	3 – тен кем емес	5	10	15	20 – дан кем емес
ЕСКЕРТУ Көктайғақ аудандар төменде көрсетілген карталар арқылы қабылданады (2.37 және 2.38 - Суреттер)					

2.19 Кесте – 200 м – ден астам биіктігі үшін көктайғақ қабырғасының қалыңдығы

Жердің үстіндегі биіктігі, м	b Көктайғақ қабырғасының қалыңдығы, мм түрлі аудандар үшін		
	I көктайғақ аудандар	V көктайғақ аудандар мен таулы мекендер	қалғандары
200	15	Арнайы зерттеу негізінде қабылданады	35
300	20	солай	45
400	25	солай	60

2.20 Кесте – Биіктік бойынша көктайғақ қалыңдығының өзгеру коэффициенті

Жердің үстіндегі биіктігі, м	5	10	20	30	50	70	100
«К» Коэффициенті	0,8	1,0	1,2	1,4	1,6	1,8	2,0

2.21 Кесте - Диаметрге қатысты көктайғақ қалыңдығының өзгеру коэффициентіне байланысты

Сым, сым арқаны немесе арқан диаметрі, мм	5	10	20	30	50	70
μ_1 Коэффициенті	1,1	1,0	0,9	0,8	0,7	0,6

1 ЕСКЕРТПЕ (2.18÷2.21 – Кестелерге қатысты) Төменде берілген карталарда белгіленген, V ауданда, таулы және аз зерттелген аудандарда, сонымен қатар, ойлы-қырлы жерлері көп мекендерде (таулар мен дөңдер шыңында, асуларда, биік үйінділерде, жабық таулы алқаптарда, шұңқырларда, терең шұңқырларда және т.б.) көктайғақ қабырғасының қалыңдығын берілген арнайы зерттеулер және бақылаулардың негізінде анықтау қажет.

2 ЕСКЕРТПЕ Мөлшерлердің аралық мағынасын ұзындық интерполяциясы арқылы анықтау қажет.

3 ЕСКЕРТПЕ Шеңберлі кесіктердің (сым арқандары, сымдар, арқандар) көтерілген көлденең элементтеріндегі көктайғақ қабырғасының қалыңдығын олардың келтірілген ауыртпалық орталығындағы биіктікте орналасуын қабылдауға болады.


4 ЕСКЕРТПЕ 2.19 – Кестеде берілген, көктайғақ қабырғасының қалыңдығын 70 мм дейінгі диаметрлі шеңберлі цилиндрлік формасының көлденең элементтеріндегі көктайғақ күш-салмағын анықтау үшін 10 % - ға дейін төмендету керек.

2.3.2.8.4 Көктайғақ жүктемесі үшін жүктемесі бойынша жеке коэффициенттің қауіпсіздігін 1,3 –ке тең қабылдау қажет, басқа нормативті құжаттарда айтылған жағдайлардан басқаларын қоспағанда.

2.3.2.8.5. Көктайғақпен жабылған элементтердегі желдің қысымын желдің жүктеменің нормативті (сипаттамалық) мағынасының 25 % тең қабылдау қажет.

1 ЕСКЕРТПЕ Желдің маңызды жылдамдығының көктайғақ – боз қыраулы қабаттарының үлкен көлемдерімен үйлесімі байқалатын, көктайғақ қабырғасының қалыңдығын және оның тығыздығын, сонымен қатар желдің қысымын жеке аудандарда нақты дректерге қатысты қабылдау керек.


2 ЕСКЕРТПЕ Жердің үстіндегі 100 м – ден астам биіктікте орналасқан, құрылыс элементеріндегі желдің жүктемелерін анықтау кезінде, 2.19 Кестеде көрсетілген, көктайғақ қабырғасының қалыңдығын есептеумен орнатылған, мұздалған сымдар мен арқандардың диаметрін 1,5 –ке тең коэффициентке көбейту керек.



2.37 Сурет – ҚР таулы мекенді территориясын көктайғақтың қабырғасының қалыңдығына қарай аудандастыру картасы

2.3.2.8.6 Көктайғақ кезіндегі ауаның температурасын құрылымның биіктігіне қармастан таулы аудандарда мына белгілермен қабылдау керек: 2000 м –ден астам– минус 15°C, 1000-нан 2000м-ге дейін – минус 10°C; басқа территориядағы құрылыстың биіктігі үшін 100 м – минус 5°C, 100 м – ден астам – минус 10°C.

ЕСКЕРТПЕ Аудандарда көктайғақ кезінде минус 15°C-дан төмен температура байқалса, нақты деректермен қабылдау қажет.



2.38 Сурет – ҚР таулы мекенді территориясын көктайғақтың қабырғасының қалыңдығына қарай аудандастыру картасы

2.3.3 [2.3.3] Температуралық әсер ету

Температуралық әсер ету ҚР ҚН EN 1991-1-5 сәйкес қоршаған ортаның температурасының негізінде анықталады.

2.3.4 [2.3.4] Өзіндік салмақ

2.3.4.1 Өзіндік салмақ ҚР ҚН EN 1991-1-1 сәйкес анықталады.

2.3.4.2 Созулардың өзіндік салмағы ҚР ҚН EN 1991-1-11 сәйкес анықталады. Созулар В группасының элементтеріне жатады, созылуға қатысты 3.5 Кесте бойынша жұмыс істейді.

ҚР ҚН EN 1991-1-11, 2.3.1 Тармақшасына сәйкес, созылыңқы элементтер мен оларға деген құрылғылардың өзіндік салмағының көлемінің сипаттамалы мағынасы көлденең кесіктің ауданы мен материалдың тығыздығын есептеу арқылы анықталу қажет, егер EN 12385 қатысты бөлімдерінде осындай деректер көрсетілген жағдайлардан басқалары болса.

Спиральды иірулі арқандар, толық жабық есу арқаны немесе дөңгелек сымнан

жасалған иірулі арқандар үшін номиналды өзіндік салмақ g_k келесі жолмен есептелуі мүмкін:

$$g_k = w \cdot A_m, \quad (2.98)$$

бұл A_m – арқанның металлды элементтерінің көлденең кесігінің ауданы, мм²;
 w – болаттың тығыздығын есептеудегі меншікті салмағы, коррозиядан қорғау жүйесін қосқанда (2.22 - Кестесі), Н/мм³.

2.22 Кесте – w меншікті салмағы және f толтыру коэффициенті

	f толтыру коэффициенті							w · 10 ⁻⁷ меншік ті салмағ ы, Н/мм ³
	баймана сымы + Z- тәрізді сымның бір қабаты	Баймана сымы + Z- тәрізді сымның екі қабатының	Баймана сымы + Z- тәрізді сымның екіден астам қабаты	Баймана сымның шеңберіндегі қабаттар саны				
				1	2	3-6	> 6	
спиральды иірулі арқандар	—	—	—	0,77	0,76	0,75	0,73	830
толығымен жабық есу арқандары	0,81	0,84	0,88	—	—	—	—	830
дөңгелек сымнан тұратын иірулі арқандар	—	—	—	0,56				930

A_m ауданы формула бойынша анықталуы мүмкін:

$$A_m = \frac{\pi \cdot d^2}{4} \cdot f, \quad (2.99)$$

бұл d – арқан мен иірілімнің сыртқы диаметрі, антикоррозиялық жабудың қайсыбір түрін қосқанда, мм;
 f – толтыру коэффициенті, 2.22 – Кестені қара.

2.3.5 [2.3.5] Созулардың бастапқы созылулары

Созулардың бастапқы (алдын-ала) созулары метеорологиялық ықпалдардың әсер етуінің жоқ кезіндегі созулардағы үздіксіз жұмыс істейтін күштер деп қарастыру қажет, ҚР ҚН EN 1993-1-11 қара.

Бастапқы созулардың созылуын реттеумен қамтамасыз ету қажет. Әйтпесе, жобалау кезінде бастапқы созылулардың барлық ықтимал диапазоны үшін келісті шекті қарастыру қажет, ҚР ҚН EN 1993-1-11 қара.

ҚР ҚН EN 1993-1-11, 2.3.5 - Тармақшасына сәйкес, созуларды алдын-ала созулар,

барлық үздіксіз ықпалдардан кейінгі құрылымның қажетті геометриялық кескінін және олардағы қажетті жүктеменің таратылуын қабылдайтын болуы керек.

Алдын-ала созулар мен олардың реттеулері үшін құрылымдар алдын-ала қарастырылуы керек, ал алдын-ала созулардың сипаттамалық мағынасы қарастырылатын шекті жағдайдағы қабылданған, қажетті геометриялық кескіндерге жету үшін қажетті болып дайындалуы керек.

2.3.6 Уақытша жүктемелер

2.3.6.1 [2.3.6(1)] Көлденеңге дейінгі 30° бұрышта орналасқан элементтер жұмыскердің салмағын көтере алатын жағдайда болып жобалану керек, ол бұл мақсаттарда шоғырланған 1 кН көлденең жүктеме ретінде қабылдана алады.

2.3.6.2 Алаңдар мен қоршаулардың уақытша жүктемелерін ескеру қажет.

Ұлттық қосымшада келесі уақытша жүктемелер қабылдану керек:

– алаңдарға уақытша күш - салмақтар – ұсынылатын көлемі $2,0 \text{ кН/м}^2$;

– шарбақ қоршауларының көлденең жүктемесі – $0,8 \text{ кН/м}$;

– алаңның жеке көлденең элементтері үшін (алаңның 15 м^2 –тан астам ауданында) есептеулерде қарлы жүктемелерді ескеру қажет. [2.3.6(2)].

ЕСКЕРТПЕ Бұл жүктемелер басқа климаттық жүктеменің жоғында іске асуы мүмкін.

2.3.7 Басқа әсер етулер

2.3.7.1 Кездейсоқ және екпінді әсер ету ҚР ҚН EN 1991-1-7 қара.

Белгілуіне, орналасу, эксплуатация пайдалану жағдайларының тірегіне байланысты, келесі ықпалдарды есептеуді орындау қажеттілігі туу мүмкін: сейсмикалық, апаттық (жарылыстық, екпінді), өрттен немесе жергілікті бас тарту салдарынан болған (ажыратылыс салдарынан соңсымның біржақты тартуы немесе антеннаны жіберу, созу арқанының ажыратылуы және т.б.)

Төменде ҚР ҚН EN 1991-3-1 Е қосымшамсында ұсынылған созулардың ажыратылу кезіндегі есептеу нұсқасы берілген.

2.3.7.2 [E.1] Созулардың ажыратылуы

2.3.7.2.1 Созулардың ажыратылуы апаттық ықпал етуін қалыптастырады. 2.1.2.5 - Тармақшадағы жеке коэффициенттерді қара.

Созулардың кенет ажыратылуынан болған, дінгектер мен созуларға динамикалық әсер етудің нақты есебі өте қиын, өйткені, дәл ажыратылудан кейінгі дінгектердің қылығына әсер ететін түрлі ықпалдардың кейбіреуі анық емес: мәселен, ажыратылу қылығы, дінгектер мен созулардың ауытқуларын, созулар мен дінгектердің тербелістерін және т.б. өшіру тәрізді. Осыған сәйкес, 2.3.7.2.2. Тармақшасында көрсетілген оңайлатылған есептеу үлгісін қабылдауға болады. Кертартпалық әдіс (қормен бірге) 2.3.7.2.3. Тармақшасында көрсетілген.

2.3.7.2.2 [E.2] Оңайлатылған есептеу жүйесі

Оңайлатылған созудың ажыратылуына болған діңгекті есептеу үлгісін қолданған кезде созулардың бекіткіш қабаттарының деңгейіндегі діңгектерге әсер ететін, динамикалық ықпалдардың статикалық күштерге эквивалентті болуы рұқсат етіледі, яғни, ажыратылу пайда болатыны ұйғарылады.


$F_{h,dyn,Sd}$ статикалық эквиваленттік күштерді есептеу кезінде, төменде суреттелгендер ұйғарылады:

- ажыратылу өзімен созудың жай ажыратылуын көрсетеді;
- 1 - созудың тиімді деформациялану энергиясы (2.39 – Суретті қар.) ажыратылу алдында ескерілмеген;

- ауытқуларды өшіру ескерілмеген;

- эквиваленттік күштерді есептеу кезіндегі жел жүктемесі ескерілмеген.

2 және 3- созулардың көрсетілген ауытқулары діңгекке $F_{h,Sd}$ күшімен әсер етеді. Бұл қатынас 2.40 – Суретте қисық 1 түрінде көрсетілген. Әлбетте, созулардың созуының әлсіреуіне байланысты болған $F_{h,Sd}$ ауытқудың ұлғаюынан азаяды.



2.39 Сурет – Созудың үзілуі

Қарастырылатын қабаттың созулар жинағынан басқа, діңгектік жүйе үшін сондай-ақ сыртқы көлденең күш пен орталық ауытқуының қатынасы көрсетілуі мүмкін. 2.40 суретінде бұл қатынас 2 қисықтың көмегімен көрсетілген. 1 және 2 қисықтарының қиылысу орнында екі күштер бірдей, яғни статикалық теңдік бар. Жалғауға әрекет ететін күш - $F_{h,stat,Sd}$.

Үзілу сәтінде энергия 2 және 3 созуларында шоғырланған. Діңгек ауытқи бастаған кезде, бұл энергия ішінара кинетикалық энергияға өзгереді.


Барынша көп ауытқу кезінде кинетикалық энергия нөлге тең, себебі 2 және 3 созуларымен жоғалтылған энергия діңгекке діңгек пен созуға берік деформацияды энергия түрінде берілген. Ауытқулардың өшуі ескерілмеген.

2 және 3 созуларымен жоғалтылған энергия 2.10 суретінде 1 қисықтағы A2 учаскесіне тең деуге болады.

Нәтижесінде A1 және A2 екі учаскесі бірдей болатын ауытқуды u_{dyn} динамикалық ауытқу ретінде қабылдау қажет.

$F_{h,dyn,Sd}$ динамикалық күш бұл динамикалық ауытқуға сәйкес келеді. Динамикалық әсер ету коэффициентін Φ келесідей анықтауға болады:

$$\Phi = \frac{F_{h,dyn,Sd}}{F_{h,stat,Sd}} \quad (2.98)$$



1 – Қисық 1: 2 және 3 созулары;

2 – Қисық 2: , 2 және 3 созуларын есептемегенде дінгек

2.40 Сурет – «Күш-ауытқу» графигі

Созудың мүмкін үзілуінен кейін бірден дінгекті есептеудің жоғарыда көрсетілген әдісі үш бағытта бекітілген дінгектерге қатысты қолданылады. Төрт (немесе артық) бағыттарда бекітілген дінгектерге қатысты сол қағидаларға негізделген ұқсас әдіс қолданылады.

Жобалаушылардың, тапсырыс берушінің және құзыретті органдардың келісуімен үзілу кезінде туындайтын, жоғарыда көрсетілген динамикалық күш климаттық жүктеулермен құрастырылмауы тиіс.

2.3.7.2.3 [Е.3] Консервативті әдіс (артықпен есептеу)

Арқанның үзілуімен туындаған мұнараның дінгегі мен созуларындағы динамикалық күштер артығымен есептелуі мүмкін, бұл үшін келесі статикалық есеп қолданылады.

Үзілу алдында созуда әрекет ететін созудың көлденең құраушы күшін бұзылған созусыз дінгекке әсер ететін қосымша күш ретінде пайдалану қажет.

ЕСКЕРТПЕ Өзге климаттық жүктеулер болмаған жағдайда ол бастапқы созылуға сәйкес келеді.

Егер дінгекте екі белдеулі бекіту болса немесе жоғарғы тартқыштың үзілуін қарастырған жағдайда тартқыштың нәтижелік күшін 1,3 коэффициентін пайдалана отырып ұлғайтқан жөн.

2.3.7.2.4 [Е.4] Тартқыш үзілгеннен кейінгі талдау

2.3.7.2.2 және 2.3.7.2.3 тармақшаларда келтірілген әдістерге қосымша ретінде тартқыш үзілгеннен кейін дінгек бірден уақытша тартқыш орнатылғанша қысқа уақыт мерзімінде желді жүктемелерге төтеп беруі тиіс.

Өзге талаптар келтірілмесе, бұзылуы жоқ тартқышы бар дінгек статикалық жүктеме сияқты әрекет ететін төмендетілген желді жүктемеге және желдің патч-жүктемесінсіз төтеп бере алуы тиіс. Төмендетілген желді жүктеме желдің ең қолайсыз бағыты кезінде әрекет ететін орташа желді жүктеменің 50% тең болып қабылданады.

2.3.7.3 Құрылыс жұмыстарын жасау және жүргізу кезінде әсер ету конструктивті сызба есепке алына отырып қаралуы тиіс. Әсер етудің тиісті комбинациялары мен кеміту коэффициенттерін ҚР ҚН EN 1991-1-6 қар.

ЕСКЕРТПЕ Ауыспалы жобалық шарттар үшін шектеулі уақыт қаралуы мүмкін.

2.3.7.4 Қажет болып табылса, іргетастың шөгуін бағалауды жүргізу қажет. Бөренелі негіздегі торлы мұнараларды, сондай-ақ дінгек және тартқыштардың іргетасының әркелкі шөгуін ерекше қаралуы талап етілуі мүмкін.

2.3.7.5 Қауіпсіздікті бағалау үшін жабдықтарды бекіту және анкерлеу нәтижесіндегі әсер етуді EN 795 сәйкес анықтауға болады. Егер ұсынылған қауіпсіз жұмыс тәсілі жұмысты позициялау жүйесін немесе жоғарыдан құлаудан қорғаудың мобильді жүйесін қолдануды талап етсе, олардың бекіту нүктелері сәйкес болуы тиіс, EN 365 қар.

Әр жобада жабдықтардың монтажи және жұмысы кезіндегі жүктемелерді жеке-жеке есепке алу қажет.

2.3.8 [2.3.8] Әсер етулерді бөлу

Желдіні қосқанда жүктемелерді элементтің ұзындығы бойынша немесе өзге де бекітілген элементтердің тұрақты жүктемесін қаса есептей отырып, құралымның өз салмағын есепке алған жөн.

2.4 [2.4] Сынаулы шекті жағдайда тексеру

2.4.1 Әсер етудің есепті мәнінің және әсер ету комбинациясының коэффициенттері желдің әсер ету басымдылығын есепке ала отырып, ҚР ҚН EN 1990 ережелеріне сәйкес қабылдау қажет.

Сенімділік класына қарай әсер етудің жекелей коэффициенттері 2.2 кестеде келтірілген.

2.4.2 Өз салмағы және тартқыштардың бастапқы созылуы әсерінің жекелей коэффициенттері ҚР ҚН EN 1993-1-11 5-тарауында келтірілген талаптарға сәйкес болуы қажет.

Пайдалану кезіндегі тұрақты есепті жағдай үшін G өз салмағының тұрақты әсері

және Р алдын ала созу әсері құралымның тұрақты сыртқы геометриясына жауап беретін G +P тұрақты әсеріне біріктірілуі тиіс. Шекті жағдайды тексеру үшін G+P тұрақты әсерлері 2.2 кестеде келтірілген γ_G әсер етудің жекелей коэффициенттеріне көбейтілуі тиіс.

2.5 Сынақтармен кешенде жобалау

2.5.1 EN 1990 анықталған жалпы талаптарды, сондай-ақ осы көмекші құралдың 8 тарауында баяндалған ерекше талаптарды орындау қажет.

2.5.2 Жобалау сынақтармен қоса жүргізілетін жағдайлар ҚР ҚН EN 1990 5.2 қосымша бөлімде келтірілген.

Қосымша жағдайлар ретінде: нормативтік әдебиетте келтірілген имараттардан өзгеше нысандар, жел ағынының қолайсыз бағыттары немесе дененің басқа бағыттарға жалпы қарсылығын құраушылардың тиісті негізі кезін есепке алу және т.б. бола алады. [2.5].

2.6 Ұзақ уақытқа жарамдылық

2.6.1 Имараттардың және олардың құрамдас бөліктерінің ұзақ уақытқа жарамдылығын қамтамасыз ету үшін не оларды қоршаған ортаның әсері және егер бар болса, қажығандықты есепке ала отырып жобалаған (9 тарауды қар.), не оларды осы әсерлерден тиісті коррозияға қарсы қорғанышпен қорғаған (4 тарауды қар.) жөн.

2.6.2 Есепті пайдалану мерзімін технологиялық ұйым немесе тапсырыс беруші белгілейді. Мынадай пайдалану мерзімдері ұсынылады:

- қызмет мерзімі 50 жыл – ерекше маңызы бар имараттар және моральды ескіруі өте аз имараттар, сондай-ақ кешенді пайдалануға арналған имараттар;
- қызмет мерзімі 30 жыл – функционалды міндеттерді орындауға арналған ең көп таралған имараттардың түрі;
- қызмет мерзімі 10 жыл – уақытша және тасымалы имараттар [2.6].

3 МАТЕРИАЛДАР. МҰНАРАЛАР ЖӘНЕ ДІҢГЕКТЕР

3.1 Құралымлық болат

3.1.1 Жалпы ережелер

ҚР ҚН EN 1993-1-1 3.2.1 тармағына сәйкес есептеулерді орындау кезінде осы тарауда келтірілген материалдар қасиеттері параметрлерінің номиналды мәнін сипатталыу деп таныған жөн.

Көмекші құралдың осы тарауы 3.1. кестеде келтірілген маркаларға сәйкес болаттардан жасалған құралымдарды жобалауға арналған.

ЕСКЕРТПЕ Жергілікті материалдарды қолдану жағдайында бұл материалдарды қолдануға техникалық шартты сәулет және құрылыс істері бойынша мемлекеттік орган уәкілеттілік берген ұйымда алған жөн.

3.1 Кесте – Ыстықтай тегістелген құралымлық болаттың аққыштық шегі f_y және созылуға уақытша қарсылықтың f_u номиналды мәндері

Болат стандарты және маркасы	Элементтің номиналды қалыңдығы t , мм			
	$t \leq 40$		$40 < t \leq 80$	
	f_y , Н/мм ²	f_u , Н/мм ²	f_y , Н/мм ²	f_u , Н/мм ²
EN 10025-2				
S 235	235	360	215	360
S 275	275	430	255	410
S 355	355	510	335	470
S 450	440	550	410	550
EN 10025-3				
S 275 N/NL	275	390	255	370
S 355 N/NL	355	490	335	470
S 420 N/NL	420	520	390	520
S 460 N/NL	460	540	430	540
EN 10025-4				
S 275 M/ML	275	370	255	360
S 355 M/ML	355	470	335	450
S 420 M/ML	420	520	390	500
S 460 M/ML	460	540	430	530
EN 10025-5				
S 235 W	235	360	215	340
S 355 W	355	510	335	490
EN 10025-6				
S 460 Q/QL/QL1	460	570	440	550
EN 10210-1				
S 235 H	235	360	215	340
S 275 H	275	430	255	410
S 355 H	355	510	335	490
S 275 NH/NLH	275	390	255	370
S 355 NH/NLH	355	490	335	470
S 420 NH/NLH	420	540	390	520
S 460 NH/NLH	460	560	430	550
EN 10219-1				
S 235 H	235	360		
S 275 H	275	430		
S 355 H	355	510		
S 275 NH/NLH	275	370		
S 355 NH/NLH	355	470		
S 460 NH/NLH	460	550		
S 275 MH/MLH	275	360		
S 355 MH/MLH	355	470		
S 420 MH/MLH	420	500		
S 460 MH/MLH	460	530		

1 ЕСКЕРТПЕ EN 10025 стандарты құралымлық қуыс профильдер мен құбырлардан басқа ыстықтай тегістелген құралымлық болаттан жасалған жазық және ұзын өнімге техникалық шарттарды анықтайды.

2 ЕСКЕРТПЕ EN 10210-1 стандарты ыстық пішіндеу, дөңгелеу, шаршылық және тіктөртбұрыштық қима әдісімен жасалған қуыс құралымлық профильдерге техникалық шарттарды белгілейді және одан кейінгі термоөңдеу немесе онсыз ыстық пішіндеу әдісімен жасалған қуыс профильдерге, сондай-ақ суық пішіндеу әдісімен жасалған, одан кейін ыстық пішіндеу әдісімен жасалған бұйымдардың қасиеттеріне тең металлургиялық қасиеттернді қамтамасыз ету үшін термоөңдеуден өткен қуыс профильдерге таралады.

3 ЕСКЕРТПЕ EN 10219-1 стандарты суық пішіндеу, дөңгелек, шаршылық және тіктөртбұрыштық қима әдісімен жасалған қуыс пісірілген құралымлық профильдерге техникалық шарттарды белгілейді және одан кейінгі термоөңдеусіз суық пішіндеу әдісімен жасалған қуыс профильдерге таралады.

4 ЕСКЕРТПЕ 3.1 кестеде келтірілген болатты белгілеулер:

- 1) құралымлық болатты білдіретін S символынан;
- 2) берілген ең төменгі аққыштық шегінен МПа (Н/мм²);
- 3) қыздырумен қалыпқа келтіру немесе қалыпқа келтіруші тегістеуден кейінгі жағдайдағы болатты белгілеу үшін N символынан;
- 4) термомеханикалық өңдеуден кейінгі жағдайдағы болатты белгілеу үшін M символынан;
- 5) соққылық беріктіктің -50° төмен емес температурада белгіленген мәнімен болат сапасын белгілеу үшін L символынан, L символы болмаған кезде -20° төмен емес температурада;
- 6) тұйық (қуыс) профильді белгілеу үшін H символынан;
- 7) атмосфералық коррозияға шыдамдылықты белгілеу үшін W символынан;
- 8) қайтарылғаннан кейінгі ширатылған болатты белгілеу үшін Q символынан құралады.

3.1.2 Материалдардың қасиеттері

f_y аққыштық шегінің және f_u уақытша қарсылықтың номиналды мәні құралымлық болат үшін:

- а) не $f_y = R_{ch}$ и $f_u = R_m$ илемге тікелей стандарт бойынша;
- б) немесе 3.1 кесте бойынша тең болып қабылданады [3.2.1 ҚР ҚН EN 1993-1-1].

3.1.3 Иілгіштікке талаптар

Болаттардың ең төмен иілгіштігі мына шамалардың шекті мәндерімен сипатталуы тиіс:

- f_u/f_y – f_u уақытша қарсылықтың ең төмен мәнінің f_y аққыштық шегінің ең төмен мәніне қатынасы;
- үлгіні $5,65 \sqrt{A_0}$ ұзындығымен үзуден кейінгі салыстырмалы ұзарту (мұндағы A_0 – көлденең қиманың бастапқы ауданы);
- f_u уақытша қарсылыққа сәйкес ε_u шекті деформация.

ЕСКЕРТПЕ f_u/f_y қатынасының, ұзу кезіндегі салыстырмалы ұзарту және ε_u шекті деформацияның мынадай шекті мәндерін қабылдау ұсынылады:

- $f_u/f_y > 1,10$;
- үзуден кейінгі салыстырмалы ұзарту 15 % кем емес;
- $\varepsilon_u > 15\varepsilon_y$, мұндағы ε_y – серпінді деформация ($\varepsilon_y = f_y/E$).

3.1 кестеде келтірілген болат маркаларының біріне сәйкес болат осы талаптарды қанағаттандыруы тиіс.

3.1.4 Морт бұзылу

Имараттың есептік қызмет мерзімінің шегінде ең төмен температурадағы пайдалану кезінде созылмалы элементтердің морт бұзылуын болдырмау үшін материал жеткілікті соққылық тұтқырлыққа ие болуы тиіс.

ҚР ҚН EN 1993-1-10 келтірілген шарттар ең төмен температурада орындалса, онда элементті морт бұзылу есебімен беріктікке тексерудің қажеті жоқ.

Қысуға жұмыс істейтін элементтер үшін болаттың соққылық тұтқырлығының ең төменгі мәні белгіленуі тиіс. $\sigma_{Ed} = 0,25f_y(t)$ үшін 3.2 кестені пайдалану ұсынылады.

3.2 Кесте – Элемент қалыңдығының барынша мүмкін мәндері t, мм.

Болат классы	Болаттың төменгі классы	Шарпи бойынша жұмыс (KV)	Есептік температура T _{Ed} , °C															
			σ _{Ed} = 0,75 f _y (t)								σ _{Ed} = 0,50 f _y (t)							
			T, J _{min} °C								σ _{Ed} = 0,25 f _y (t)							
			10	0	-10	-20	-30	40	50	-	10	0	-10	-20	-30	-40	-50	-50
S235	JR	20	60	50	40	35	30	25	20	90	75	65	55	45	40	35	135	115
	J0	0	90	75	60	50	40	35	30	125	105	90	75	65	55	45	175	155
	J2	-20	125	105	90	75	60	50	40	170	145	125	105	90	75	65	200	200
	JR	20	55	45	35	30	25	20	15	80	70	55	50	40	35	30	125	110
S275	J0	0	75	65	55	45	35	30	25	115	95	80	70	55	50	40	165	145
	J2	-20	110	95	75	65	55	45	35	155	130	115	95	80	70	55	200	190
	M,N	-20	135	110	95	75	65	55	45	180	155	130	115	95	80	70	200	200
	ML,NL	-50	185	160	135	110	95	75	65	200	200	180	155	130	115	95	230	200
S355	JR	20	40	35	25	20	15	10	5	65	55	45	40	30	25	20	110	95
	J0	0	60	50	40	35	25	20	15	95	80	65	55	45	40	30	150	130
	J2	-20	90	75	60	50	40	35	25	135	110	95	80	65	55	45	200	175
	K2,M,N	-20	110	90	75	60	50	40	35	155	135	110	95	80	65	55	200	200
S420	ML,NL	-50	155	130	110	90	75	60	50	200	180	155	135	110	95	80	210	200
	M,N	-20	95	80	65	55	45	35	30	140	120	100	85	70	60	50	200	185
	ML,NL	-50	135	115	95	80	65	55	45	190	165	140	120	100	85	70	200	200
	Q	-20	70	60	50	40	30	25	20	110	95	75	65	55	45	35	175	155
S460	M,N	-20	90	70	60	50	40	30	25	130	110	95	75	65	55	45	200	175
	QL	-40	105	90	70	60	50	40	30	155	130	110	95	75	65	55	200	200

3.2 Кесте – Элемент қалыңдығының барынша мүмкін мәндері t, мм (жалғасы)

Болат классы	Болаттың төменгі классы	Шарпи бойынша жұмыс (KV)	Есептік температура T_{Ed} , °C															
			$\sigma_{Ed} = 0,75 f_y(t)$								$\sigma_{Ed} = 0,50 f_y(t)$							
			T, J_{min} °C								$\sigma_{Ed} = 0,25 f_y(t)$							
			10	0	-10	-20	-30	40	50	-	10	0	-10	-20	-30	-40	-50	-50
S690	ML, NL	27	105	90	70	60	50	40	180	155	130	110	95	75	65	200	200	115
	QL 1	30	125	105	90	70	60	50	200	180	155	130	110	95	75	215	200	130
	Q	40	30	25	20	15	10	10	65	55	45	35	30	20	20	120	100	45
	Q	30	40	30	25	20	15	10	80	65	55	45	35	30	20	140	120	50
	QL	40	50	40	30	25	20	15	95	80	65	55	45	35	30	165	140	60
	QL	30	60	50	40	30	25	20	115	95	80	65	55	45	35	190	165	75
	QL	40	75	60	50	40	30	25	135	115	95	80	65	55	45	200	190	85
	QL	30	90	75	60	50	40	30	160	135	115	95	80	65	55	200	200	100
1 ЕСКЕРТПЕ 3.2 кестені қолдану кезінде сызықтық интерполяцияны пайдалануға болады. Көп жағдайда $\sigma_{Ed} = 0,75 f_y(t)$ және $\sigma_{Ed} = 0,50 f_y(t)$ арасындағы аралық мәндері қолданылады. $\sigma_{Ed} = 0,25 f_y(t)$ интерполяция мақсатында беріледі. Аса экстремалды мәндердің экstrapоляцияларын пайдалуға болмайды.																		
2 ЕСКЕРТПЕ S690 болаттарынан жасалған бұйымдар сортаменттері үшін T_{KV} сынақ температурасын қабылдау қажет.																		
3 ЕСКЕРТПЕ 3.2 кестеде бұйым илемі бағытында жасалған Шарпи (KV) бойынша үгілдердің соққылық иілісіне сынақтар кезінде алынған кешілдендірілген мәндер келтірілген.																		

3.2 кестеде аққыштық шегі шамасының бөлігі ретінде сипатталған кернеудің үш деңгейі үшін барынша жарамды мәндер келтірілген:

$$\begin{aligned} \text{a) } \sigma_{Ed} &= 0,75f_y(t), \text{ Н/мм}^2; \\ \text{b) } \sigma_{Ed} &= 0,50f_y(t), \text{ Н/мм}^2; \\ \text{c) } \sigma_{Ed} &= 0,25f_y(t), \text{ Н/мм}^2, \end{aligned} \quad (3.1)$$

мұндағы $f_y(t)$

$$f_y(t) = f_{y,nom} - 0,25 \frac{t}{t_0}, \text{ Н/мм}^2 \text{ формуласы бойынша анықталады,}$$

мұндағы t – беттің қалыңдығы, мм;

$t_0 = 1$ мм,

немесе болаттың тиісті стандарттарымен белгіленген R_{eH} -шамасына тең болып қабылдануы мүмкін.

Кестелік мәндер жеті есептік температура үшін келтірілген: 10°C, 0°C, минус 10°C, минус 20°C, минус 30°C, минус 40°C и минус 50°C [3.2.3 ҚР ҚН EN 1993-1-1].

Мырыш жабыны бар элементтер үшін болат таңдаған кезде EN 1461 қар.

3.1.5 Илем қалыңдығы бағытындағы болат қасиеттері

ҚР ҚН EN 1993-1-1 3.2.4 тармағына сәйкес егер ҚР ҚН EN 1993-1-10 бойынша илем қалыңдығы бағытындағы қасиеттерні жақсартылған болат пайдалану қажет болса, EN 10164 бойынша сапа классының талаптарына сәйкес болатты пайдаланған жөн.

1 ЕСКЕРТПЕ Илем қалыңдығы бағытындағы қасиеттерді таңдау бойынша нұсқаулар ҚР ҚН EN 1993-1-10 келтірілген.

2 ЕСКЕРТПЕ Белдеулер түйісуіндегі қалыңдық бағытындағы созылуға жұмыс істейтін ернемекті қосылыстардың беттеріне баса назар аудару қажет.

3 ЕСКЕРТПЕ Егер Z_{Ed} мәндері ҚР ҚН EN 1993-1-10 сәйкес анықталса, онда болат сапасының қажетті классын EN 10164 сәйкес 3.3. кесте бойынша анықтаған дұрыс.

3.3 Кесте – EN 10164 сәйкес сапа классын таңдау

ҚР ҚН EN 1993-1-10 бойынша Z_{Ed} берілген мәні	EN 10164 бойынша Z есептік шамасы арқылы сипатталған Z_{Rd} қажетті мәні
$Z_{Ed} \leq 10$	—
$10 < Z_{Ed} \leq 20$	Z 15
$20 < Z_{Ed} \leq 30$	Z 25
$Z_{Ed} > 30$	Z 35

3.1.6 Рұқсаттар

Илемдік профильдер, тұйық қима профильдері және беттік илемнің салмағы және мөлшері бойынша рұқсаттар егер одан гөрі қатаң рұқсаттар белгіленбеген болса, ETAG немесе ETA өнім стандарттарына сәйкес болуы тиіс.

Пісірілетін элементтер үшін рұқсаттар EN 1090 келтірілген.

Құралымдардың есептеулерін орындау кезінде мөлшерлердің номиналды мәндерін пайдаланған жөн [3.2.5 ҚР ҚН EN 1993-1-1].

3.1.7 Материалдардың физикалық сипаттамаларының есептік мәндері

3.1.7.1 Көмекші құралдың бұл бөлімінде келтірілген құралымлық болаттар үшін есептеулерде материалдардың физикалық сипаттамаларының мына мәндерін қабылдаған дұрыс:

- серпімділік модулі $E = 210000 \text{ Н / мм}^2$;
- ығысу модулі $G = \frac{E}{2 \cdot (1 + \nu)} \approx 81000 \text{ Н / мм}^2$;
- серпімді сатыдағы Пуассон коэффициенті $\nu = 0,3$;
- сызықтық термиялық кеңею коэффициенті $\alpha = 12 \cdot 10^{-6} \text{ К}^{-1}$ ($T < 100^\circ\text{C}$ кезінде) [3.2.6 ҚР ҚН EN 1993-1-1].

3.1.7.2 Суық пішінделген элементтер үшін құралымлық болаттар және олардың сипаттамаларына талаптарды ҚР ҚН EN 1993-1-3 қар.

3.2 Қосылыстар

3.2.1 Бұрандамалар, бұрамалар және тығырықтар

3.2.1.1 Жалпы ережелер

Мұнаралар мен діңгектер үшін қолданылатын бұрандама, бұрама және тығырықтарға сипаттамалар мен талаптар ҚР ҚН EN 1993-1-8 нұсқауларына сәйкес қабылданады.

Бұрандамалар, бұрамалар және тығырықтар 4 және 7 топтардың сілтеме стандарттарында келтірілген талаптарға сәйкес келуі тиіс (ҚР ҚН EN 1993-1-8 1.2.4 және 1.2.7 тармақтарын қар.).

Осы көмекші құралда келтірілген ережелер 3.4 кестеде келтірілген бұрандамалардың беріктік класттары үшін дұрыс.

f_{yb} аққыштық шегінің және f_{ub} созылуға уақытша қарсылықтың мәндері 4.6, 4.8, 5.6, 5.8, 6.8, 8.8 және 10.9 беріктік классының болттары үшін 3.4 кестеде келтірілген. Бұл мәндерді есептеулерді жүргізу кезінде сипаттамалық мәндер ретінде қабылдаған жөн [3.1.1 ҚР ҚН EN 1993-1-8].

3.4 Кесте – Бұрандамалардың f_{yb} аққыштық шегі және f_{ub} созылуға уақытша қарсылықтың номиналды мәндері

Беріктік классы	4.6	4.8	5.6	5.8	6.8	8.8	10.9
$f_{yb}, \text{ Н/мм}^2$	240	320	300	400	480	640	900
$f_{ub}, \text{ Н/мм}^2$	400	400	500	500	600	800	1000

3.2.1.2 Бақыланатын (алдын ала) керілуі бар бұрандамалар

Бақыланатын керілуі бар бұрандамалар ретінде құралымдарды жасау кезіндегі талаптарды қоса алғанда бақыланатын керілуі бар беріктігі жоғары бұрандамаларға арналған стандарттар талаптарына сәйкес келетін тек 8.8 және 10.9 беріктік класстарының бұрандамалары ғана пайдаланыла алады. [3.1.2 ҚР ҚН EN 1993-1-8].

3.2.1.3 Іргетастық бұрандамалар

Іргетастық бұрандамалар үшін мына материалдар пайдаланылуы мүмкін:

- 1 топтың сілтемелік стандарттары бойынша болат маркалары (ҚР ҚН EN 1993-1-8 1.2.1 тармағын қар.);
- 3.2.1.1. тармақшасында көрсетілген стандарттар бойынша болат маркалары;
- аққыштық шегінің номиналды мәні іргетастық бұрандамалардың қиылу жұмысы кезінде 640 Н/мм^2 және қалған жағдайларда 900 Н/мм^2 аспаған жағдайда EN 10080 бойынша арматуралық өзектердің арттырылған беріктігі үшін қолданылатын болат маркалары [3.3 ҚР ҚН EN 1993-1-8].

3.2.2 Дәнекерлерге арналған материалдары

3.2.2.1 Жалпы ережелер

Осы тарауда келтірілген ережелер ҚР ҚН EN 1993-1-1 сәйкес дәнекерленетін құралымлық болаттарға және қалыңдығы 4 мм және одан артық материалдарға қолданылады. Ережелер сонымен қатар тігіс металының механикалық қасиеттері негізгі металдың қасиеттерімен үйлескен қосылыстарға да таралады, 3.2.2.2 тармақшаны қар.

Қалыңдығы одан кем элементтердің дәнекерлік қосылыстары бойынша нұсқаулар ҚР ҚН EN 1993-1-3 келтірілген. Қабырғасының қалыңдығы 2,5 мм және одан артық тұйық профильдерді пісіру кезінде ҚР ҚН EN 1993-1-8 7-тарауының нұсқаулықтарын басшылыққа алған жөн.

Қажу жүктемесіне шалдыққан пісіру тігістері ҚР ҚН EN 1993-1-9 келтірілген қағидаттарды қанағаттандыруы тиіс.

Әдетте басқасы ескертілмесе, дәнекерлік қосылыстар үшін EN ISO 25817 сәйкес С сапасы талап етіледі. Пісіру тігістерін бақылу жиілігін 7 топтың сілтемелік стандарттарына сәйкес белгілеген жөн (ҚР ҚН EN 1993-1-8 1.2.7 тармағын қар.). Пісіру тігістерінің сапа деңгейін EN ISO 25817 бойынша белгілеген жөн. Қажу жүктемесіне шалдыққан құралымдардағы пісіру тігістерінің сапа деңгейін ҚР ҚН EN 1993-1-9 бойынша белгілеген дұрыс.

Болат беттердің қатпарлануынан аулақ болған жөн. Болат беттердің қатпарлануын болдырмау бойынша нұсқаулар ҚР ҚН EN 1993-1-10 келтірілген.

3.2.2.2 Дәнекерлік қосылыстар үшін материалдар

Дәнекерлік қосылыстарға арналған барлық материалдар 5 топтың сілтемелік стандарттарында келтірілген талаптарға сәйкес болуы тиіс (ҚР ҚН EN 1993-1-8 1.2.5 тармағын қар.).

Тігіс металлының Шарпи бойынша аққыштық шегі, созылуға уақытша қарсылық, үзу кезіндегі салыстырмалы ұзару мәндері және соққылық тұтқырлығының ең төмен мәні негізгі металл үшін белгіленген мәндерге балама немесе олардан артық болуы тиіс.

ЕСКЕРТПЕ Жалпы жағдайда пайдаланылатын болатты маркасы бойынша ілгері электродтарды пайдаланған артық.

3.3 Тартқыштар және құралдар

3.3.1 Жалпы ережелер

3.3.1.1 Егер Тұтынушы арқандарды жергілікті нормалар (ҚР әрекет ететін МСТ бойынша) бойынша қолданса, онда тартқыштар мен антеналық полотнолардың элементтері үшін СС тобы бойынша мырышталған дөңгелек болат жүктік дара оралған тарқатылмайтын (спиральді) немесе металл өзекшесі бар қосарлы айқас оралған тарқатылмайтын арқандарды қолданған жөн, бұл ретте спиральді арқандар 325 кН (33тс) дейін есептік күш салу кезінде қолданылуы тиіс. Арқандарда 1 марканың ең үлкен диаметрлі болат дөңгелек сымдарды пайдалану қажет. Орташа және қатты агрессиялы орталар үшін СС тобы қанаттарының талаптарымен ЖС тобы бойынша мырышталған арқандар жіберіледі.

Жаңғақ түріндегі изоляторлары қоса салынған тартқыштар үшін радиотехникалық талаптар рұқсат берген жағдайда металл емес өзекшелері бар болат арқандарды қолдануға болады.

Арқандардың салмақ көтеретін қасиеттерін арттыруға күш салатын тартқыштар үшін зета тәріздес және сынаға ұқсас сымдардан жасалған жабық түрдегі болат арқандарды қолдануға болады.

3.3.1.2 Егер Тұтынушы Еурокодта көрсетілген арқандарды қолданса, онда ҚР ҚН EN 1993-1-11 нұсқаулықтарын басшылыққа алған жөн.

Мұнаралар мен діңгектер үшін қолданылатын тростар, кабельдер, сымдар, арматуралар және басқа да материалдарға сипаттамалар мен талаптар ҚР ҚН EN 1993-1-11 нұсқауларына сәйкес қабылданады және тиісті еуропалық техникалық өзгешеліктерді қанағаттандырулары тиіс.

3.5 кестеде құралымға қосылу әдісінің арқасында оларды реттеу және ауыстыруға мүмкіндік беретін, созылуға жұмыс істейтін болаттан жасалған элементтердің барлық топтары келтірілген.

ЕСКЕРТПЕ Дәл орнату және ауыстыру бойынша созылуға жұмыс істейтін элементтерге қойылатын талаптардың салдарынан соңғылары, әдетте, құрылыс алаңына дайын түрінде жеткізілетін және құралымға орнатылатын бұрын жасалған бұйымдар болып келеді.

3.3.1.3 В тобының бұйымдары үшін қаралатын ақырғы муфталардың түрлеріне:

- металл және полиэфир муфталар, EN 13411-4 қар.;
- цемент құймалы муфталар;
- металл ұштықтар және металл қосқыштар;
- сыққыш муфталар және сыққыш гильзалар;
- U тәріздес бұрандамалары бар сымды арқандар үшін қысқаштар, EN 13411-5 қар.;
- байламдарды бекітуге арналған сыналар, сымдар және өзекшелер үшін суық пішінделген сфералық бастар.

3.5 Кесте – Созылуға жұмыс істейтін элементтер тобы

Топ	Басты созылатын элемент	Конструктивті элемент
A	Өзекше (шыбықша)	Созылған өзекшелер жүйесі, алдын ала ширатылған өзекше
B	Дөңгелек сым	Спиральді-тарам арқан
	Дөңгелек және Z-тәріздес сым	Толықтай жабық орамды арқандар
	Дөңгелеу сым және бұратылған сым	Тарам арқан
C	Дөңгелек сым	Параллель сымдардан тарам (PWS)
	Дөңгелек сым	Параллель сымдар байламы
	Жеті сымнан тарам (алдын ала ширатылған)	Параллель тарамдар байламы

ЕСКЕРТПЕ Антенна, түтін мұржалары және діңгектерді созу үшін муфталарға бекітілген немесе басқа ақырғы бекітулері бар сымдардан тұратын В тобындағы бұйымдар қолданылады және негізінен 5-160мм диаметрімен жасалады, EN 12385-2 қар. Бұл бұйымдарға:

- спиральді-тарам арқандар;
- диаметрі 20-180 мм толықтай жабық орамды арқандар;
- тарамдардан құралымлық арқандар жатады.

Спиральді-тарам арқандар, тарам арқандар және толықтай жабық орамды арқандардың сипаттамаларын 3.6 кестеде қар.

3.3.2 Болат маркалары және сымның беріктігі

f_y және f_u нормативті мәндері құралымлық болат үшін $f_{0,2}$, немесе $f_{0,1}$ және сым үшін f_u тиісті техникалық ерекшеліктер бойынша қабылданады.

1 ЕСКЕРТПЕ Болат үшін – ҚР ҚН EN 1993-1-1 және EN 1993-1-4 қар.

2 ЕСКЕРТПЕ Сым үшін – EN 10264, 1 бөлімі –4 бөлімі қар.

3 ЕСКЕРТПЕ Арқандар үшін – EN 12385, 4 бөлімі және 10 бөлімі қар.

4 ЕСКЕРТПЕ Ақырғы муфталар үшін – EN 13411-3 қар.









5 ЕСКЕРТПЕ Тарамдар үшін – EN 10138-3 қар.

6 ЕСКЕРТПЕ Ұлттық қосымшада f_u ең жоғары мәні ұзақ уақытқа жарамдылық шарттарынан белгіленді:




- болат сым үшін:

- дөңгелек қималы: созылуға номиналды беріктігі – 1770 Н/мм²;
- Z-тәріздес қима: созылуға номиналды беріктігі – 1570 Н/мм²;
- дөңгелек қималы тот баспайтын болат сым үшін: созылуға номиналды беріктігі – 1450 Н/мм² [3.1 ҚР ҚН EN 1993-1-11].

3.6 Кесте – В тобының бұйымдары

Спиральді-тарам арқандар				
				
Конструктивті формула	1×19	1×37	1×61	1×91
Диаметр d _s , мм	3–14	6–36	20–40	30–52
Тарам	1	1	1	1
Тарамдағы сым саны	19	37	61	91
Тарамның сыртқы қабатындағы сым саны	12	18	24	30
С металын көлденең қию ауданының номиналды коэффициенті	0,6	0,59	0,58	0,58
К үзілуге әсер коэффициенті	0,525	0,52	0,51	0,51
Тарам арқандар				
				
Конструктивті формула	16×19-CF	16×19-CWS	6×36WS-CF	6×36WS-CWR
Диаметр d _s , мм	6–40	6–40	6–40	6–40
Тарам	6	6	6	6
Тарамдағы сым саны	18	18	36	36
Тарамның сыртқы қабатындағы сым саны	12	12	14	14
С металын көлденең қию ауданының номиналды коэффициенті	0,357	0,414	0,393	0,455

3.6 Кесте – В тобының бұйымдары (жалғасы)

К үзілуге әсер коэффициенті	0,307	0,332	0,329	0,355
Толықтай жабық орамды арқандар				
				
Конструктивті формула	Z-тәріздес сымның бір қабаты	Z-тәріздес сымның екі қабаты	Z-тәріздес сымның үш қабатынан артық немесе тең	
Диаметр d_s , мм	20–40	25–50	40–180	
үшін рұқсат етілетін ауытқу	+5 %	+5 %	+5 %	
С металын көлденең қию ауданының номиналды коэффициенті	0,636	0,660	0,700	
К үзілуге әсер коэффициенті	0,585	0,607	0,643	
ЕСКЕРТПЕ Металл сымды көлденең қию ауданының номиналды коэффициенті және үзуге әсер ету коэффициенті EN 12385-2 сәйкес қабылданады.				

3.3.3 [3.2.2 ҚР ҚН EN 1993-1-11] Тартқыштардың В тобындағы созылған элементтерінің серпімділік модулі

Тартқыштардың В тобындағы созылған элементтерінің серпімділік модулі сынақ нәтижелерінің негізінде анықталады.

1 ЕСКЕРТПЕ Серпімділік модулі кернеу деңгейінен және тартқыш алдын ала созылғанына және циклдік жүктеуге және жеңілдетуге шалдыққанына байланысты.

2 ЕСКЕРТПЕ В тобыны созылған элементтері үшін тартқышты созу кезіндегі қаттылық серпімділік модулінің арқанның металл бөлігін A_m көлденең қию ауданына көбейтіндісімен анықталады.

Қиюшы модуль бүкіл қызмет мерзімі бойы есепті жағдайларды құрылымдық талдау үшін серпімділік модулі ретінде пайдаланылады. Меншікті мәнді тартқыштың түрі және оның диаметрі есепке алына отырып белгіленеді және шынайы мәндерді алуды қамтамасыз ету үшін F_{inf} и F_{sup} жекілікті жүктеу циклдерінің санының нәтижелері бойынша (бестен кем емес) анықтайды, мұндағы F_{inf} и F_{sup} – тиісінше нақты тұрақты және ауыспалы әсер жағдайларындағы тартқышқа әсер етудің ең төмен және жоғары күштері.

Ұзындығы шамалы үлгілерді сынау үшін (үлгінің 10 кем ұзындығы×орам ұзындығы) алынған жылжығыштық мәні ұзындығы үлкен тартқышқа қарағанда аз болады.

1 ЕСКЕРТПЕ Барынша нақты мәндер болмаған жағдайда кесу үшін назарға 0,15мм/м

қосымша қысқарту олдану арқылы әсер ету назарға алынады.

2 ЕСКЕРТПЕ Сынақ нәтижелері жоқ болған жағдайда серпімділік модулінің номиналды мәндері пайдалану үшін бастапқы жақындастырылған 3.7 кестеде келтірілген. Бұдан нақтырақ EN 10138 қар.

3.7 Кесте – Q ауыспалы жүктеулеріне сәйкес E_Q серпімділік модулі

Жоғары берік созылатын элемент	E_Q , кН/мм ²	
	Болат сым	Тот баспайтын болат сым
Спиральді тарам арқандар	150±10	130±10
Толықтай жабық орамды арқандар	160±10	-
CWR сымынан жасалған тарам арқандар	100±10	90±10
CF сымынан жасалған тарам арқандар	80±10	-

3 ЕСКЕРТПЕ Толықтай жабық орамды арқандар үшін E серпімділік модулінің номиналды мәндері 3.7 кестеде келтірілген. Бұл есептелген мәндер циклдік жүктеу кезінде F_{uk} есептелген үзуге беріктіктің 30 % – 40 % диапазонында қолданылады.

4 ЕСКЕРТПЕ В тобындағы арқандар статикалық жүктеу кезінде алдан ала созусыз серпімді, сондай-ақ қалдық тұрақты деформацияны көрсетеді. Мұндай арқандарды оларды орнату алдында немесе одан кейін $0,45\sigma_{uk}$ тең циклдік жүктеудің барынша шамасына дейін созу арқылы сынауға кеңес беріледі. Шамалас кесінділерге кесу үшін мұндай арқандарды құрылыс алаңы жағдайында реттеу үшін рұқсат етілетін құрылғылар дәлдігімен алдын ала созады.

3.3.4 Металл емес тартқыштар

Тартқыштар үшін тиісті серпімділік модулі бар жоғары жиілік дірілдерді болдырмау үшін тиісті шаралар қабылданған жағдайда болаттан өзге материалдарды пайдалануға болады.

ЕСКЕРТПЕ Серпімділік модулі төмен синтетикалық материалдарды таңдау кезінде олардың төмен қаттылығының орнын толтыру үшін бастапқы жоғары созу талап етілуі мүмкін, бұл жоғары жиілікті дірілге әкеп соғуы мүмкін. Мұндай арқандардың шеттері ылғал өткізбеу мақсатында оқшауландырылады, әйтпесе найзағайлық разряд орын алуы мүмкін. Металл емес тартқыштар үшін басқаларына қарағанда анағұрлым жоғары жеке коэффициенттер талап етілуі мүмкін.

Металл емес тартқыштар тиісті техникалық ерекшеліктерге сәйкес болуы тиіс [D.1.2].

3.4 Өзге зауытта жасалатын бұйымдар

3.4.1 Діріл өшіргіштер

3.4.1.1 Құралымдарды жобалау кезіндегі барлық бұйымдар өнімнің ETAG немесе ETA тиісті стандарттарының талаптарына жауап беруі тиіс

3.4.1.2 Құралымның діріл өшіргіштері

Мұнара немесе діңгекте желдің әсерінен орын алуы ықтимал ауытқуларды ауытқуларды өшіргіштер көмегімен төмендету қажет.

ЕСКЕРТПЕ Осы көмекші құралдың 11-тарауын да қар.

3.4.1.3 [D.2.2.1] Тартқыштардың діріл өшіргіштері

3.4.1.3.1 Жалпы ережелер

Тартқыштарда желдің әсерінен туындайтын ықтимал дірілдерді басу үшін келесі әдістердің бірін пайдалану қажет:

а) Бастапқы созылу тартқышты үзуге есепті беріктіктен 10% артық болса, тартқыштарда кез келген жағдайда діріл өшіргіштер орнатылады.

б) Егер тартқыштар діріл өшіргіштермен жабдықталмаса, пайдаланудың бірінші жылдары тартқыштарды дірілдердің артық жиілігі және/немесе амплитудасына тексеріс жүргізу қажет. Кері жағдайда (а) тармақшасында көрсетілгендей діріл өшіргіштер орнатқан жөн.

ЕСКЕРТПЕ Діріл туралы деректерді 2.3.1.9 тармақшасында қар.

3.4.1.3.2 [D.2.2.2] Құйынды қозғалысты төмендету үшін ауытқуларды өшіргіштер

Тиісті дірілді өшіргіштерді барлық жағдайларда орнату қажет, мұнда құйынды қозғалыс тудыратын қолайсыз ауытқулар шамаланады немесе бақыланады.

3.4.1.3.3 [D.2.2.3] Шоқырақтарды төмендетуге арналған ауытқуларды өшіргіштер (жаңбыр/жел әсерінен туындаған дірілдерді қоса)

Екі немесе одан көп арқан тартқыштарының барынша амплитудаларының нүктелерін қосып, жаңбыр/жел әсерінен туындаған шоқырақ және дірілдерді бөлшектеп бақылауды қамтамасыз етуге болады. Тартқыштарды қосуды жобалау кезінде осы әсерді қатты жел жағдайында есепке алу қажет.

ЕСКЕРТПЕ Шоқырақты бөлшектеп бақылауды қамтамасыз ету үшін шынжырларды ілуді, егер олар тиісті жиіліктік диапазонда әрекет ететін болса, қолдануға болады.

3.4.2 [D.3] Изоляторлар

Изоляторларды таңдау электрлік және механикалық сипаттамаларына байланысты жүргізіледі.

Ең төменгі беріктік шегін тиісті техникалық шарттарда қар.

Тартқыштар изоляторларының арматурасы электр жабдықтарының зақымдалуы жағдайында да діңгек тұрақтылығы қамтамасыз етілетіндей жобаланады. Оған сенімді изоляторлар қолдану немесе изоляторларды параллель жалғау арқылы қол жеткізуге болады.

Электр доғасынан қорғау құрылғылары болат арматураға жанасатын оқшаулаушы материалдардың бетінде доғалық разрядты болдырмауы тиіс.

Егер діңгектің негізінде изоляторлар пайдаланылса, оларды ауыстыру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін домкраттау құрылғысын қарастыру қажет.

Керамикалық оқшаулаушы материалды механикалық жүктеу және жеңілдету (механикалық сынақтар кезінде және/немесе монтаж кезінде) тиісті техникалық ерекшеліктерге сәйкес жүргізіледі.

ЕСКЕРТПЕ Басқа деректер болмаған жағдайда жүктеу немесе жеңілдету болжамды жүктеудің шамамен 5% жүйелі түре жүктеу немесе жеңілдету үдерісінің ұзақтығы 20 минуттан кем болмайтындай шамамен 1 мин. интервалмен жүргізіледі.

4 ҰЗАҚ УАҚЫТҚА ЖАРАМДЫЛЫҚ. МҰНАРАЛАР ЖӘНЕ ДІҢГЕКТЕР

4.1 [4.1] Тоттануды есепке алу

Құралымның орналасуы, оның пайдалану мерзімі және техникалық қызмет көрсету режиміне байланысты тиісті тоттануға қарсы қорғанысын қамтамасыз ету қажет.

1 **ЕСКЕРТПЕ** Құралымдардың тоттануға қарсы қорғанысын жобалау уақытында ҚР қолданыстағы тиісті нормативтік құқықтық құжаттардың талаптары бойынша орындау қажет.

2 **ЕСКЕРТПЕ** Тоттануға қарсы қорғанысты әзірлеу кезінде сондай-ақ:

- EN ISO 1461 – мырыштаумен тоттанудан қорғау;
- EN ISO 14713 – металды шаңдатумен тоттанудан қорғау;
- EN ISO 12944 – бояу арқылы тоттанудан қорғау талаптарын да орындаған жөн.

4.2 Тартқыштардың ұзақ уақытқа жарамдылығы

4.2.1 Жалпы талаптар

4 және 5 әсер ету класстары бар В тобының созылған элементтері үшін 4.1. кестеге сәйкес тоттанудан қорғау жүйесі мынадай болуы тиіс:

- дара сымдар тоттанудан қорғалуы тиіс;
- арқанның ішкі бөлігі ылғал өткізуден қорғалуы тиіс;
- арқанның сыртқы бетінің тоттануға қарсы қорғанысы болуы тиіс.

4.1 Кесте – Қолайсыз әсерлерді есепке алатын кластар

Қажу әсері	Тоттану әсері	
	Сыртқы әсерсіз	Сыртқы әсермен
Аз ғана қажу әсерімен	1 класс	2 класс
Басымырақ осьтік қажу әсері	3 класс	4 класс
Осьтік және жанама қажу әсері (жел және жаңбыр)	—	5 класс

Қысқаштар және бекітпелер орнатылған жерлерде ылғал өтуінің алдын алу үшін тоттануға қарсы қорғаныстың қосымша шараларын қолданған жөн.

Тасымалдау, қоймалау және қызмет көрсетуді – ҚР ҚН 1993-1-11 қосымшасынан қар.

4.2.2 Дара сымдардың тоттануға қарсы қорғанысы

В тобының созылған элементтерінің құрамындағы әр болат сымның мырыш немесе мырышты қоспа негізіндегі жабыны болуы тиіс.

Қоршаған ортаның жағдайына қарай тартқыш арқандары үстіне тағы бір қорғаныс қабаты (май немесе сыр) жағылатын мырышталған болат сымдардан жасалады. Осындай қорғаныс қабатының арқан өндіруде қолданылатын майлау материалдарымен үйлесімділігін қамтамасыз етуге баса назар аударған дұрыс.

Диаметрі 20 мм дейінгі мырышталған болат арқандар үшін баламалы қорғаныс құралы ретінде полипропилен материалын қолдануға болады. Бұл жағдайда, егер орнату және пайдалану кезінде қабықшасына зақым келмесе, қосымша қорғаныс қажет емес. Жобалау кезінде тоттануға қарсы тиісті қорғанысты қамтамасыз ету мақсатында шеткі қосылыстарға баса назар аудару қажет. Қапталмаған арқандарды уақытылы тоттануын анықтай алмау тәуекеліне байланысты қолданбаған жөн.

Полипропиленді жабынға найзағай зақым келтіруі мүмкін.

В тобының созылған элементтерінде дөңгелек қималы сымдар үшін мырыш немесе мырыш қоспасы негізінде EN 10264-2 сәйкес А класы орындалуы иіс. Мәнерлі қималы сымдар үшін ондай жабын EN 10264-3 сәйкес А класының талаптарына жауап беруі қажет.

1 ЕСКЕРТПЕ Әдетте Z-тәріздес қималы сым қалыңдықтың сүйрік бұрыштарда жабын қалыңдығының кемуі есепке алына отырып, 300 г/м² есебінен әлдеқайда қалың гальвандық жабынға ие.

2 ЕСКЕРТПЕ Жабыны Zn95A15 қоспасынан жасалған сым қалыңдығы дәл сондай мырыштан гальвандық жабыны бар сымға қарағанда тоттануға қарсы қорғанысы артық. Zn95A15 қоспасын дөңгелеу және Z-тәріздес сымның қиамысының жабыны үшін салмағы бойынша негізгі компонент ретінде пайдалануға болады [ҚР ҚН EN 1993-1-11 4.2].

4.2.3 В тобындағы созылған элементтердің ішкі бөлігін тоттанудан қорғау

Барлық арқаніші қуыстары белсенді немесе белсенді емес ылғалдың, жоғары температураның немесе дірілдің әсеріне төтеп беретін толтырғышпен толтырылуы тиіс.

1 ЕСКЕРТПЕ Белсенді толтырғыштар класына мырыштық шаңы бар бояудан қабықшасы бар полиуретан майы жатады.

2 ЕСКЕРТПЕ Белсенді емес ішкі толтырғыштар ретінде иілімді-пластикалық перманентті балауыз немесе алюминийлі толтырғышы бар көмірсутек полимері пайдаланыла алады.

3 ЕСКЕРТПЕ Созылатын элементтерді жасау кезінде орындалған ішкі толтыру элементті жүктеу кезінде сығылуы мүмкін, сондықтан уақыт өте келе тоттануға қарсы өзге шаралар қарастырылуы қажет.

4 ЕСКЕРТПЕ Ішкі толтыру осы арқан үшін қолданылатын өзге тоттануға қарсы құралдармен үйлесімсіздікті болдырмайтындай таңдалуы керек. [ҚР ҚН EN 1993-1-11 4.3].

4.2.4 В тобының созылған элементтерінің сыртқы бөлігін тоттанудан қорғау

Құрылыс аяқталғаннан кейін тоттануға қарсы қорғаныстың ықтимал бұзылуы және мырышты жоғалтудың орнын толтыру мақсатында тоттанудан қорғау бойынша қосымша шаралар қолданылады.

ЕСКЕРТПЕ Мұндай қорғаныс полиэтиленді оқшаулау немесе мырышы мол бояу болуы мүмкін. Полиэтиленнің ең төменгі қалыңдығы арқанның 15-ке бөлінген сыртқы диаметріне тең болуы, бірақ 3 мм кем болмауы тиіс.

Бояу негізінде қорғау жүйесі, кем дегенде өзіне:

- мырыштық шаңы бар қалыңдығы 50 мкм полиуретанның екі тегістеуші қабатты;
- құрамында темірі бар слюдамен қалыңдығы 125 мкм екі соңғы қабатты қосуы тиіс.

Тот баспайтын болат сымнан жасалған арқандар және тот баспайтын болаттан жасалған муфталар тоттанудан қосымша қорғаусыз тоттануға төзімділіктің тиісті класын қанағаттандыруы тиіс.

1 ЕСКЕРТПЕ Ауыспалы кезеңде тот баспайтын болат үшін тоттануға төзімділіктің кластарын жобада жеке белгілеу керек.

2 ЕСКЕРТПЕ Zn95A15 қоспасынан жабыны бар сым ұқсас жағдайларда тек мырышы көп жабынға қарағанда 3 есе артық тоттануға қарсылықты қамтамасыз етеді [ҚР ҚН EN 1993-1-11 4.4].

4.2.5 Тартқыштардың конструкциялармен қосылу орындарындағы тоттанудан қорғау

Арқаннан аққан жаңбыр суының қысқаштарға, орындықтарға және анкерлеу орындарына тиюін болдырмау үшін сақтық шаралары қабылдануы тиіс.

Арқандарды конструкцияларға бекіту орындары герметикалануы қажет [ҚР ҚН EN 1993-1-11 4.6].

5 ҚҰРАЛЫМДАР ЕСЕБІ. МҰНАРАЛАР ЖӘНЕ ДІҢГЕКТЕР

5.1 [5.1] Әсер ету нәтижелерін анықтау мақсатында үлгілеу

Ішкі күштер мен моменттерді серпімді деформациялаудың жалпы есебін пайдалану арқылы анықтау қажет.

ҚР ҚН EN 1993-1-1 5-тарауындағы серпімді деформациялау жалпы есебін қар.

Есептеулерде брутто қималарының сипаттамаларын пайдалануға болады.

Деформация сипаттамаларын құралымдарды жобалау кезінде есепке алу қажет.

Егер деформация елеулі әсер етсе (мысалы, төбесінің жүктемесі жоғары мұнараларда) екінші тәртіп теориясын қолданған жөн, ҚР ҚН EN 1993-1-1 5-тарауын қар.

ЕСКЕРТПЕ 1 Бастапқы кезеңде тор тіреулерді бастапқы геометриялық деректерді пайдалана отырып есептеуге болады (бірінші тәртіп теориясы).

ЕСКЕРТПЕ 2 Діңгектер және тартқыштары бар түтін мұржаларын есептеу тепе-теңдік жағдайындағы деформация әсері есепке алына отырып жүзеге асырылады (екінші тәртіп теориясы).

ЕСКЕРТПЕ 3 Симметриялы діңгектердің жалпы тұрақтылығын 2.3.1.6.9 тармақшасынан қар.

Діңгектер және тартқыштары бар түтін мұржаларының жалпы есебі тартқыштардың сызықтық емес сипаттамалары есепке алына отырып жүргізіледі, ҚР ҚН EN 1993-1-11 қар.

5.2 [5.2] Қосылыстарды үлгілеу

5.2.1 [5.2.1] Негіздер

Құралымның жалпы және жергілікті есептерінде қосылыстардың сипаттамаларын есепке алу керек.

ЕСКЕРТПЕ Қосылыстарды талдау тәртібі ҚР ҚН EN 1993-1-8 келтірілген.

5.2.2 [5.2.2] Толықтай үшкілденген құралымдар (үшбұрышты торлы фермалар)

Қарапайым құралымдарда элементтердің қосылыстарында моменттердің құрылуына жол берілмейді. Жалпы есепте элементтер топсаланып қосылған деп қабылданады.

Қосылыстар номиналды бұрандамалық (топсалық) қосылыстардың талаптарына

– ҚР ҚН EN 1993-1-8 5.2.2.2 тармақшасында көрсетілгендей немесе

– ҚР ҚН EN 1993-1-8 5.2.3.2 тармақшасында көрсетілгендей сәйкес келуі тиіс.

5.2.3 [5.2.3] Үшкілденбеген құралымдар (кесілмеген рамалар)

Серпімді деформациялар есептеулері ҚР ҚН EN 1993-1-8 5.2.3.2 тармақшасының талаптарына сәйкес келетін қатты қосылыстардың толық кесілмеуіне негізделуі тиіс.

5.2.4 Кесілмеу есепке алынған үшкілденген құралымдар (кесілмеген немесе жартылай кесілген фермалар)

Серпімді деформацияның есептеулері пайдаланылатын қосылыстар үшін «момент-бұрылыс» немесе «күш-ығысу» анық болжалатын есептік сипаттамаларына негізделуі тиіс.

Бір торапта тоғысатын негізгі қаттылық байланыстарын тірек бағандарының осіне олардың осьтерінің қиылысу нүктесінде ортаға дәл келтірген жөн. Тораптарда эксцентриситеттер болған жағдайда қосымша иілу моменттерін есепке ала отырып есептеген дұрыс.

Негізгі қаттылық байланыстары жанасқан жерлерде ортадан таюға рұқсат етіледі, бірақ ол белдеуді көлденең қию мөлшерінің үштен бірінен аспауы тиіс. Үлкен мөлшерге ортадан таю кезінде элементтер тораптық моменттер есепке алына отырып есептелуі тиіс [5.2.4].

6 СЫНДЫҚ ШЕКТІ ЖАҒДАЙЛАР. МҰНАРАЛАР ЖӘНЕ ДІңГЕКТЕР

6.1 [6.1] Жалпы ережелер

Салмақ көтеру қасиетінің есептік мәндерін анықтау үшін мынадай жеке коэффициенттер қолданылады γ_m :

- элементтің аққыштыққа қарсылығы: γ_{m0}
- элементтің тұрақтылыққа қарсылығы: γ_{m1}
- бұрандамалық қуыстардың нетто қимаға қарсылығы: γ_{m2}
- қосылыстардың қарсылығы: 6.4-тарауды қар.
- тартқыштардың және олардың бекітпелерінің қарсылығы: γ_{mg} , ҚР ҚН EN 1993-1-1 қар.
- оқшаулаушы материалдардың қарсылығы: γ_{mi}

1 ЕСКЕРТПЕ Егер параметрлері Еурокодтың талаптарына сәйкес анықталған материалдар қолданылса, онда ҚР ҚН EN 1993-3-1 ұсынылатын қауіпсіздік жекелей коэффициенттерінің мәндерін қолданған жөн:

$$\gamma_{m0} = 1,00; \gamma_{m1} = 1,00; \gamma_{m2} = 1,25; \gamma_{mg} = 2,00; \gamma_{mi} = 2,50$$

2 ЕСКЕРТПЕ Жергілікті материалдарды қолдану жағдайында бұл материалдарды қолдануға техникалық шартты сәулет және құрылыс істері бойынша мемлекеттік орган уәкілеттілік берген ұйымда алған жөн.

3 ЕСКЕРТПЕ γ_{mg} коэффициенті тартқыш немесе дәнекер муфта (немесе өзге бекіту) есептеулері кезінде қолданылады. Сәйкесінше болат қадалар, қосылыстар және плиталар тартқыш және муфтамиен үйлесімділігі есепке алына отырып жобаланады, сондықтан γ_{mg} ұлғайтылған мәні қажет болуы мүмкін. Толық деректерді ҚР ҚН EN 1993-1-1 қар.

4 ЕСКЕРТПЕ Үлгілік сынақтарға жататын құралымдар немесе элементтер немесе дәл сондай алдын ала сынақтардан өткен конфигурациялар үшін γ_m коэффициенті сынақ бағдарламасының нәтижелеріне қарай кемітуге болады.

6.2 [6.2] Қималардың салмақ көтеру қасиеті

6.2.1 [6.2.1] Қималардың сыныптамасы

6.2.1.1 Салмақ көтеру қасиетінің есептік мәндері көлденең қималардың сыныптамасына тәуелді. Көлденең қималар сыныптамасының рөлі салмақ көтеру қасиеті және көлденең қималардың айналу қасиеттері жергілікті тұрақтылығын жоғалтумен шектелетін шекараларды анықтаудан құралады. Мұнаралар мен діңгектер үшін ҚР ҚН EN 1993-1-1 5.5.2 тармағында келтірілген қималардың сыныптамасы қолданылады.

6.2.1.2 Осы тармаққа сәйкес көлденең қималардың төрт класын айырады:

– 1 кластың көлденең қималары – оларда пластикалық есептеулерге қажет және қол жеткізілген салмақ көтеру қасиетін төмендетпейтін айналдыру қасиеті бар пластикалық топса пайда болуы мүмкін;

– 2 кластың көлденең қималары – оларда пластикалық деформация дамуы мүмкін, бірақ жергілікті тұрақтылықты жоғалту салдарынан айналдыру қасиеті шектелген;

– 3 кластың көлденең қималары – болат элементтің қатты сығылған талшықтарындағы кернеу серпімді бөлу кезінде аққыштық шегіне жетуі мүмкін, бірақ жергілікті тұрақтылықты жоғалту пластикалық деформациялардың дамуына кедергі келтіреді;

– 4 кластың көлденең қималары – оларда жергілікті тұрақтылықты жоғалту көлденең қиманың бір не одан көп аймақтарында аққыштық шегіне жетуге дейін орын алады.

6.2.1.3 4 кластың көлденең қималарында жергілікті тұрақтылықты жоғалту әсерінен салмақ көтеру қасиеті төмендеуі кезінде қажетті рұқсаттарды анықтау үшін тиімді ең пайдаланылуы мүмкін, ҚР ҚН EN 1993-1-5 5.2.2 тармағын қар.

Көлденең қималардың сыныптамасы қиманың сығылған аймағындағы бөліктердің енінің қалыңдығына қатысына тәуелді. Сығылған аймақтар қаралатын комбинациялардың әсерінен толықтай немесе бөлшектеп сығылған көлденең қиманың барлық аймақтарын қосады.









Көлденең қимадағы әртүрлі сығылған бөліктер (қабырға немесе сөре сияқты) әртүрлі сыныптарға жатуы мүмкін. Көлденең қима сығылған бөліктерінің ең жоғары (ең қолайсыз) класы бойынша жіктеледі. Баламалы түрде көлденең қиманың сыныптамасы сөре сияқты қабырғаның да сыныптамасын есепке ала отырып белгіленуі мүмкін.

1, 2 және 3 кластың қималары үшін c/t шекті қатынасын 6.1 кесте бойынша қабылдаған жөн. 3 клас қималары үшін шекті қатынасқа сәйкес келмейтін қиманың бөлігі 4 кластың қимасына жатқызылуы тиіс.










ЕСКЕРТПЕ Бұрыштамалар үшін c/t «ен-қалыңдық» ең жоғары арақатынасы h/t орнына $(h - 2t)/t$ арақатынасымен анықталуы мүмкін.

6.2.1.4 Серпімді кезеңдегі беріктікті тексеру барлық кластағы көлденең қималар үшін 4 клас қималары үшін белгіленген көлденең қималардың тиімді сипаттамаларын қолдану жағдайында жүргізіледі.

6.1 Кесте – Қиманың сығылған бөліктері үшін енінің қалыңдыққа ең жоғары қатынасы

Сығылған ішкі бөліктер						
				Иілу осі		
				Иілу осі		
Клас	Иілуге шалдыққан бөлік		Сығылуға шалдыққан бөлік	Иілу және сығылуға шалдыққан бөлік		
Бөліктердегі кернеудің бөлінуі (оң сығылған)						
1	$c/t \leq 72\varepsilon$		$c/t \leq 33\varepsilon$	$\alpha > 0,5$ кезінде: $c/t \leq \frac{396\varepsilon}{13\alpha - 1}$ $\alpha \leq 0,5$ кезінде: $c/t \leq \frac{36\varepsilon}{\alpha}$		
2	$c/t \leq 83\varepsilon$		$c/t \leq 38\varepsilon$	$\alpha > 0,5$ кезінде: $c/t \leq \frac{456\varepsilon}{13\alpha - 1}$ $\alpha \leq 0,5$ кезінде: $c/t \leq \frac{41,5\varepsilon}{\alpha}$		
Бөліктердегі кернеудің бөлінуі (оң сығылған)						
3	$c/t \leq 124\varepsilon$		$c/t \leq 42\varepsilon$	$\psi > -1$ кезінде: $c/t \leq \frac{42\varepsilon}{0,67 + 0,33\psi}$ $\psi \leq -1$ кезінде*: $c/t \leq 62\varepsilon \cdot (1 - \psi) \cdot \sqrt{(-\psi)}$		
$\varepsilon = \sqrt{235/f_y}$	f_y	235	275	355	420	460
	ε	1,00	0,92	0,81	0,75	0,71
* $\psi \leq -1$ сығушы кернеу $\sigma \leq f_y$, немесе созылу деформациясы $\varepsilon_y > f_y/E$ болған жағдайда.						
Сөрелердің аспаптары						
						
Иленген профильдер				Дәнекерленген профильдер		

6.1 Кесте – Қиманың сығылған бөліктері үшін еңнің қалыңдыққа ең жоғары қатынасы (жалғасы)

Клас		Сығылуға шалдыққан бөлік	Иілу және сығылуға шалдыққан бөлік			
			Соңында сығу		Соңында созу	
Бөліктердегі кернеудің бөлінуі (оң сығылған)						
1		$c/t \leq 9\varepsilon$	$c/t \leq \frac{9\varepsilon}{\alpha}$		$c/t \leq \frac{9\varepsilon}{\alpha\sqrt{\alpha}}$	
2		$c/t \leq 10\varepsilon$	$c/t \leq \frac{10\varepsilon}{\alpha}$		$c/t \leq \frac{10\varepsilon}{\alpha\sqrt{\alpha}}$	
Бөліктердегі кернеудің бөлінуі (оң сығылған)						
3		$c/t \leq 14\varepsilon$	$c/t \leq 21\varepsilon\sqrt{k_\sigma}$ k_σ см. EN 1993-1-5			
$\varepsilon = \sqrt{235/f_y}$	f_y	235	275	355	420	460
	ε	1,00	0,92	0,81	0,75	0,71
Бұрыштық профильдер						
Қосымша «Сөрелердің аспалары» қар. (жоғары қар.)					Брыштардың басқа детальдермен үздіксіз байланысы кезінде қолданылмайды	
Сынып		Сығылуға шалдыққан қима				
Бөліктердегі кернеудің бөлінуі (оң сығылған)						
3		$h/t \leq 15\varepsilon: \frac{b+h}{2t} \leq 11,5\varepsilon$				
Түтік тәрізді қима						
						

6.1 Кесте – Қиманың сығылған бөліктері үшін еннің қалыңдыққа ең жоғары қатынасы (жалғасы)

Клас	Иілу және/немесе сығылуға шалдыққан бөлік					
1	$d/t \leq 50\varepsilon^2$					
2	$d/t \leq 70\varepsilon^2$					
3	$d/t \leq 90\varepsilon^2$ $d/t > 90\varepsilon^2$ үшін EN 1993-1-6 қар.					
$\varepsilon = \sqrt{\frac{235}{f_y}}$	f_y	235	275	355	420	460
	ε	1,00	0,92	0,81	0,75	0,71
	ε^2	1,00	0,85	0,66	0,56	0,51

6.2.2 [6.2.2] Торлы сүйеулер және діңгектердің элементтері

6.2.2.1 Бір сөремен бекітілетін бұрыштарға қатысты арнайы шарттар бұрандамамен қосылыстар үшін 6.2.2.2 тармақшасында, ал пісіру қосылыстары үшін 6.2.2.3 тармақшасында (ҚР ҚН EN 1993-1-8 3.10.3 тармағына және 4.13 кіші бөліміне сәйкес) келтірілген.

6.2.2.2 Бір сөремен бұрандамаларға бекітілетін бұрыштар үшін қосылыстардың есептік салмақ көтеру қасиеттерін анықтау кезінде қосылыстарда эксцентриситеттің болуын, сондай-ақ қуыстардың және элементтің шетіне дейінгі қашықтықтың әсерін есеп алу қажет.

ҚР ҚН EN 1993-1-8 3.10.3(2) тармағына сәйкес дара бұрыштардан созылған бір сөремен бір қатар бұрандамалармен бекітілетін элементтерді, 6.1. суретті қар., салмақ көтеру қасиеті былай анықталатын эксцентриситетсіз жүктелген нетто тиімді қимасы бойынша қарауға болады:

– бір бұрандамамен бекіту кезінде

$$N_{u,Rd} = \frac{2,0 \cdot (e_2 - 0,5 \cdot d_0) \cdot t \cdot f_u}{\gamma_{M2}} \quad (6.1)$$

– екі бұрандамамен бекіту кезінде


$$N_{u,Rd} = \frac{\beta_2 \cdot A_{net} \cdot f_u}{\gamma_{M2}} \quad (6.2)$$

– үш және одан артық бұрандамамен бекіту кезінде

$$N_{u,Rd} = \frac{\beta_3 \cdot A_{net} \cdot f_u}{\gamma_{M2}} \quad (6.3)$$

мұндағы β_2 және β_3 – r_1 адымының мөлшеріне тәуелді төмендеткіш коэффициенттер, 6.2 кестені қар. r_1 аралық мәндері кезінде β коэффициенттері сызықтық интерполяция арқылы алынуы мүмкін;

A_{net} – нетто бұрышының ауданы. Сөрелері тең емес бұрышты бекіту кезінде A_{net} мәнінің кіші сөресі деп баламалы сөрелері тең бұрыштың сөрелері тең емес бұрышының кіші сөресіне тең ауданды алған жөн.



6.1 Кесте — Бір сөремен бекітілетін дара бұрыштар

6.2 Кесте – β_2 және β_3 төмендеткіш коэффициенттері

p_1 адымы	$\leq 2,5d_0$	$\geq 5,0d_0$
β_2 , екі бұрандама кезінде	0,4	0,7
β_3 , үш және одан артық бұрандама кезінде	0,5	0,7

6.2.2.3 Бұрыштарды бір сөремен бекіту кезінде қосымша эксцентриситеттің әсері бұрыштарға түсетін күш дәнекерленген қосылыста есептеулерде көлденең қиманың тиімді ауданын оның орталығы жүктелген деп есептеп пайдалану арқылы есептеледі.

Сөрелері тең және жалпақ сөремен бекітілген сөрелері тең емес бұрыштар үшін қиманың тиімді ауданы брутто қимасының ауданына тең болуы мүмкін.

Сөрелері тең емес кіші сөремен бекітілген көлденең қиманың беріктігі бойынша есепті салмақ көтеру қасиетін анықтау кезінде тиімді ауданды баламалы сөрелері тең емес бұрыштың кіші сөресінің еніне тең брутто қимасының ауданына тең деп қабылдаған жөн, ҚР ҚН EN 1993-1-1 қар. Алайда сығылған элементтің беріктігі бойынша салмақ көтеру қасиетін анықтау кезінде көлденең брутто қиманың шын мәніндегі ауданды пайдаланған дұрыс, ҚР ҚН EN 1993-1-1 қар.

6.2.2.4 Дара бұрыштардан тұратын кеңістіктік құралымдардың сығылған элементтерінің тұрақтылығын есептеу бойлық күштердің эксцентрлік қосымшасы есепке алына отырып 6.3.2.7 тармақшасында келтірілген.

6.2.3 [6.2.3] Тартқыштар және құралдар

6.2.3.1 ҚР ҚН EN 1993-1-11 2 кіші бөліміне сәйкес алдын ала ширатылған созылған элементтерді жобалау кезінде мынадай шекті жағдайлар қаралуы тиіс:

– ULS (сындық шекті жағдай) – қосылатын осьтік жүктемелер созылу кезінде салмақ көтеру қасиетінің есепті мәндерінен артпауы тиіс;

– SLS (пайдалану жарамдылығы бойынша шекті жағдай) – элементтегі кернеулер мен деформациялар деңгейі шекті мәндерден аспауы қажет.

ЕСКЕРТПЕ Талап етілетін ұзақ мерзімге жарамдылықты қамтамасыз ету мақсатында пайдалану жарамдылығына тексеру ULS тексерістерінен әлдеқайда жоғары басымға ие болуы мүмкін.

6.2.3.2 Тартқыштардың сындық шекті жағдайлары

Тартқыштардың беріктігі ҚР ҚН EN 1993-1-11 6.2. кіші бөліміне сәйкес есептеледі.

В тобының алдын ала ширатылған элементтерінің сындық шекті жағдайын тексеру кезінде мына шарт орындалуы тиіс

$$\frac{F_{Ed}}{F_{Rd}} \leq 1, \quad (6.4)$$

мұндағы F_{Ed} – арқанға әсер ететін осьтік күштің есептік мәні;

F_{Rd} – созылуға есептік қарсылық.

F_{Rd} созылуға есептік қарсылығы:

$$F_{Rd} = \min \left\{ \frac{F_{uk}}{1,5\gamma_R}; \frac{F_k}{\gamma_R} \right\}, \quad \text{қабылдауы тиіс} \quad (6.5)$$

мұндағы F_{uk} – үзілуге қарсылықтың сипаттамалық мәні;

F_k – В тобы элементтері үшін EN 10264 бойынша $F_{0,2k}$ болып қабылданатын созылған элементтің қолжетімді беріктігінің сипаттамалық мәні;

γ_R – қауіпсіздіктің жеке коэффициенті.

1 ЕСКЕРТПЕ F_{uk} созылуға шекті беріктіктің сипаттамалық мәніне сәйкес келеді.

2 ЕСКЕРТПЕ F_k тексеру бұл элемент әсер етулер есепті мәндеріне жеткен кезде де иілгіштігін сақтап қалатындығына кепілдік береді. Элементтер үшін (мысалы, толық орамды арқандар) мұндай тексерістің қажеті жоқ, мұндағы $F_k \geq \frac{F_{uk}}{1,50}$.

3 ЕСКЕРТПЕ Сынақтардың нәтижелері бойынша жеткізу кезінде F_{uke} және F_{ke} сынақ көрсеткіштері талап қанағаттандырады делінген (EN 12385, 1 бөлімін қар.):

– $F_{uke} > F_{uk}$;

– $F_{ke} > F_k$.

4 ЕСКЕРТПЕ γ_R қауіпсіздіктің жеке коэффициенті ҚР ҚН EN 1993-1-11 Ұлттық қосымшасына сәйкес 6.3 кесте бойынша қабылданады. Оның мәні арқандардың ұштарына арқанды айналдырудан иілу моменттерін кеміту үшін іс-шаралар қолданылатындығына байланысты, 6.2.3.3 тармақшаны қар.

В тобының созылған элементтері үшін F_{uk} мәні былай анықталады:

$$F_{uk} = F_{min} \cdot k_e, \quad (6.6)$$

мұндағы k_e – шеткі қысқаштардың (муфаталардың) кейбір түрлері үшін 6.4 кестеде келтірілген шығындар коэффициенті;

F_{min} – EN 12385-2 сәйкес төмендегі формуламен анықталатын үзілудің ең төменгі күші:

$$F_{min} = \frac{K \cdot d^2 \cdot R_r}{1000}, \quad \text{кН}, \quad (6.7)$$

мұндағы K – ораудан шығындарды есепке ала отырып, үзілуге әсер етудің ең төменгі коэффициенті;

ҚР НТҚ 03-03-1.1(2.1)-2012

d – арқанның номиналды диаметры, мм;

R_r – арқан маркасы, Н/мм².

ЕСКЕРТПЕ K , d және R_r мәндері барлық арқандар үшін EN 12385-2 көрсетілген. Сондай-ақ 3.3.1 тармағын қар.

6.3 Кесте – γ_R ұсынылатын мәндері

Бекіту орындарындағы иілу моменттін азайту үшін шаралар	γ_R
Иә	0,90
Жоқ	1,00

6.4 Кесте – k_e шығындар коэффициенті

Қысқаш түрі	k_e шығындар коэффициенті
Металмен тығыздалған арқан қапсырма	1,0
Полимер/шайырмен тығыздалған арқан қапсырма	1,0
Қысқыш муфталы ілгек	0,9
Штампиленген қапсырма	0,9
U –тәріздес қамыт-бұрандама	0,8*
* U-тәріздес қамыт-бұрандама үшін алдын ала ширату кетуге болады	

6.2.3.3 Тартқыштардың пайдалану жарамдылығы бойынша шекті жағдайлары

ҚР ҚН EN 1993-1-11 7 тарауына сәйкес қалыпты пайдалануға жарамдылықтың мынандай критерийлері есепке алынады:

- деформациялар немесе дірілдер;
- жұмыс режимінің серпімді шарттары.

1 ЕСКЕРТПЕ Деформация немесе дірілдер бойынша шектеулер конструктивті жүйенің қаттылығын, созылған элементтердің мөлшерін және алдын ала ширатылуын қалыпқа келтіру қажеттілігімен байланысты.

2 ЕСКЕРТПЕ Серпімді жұмыс сақтау және ұзақ уақытқа дейінгі жарамдылық бойынша шектеулер қалыпты пайдалануға жарамдылығы үшін маңызды әсерлердің комбинациялары үшін күштің (кернеудің) ең жлғары және ең төмен мәндерімен байланысты.

Бекіту аймағындағы иілімнің кернеуі тиісті шамалармен азайтылуы мүмкін (мысалы, көлденең жүктеме үшін неопренді төсемдермен).

6.2.3.4 Пайдалану жарамдылығын тексеру кезіндегі шекті кернеулер

Шекті кернеу жүктемелердің есепті комбинациялары үшін мына мақсаттарда көрсетілуі мүмкін:

- құрылыс кезеңінде және пайдалану уақытында құралымдардың тиісті есепті жағдайлары үшін серпімді деформациялар шегінде кернеуді ұстап қалу;
- тоттанудан сақтау бойынша іс-шараларға, яғни, қабықшалардың жарылуы, толтырғыштардың қатаюы, түйісулердің ашылуы және т.б. іс-шараларға ықтимал теріс әсер етуді болдырмау, сондай-ақ қажу есептеулеріндегі дәлсіздіктерді есепке алу;
- құралымның әсер етулерге сызықтық және сызықтық емес реакцияларын ULS (қауіпсіздік бойынша шекті жағдайлар) тексеру.

Шекті кернеу үзілуге беріктікке тәуелді:

$$\sigma_{uk} = \frac{F_{uk}}{A_m}, \quad (6.8)$$

мұндағы A_m – металл элементтердің көлденең қимасының ауданы, 2.3.4.2 тармақшаны қар.

1 ЕСКЕРТПЕ ҚР ҚН EN 1993-1-11 Ұлттық қосымшаға сәйкес f_{const} құрылыс кезеңі үшін 6.5 кестеде ұсынылған шекті кернеу мәндері және f_{SLS} пайдалану уақыты үшін 6.6. кестеде ұсынылған шекті кернеу мәндері қабылданды.

2 ЕСКЕРТПЕ f_{const} құрылыс кезеңі үшін шекті кернеуді мына ормула бойынша анықтайды:

$$f_{const} = \frac{\sigma_{uk}}{1,50 \cdot \gamma_R \gamma_F} = \frac{0,66 \cdot \sigma_{uk}}{\gamma_R \gamma_F}, \quad (6.9)$$

бұл ретте $\gamma_R \gamma_F = 1,0 \cdot 1,10 = 1,10$ – қысқа уақытты жағдай үшін;

$\gamma_R \gamma_F = 1,0 \cdot 1,20 = 1,20$ – ұзақ жағдайлар үшін.

3 ЕСКЕРТПЕ f_{SLS} пайдалану жағдайы үшін шекті кернеуді мына формула бойынша анықтайды:

$$f_{SLS} = \frac{\sigma_{uk}}{1,50 \cdot \gamma_R \gamma_F} = \frac{0,66 \cdot \sigma_{uk}}{\gamma_R \gamma_F}, \quad (6.10)$$

бұл ретте $\gamma_R \gamma_F = 0,9 \cdot 1,48 = 1,33$ – иілуден кернеуді есепке ала отырып;

$\gamma_R \gamma_F = 1,0 \cdot 1,48 = 1,48$ – иілуден кернеуді есепке алмай,

мұндағы $\gamma_F \approx \gamma_Q = 1,50 \approx 1,48$.

4 ЕСКЕРТПЕ $f_{SLS} = 0,45\sigma_{uk}$ шекті кернеуін сынақтар үшін пайдаланады (ҚР ҚН EN 1993-1-11 А қосымшасын қар.).

6.5 Кесте – f_{const} құрылыс кезеңі үшін шекті кернеу

Монтаж кезеңі	f_{const}
Алғашқы созылған элементтерді орнату кезінде бірнеше сағат бойы	$0,6\sigma_{uk}$
Созылған элементтерді орнатқаннан кейін	$0,55\sigma_{uk}$

6.6 Кесте – f_{SLS} пайдалану жағдайы үшін шекті кернеу

Жүктеу шарттары	f_{SLS}
Иілім кернеуін қосатын қажу есептеуі*	$0,5\sigma_{uk}$
Иілім кернеуін қоспайтын қажу есептеуі	$0,45\sigma_{uk}$
*Иілім кернеуі жергілікті шаралар арқылы азайтылуы мүмкін, 6.2.3.3 тармақшасын қар.	

6.3 [6.3] Элементтердің салмақ көтеру қасиеті

6.3.1 Элементтердің беріктік бойынша салмақ көтеру қасиеті

6.3.1.1 Орталық-созылған элементтер

ҚР ҚН EN 1993-1-1 6.2.3 тармағына сәйкес N_{Ed} созу күшінің есепті мәні әр көлденең қимада мына шартты қанағаттандыруы тиіс

$$\frac{N_{Ed}}{N_{t,Rd}} \leq 1,0 \quad (6.11)$$

Бұрандамаларға арналған қуыстары бар қималар үшін $N_{t,Rd}$ салмақ көтеру қасиетінің есепті мәні деп төмендегілердің ең кемін қабылдаған жөн:

а) пластикалық жағдайдағы көлденең брутто қимасының салмақ көтеру қасиетінің есепті мәндері

$$N_{pl,Rd} = \frac{A \cdot f_y}{\gamma_{M0}} \quad (6.12)$$

Көлденең А брутто қималарының ауданын номиналды мөлшері бойынша анықтаған дұрыс. Бұрандамаларға арналған қуыстардың ауданын көлденең қима ауданынан алып тастауға болмайды, бірақ көлемді әлсіреулерді есепке алған жөн. Қимадағы түйісу қабаттарын есептемеген жөн.

б) пластикалық жағдайдағы бұрандамаларға арналған қуыстары бар көлденең нетто қимасының салмақ көтеру қасиетінің есепті мәндері

$$N_{u,Rd} = \frac{0,9 \cdot A_{net} \cdot f_u}{\gamma_{M2}} \quad (6.13)$$

A_{net} нетто көлденең қимасының ауданы барлық қуыстар және өзге әлсіреулер аудандарын алып тастағаннан кейінгі ауданға тең деп қабылдаған дұрыс.

Нетто элемент қимасының сипаттамаларын анықтау кезінде алынып тасталатын көлденең қуыстың ауданы оның көлденең брутто қимасының ауданына тең деп қабылданады. Фаскасы бар қуыстар үшін оны дәл солай есептеген жөн.

Қуыстардың қатарлы орналасуы кезінде қуыстардың жалпы алынып тасталатын ауданы элементтің осіне перпендикуляр кез келген көлденең қимадағы қуыстар қималарының аудандарының қосындысына тең болуы тиіс (6.2 суретте 2 бұзылу жазықтығын қар.).


ЕСКЕРТПЕ Ең жоғарғы сома бұзылу сынды сызығының орналасуын алдын ала анықтайды.

Қуыстардың шахматты түрде орналасуы кезінде жалпы алынып тасталатын қуыстардың ауданы:

а) жоғарыдағы нұсқаулар бойынша есептелген қуыстардың алынып тасталатын ауданынан;


$$b) \quad t \cdot \left(n \cdot d_0 - \sum \frac{s^2}{4 \cdot p} \right) \text{ кем болмауы тиіс,} \quad (6.14)$$

мұндағы s – шахматты түрде орналасу кезіндегі қадам, элементтің осіне параллель сызық бойынша өлшенген екі шектес қуыстардың орталықтарының арақашықтығы;
 p – дәл сол екі орталық арасындағы элементтің осіне перпендикуляр сызық бойынша өлшенген арақашық – қалыңдық;
 n – бүкіл элемент немесе оның бөлігі арқылы өтетін кез келген диагональ немесе зигзаг тәріздес сызықтың бойында орналасқан қуыстар саны, 6.2 сурет;
 d_0 – қуыс диаметры.



6.2 Сурет – Шахматты түрде орналасқан қуыстар және 1 және сынды бұзылу сызықтары

Бірден артық жазықтықта орналасқан қуыстары бар бұрыштар немесе өзге терде p арақашықтығын элементтің бойындағы қуыстардың осьтері арасымен өлшеу қажет (6.3 сурет).



6.3 Сурет – Екі сөресінде де қуыстары бар бұрыштар

С класындағы қосылыстарда (6.4.1.2.1 тармақшасын қар.) бұрандамаларға арналған қуыстары бар көлденең нетто қимасының $N_{t,Rd}$ салмақ көтеру қасиетінің есепті мәнін $N_{net,Rd}$ тең деп қабылдаған жөн, мұндағы

$$N_{net,Rd} = \frac{A_{net} \cdot f_y}{\gamma_{M0}} \quad (6.15)$$

Бұрыштарды бір сөремен бекіткен кезде 6.2.2.2 тармақшасын қар. Осындай талаптар бір сөремен бекітілетін өзге типті қималар үшін де дұрыс.

6.3.1.2 Орталық-созылған элементтер

ҚР ҚН EN 1993-1-1 6.2.4 тармағына сәйкес әрбір көлденең қимадағы N_{Ed} сығымдаушы күшінің есепті мәнін:

$$\frac{N_{Ed}}{N_{c,Rd}} \leq 1,0 \text{ формуласымен анықтаған жөн.} \quad (6.16)$$

Біркелкі сығымдау кезіндегі $N_{c,Rd}$ көлденең қиманың салмақ көтеру қасиетінің есепті мәнін мынадай формулалар бойынша анықтаған дұрыс:

1, 2 және 3 кластар көлденең қималары үшін

$$N_{c,Rd} = \frac{A \cdot f_y}{\gamma_{M0}} \quad (6.17)$$

4 клас көлденең қималары үшін:

$$N_{c,Rd} = \frac{A_{eff} \cdot f_u}{\gamma_{M0}} \quad (6.18)$$

EN 1090 анықталған қатты босаған және жұмыр қуыстардан басқа бұрандамаларға арналған қуыстар сығымдалған элементтерде, егер ол қуыстарға бұрандамалар бекітілмесе, есепке алынбайды.

6.3.2 Беріктік бойынша сығылған элементтердің көтерушілік қабілеті

6.3.2.1 Торлы мұнаралар мен діңгектердің сығылған элементтерін жобалау бойлықты иілу кезінде беріктік бойынша көтерушілік қабілетті анықтау үшін төменде берілген әдістемені қолдану үшін жүргізіледі.

Сығылған элементті келесі жолмен беріктікке тексерген дұрыс:

$$\frac{N_{Ed}}{N_{b,Rd}} \leq 1,0 \quad (6.19)$$

мұндағы N_{Ed} – сығылатын күштің есептік мағынасы;

$N_{b,Rd}$ – беріктік бойынша сығылған элементтің көтерушілік қабілетінің есептік мағынасы.

Торлы мұнаралар мен діңгектердің беріктік бойынша сығылған элементтерінің көтерушілік қабілетінің есептік мағынасы келесі жолмен анықталады (6.3 СН РК EN 1993-1-1-кіші тармағына сәйкес):

$$1, 2 \text{ және } 3 \text{ кластардың көлденең қималары үшін: } N_{b,Rd} = \frac{\chi \cdot A \cdot f_y}{\gamma_{M1}} \quad (6.20)$$

$$4 \text{ класс көлденең қимасы үшін: } N_{b,Rd} = \frac{\chi \cdot A_{eff} \cdot f_y}{\gamma_{M1}} \quad (6.21)$$

мұндағы χ – 6.3.2.2-тармақшасы бойынша анықталатын беріктіктің тиісті қисығын жоғалту үшін төмендетуші коэффициент.

6.3.2.2 Беріктіктің қисық жоғалтулары

6.3.1.2 ҚР ҚН EN1993-1-1-тармақшасына сәйкес χ мағынасының элементтерін орталық сығу кезінде мына формула бойынша беріктіктің тиісті қисық жоғалтулары бойынша анықтаған дұрыс $\bar{\lambda}$:

$$\chi = \frac{1}{\Phi + \sqrt{\Phi^2 - \bar{\lambda}^2}}, \text{ кезінде } \chi \leq 1,0, \quad (6.22)$$

$$\text{мұндағы } \Phi = 0,5 \cdot \left[1 + \alpha \cdot (\bar{\lambda} - 0,2) + \bar{\lambda}^2 \right];$$

$$\bar{\lambda} = \sqrt{\frac{A \cdot f_y}{N_{cr}}} - 1, 2 \text{ және } 3 \text{ кластардың көлденең қималары үшін;}$$

$$\bar{\lambda} = \sqrt{\frac{A_{eff} \cdot f_y}{N_{cr}}} - 4 \text{ класс көлденең қимасы үшін,}$$

мұндағы α – бастапқы жетіспеушілікті есепке алатын коэффициент;

N_{cr} – брутто көлденең қимасының сипаттамасына тәуелді серпімді кезеңдегі тұрақтылықты жоғалтудың тиісті нысаны үшін сындарлы күш.

Тұрақтылықты жоғалтудың тиісті белгіленген α коэффициенті 6.7 және 6.8-кестелері бойынша қабылданады.

6.7 Кесте – Орталық сығу кезінде тұрақтылықты қисық жоғалту үшін бастапқы жетіспеушіліктерді есепке алатын коэффициент

Тұрақтылықтың қисық жоғалтуы	a_0	a	b	c	d
α коэффициенті	0,13	0,21	0,34	0,49	0,76

Тиісті шартты иілушілік $\bar{\lambda}$ үшін төмендетуші коэффициенттің χ сандық мағынасын 6.4-суретіндегі кесте бойынша анықтауға болады.

$\bar{\lambda} \leq 0,2$ иілушілігі кезінде немесе $\frac{N_{Ed}}{N_{cr}} \leq 0,04$ тұрақтылық жоғалтыду елемеуге және көлденең қиманы тек беріктікке тексеруге болады.

6.3.2.3 Бойлықтық майысу кезіндегі иілушілік

6.3.1.3 ҚР ҚН EN 1993-1-1-тармақшасына сәйкес шартты иілушілік $\bar{\lambda}$ тең:

1, 2 және 3 кластардың көлденең қималары үшін:

$$\bar{\lambda} = \sqrt{\frac{A \cdot f_y}{N_{cr}}} = \frac{L_{cr}}{i} \cdot \frac{1}{\lambda_1} \quad (6.23)$$

4 класс көлденең қимасы үшін:

$$\bar{\lambda} = \sqrt{\frac{A_{eff} \cdot f_y}{N_{cr}}} = \frac{L_{cr}}{i} \cdot \sqrt{\frac{A_{eff}}{A}} \cdot \frac{1}{\lambda_1} \quad (6.24)$$

мұндағы L_{cr} – есептік ұзындық;




i – тисіті оське қатысты брутто көлденең қима инерциясының радиусы;

$$\lambda_1 = \pi \cdot \sqrt{\frac{E}{f_y}} = 93,9 \cdot \varepsilon,$$




мұндағы $\varepsilon = \sqrt{\frac{235}{f_y}}$, f_y в Н/мм².


Бойлықты иілу кезінде беріктіктің тиісті қисық жоғалтуын 6.8-кестесі бойынша анықтаған дұрыс.

6.8 Кесте – Беріктікті қисық жоғалтуды таңдау

Көлденең қима		Шектер		Оське қатысты беріктікті жоғалту	Беріктікті қисық жоғалту	
					S 235 S 275 S 355 S 420	S 460
Илемдік қима		h/b > 1,2	t _f ≤ 40 мм	y – y z – z	a b	a ₀ a ₀
			40 мм < t _f ≤ 100 мм	y – y z – z	b c	a a
		h/b ≤ 1,2	t _f ≤ 100 мм	y – y z – z	b c	a a
			t _f > 100 мм	y – y z – z	d d	c c
Дәнекерленген қоставрлы қима		t _f ≤ 40 мм		y – y z – z	b c	b c
		t _f > 40 мм		y – y z – z	c d	c d
Тұйық қималар		Ыстықдеформацияланғандар		Барлығы	a	a ₀
		Салқындеформацияланғандар		Барлығы	c	c

6.8 Кесте – Беріктікті қисық жоғалтуды таңдау (жалғасы)

Көлденең қима		Шектер	Оське қатысты беріктікті жоғалту	Беріктікті қисық жоғалту	
				S 235 S 275 S 355 S 420	S 460
Дәнеркерленген өорапты қима		Жалпы (жалпы жағдайда) (төменде тізімделгеннен өзгесі)	Барлығы	b	B
		Дәнекерлеу жіктерінің қалыңдығымен: $a > 0,5t_f$ $b/t_f < 30$ $h/t_w < 30$	Барлығы	c	c
Швеллерлер, Таврлар және тұтас қима			Барлығы	c	c
бұрыштар			Барлығы	b	b



6.4 Сурет – Беріктіктің қисық жоғалтулары

6.3.2.4 Торлы мұнаалар мен дінгектердің тұрақты қимасына ие тұрақты остік сығылған элементтер кезінде кеміту коэффициенті χ және Φ коэффициенті χ анықтау үшін $\bar{\lambda}_{\text{eff}}$ орнына $\bar{\lambda}$ тиімді иілушілікті қолдана отырып анықталады. Тиімді иілушілік $\bar{\lambda}_{\text{eff}}$ келесі жолмен есептеледі:

$$\bar{\lambda}_{\text{eff}} = k \cdot \bar{\lambda} \quad (6.25)$$

мұндағы k – иілушіліктің тиімді коэффициенті 6.3.2.6-тармақшасын қараңыз және

$$\bar{\lambda} = \frac{\lambda}{\lambda_1};$$

λ_1 – 6.3.2.3-тармақшасында анықталған;

λ – беріктік қисығының тиісті нысаны кезіндегі иілушілік 6.3.3-тармағын қараңыз.

ЕСКЕРТПЕ Тиімді иілушілік сығылған элементтің тіреу талабын есепке алады.

6.3.2.5 Екі шеттері қатты бекітілмеген (егерде ол бұрандалық қосылыс болатын болса, кемінде екі бұрандамен) бұрыштық профилдің жекелеген элементтері үшін 6.3.2.1-тармақшасында анықталған бойлықты иілу кезіндегі беріктік бойынша көтерушілік қабілеттің есептік мағынасын η кеміту коэффициентін пайдалана отырып кеміткен дұрыс.

Жалғыз бұрыштық профилден жасалған мұнара мен дінгектің сығылған элементтері үшін кемудің η келесі коэффициенттері қабылданады:

– $\eta = 0,9$ – бұрыш бойында қойылған екі немесе одан көп бұрандаларымен дәнекерлеу жіктерімен бір сөренің белдеуіне тікелей бекітілген элементтер үшін, – II сызба қиғаш тіреулері үшін III және IA сызбаларының тораптары мен ашылу аралас қырларымен бірге (6.7-суретін қараңыз);

– $\eta = 0,9$ – бір шетінде бір сөремен бекітілетін, екінші шетінде – екі немесе одан көп элементтермен немесе дәнекерлеумен бекітілетін элементтер үшін;

– $\eta = 0,8$ – бұрыш бойында қойылған дәнекерленген жіктермен немесе бір немесе екі бұрандалармен бір сөренің белдеуіне тікелей бекітілген элементтер үшін, – III сызба қиғаш тіреулері үшін II және IA сызбаларының тораптары мен ашылу аралас қырларымен бірге (6.7-суретін қараңыз);

– $\eta = 0,75$ – бұрыш бойында қойылған дәнекерленген жіктермен немесе бір немесе екі бұрандалармен бір сөренің белдеуіне тікелей бекітілген элементтер үшін, – I және IA сызбаларының тораптары мен ашылу аралас қырларымен бірге сызбалары үшін (6.7-суретін қараңыз);

– $\eta = 0,75$ – тікелей бір сөренің белдеуіне, бір бұрандамен бекітілген, сондай-ақ қосылыс түріне қарамастан барлық сызба үшін фасонка арқылы бекітілетін элементтер үшін;

– $\eta = 0,7$ – бір бұрандалы қосылыспен күрделі қиылысатын тор кезінде – V сызба үшін (6.7-суретін қараңыз).

6.3.2.6 [G.2] Иілушіліктің тиімді коэффициенті k

Элементтің тиісті жалпы иілушілікті есептеу үшін құралым сызбасына сәйкес иілушіліктің k тиімді коэффициентін анықтауға болады.

а) тірек бағандар (мұнараның белдеуі)

k коэффициенті 6.9-кестеден қараңыз.

б) Беріктік байланыстарының элементтері (қиғаш тіреулер мен кергіштер)

Беріктік байланысы сызбасын және тірек бағандармен беріктік байланыстарының қосылысын есепке ала отырып k коэффициентін анықтаған дұрыс (6.7-суретті қараңыз). Неғұрлым нақты деректерболмаған кезде 6.10-кестесіндегі коэффициенттің мағынасын қараңыз.

в) Беріктіктің көлденең байланысы элементтері

Диафрагмалық K-тәрізді байланыстардың көлденең элементтері жағдайында (6.3.3.3.10-тармақшасын қараңыз), оның ұзындығының жартысы қысылған, ал екіншісі созылған, беріктікті жоғалтқан кезде 6.10-кестесі бойынша анықталған иілушіліктің тиімді коэффициентінің k жақтауына көлденең, сығылушы жүктеменің N_c созылушы жүктемесіне N_t қатынасына тәуелді 6.11-кестесінде берілген k_1 коэффициентіне көбейту қажет.

6.3.2.7 Жалғыз бұрыштардың кеңістікті құралымдарының сығылушы элементтерінің беріктігін есептеу

Жалғыз бұрыштардың кеңістікті құралымдарының сығылушы элементтерінің беріктігін есептеуді әдетте бойлықты күштердің эксцентрілі қосымшасын есепке ала отырып орындаған дұрыс.

Осы элементтерді 1,0 кем емес қабылданатын және келесі әдістеме бойынша анықталатын орталық-сығылған α_m және α_d коэффициенттеріне бойлықты күшті көбейту кезінде есептеуге жол беріледі:

Тең сөрелері бар жалғыз бұрыштың торапты элементтерін орталықтандырылған кезде тораптардың аралас қырларының ығысуында (беріктіктің симметриялық байланыстары) кеңістіктік бұрандалы құралымдарды тор элементтерінде бұрандалардың бір қатарлы орналасуы кезінде олардың тәуекелдері бойынша және белдеу сөресінің екі жағындағы торапта қиғаш тіреулерді бекіту кезінде α_m және α_d коэффициенттерінің мағынасы анықталады:

– тірек бағандары (белдеулері) үшін $\bar{\lambda} \leq 3,5$ ($\bar{\lambda} > 3,5$ кезінде қабылдаған дұрыс $\bar{\lambda} = 3,5$) формулалары бойынша:

$$0,55 \leq c / b \leq 0,66 \text{ и } N_{md} / N_m \leq 0,7$$

$$\alpha_m = 1 + [c / b - 0,55 + \bar{\lambda}(0,2 - 0,05\bar{\lambda})] N_{md} / N_m \text{ кезінде; } \quad (6.26)$$

$$0,4 \leq c / b < 0,55 \text{ и } N_{md} / N_m \leq (2,33 c/b - 0,58)$$

$$\alpha_m = 0,95 + 0,1 c / b + [0,34 - 0,62 c / b + \bar{\lambda}(0,2 - 0,05\bar{\lambda})] N_{md} / N_m \text{ кезінде; } \quad (6.27)$$

– қиғаш тіреулер үшін (0,54 бастап 0,60 дейін тең қиғаш тіреу бұрыштары сөрелерінің еніне бұранда орнатылған уатқыштан бастап тәуекелге дейін қиғаш тіреу сөресінің

қашықтығына қатынасымен), мына формулалар бойынша белдеудің есептелетін панеліне түйісетін:

$$0,55 \leq c / b \leq 0,66 \text{ и } N_{md} / N_m \leq 0,7$$

$$\alpha_d = 1,18 - 0,36c / b + (1,8c / b - 0,86) N_{md} / N_m \text{ кезінде; (6.28)}$$

$$0,4 \leq c / b < 0,55 \text{ и } N_{md} / N_m \leq (2,33 c / b - 0,58)$$

$$\alpha_d = 1 - 0,04c / b + (0,36 - 0,41c / b) N_{md} / N_m \text{ кезінде; (6.29)}$$

Араласы қырларындағы тораптарда араласпаған (беріктіктің симметриялық емес байланыстары) кеңістікті бұрандалы құралымдар үшін (6.20) және (6.22) формулаларында $0,45 \leq c / b \leq 0,55$ қабылдаған дұрыс.

Сөре белдеуінің ішкі жағынан ғана торапта қиғаш тіруелермен бекітілген тең сөрелерге ие жалғыз бұрыштың үш бұрышты торларымен кеңістікті дәнекерленген құралымдарында $N_{md} / N_m \leq 0,7$ кезінде α_m және α_d коэффициенттері қабылданады:

қиманың ауырлық орталығы бойынша өзек тораптарын орталықтандырған кезде $\alpha_m = \alpha_d = 1,0$;

белдеу шетінің қиғаш тіреу остерінің торабында орталықтандырылған кезде:

$$\alpha_m = \alpha_d = 1 + 0,12 N_{md} / N_m.$$

α_m және α_d анықтау үшін формулаларында (6.19) ÷ (6.22) қабылданған белгілер:

c – торап орталығы орналасқан уатқыштан бастап тәуекелге дейінгі белдеу бұрышындағы сөре бойынша қашықтық;

b – белдеу бұрышы сөресінің ені;

$$\bar{\lambda} - \text{белдеудің шартты иілгіштігі, ол тең } \bar{\lambda} = \frac{L}{i} \sqrt{\frac{f_y}{\gamma_M \cdot E}};$$

i – инерцияның радиусы;

f_y – аққыштық шегі;









γ_M – қауіпсіздіктің жеке коэффициенті;


E – серпімділік модулі;

N_m – белдеу панеліндегі бойлықты күш;

N_{md} – белдеудің бір сөресіне түйісетін қиғаш тіреудің күш белдеуі осіндегі проекциядағы сома және аталған комбинацияда анықталатын жүктеме, N_m тәрізді; белдеуді есептеген кезде панел шеттері бойынша тораптар үшін алынған N_{md} мағынасынан артық алынады, ал қиғаш тіреулерді есептеген кезде – қиғашы тіреу түйісетін торап үшін.



6.9 Кесте – Тірек бағандары үшін иілушіліктің тиімді коэффициенті

Беріктіктің симметриялық байланыстары			Беріктіктің симметриялық емес байланыстары			
Қима	 ⁽³⁾		Қима	⁽³⁾		
Осі	v-v	y-y	Осі	v-v	y-y	y-y
 <p>Оқиға Екі шетіндегі беріктіктің негізгі байланыстары</p>	$0,8 + \frac{\bar{\lambda}}{10}$ алайда $\geq 0,9$ және $\leq 1,0$	$1,0^{(1)}$	 <p>Жоғарғы шеті тік элементтермен байланған</p>	$1,2 \left(0,8 + \frac{\bar{\lambda}}{10} \right)$ алайда $\geq 1,08$ и $\leq 1,2$ $L_2^{(2)}$	$1,2 \left(0,8 + \frac{\bar{\lambda}}{10} \right)$ алайда $\geq 1,08$ және $\leq 1,2$ L_1	$1,0$ $L_1^{(1)}$
 <p>Симметриялық емес</p>  <p>Симметриялық</p> <p>Оқиға (б) Бір шетіндегі беріктіктің негізгі байланыстары және екіншісіндегі көмекші</p>	$0,8 + \frac{\bar{\lambda}}{10}$ но $\geq 0,9$ и $\leq 1,0$	$1,0^{(1)}$	<p>Оқиға(г) Екі шетіндегі беріктіктің негізгі байланыстары</p>  	$0,8 + \frac{\bar{\lambda}}{10}$ алайда $\geq 0,9$ және $\leq 1,0$ $L_2^{(2)}$	$0,8 + \frac{\bar{\lambda}}{10}$ алайда $\geq 0,9$ және $\leq 1,0$ L_1	$1,0$ $L_1^{(1)}$

 <p>Оқиға(в) Екі шетіндегі беріктіктің көмекшібайланыстары</p>	$0,8 + \frac{\bar{\lambda}}{10}$ но $\geq 0,9$ и $\leq 1,0$	1,0	<p>Оқиға(д) Екі шетіндегі беріктіктің негізгі байланыстары</p>			
<p>1 ЕСКЕРТУ Кеміту коэффициенті есеппен расталуы мүмкін. 2 ЕСКЕРТУ Тең бүйірлі емес бұрыштарды пайдалану кезінде ғана анықталатын. 3 ЕСКЕРТУ Жоғарыда берілген мағыналар 90° бұрыштар үшін қолданылады.</p>						


6.10 Кесте – Беріктік байланыстары элементтері үшін иілушіліктің тиімді коэффициенті

(а) Бұрышты профильдің бір немесе екі бұрандалы қосылысы

Бекіту типі	Мысал	Осі	k
Екі шетінен топсалы (яғни элементтің екі шетінен бір бұрандалы қосылыс)		v-v	$0,7 + \frac{0,35}{\lambda_v}$
		y-y	$0,7 + \frac{0,58}{\lambda_y}$
		z-z	$0,7 + \frac{0,58}{\lambda_z}$
Бір шетінен берік (бір шетінен бір бұрандалы қосылыс және элементтің екінші шетінен екі бұрандалы немесе кесілмеген)		v-v	$0,7 + \frac{0,35}{\lambda_v}$
		y-y	$0,7 + \frac{0,40}{\lambda_y}$
		z-z	$0,7 + \frac{0,40}{\lambda_z}$

6.10 Кесте – Беріктік байланыстары элементтері үшін иілушіліктің тиімді коэффициенті

(а) Бұрышты профильдің бір немесе екі бұрандалы қосылысы (жалғасы)


Бекіту типі	Мысал	Осі	k
Екі шетінен берік (екі шетінен екі бұрандалы қосылыс, бір шетінен екі бұрандалы қосылыс немесе элементтің екі шетінен кесілмеген қосылыс)		v-v	$0,7 + \frac{0,35}{\lambda_v}$
		y-y	$0,7 + \frac{0,40}{\lambda_y}$
		z-z	$0,7 + \frac{0,40}{\lambda_z}$
<p>1 ЕСКЕРТПЕ Жоғарыда көрсетілген бөлшектер мысал ретінде берілген және қосылыстық нақты қолданылатын жобалық типтерін көрсете алмайды.</p> <p>2 ЕСКЕРТПЕ Бұрыштық профиль сөресіне қосылу бөлшектері көрсетілген. k коэффициенті дәнекерленген фасонка көмегімен құбырлы немесе дөңгелек тұтас қима бағанына қосылыстарға тең дәрежеде қолданылады.</p>			

6.10 Кесте – Беріктік байланыстары элементтері үшін иілушіліктің тиімді коэффициенті k

(б) Құбырлар және өзектер

Құбыр немесе өзектің бағаны	Типі	Осі	$k^{(3)(5)}$
	 Құбыр, бір бұрандалы қосылыс	Жазықтықта	$0,95^{(2)}$
		Жазықтықтан	$0,95^{(2)}$
	 Құбыр, екі бұрандалы Аяқталу тілімшесі бар қосылыс дәнекерлеу құбыры	Жазықтыққа	0,85
		Жазықтықтан	$0,95^{(2)}$

**6.10 Кесте – Беріктік байланыстары элементтері үшін
иілушіліктің тиімді коэффициенті k
(б) Құбырлар және өзектер (жалғасы)**

Типі		Осі	$k^{(3)(5)}$
 <p>Дәнекерленген фасонкалары бар дәнекерленген құбырлар⁽¹⁾ және өзектер</p>	Жазықтыққа	0,70	
		0,85	
	Жазықтықтан	0,70	
		0,70	
	Жазықтыққа	0,85	
		0,85	

- 1 ЕСКЕРТПЕ Созылуы бақыланған екі бұрандалы бекітілу ұқсас қабылдануы мүмкін және есеппен тексерілуі тиіс
- 2 ЕСКЕРТПЕ Кеміту құрылыс ұзындығы үшін, бірақ шеткі бұрандалар арасындағы қашықтықтан кем емес.
- 3 ЕСКЕРТПЕ Егерде шеттері бірдей болмаса, орташа мағына «к» қолданылады.
- 4 ЕСКЕРТПЕ Жоғарыда көрсетілген бөлшектер тек мысал ретінде берілген және қосылыстың нақты қолданылатын жобалық типтерін көрсетпеуі мүмкін.
- 5 ЕСКЕРТПЕ Жоғарыда көрсетілген мағыналар әрбір шетінде бір типті қосылыспен байланыс элементтеріне жатады. Аралық көмекші байланыстары бар элементтер үшін «к» коэффициенті артуы мүмкін және сынау үдерісінде басқасы негізделмейтін болса 10 жоғарғы мағынасын қолданған дұрыс.

6.11 Кесте – Көлденең К-тәрізді дифрагмалық байланыстар үшін түрлендіру (k_1) коэффициенті

Арасалмағы $\frac{N_t}{N_c}$	Түрлендіру коэффициенті (k_1)
0,0	0,73
0,2	0,67
0,4	0,62
0,6	0,57
0,8	0,53
1,0	0,50
1,0 мағынасы егерде N_t / N_c арасалмағы теріс болатын болса қолданылады, екі элемент сығылған болады.	

6.3.2.8 Элементтердің тиімді қимасының сипаттамасын ҚР ҚН EN 1993-1-5 4.3-бөлімшесіне сәйкес есептеу қажет.

1 ЕСКЕРТУ Бұрыш үшін кему коэффициентін ρ иілушілік $\bar{\lambda}_p$ негізінде келесі жолмен сығылған сөренің тиісті енін \bar{b} есепке ала отырып есептеуге болады:

2 ЕСКЕРТПЕ Бір сөреге бекітілген бұрыштар болған жағдайда, ρ азайту коэффициенті қосылған сөреге қатысты ғана қолданылады.

3 ЕСКЕРТПЕ Коэффициент k_σ ҚР СН EN 1993-1-5 қара. Қысылған бұрыш сөресі үшін $k_\sigma = 0,43$ қабылдау керек.

6.3.2.9 Тұрақтылықтың бұрғылау және/немесе бұрғылау-иілу жоғалтымы келесі түрде тексеруге жатады:

а) Тұрақтылықтың бұрғылау жоғалтымына тең қабырғалы бұрыштар пластинкалар тұрақтылығын жоғарлатуды тексеруге таралады, 6.3.2.8-тармағын қара.

б) Тең қапталдағы бұрыштар мен басқа да қиылыстар туралы деректерді СН ҚР EN 1993-1-1 және СН РК EN 1993-1-3 6.3.1.4-тармағын қара.

6.3.2.10 Суық бүгілген жұқа қабырғалы элементтер туралы деректер СН ҚР EN 1993-1-3 қара.

6.3.3 [Н] Ұзартылған бүгіс кезінде есептік ұзындық және элементтердің бүгісі

6.3.3.1 [Н.1] Жалпы ережелер

Төменде келтірілген тармақшаларда мачта мен мұнара элементтерінің ұзартылған бүгілісі кезінде иілу мен ұзындықты анықтау бойынша ақпарат келтірілген.

6.3.3.2 [Н.2] Тірек бағандары (белбеулер)

6.3.3.2.1 [Н.2(1)] Тірек бағандарының иілімі 120 аспауы керек.

6.3.3.2.2 [Н.2(2)] Бірдей бұрыштар, құбырлы немесе осьтік қысылымға ұсталған

тіректерді әзірлеуде қолданылатын тегіс дөңгелек қиылыстар профильдер, екі перпендикулярлық жолақтарда немесе 60° бұрышымен тегістіктерде (үшбұрыш конструкциялар болған жағдайда), түйіндер арасындағы есептік ұзындық негізінде иілімді анықтау қажет.

Егер қаттылық байланыстары екі перпендикулярлық жазықтықтарды немесе 60° бұрышымен тегістіктерде (үшбұрыш конструкциялар болған жағдайда) орналасса, есептік ұзындық түйіндер арасындағы ара-қашықтыққа теңді қолданады. 6.9 кестесінде келтірілген иілімділікті жағдайға байланысты (6.30) немесе (6.31) формула бойынша анықтау қажет. Иілімділік тең қабылданады:

$$\text{– бұрыштар үшін: } \lambda = \frac{L_1}{i_{yy}} \quad \text{немесе} \quad \lambda = \frac{L_2}{i_{vv}} \quad (6.30)$$

$$\text{– құбырлар үшін: } \lambda = \frac{L_1}{i_{yy}} \quad (6.31)$$


ЕСКЕРТПЕ $\lambda = \frac{L_2}{i_{vv}}$ мағынасы шеттерін итерудің шынайы жағдайларын есепке алумен аса

нақты есеп кезінде сұраныспен қабылануы мүмкін.


6.3.3.2.3 [Н.2(4)÷(6)] Тіректер үшін құрама элементтер крест түрді қиылыс және таврға қосылған түрде екі бұрыштан қалыптасатын болады.

Таврға қосылған екі бұрыштамалардан тұратын құрамдас элементтер кішігірім интервалмен жеке болуы және итеру детальдар мен қосылғыш болттар көмегімен қосылуы тиіс. Оларды СН ҚР EN 1993-1-16.4.4-тармағына сәйкес үйлесімнің тура бұрышты жүйелерінің екі осі бойынша тұрақтылықты жоғалтуға тексеру қажет. Қосылғыш болттар арасындағы максималды ара-қашықтықты 6.12 кестеден қара.

Төсемелермен қосылған бұталармен жақын немесе тығыз орналасқан құрама қиылыстардың қысыңқы элементтері, 6.5 сурет немесе екі перпендикулярлық жолақтарда планкалармен бұрыштардың крестік қиылысында, 6.6. сурет 6.12-суреттегі жағдайларды орындау кезінде, қозғалыс қаттылығына әсер етудегі ақпарат беретін тегіс элементтер ретінде тұрақтылыққа тексеру қажет ($S_v = \infty$).



6.5 Сурет – Құрама элементтер



6.6 Сурет – «жұлдыз» түрі бойынша қосылған бұрыштық элементтер

**6.12 Кесте – Құрама қиылыстағы элементтерде қосу детальдар арасындағы
максималды ара-қашықтық**

Құрама элементтің түрі	Детальдар арасындағы максималды ара-қашықтық*
Болт немесе дәнекерлеме арқылы қосылған 6.5 суретте келтірілген элементтер	$15i_{\min}$
Төсеме буымен қосылған 6.6 суретінде келтірілген элементтер	$70i_{\min}$
Онда i_{\min} – бір бұтамен интеграциялаудың минималды радиусы	
* – Бұл қосылғыш детальдар орталықтары арасындағы ара-қашықтық.	

Төсемдермен қосылған қозғалтуды күшейту мағынасын СН ҚР EN 1993-1-1 6.4.3.1(1)-тармағы бойынша анықтау қажет.

Тең емес бұрыштамаларды қолданған жағдайда 6.6. суретті қара, оське қатысты тұрақтылық – қиылыс интеграциялау радиусымен тексерілуі мүмкін, тең:

$$i_y = \frac{i_0}{1,15} \quad (6.32)$$

Онда i_0 – құрама элементтерді интерциялаудың минималды радиусы.

Қосылғыш болттар, егер ара-қашықтық бұрыштамалар арасында $1,5t$ аспайтын болса, толық ортақ жұмысты қамтамасыз етпейді, ал сипаттамаларды қол жетімділікпен есептеу қажет, интервал нақты мағынаға немесе шама кіші болса $1,5t$ тең, онда t – бұрыш қалыңдығы. Егер қосымша болттарға қосымша қосу планкатар толық саңылауға сәйкес келетін сипаттамаларды қабылданатын болады.

Қосылғыш планкалар екі бұрыштаманың салыстырмалы қозғалысын алдын алуы тиіс. Егер А және В санатындағы болттық құрамалар қолданылады (СН РК EN 1993-1-8 3.4. тарауын қара), болттық саңылаудың диаметрі азайтылуы тиіс.

Жобалау кезінде төсеме арқылы қосылған екі бұрыштардың құрама элементтерін дәнекерленген планкалар (жарықта) арасындағы учаскелерде кішігірім ара-қашықтық келесіден аспаған жағдайда тегіс элементтер ретінде орындау қажет:

- қысылған элементтер үшін – $40 i$;
- созылмалы элементтер үшін – $80 i$,

Онда i бұрышы интерция радиусын оське қатысты таврлық қиылыс үшін қабылдау қажет, төсеменің орналасуына параллельді қиылысы, ал крестік қиылыс үшін – минималды.

Сонымен қатар қысылған элементтердің шегінде кем дегенде екі төсем қою қажет.

ЕСКЕРТПЕ Жоғарыда келтірілген тірек бағандарының құрама элементтері үшін жағдай, сондай-ақ тығыздықты байланыстырудың құрама элементтеріне қолданылады.

6.3.3.3 Тығыздық байланысы (қиылыстар және ашулар)

6.3.3.3.1 [Н.3.1] Жалпы ережелер

6.7 суретте келтірілген тығыздықтың негізгі байланысының типтік кестесіне қатысты келесі ережелер қолданылады. Тығыздықтың көмекші байланысын 6.7 суретте немесе 6.8. суретте көрсетілгендей белбеу элементтері немесе тығыздық байланысын бөлу үшін қолданылуы мүмкін (IA, IIА, IIIА, IVА).

Тығыздық байланысы үшін λ иілімділігі тең қабылданады:

$$\text{– бұрыштар үшін: } \lambda = \frac{L_{di}}{i_{vv}} \quad (6.33)$$

$$\text{–құбырлар үшін: } \lambda = \frac{L_{di}}{i_{yy}} \quad (6.34)$$

онда L_{di} 6.7 суретте көрсетілген.

ЕСКЕРТПЕ $\lambda = \frac{L_{di}}{i_{vv}}$ мағынасы шеттерін итерудің шынайы жағдайларын есепке алумен аса нақты есеп кезінде қормен қабылданатын болады.

Тығыздықтың негізгі байланысының λ иілімділігі, 180 аспауы тиіс, ал көмекші байланыстар – 250 аспауы тиіс. Тығыздықтың көп қабырғалы қиылыс байланысы үшін (6.7 сурет (V)) жалпы иілімділік, ережеге сай, 350-ден аспауы тиіс емес.

ЕСКЕРТЕ Иілімділіктің жоғары коэффициентін пайдалану жеке элементтердің мүмкін вибрациясына және жергілікті жүктемелер кезінде бүгілу кезінде олардың зақымдауына әкеледі.

6.3.3.3.2 [Н.3.2] Үшбұрышты тор

Үшбұрышты торды кішігірім жүктеу кезінде қолданылады және қысқа ұзындықтарға қатысты, мысалы, мұнара немесе жеңіл матчталардың жоғарғы жағында (6.7 суретті қара (I)).

6.3.3.3.3 [Н.3.3] Қиылыс тор

Жүктеме қысылған және созылғанға бөлінген жағдайда, элементтер қиылысы нүктесіне қосылады, екі элемент те кесінді болу қажет (6.7 суретті қара 6.7 (II)), қиылысу орталығы көлденең қиылыста және байланыс қиылысында бекіту нүктесі есептелуі мүмкін, ал критикалық есептік ұзындық кіші ось үшін L_{d2} болады.

Егер жүктеме қысылғанға және тартылғанға тең бөлінбесе, сондай-ақ, екі элемент те кесілмеген болса, онда қысылған элементтерді, ең үлкен қысылған күшке тексеру қажет. Сонымен қатар, екі қысылған элементтердің көлденең қиылысына қарсыласу соммасы кем болады, екі элементке жұмыс істейтін осьтік күштің алгебралық соммасына тең болады. Көлденең қиылысқа қарсы келуді есептеу кезінде есептік ұзындық L_d тең болады, ал инерция радиусы байланысың тегістігіне параллельді координаттың тікбұрышты жүйесінің осі бойынша инерциялау радиусына тең.

Тығыздықтың негізгі байланысының типтік кестесі					
Параллельді немесе қысылған			Кәдімгі қысылған		Кәдімгі параллельді
I Үшбұрышты қ тор	II Қиылыс топ	III К-тәрізді (жартылай ашық) тор	IV Кесілген горизонталды элементтермен кесілген ромбтық тор	V Көп қырлы қиылыс тор	VI Кресттік (тартылған) тор
$L_{di} = L_d$	$L_{di} = L_{d2}$	$L_{di} = L_{d2}$	$L_{di} = L_{d2}$		
Тығыздықтың көмекші байланыстарымен типтік кесте (6.8 суретін қара)				ЕСКЕРТПЕ VI кестесіндегі тартылған элементтер тарту кезінде жалпы қозғалысқа арналған, мысалы	

6.7 Сурет – Тығыздық байланысының типтік кестесі

Тығыздықтың негізгі байланысының типтік кестесі				
Параллельді немесе қысылған			Кәдімгі қысылған	Кәдімгі параллельді
IA	IIA	IIIA	IVA	
Үшбұрышты қ тор	Ромбтық тор $L_{di} = L_{d1}$	К-тәрізді тор $L_{di} = L_{d1}$ $L_{di} = L_{d2}$ - Координаттардың тікбұрышты жүйелерінің осі үшін	Қосылқы элементтермен ромб торлары $L_{di} = L_{d1}$	

6.7 Сурет – Тығыздық байланысының типтік кестесі (жалғасы)

Иілімділік келесі түрде есептеледі:

– бұрыштар үшін:

$$\lambda = \frac{L_d}{i_{yy}} \quad \text{или} \quad \frac{L_d}{i_{zz}} \quad (6.35)$$

– тегіс дөңгелек қиылыс профилі немесе құбыры үшін:

$$\lambda = \frac{L_d}{i_{yy}} \quad (6.36)$$

ЕСКЕРТПЕ Егер кесінді элементтерінің кез-келгені кесінді болса, қосылу орталығы көлденең бағытында ғана қысылған болып саналады, егер детальдау осындай болса, екі элементтерде тиімті көлденең тығыздық қиылыспен қамтамасыз етіледі, ал ұзартылған осьтік қаттылық бірдей.

6.3.3.3.4 [Н.3.4] Айқаспалы (созылған) кереге

Әрбір диагоналды элемент байланыстағы толық жүктемені байланыстырушы және көлденең элементтердің көмегімен ұстауы тиіс. (6.7 (VI)суретті қар.).

ЕСКЕРТПЕ Созылуға жұмыс істейтін жүйелер монтаждауға, моздификацияларға және тиістіорын ауыстыруға бейім, Байланыстардың басыапқы созылуын есепке ала отырып, ауытқуды азайтуға бағытталған орталық қиылысу нүктесіндегі өзара қолдаудың қамтамасыз етілуін жобалау қажет.

6.3.3.3.5 [Н.3.5] Көмекші элементтері бар ромб тәріздес кереге

Тіреуіш бағандарды шешу үшін көмекші элементтерді енгізген жағдайда (6.7 суретті (IIA және IVA) және 6.8 (а) суретті қар.), ең кіші ось бойынша көлденең майысу кезіндегі ұзындықты L_{d1} ретінде қабылдау қажет.

Сондай-ақ көлденең байланысты координаталардың тік бұрышты жүйесінің осі бойынша L_{d2} ұзындығының тұрақтылық шығынын, содан кейін осьтік күштердің

алгебралық сомасын анықтауға арналған L_d ұзындығының тұрақтылық шығынын тексеру қажет, 6.3.3.3.3-Тармақшасын қар.

6.3.3.3.6 [Н.3.6] Орталық қиылысу нүктесіндегі кесілмеген көлденең элементтен тұратын ромб тәріздес кесінді кереге

Көлденең элемент жүктеме жағдайында, бір элементтің қысылуы екінші элементтің созылуынан асқан кезде немесе екі элемент те сығылуға ұшырағанда, қысып ұстауды қамтамасыз етуге арналған көлденең бағыттағы жеткілікті қатаңдыққа ие болуы тиіс, 6.7 (IV) суретті қар.

Бұл шарт келесі тәсілмен орындалуы мүмкін: көлденең элемент көлденең бағытта орналасқан бойлық байланыстағы екі элементтің осьтік күшінің алгебралық сомасын (координаталардың тік бұрышты жүйесінің осі бойынша барлық ұзындығы бойынша сығылған элемент ретінде) ұстауы тиіс.

ЕСКЕРТПЕ Рамаға көлденең жергілікті жүктемелердн, мысалы, желден, шеткі элементтерде туындайтын майысу кернеуіне қосымша рұқсат алу қажеттілігі туындауы мүмкін.

6.3.3.3.7 [Н.3.7] Диагоналды бұрыштық элементтері бар ромб тәріздес кереге

Көлденең байланыстардың кейбір сұлбаларында келтірілген ұзындығы көлденең байланыс жазықтығын төмендету мақсатында бұрыштық элемент қарастырылуы мүмкін. (6.8(б) суретті қар.). 6.3.3.3.3-Тармақшаға қатысты қолданылған ұқсас тәртіпті тиісті қысуды анықтау үшін қолдауға болады.

Бұл жағдайда бойлық майысудың бес тексеруі келесі тәртіпте жүргізіледі:

- минималды ось бойынша L_{d1} ұзындығына ең жоғары жүктеме түсу кезіндегі элементтің бойлық майысуы;
- координаталардың тікбұрышты жүйесінің бойлық осі бойынша L_{d2} ұзындығына ең жоғары жүктеме түсу кезіндегі элементтің бойлық майысуы;
- көлденең ось бойынша L_{d3} ұзындығына көлденең байланыстағы жүктемелердің алгебралық сомасының ықпалы бойынша көлденең байланыстың екі элементінің көлденең майысуы;
- көлденең ось бойынша L_{d4} ұзындығына диагоналды байланыстағы жүктемелердің алгебралық сомасының ықпалы бойынша көлденең байланыстың (екі аралас қырдың әрқайсысының біреуі бойынша) екі элементінің көлденең майысуы;

ЕСКЕРТПЕ Бұл жағдайда жалпы кедергіні қысылған екі элементтің де көлденең майысу кедергілерінің сомасы ретінде есептеу қажет (6.3.3.3.3 Тармақшасын қар.).

- көлденең ось бойынша L_{d4} ұзындығына диагоналды байланыстағы жүктемелердің алгебралық сомасының ықпалы бойынша көлденең байланыстың (төрт аралас қырдың әрқайсысының біреуі бойынша) төрт элементінің көлденең майысуы.

6.3.3.3.8 [Н.3.8] Жартылай көлбеу керегелердің диагоналды элементтері

Көмекші элементтер бомаған жағдайда (6.7 (III) суретті қар.) сындық есептеу ұзындығы кіші ось бойынша L_{d2} тең қабылдануы мүмкін.

Егер қырларда көмекші байланыстар қарастырылып, бірақ көлбеулер болмаса (6.7 (III) суретті қар.), сындық есептеу ұзындығы координаталардың тік бұрышты жүйесінің тиесілі осі бойынша L_{d2} тең деп қабылданады. Осылайша, икемділік:

$$\lambda = \frac{L_{d2}}{i_{yy}} \quad \text{или} \quad \frac{L_{d2}}{i_{zz}} \quad \text{тең.} \quad (6.37)$$

Қосымша байланыстар мен үшбұрышты байланыстар болған жағдайда (6.8(с) суретті қар.) координаталардың тік бұрышты жүйесінің тиесілі осі бойынша көлденең байланыстар бағытындағы майысуды тексеруге арналған көлбеу элементтері арасын тиісті есептеу ұзындығын L_{d4} қолдану қажет. Осылайша, қиылыстардың барлық тұрпаттары үшін икемділік

$$\lambda = \frac{L_{d4}}{i_{yy}} \quad \text{или} \quad \frac{L_{d4}}{i_{zz}} \quad \text{ретінде алынуы мүмкін} \quad (6.38)$$


6.3.3.3.9 [Н.3.9] Қырлардың көлденең диафрагмалы көлденең элементтері

Егер қырлардың көлденең элементтерінің ұзындығы үлкен болса, көлденең тұрақтылықты қамтамасыз етуге арналған диафрагмалар белгіленуі мүмкін.

Көлденең элементтің есептеу ұзындығы тұрақтылығын жоғалтқан жағдайда диафрагмадағы қиылысу нүктелерінің арасындағы қашықтық рама жазықтығындағы тұрақты жоғалту кезіндегі жоспардың тіреуіштері арасындағы қашықтыққа тең деп алынады.

$v-v$ осьтерін немесе координаталардың тік бұрышты жүйесінің тиесілі осьтерін тандау кезінде сақтық шараларын қолдану қажет. Егер ортаңғы нүктедегі (немесе оның жанындағы) есептеу ұзындығының көмегімен тиісті бекіту қарастырылмаған болса, $v-v$ осі пайдаланылуы тиіс. Бұл жағдайдағы тұрақтылық шығынын $v-v$ осі бойынша және координаталардың тік бұрышты жүйесінің тиесілі осі бойынша тексеру қажет..

ЕСКЕРТПЕ Бұл әдіс ұштарды түйістірудің нақты жағдайларын есепке ала отырып, неғұрлым дәл есептеу кезінде пайдаланылатын қор болуы мүмкін.



1 – Байланыстың бұрыштық элементі(егер екі байланыс та сығылған болса, ықпалдарды азайту үшін); 2 – Көлбеулер


6.8 Сурет. Көлденең байланыс жүйелерін қолдану

Егер диафрагма толық үшкілденбесе, көлденең рамадағы жел бағыты сияқты, жүктемелерден туындаған шеткі элементтердегі майысу кернеулеріне қосымша рұқсат алуды қарастыру қажет, 6.9 –суретті қар.

Тұрақтылық шығынын бодырмай үшін, диафрагма толық үшкілденбеген жағдайда:

– көлденең диафрагмалар бірыңғайланған көлденең жүктемені $p \times H$ ұстайтындай жобалануы тиіс, мұндағы p – көлденең диафрагма элементтеріндегі ең жоғары осьтік қысушы күштің H пайызы (6.10 суретті қар.);


– бұл күштің әсерінен болатын көлденең диафрагманың ауытқуы $L/500$ аспауы тиіс.



* егер екі диагональ болса, оларды союз элементтері ретінде жобалауға болады

6.9 Сурет.Тұраптық диафрагмалар

Толық үшкілденбегендер
(майысу ықпалына тиесілі көңіл бөлінбесе, жобалау үшін ұсынылмайды)



6.9 Сурет.Тұрпаттық диафрагмалар (жалғасы)

6.3.3.3.10 [Н.3.10] Диафрагмаларсыз көлденең элементтер

Ені шамалы мұнаралар мен діңгектерде тиісті жағдайларда тиесілі негізделген диафрагмаларды орнатпай-ақ қоюға болады.

L_h ұзындығы бойынша раманың жазықтығынан тұрақтылық шығынын есептеу кезінде (6.10(а) сурет) координаталардың тік бұрышты жүйесінде инерция радиусын қолдану қажет. Алайда бір бұрышты элементтер үшін L_{h2} ұзындығы бойынша $v-v$ осінің инерция радиусын қолдану қажет. Бұл жағдайда есептеу ұзындығы L_{h1} тең деп қабылданады. 6.10(б) суретін қар.


ЕСКЕРТПЕ Бұл әдіс ұштарды түйістірудің нақты жағдайларын есепке ала отырып, неғұрлым дәл есептеу кезінде пайдаланылатын қор болуы мүмкін.

Көлденең элементтің тұрақтылық шығынын болдырмау үшін 6.3.3.3.9-Тармақшада келтірілген шарттарды орындау қажет.

ЕСКЕРТПЕ Рамаға көлденең жергілікті жүктемелердн, мысалы, желден, шеткі элементтерде туындайтын майысу кернеуіне қосымша рұқсат алу қажеттілігі туындауы мүмкін.

6.3.3.3.11 [Н.3.11] Майысқан К-тәріздес көлбеулер


Мұнараның ені үлкен болған жағдайда негізгі диагоналарға атық байланыстардың ұзындығы мен өлшемінің қысқару әсерін тудыратын майысулар (6.11-суретті қар.), қосылуы мүмкін. Бұл майысу кезінде жанасатын элементтердің қысқаруына әкелетін болғандықтан, көлденең тіреуішті қарастырған жөн. Диагоналды және көлденең элементтерді топсалық қосылуға дейінгі ұзындықтармен байланысы диагоналардың ұзындығы, К-тәріздер көлбеулер ретінде жобалау қажет.




6.10 Сурет. Дифрагмасыз К–тәріздес көлбеулердің көлденең элементтері

6.3.3.12 [Н.3.12] Порталды рама

Порталды рамаға тақтаны тасымалдауға арналған майысуына көлденең элементті енгізуге болады, 6.12 –суретті қар. Бұл К-тәріздес көлбеуде топсалы қосылыстың болмауына әкелетіндіктен, іргетастың шөгуіне немесе ығысуына ерекше назар аудару қажет.



6.11 –Сурет. Майысқан к-тәріздес көлбеулер



6.12 Сурет. Порталды рама


6.3.3.13 [Н.3.13] Көпкөлбеулі айқаспа кереге

Көп көлбеулі керегелік үйлестірудің байланыстыру элементтері барлық қиылысу нүктелерінде көмекші элементтер ретінде (6.3.3.4-Тармақшаны қар.) i_{yy} немесе i_{zz} , см инерциясының радиусына тиесілі тіреуден тіреуге дейінгі есептеу ұзындығында жобалануы тиіс, 6.13-сурет. Тақтаның тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін жалпы икемділік L / i_{yy} 350 кем болуы тиіс. Дара бұрыш элементтері үшін i_{yy} / i_{vv} қатынасы 1,50 артық болуы тиіс, мұндағы i_{yy} – жоспардағы параллелькереге осі бойынша инерция радиусы.

6.13-суретте көрсетілген А-В элементінің тұрақтылығын, икемділік кезіндегі сындық есептеу ұзындығына L_0 қоса берілген жүктемемен тексеру қажет.

– бұрыштар үшін:
$$\lambda = \frac{L_0}{i_{vv}} \quad (6.39)$$

– құбырлар мен көлденең қиылысты тұтас профиль үшін:
$$\lambda = \frac{L_0}{i_{yy}} \quad (6.40)$$



6.13 Сурет. Көпкөлбеулі айқаспа кереге

ЕСКЕРТПЕ $\lambda = \frac{L_0}{i_{vv}}$ мәні ұштарды түйістірудің нақты жағдайларын есепке ала отырып, неғұрлым дәл есептеу кезінде пайдаланылатын қор ретінде қабылдануы мүмкін.

6.3.3.4 [Н.4] Қаттылықтың көмекші байланыстары

6.3.3.4.1 [Н.4(1)] Тіреуіш бағандардағы барлық шалағайлықтарды есепке алу үшін, сондай-ақ көмекші байланыстыру элементтерін жобалау мақсатында тіреуіш бағанға (немесе бағандардың орнына басқа тіреуішке) көлденең әрекет ететін шартты күш енгізу қажет. Тұрақтандырушы тіреуіш бағандардың икемділігіне қарай қандай да бір көмекші элементтің есебінде қолданылатын шартты күштің мәні 6.3.3.4.2 және 6.3.3.4.3-Тармақшаларға сәйкес анықталады.

6.3.3.4.2 [Н.4(2)] Жоспардағы байланыстарды косудың әрбір желісіне қолданылатын күш тіреуіш бағанға осьтік күштен түсетін пайыз p ретінде анықталады. Тіреуіш бағандар икемділігінің әр түрлі шамалары үшін: Сила, прикладываемая к каждому узлу соединения связей в плане, определяется как процент p от осевой силы в опорной стойке и для различных величин гибкости опорной багандар может быть принята как:

$p = 1,41,$ егер $\lambda < 30$ (6.41)

$p = (40 + \lambda) / 50,$ егер $30 \leq \lambda \leq 135$ (6.42)

$p = 3,5,$ егер $\lambda > 135$ (6.43)

6.3.3.4.3 [Н.4(3)] ретінде қабылданған.

Егер тақтада аралық желі біреуден артық болса, онда көмекші байланыстардың жүйесін осьтік күштің 2,5% кезінде жеке қарастыру қажет. Осы шарттық күштердің ірге және бір бағытта, байланыс жүйесінің тіреуіші мен жазықтығына ықпал етуіне жол беріледі.

6.3.3.4.4 [Н.4(4)] Екі жағдайда да (6.3.3.4.2 және 6.3.3.4.3 Тармақшалар) желілік серпімді талдау әдісімен үшкілденген такталар шегінде күштердің таратылуын анықтау қажет.

6.3.3.4.5 [Н.4(5)] Бұл шартты күштің ықпалы, әдетте, кез келген салмақ түсетін элементті жобалау кезінде есептелетін негізгі күшке қосылады. Жалпы қабылданған үйлесімнің еркін тұрған тіреуіштеріне айрықша қатысты шартты күш, егер негізгі күш одан кем болатын болса, негізгі күшке шартты күштің ықпалына тексеру жүргізушартында негізгі күштерге қосылмайды. Тартқыштары бар дінгктерді жобалау кезінде негізгі күшке әрдайым қосылады..

6.3.3.4.6 [Н.4(6)] 6.3.3.4.1÷6.3.3.4.5 Тармақтарға сәйкес шартты күштерді есепке ала отырып, байланыстар күшінің жеткіліксіз қаттылығы туралы жол беруді қабылдауға болады.

6.3.3.4.7 [Н.4(7)] Егер негізгі салмақ түсетін элемент эксцентрлі жүктелген болса, К-тәріздес көлбеулер мен тіреуіштердің негізгі диагоналы арасындағы бұрыш кем дегенде 25° құрайтын болса, онда жоғарыда көрсетілген шартты күштің мәні жеткіліксіз болуы мүмкін, сондықтан негізгі бағандардың өзгеруі нәтижесінде, қайталама кернеулер мен эксцентриситет моментін есепке ала отырып, мейлінше нақты мәнді анықтау қажет.

6.3.3.4.8 [Н.4(8)] Егер тұрақтылық шығынының бағыты байланыс жазықтығынан тыс орналасса, онда (6.34)÷(6.36) Формулаларымен берілген мәндерді , $\sqrt{2}$ коэффициентіне бөлу қажет.

6.3.3.5[Н.5] Қабықтық құралымдар

Қабықтық құралымдардың беріктігі мен тұрақтылығын түтін мұржаларына жататын көмекші құралдың бөліктерінен және ҚР ҚН EN 1993-1-6 қар.

6.4 Қосылыстар

6.4.1 Жалпы ережелер

6.4.1.1 ҚР ҚН EN 1993-1-8 стандартының 2.1÷2.4 Қосымша бөлімдеріне сәйкес көмекші құралдың осы тарауында келтірілген есептеу әдістері ҚР ҚН EN 1993-1-8 1.2-қосымша бөлімінде немесе материалдар мен бұйымдардың тиісті техникалық шарттарында келтірілген сілтеме стандарттарға қолданылатын бұйымдарға сәйкес шарттарда қолданылады.

Барлық қосылыстардың есептік салмақ түсетін қабілеттілігі ҚР ҚН EN 1993-1-8 және в ҚР ҚН EN 1993-1-1 келтірілген барлық негізгі талаптарды қанағаттандыруы тиіс.

Қосылыстарға арналған жеке қауіпсіздік коэффициенттері γ_m 6.13-кестеде келтірілген.

Қажу жүктемелеріне ұшыраған қосылыстар да ҚР ҚН EN 1993-1-9 талаптарын қанағаттандыруы тиіс.

Қосылыстардың салмақ түсетін қабілеттілігін оның негізгі компоненттерінің салмақ түсетін қабілеттілігіне қарай анықтаған жөн.

Егер кесіндінің күштерін қабылдау үшін әр түрлі қаттылықтағы бекіту бөлшектері қолданылатын болса, онда есептеу жүктемесі қаттылығы жоғары бекіту бөлшектерімен қабылдануы тиіс. Есептеудің бұл ережесіне кірмейтін жағдайдар 6.4.1.6.3-Тармақта келтірілген.

Барлық бұрандамалар тығырықтардың босап кетуінен қорғалуы тиіс.

6.13 Кесте . Қосылыстарға арналған жеке қауіпсіздік коэффициенттері

Элементтер мен көлденең қиылыстардың салмақ түсетін қабілеттілігі	γ_{M0} , γ_{M1} и γ_{M2} , ҚР ҚН EN 1993-1-1 қар.
Бұрандамалардың салмақ түсетін қабілеттілігі	γ_{M2}
Пісіру жіктерінің салмақ түсетін қабілеттілігі	
Майысу пластиналарының салмақ түсетін қабілеттілігі	
Түйісу беттерінің жылжуына салмақ түсетін қабілеттілігі:	
Шекті жағдайдағы салмақ түсетін қабілеттілігі бойынша(С санаты)	γ_{M3}
Шекті жағдайдағы пайдалану жарамдылығы бойынша (В санаты)	$\gamma_{M3,ser}$
Беріктігі жоғары бұрандамаларды алдын ала тарту	γ_{M7}

1 ЕСКЕРТПЕ ҚР ҚН EN талаптарына сәйкес параметрлері анықталған материалдар қолданылатын болса, жеке қауіпсіздік коэффициенттерінің келесі мәндерін қабылдау қажет:

$$\gamma_{M2} = 1,25; \gamma_{M3} = 1,25 \text{ и } \gamma_{M3,ser} = 1,1; \gamma_{M7} = 1,1.$$

2 ЕСКЕРТПЕ Егер жергілікті материалдар қолданылатын болса, онда сәулет және құрылыс істері бойынша уәкілетті орган ұйымынан осы материалдарды қолдануға арналған техникалық шарттарды алу қажет.

6.4.1.2 Бұрандамалық қосылыстардың санаттары

6.4.1.2.1 Жылжуға жұмыс істейтін қосылыстар

Жылжуға жұмыс істейтін бұрандамалық қосылыстар келесі екі санатқа бөлінеді:

а) А санаты– кесінді қосылыс.

Бұл санатта 4.6÷10.9 беріктік сыныптарының бұрандамаларын қолдану қажет. Бақыланатын тартылыс пен ерекше жағдайдар түйіспе беттер үшін талап етілмейді. Жылжудың есептік күші кесудің 6.4.1.4-Тармағы бойынша анықталған салмақ түсетін қабілеттілігінен және 6.4.1.4 және 6.4.1.5 Тармақтары бойынша анықталған жаныштаудан аспауы тиіс.

б) В санаты – пайдалану жарамдылығы бойынша шекті жағдайдағы фрикциялық қосылыс.

Бұл санатта бақыланатын тартылыстағы бұрандамалар ҚР ҚН EN 1993-1-83.1.2(1)-Тармағына сәйкес қолданылуы қажет. Пайдалану жарамдылығы бойынша шекті жағдайдағы жылжу өзгерістері түйісу беттерінің арасында болмауы тиіс.. Пайдалану жарамдылығы бойынша шекті жағдайдағы жылжудың есептік күші 6.4.1.6-Тармағы бойынша анықталған түйіспе беттердің жылжуына түсетін есептік салмақ түсетін

қабілеттіліктен аспауы тиіс. Жылжудың есептік күші кесудің 6.4.1.4-Тармағы бойынша анықталған салмақ түсетін қабілеттілігінен және 6.4.1.4 және 6.4.1.5 Тармақтары бойынша анықталған жаныштаудан аспауы тиіс.

в) С санаты– салмақ түсетін қабілеттілігі бойынша шекті жағдайдағы фрикциялық қосылыс.

Бұл санатта бақыланатын тартылыстағы бұрандамалар ҚР ҚН EN 1993-1-83. стандартының 1.2(1)-Тармағына сәйкес қолданылуы қажет. Пайдалану жарамдылығы бойынша шекті жағдайдағы жылжу өзгерістері түйісу беттерінің арасында болмауы тиіс.. Пайдалану жарамдылығы бойынша шекті жағдайдағы жылжудың есептік күші 6.4.1.6-Тармағы бойынша анықталған түйіспе беттердің жылжуына түсетін есептік салмақ түсетін қабілеттіліктен аспауы тиіс. Жылжудың есептік күші кесудің 6.4.1.4-Тармағы бойынша анықталған салмақ түсетін қабілеттілігінен және 6.4.1.4 және 6.4.1.5 Тармақтары бойынша анықталған салмақ түсетін қабілеттілігі бойынша шекті жағдайдағы бұрандамалық ойықтардың орналасқан жерлеріндегі пластикалық сатыдағы $N_{net,Rd}$ көлденең қиылыстың есептік салмақ түсетін қабілеттілігін анықтау қажет (6.2-Қосымша бөлімін қар. ҚР ҚН EN 1993-1-1)

Қосылыстардың аталған санаттарын тексеру 6.14-кестеде келтірілген.

6.14 Кесте . Жылжуға жұмыс істейтін бұрандамалық қосылыстардың санаттары

Санаты	Өлшемі	Ескерту
Жылжуға жұмыс істейтін қосылыстар		
А Кесінді қосылыс	$F_{v,Ed} \leq F_{v,Rd}$ $F_{v,Ed} \leq F_{b,Rd}$	Бақылау қойылатын тартылыс талап етілмейді. 4.6÷10.9 сыныпты бұрандамалар қолданылуы мүмкін.
В Пайдалану жарамдылығы бойынша шекті жағдайдағы фрикциялық қосылыс	$F_{v,Ed,ser} \leq F_{s,Rd,ser}$ $F_{v,Ed} \leq F_{v,Rd}$ $F_{v,Ed} \leq F_{b,Rd}$	Бақылау қойылатын тартылысы бар 8.8 немесе 10.9 сыныпты бұрандамаларды қолдану қажет. Пайдалану жарамдылығы бойынша шекті жағдайдағы түйісу беттерінің жылжуға салмақ түсетін қабілеттілігі 3.9 бойынша анықталады.
С Салмақ түсетін қабілеттілігі бойынша шекті жағдайдағы фрикциялық қосылыс	$F_{v,Ed} \leq F_{s,Rd}$ $F_{v,Ed} \leq F_{b,Rd}$ $F_{v,Ed} \leq N_{net,Rd}$	Бақылау қойылатын тартылысы бар 8.8 немесе 10.9 сыныпты бұрандамаларды қолдану қажет. Пайдалану жарамдылығы бойынша шекті жағдайдағы түйісу беттерінің жылжуға салмақ түсетін қабілеттілігі $N_{net,Rd}$ – 6.4.1.2.1 қар.

6.4.1.2.2 Созылуға жұмыс істейтін қосылыстар

Созылуға жұмыс істейтін бұрандамалық қосылыстар келесі санаттарға бөлінеді:

а) D санаты – бұрандамалардың алдын ала бақыланбай тартылатын қосылыстары

Бұл санатта 4.6÷10.9 беріктік сыныптарының бұрандамаларын қолдану қажет. Бақыланатын тартылыс пен ерекше жағдайдар түйіспе беттер үшін талап етілмейді. Алайда желдік жүктемелерден болатын осьтік күштерді қабылдайтын қосылыстарда олардың қолданылуы мүмкін..

б) E санаты– бұрандамалардың бақылау тартылысы бар қосылысы.

Бұл санатта 7-топтың сілтемелік стандарттарына сәйкес бақыланатын тартылыстағы 8.8÷10.9 беріктік сыныбындағы бұрандамаларды қолдану қажет (1.2.7 қар.).

Қосылыстардың аталған санаттарын тексеру 6.15 –кестеде келтірілген.

6.15 Кесте . Созылуға жұмыс істейтін бұрандамалық қосылыстардың санаттары

Санат	Критерий	Ескерту
Созылуға жұмыс істейтін қосылыстар		
D Бұрандамалардың бақылау тартылысынсыз қосылысы	$F_{t,Ed} \leq F_{t,Rd}$ $F_{t,Ed} \leq B_{p,Rd}$	Бақылау тартылысы талап етілмейді. 4.6-10.9 сыныпты бұрандамалар қолданылуы мүмкін. $B_{p,Rd}$ 6.17 кесте бойынша анықталады
E Бұрандамалардың бақылау тартылысы бар қосылыс	$F_{t,Ed} \leq F_{t,Rd}$ $F_{t,Ed} \leq B_{p,Rd}$	Бақылау қойылатын тартылысы бар 8.8 немесе 10.9 сыныпты бұрандамаларды қолдану қажет. $B_{p,Rd}$ 6.17 кесте бойынша анықталады
Есептік созылу күші $F_{t,Ed}$ рычаг әсерінің салдарынан үзілуі мүмкін, 3.11 Қосымша бөлімін қар.ҚР ҚН EN 1993-1-8. Жылжу күшіне ұшыраған бұрандамалар тартылу күшімен бірге 3,4-кестеде келтірілген шарттарды қанағаттандыруы тиіс.		

6.4.1.3 Бұрандамаларға арналған ойықтардың орналасуы

Бұрандамаларға арналған күштің тігінен және көлденеңінен элементтің шетіне дейінгі қашықтықта қадамның ең кіші және ең үлкен мәндері 6.16-кестеде келтірілген..

Бұрандамаларға арналған күштің тігінен және көлденеңінен элементтің шетіне дейінгі қашықтықта қадамның қажу жүктемелеріне ұшыраған ең кіші және ең үлкен мәндерін ҚР ҚН EN 1993-1-9 қар.

Сопақ ойықтар бойынша бұрандамаларға арналаған шектеулерді ҚР ҚН EN1993-1-8 қар.

6.4.1.4 Дара бұрандамалардың салмақ түсетін есептік қабілеттілігі

Дара бұрандамалардың дара бекіту бөлшектерінің жылжуға және/немесе созылуға ұшыраған қосылыстарындағы салмақ түсетін қабілеттілігінің есептік мәндері 6.17-кестеде келтірілген.

Алдын ала тарту күшінің есептік мәні $F_{p,Cd}$ бұрандамалардың бақылау тартылысына сәйкес 3.2.1.2 Тармақша бойынша төмендегі формула бойынша анықталады:

$$F_{p,Cd} = 0,7 \cdot f_{ub} \cdot A_s / \gamma_{M7} \quad (6.44)$$

ЕСКЕРТПЕ Егер алдын ала тарту салмақ түсетін қабілеттілікті есептеу кезінде түйісу беттерінің жылжуында қолданылмаса, бірақ ұзақ уақытқа жарамдылықты қажет ететін болса, онда алдын ала тарту күшінің мәні нақты жобада анықталуы мүмкін.

6.16 Кесте. Элементтің шетіне дейінгі қадам мен қашықтықтың ең жоғары және ең төмен мәндері

Қашықтық немесе қадам, 6.14 –суретті қар.	Ең кіші мәні	Ең жоғары мәні ^{1),2),3)}		
		EN 10025 сәйкес болаттан дайындалған құралымдар, EN 10025-5 сәйкес болаттан басқа		EN 10025-5 сәйкес болаттан дайындалған құралымдар
		Болат атмосфералық немесе өзге тоттанудың әсеріне шалдыққан	Болат атмосфералық немесе өзге тоттанудың әсеріне шалдықпаған	Қолданылатын болат
Күштің бойымен шетіне дейінгі қашықтық e_1	$1,2d_0$	$4t + 40$ мм		Ең үлкен $8t$ немесе 125 мм
Көлденең күштің шетіне дейінгі қашықтық e_2	$1,2d_0$	$4t + 40$ мм		Ең кіші $8t$ немесе 125 мм
қадам $p_1^{4)}$	$2,2d_0$	Ең кіші $14t$ немесе 200 мм	Ең кіші $14t$ немесе 200 мм	Ең кіші $14t_{min}$ немесе 175 мм
Қадам $p_{1,0}$		Ең кіші из $14t$ немесе 200 мм		
Қадам $p_{1,i}$		Ең кіші $28t$ немесе 400 мм		
Жол p_2	$2,4d_0$	Ең кіші $14t$ немесе 200 мм	Ең кіші $14t$ немесе 200 мм	Ең кіші $14t_{min}$ немесе 175 мм

6.16 Кесте. Элементтің шетіне дейінгі қадам мен қашықтықтың ең жоғары және ең төмен мәндері(жалғасы)

Шетке дейінгі қадамның, қашықтықтың ең үлкен мәндері шектелмеген, мына жағдайлардан басқа кезде:


– қорғалмаған элементтердің тоттануын болдырмау мақсатында сығылған элементтер үшін;

– тоттанудан қорғалмаған созылған элементтердің оның туындауын болдырмау үшін.

2) Бекіті бөлшектерінің арасындағы учаскелердегі жергілікті тұрақтылық бойынша салмақ түсетін қабілеттілікті EN 1993-1-1 бойынша анықтау қажет, септік ұзындығын $0,6r_1$ тең деп қабылдаған жөн. Жергілікті тұрақтылыққа есеп талап етілмейді, егер r_1/t қатынасы 9-ге кем болса.. сығылған элементтердің бос салмақтарының мәні болмауы тиіс, ҚР ҚН EN 1993-1-1 қар. Бұл талаптар күш элементінің арасындағы ара қашықтыққа қолданылмайды.

3) t – қосылған мейлінше жұқа элементтердің қалыңдығы; d_0 – ойық диаметрі.

4) бекіту бөлшектері шахмат тәртібімен орналастырылған кезде, ең кіші мәнін $= 1,2d_0$, деп қабылдау қажет, кез келген жапсарлас ойықтардың арасындағы ең аз қашықтық $L \geq 2,4d_0$ кем болмауы тиіс, 6.14 б). суретті қар.



1 – ішеткі қатар; 2 – ортаңғы қатар;

а – ойықтардың қатарласа орналасқан кездегі ара қашықтықтың белгіленуі;

б – ойықтардың шахмат тәртібімен орналасқан кездегі ара қашықтықтың белгіленуі;

в – ойықтардың сығылған элементтерде орналасқан кездегі ара қашықтықтың белгіленуі;

г – ойықтардың созылған элементтерде шахмат тәртібімен орналасқан кездегі ара қашықтықтың белгіленуі.

6.14 Сурет. Элементтің шетіне дейінгі ойықтар мен қашықтықтардың арасындағы қашықтықтардың белгіленуі

6.17-кестеде келтірілген салмақ түсетін қабілеттіліктің есептік мәндерін 4-топтың сілтемелік стандарттарына сәйкес дайындалған бұрандамалар үшін ғана қолданған жөн. (1.2.4 –тармақты қар. ҚР ҚН EN 1993-1-8). Іргетас бұрандамалары сияқты бұрандалы

элементтер үшін EN 1090, 6.17 кестедегі тиісті мәндерді пайдаланған жөн. EN 1090 сәйкес келмейтін бұрандамалар мен бұрандалар үшін 0,85 коэффициентіне көбейту қажет.

Расчетное значение несущей способности на срез приведенное в Таблице 6.17-кестеде келтірілген $F_{v,Rd}$, кесіндісіне салмақ түсетін қабілеттіліктің есептік мәнін қолдану қажет. Қалыпты ойықтарға арналған номиналды саңылаулар 6.18-кестеде белгіленген 11-кестеге сәйкес EN 1090-2 келтірілген. .

M12 және M14 бұрандамаларын 2 мм тең саңылаулы ойықтарға қолдануға болады, егер бұрандамалар тобының салмақ түсетін қабілеттілігінің есептік мәні кесетін бұрандамалар тобының салмақ түсетін қабілеттілігінің есептік мәніне тең болған жағдайда. Бұдан тысқары , 4.8, 5.8, 6.8, 8.8 және 10.9 беріктік сыныбындағы есептік мәндері $F_{v,Rd}$ EN 1090 сәйкес келмейтін бұрандамалар мен бұрандалар үшін 0,85 коэффициентіне көбейту қажет.

Дәлдігі жоғары бұрандамаларды қалыпты ойыққа белгіленген бұрандамалардың есебіне ұқсас есептеген жөн..

6.17 Кесте . Кесуге және/немесе созылуға ұшыраған дара бекіту бөлшектерінің салмақ түсетін қабілеттілігі

Қарсылық түрі	Бұрандамалар
Бір жазықтықтағы кесінді	$F_{v,Rd} = \frac{\alpha_v \cdot f_{ub} \cdot A}{\gamma_{M2}}$ <p>а) егер бұрандаманың кесінді жазықтығы бұрандаманың бұрандасы арқылы өтетін болса, ($A = A_s$, мұндағы A_s – бұрандама қиылысының ауданы): беріктік сыныбы 4.6, 5.6 және 8.8 $\alpha_v = 0,6$; беріктік сыныбы 4.8, 5.8, 6.8 және 10.9 бұрандамалар үшін $\alpha_v = 0,5$;</p> <p>б) егер кесінді жазықтығы бұрандаманың тегіс бөлігі арқылы өтетін болса (A – бұрандаманың көлденең қиылысуы): $\alpha_v = 0,6$</p>

6.17 Кесте . Кесуге және/немесе созылуға ұшыраған дара бекіту бөлшектерінің салмақ түсетін қабілеттілігі (жалғасы)

Жаншу ^{1), 2), 3)}	$F_{b,Rd} = \frac{k_1 \cdot \alpha_b \cdot f_u \cdot d \cdot t}{\gamma_{M2}},$ <p>мұндағы α_b – ең аз α_d, $\frac{f_{ub}}{f_u}$ и 1,0;</p> <p>а) күштің бойымен:</p> <p>шеткі бұрандамалар үшін – $\alpha_d = \frac{e_1}{3d_0}$;</p> <p>орташа бұрандамалар үшін – $\alpha_d = \frac{p_1}{3d_0} - \frac{1}{4}$;</p> <p>б) күштің көлденеңімен:</p> <p>шеткі бұрандамалар үшін</p> <p>k_1 – ең аз $2,8 \cdot \frac{e_2}{d_0} - 1,7$ и 2,5;</p> <p>орташа бұрандамалар үшін</p> <p>k_1 – ең аз $1,4 \cdot \frac{p_2}{d_0} - 1,7$ и 2,5</p>
Созылуға салмақ түсетін қабілеттілік шығыны ²⁾	$F_{t,Rd} = \frac{k_2 \cdot f_{ub} \cdot A_s}{\gamma_{M2}},$ <p>мұндағы $k_2 = 0,63$ – жасырын буркеншігі бар бұрандамалар үшін;</p> <p>$k_2 = 0,9$ – Басқа да жағдайларда</p>
Сығылу	$B_{p,Rd} = 0,6 \cdot \pi \cdot d_m \cdot t_p \cdot f_u / \gamma_{M2}$
Кесу мен созылудың бірлескен әрекеті	$\frac{F_{v,Ed}}{F_{v,Rd}} + \frac{F_{t,Ed}}{1,4 \cdot F_{t,Rd}} \leq 1,0$
<p>¹ Шетке дейінгі қадамның, қашықтықтың ең үлкен мәндері шектелмеген, мына жағдайлардан басқа кезде:</p> <ul style="list-style-type: none"> – қорғалмаған элементтердің тоттануын болдырмау мақсатында сығылған элементтер үшін; – тоттанудан қорғалмаған созылған элементтердің оның туындауын болдырмау үшін. <p>²⁾ Бекіті бөлшектерінің арасындағы учаскелердегі жергілікті тұрақтылық бойынша салмақ түсетін қабілеттілікті EN 1993-1-1 бойынша анықтау қажет, септік ұзындығын $0,6r_1$ тең деп қабылдаған жөн. Жергілікті тұрақтылыққа есеп талап етілмейді, егер r_1/t қатынасы 9ϵ кем болса.. сығылған элементтердің бос салмақтарының мәні болмауы тиіс, ҚР ҚН EN 1993-1-1 қар. Бұл талаптар күш элементінің арасындағы ара қашықтыққа қолданылмайды.</p> <p>³⁾ t – қосылған мейлінше жұқа элементтердің қалыңдығы; d_0 – ойық диаметрі.</p> <p>⁴⁾ бекіту бөлшектері шахмат тәртібімен орналастырылған кезде, ең кіші мәнін $= 1,2d_0$, деп қабылдау қажет, кез келген жапсарлас ойықтардың арасындағы ең аз қашықтық $L \geq 2,4d_0$ кем болмауы тиіс, 6.14 б). суретті қар.</p>	

6.18 Кесте . Бұрандамаларға арналған номиналды саңылаулар, мм

Бұрандаманың номиналды диа- метрі, мм	12	14	16	18	20	22	24	27 и более
Қалыпты дөңгелек ойықтар ^{a)}	1 ^{б)}		2					3
Мөлшері жоғары дөңгелек ойықтар	3		4				6	8
^{a)} Мұнаралар мен дінгектерде қолдағу үшін қалыпты дөңгелек ойықтарға арналған номиналдық саңылау 0,5 мм азайтылуы тиіс, егер басқа жағдай көрсетілмесе ^{б)} Номиналдық саңылауы 1 мм бекіту бөлшектерін бекіту жабдығы жабынының қалыңдығынан арттыру қажет.								

Дәлдігі жоғары бұрандамаларға арналған ойықтың номиналдық диаметрі бұрандама корпусының диаметріне тең болуы тиіс.

ЕСКЕРТПЕ EN 14399-8 стандартына сәйкес жоғары дәлдіктегі бұрандамаларға арналған корпустың номиналды диаметрі бұрандамалық бөліктің номиналды диаметріне қарағанда 1 мм артық.

Бұрандамаларды бір қатарда соққылап бекіту элементтерін біріктіргенде, 6.15 – суретті қар., бұранданың басындағы тығырықты да, бұранданы да қарастыру қажет. Бұранданың аншуға салмақ түсетін қабілеттілігінің есептік мәні $F_{b,Rd}$:

$$F_{b,Rd} \leq 1,5 \cdot f_u \cdot d \cdot t / \gamma_{M2} \quad \text{аспауы тиіс.} \quad (6.45)$$

Элементтерді беріктігі 8.8 және 10.9 бір бұрандамен немесе бұрандамалардың бір қатарымен соққылап біріктіру кезінде шыныққан тығырықтарды пайдалану қажет

**6.15 Сурет. Бұрандамаларды бір қатарда соққылап бекіту**

6.4.1.5 Бекіту бөлшектерінің тобы

Көпбұрандалы қосылыстардың салмақ түсетін қабілеттілігі жекелеген бекіту бөлшектерінің жаншуға $F_{b,Rd}$ салмақ түсетін есептік қабілеттілігіне тең қабылдануы мүмкін, егер жекелеген бекіту бөлшектерінің кесіндісіне әрқайсысының салмақ түсетін қабілеттілігі жаншуға $F_{b,Rd}$ салмақ түсетін есептік қабілеттілігіне тең болған жағдайда. Олай болмаған жағдайда, көпбұрандалы қосылыстардың салмақ түсетін қабілеттілігі бөлшектер санына көбейтілген шамаға тең қабылданғаны жөн.

6.4.1.6 Беріктігі 8.8 және 10.9 сыныпты бұрандамалардағы фрикциялық қосылыстар

6.4.1.6.1 Үйкеліс беттерінің жылжуына есептік салмақ түсетін қабілеттілігі беріктігі

8.8 және 10.9 бұрандамалардың алдын ала тартылған Үйкеліс беттерінің жылжуына есептік салмақ түсетін қабілеттілігін төмендегі формула бойынша анықтау қажет:

$$F_{s,Rd} = \frac{k_s \cdot n \cdot \mu}{\gamma_{M3}} \cdot F_{p,C}, \quad (6.46)$$

мұндағы $k_s = 1,0$ – қалыпты ойыққа орнатылған бұрандамалар үшін (3.6-кесте бойынша қабылданған ҚР ҚН EN1993-1-8);

$k_s = 0,85$ – саңылауы үлкен ойыққа орнатылған бұрандамалар үшін;

n – қосылған элементтердің үйкеліс бетінің саны;

μ – EN 1090-2 немесе 6.19 –кестеде келтірілген беттердің сынақтар нәтижесі бойынша қабылданған үйкеліс коэффициенті.

6.19 Кесте. Алдын ала тартылған бұрандамаларға арналған үйкеліс коэффициентінің мәндері μ

Үйкеліс беттерінің сыныбы (. EN 1090-2 қар.)	Үйкеліс коэффициенті μ
A	0,5
B	0,4
C	0,3
D	0,2

1 ЕСКЕРТПЕ Сынақтар мен бақылауға қойылатын талаптар EN 1090-2 келтірілген.
 2 ЕСКЕРТПЕ Үйкеліс беттерінің жүктемесі өңдеудің кез келген тәсілінде EN 1090-2 баяндалған үдеріс бойынша беттердің үлгілерін сынау нәтижесінде негізделген.
 3 ЕСКЕРТПЕ Үйкеліс беттерінің сыныптарын анықтау EN 1090-2 келтірілген.
 4 ЕСКЕРТПЕ Беттері сырланған жағдайда уақыт өте келе алдын ала тартылыс шығыны болуы мүмкін.

4-топтың сілтемелік стандарттарына сәйкес келетін бақылау тартылысындағы беріктік сыныптары 8.8 және 10.9 бұрандамалар үшін, (1.2.4 –тармақ қар. ҚР ҚН EN 1993-1-8) EN 1090-2 сәйкес алдын ала тартылыс күшін $F_{p,C}$ (6.46) Формуласы бойынша тең деп қабылдаған жөн:

$$F_{p,C} = 0,7 \cdot f_{ub} \cdot A_s \quad (6.47)$$

6.4.1.6.2 Созылу мен жылжудың бірлескен әрекеті

Егер фрикциялық қосылыс жылжу күшінен $F_{v,Ed}$ немесе $F_{v,Ed,ser}$ тысқары тартылу күшін $F_{t,Ed}$ немесе $F_{t,Ed,ser}$, қабылдайтын болса, онда бір бұрандамамен тартылған үйкеліс күшінің есептік салмақ түсетін қабілеттілігін келесі тәсілдер бойынша анықтайды:

– В санатының қосылыстары үшін:

$$F_{s,Rd,ser} = \frac{k_s \cdot n \cdot \mu \cdot (F_{p,C} - 0,8 \cdot F_{t,Ed,ser})}{\gamma_{M3,ser}}; \quad (6.48)$$

– С санатының қосылыстары үшін::

$$F_{s,Rd} = \frac{k_s \cdot n \cdot \mu \cdot (F_{p,C} - 0,8 \cdot F_{t,Ed})}{\gamma_{M3}}. \quad (6.49)$$

Егер майысу моментін қабылдайтын қосылыста сығылу аймағындағы түйісу күші

қосымша тартылыс күшін теңестіретін болса, онда түйісу беттерінің жылжуына салмақ түсетін қабілеттілікті төмендету талап етілмейді.

6.4.1.6.3 Аралас қосылыстар


6.4.1.1-Тармағының талаптарын ескермегенде, беріктігі 8.8 және 10.9 сыныпты алдын ала тартылысы бар бұрандамаларды жылжуға салмақ түсетін қабілеттілігін анықтау кезінде (С санаты, 6.4.1.2.1 –Тармақшасын қар.), пісіру жұмыстары аяқталғаннан кейін бұрандамаларды соңғы тарту жағдайында пісіру жіктерімен бірлесе жұмыс істеуін қарастыруға болады.

6.4.1.7 Бекіту бөлшектерінің ойықтарын есепке алу

6.4.1.7.1 Құралым элементерін есептеу кезінде ойықтарды есепке алу 6.3.1-Тармағына сәйкес жүргізілуі қажет. .

6.4.1.7.2 Материалдың жұлқынуының (қағып-соғу) шеткі аймағын есептеу

Шеткі аймақ материалының жұлқынуы қатардың жылжу салдарынан немесе ойықтар тобының жылжу бетінің бойындағы бұрандамалардың сүйемелденген жарылысынан туатын ойық желісі бойыншартартылыс күшінің әсерінен болады. Шеткі аймақ материалының жұлқынуы 6.16-суретте көрсетілген.



1 – шағын тартылыс күші; 2 – орасан жылжыту күші;
3 – шағын жылжыту күші; 4 – орасан тартылыс күші

6.16 Сурет. Шеткі аймақ материалының жұлқынуы

Жылжыту күшін эксцентриситетсіз бұрандамалардың симметриялық тобына беру кезінде шеткі аймақ материалының жұлқынуының есептік салмақ түсетін қабілеттілігі :

$$V_{\text{eff},1,\text{Rd}} = \frac{f_u \cdot A_{\text{nt}}}{\gamma_{\text{M2}}} + \left(\frac{1}{\sqrt{3}} \right) \cdot f_y \cdot \frac{A_{\text{nv}}}{\gamma_{\text{M0}}}, \quad (6.50)$$

формуласы бойынша анықталады.

мұндағы A_{nt} – созылған аймақтың нетто қиылысының ауданы;

A_{nv} – жылжыу аймағының нетто қиылысының ауданы.

Жылжыту күшін эксцентриситетсіз бұрандамалардың симметриялық тобына беру кезінде шеткі аймақ материалының жұлқынуының есептік салмақ түсетін қабілеттілігі :

$$V_{eff,2,Rd} = \frac{0,5 \cdot f_u \cdot A_{nt}}{\gamma_{M2}} + \left(\frac{1}{\sqrt{3}} \right) \cdot f_y \cdot \frac{A_{nv}}{\gamma_{M0}} \quad (6.51)$$

формуласы бойынша анықталады.

6.4.2 [6.4.2] Ернемектік бұрандамалы қосылыстар

Ернемектік қосылыстар арқылы көлденең күшті беру кезінде бақылау тартылысы бар бұрандамаларды пайдалану қажет.

Бұрандаманың ең кіші диаметрі 12 мм болуы тиіс.

ЕСКЕРТПЕ ҚР ҚН EN 1993-3-1 Ұлттық қосымшасында құбырлардың ернемектік қосылыстары мен цилиндрлік қабықтарды құрастыру бойынша қосымша деректер келтірілген:

– құбырлардың ернемектік қосылыстарында тартылыстың реттелуінсіз беріктігі жоғары бұрандамаларды қолдануға рұқсат беріледі;

– құбырлардың ернемектік қосылыстарында, әдетте бұрандамалар арасындағы қашықтыққа тең мүмкін диаметрдің бір шеңберіне орналастыру қажет;

– цилиндрлік қабықтардың ернемектік қосылыстар бойынша қосымша деректерді 15.4.2.-Тармағынан қар.

Ернемектің қалыңдығын анықтау кезінде келесі мәндерді анықтау маңызды:

а) секциялардың тіреуіш бағандарының шеңберінің периметрі бойынша ернемектің жылжу кедергісін;

б) бұрандамалық ойықтардың орналасу шеңбері бойынша ернемектің жылжуы мен майысуына кедергісін. Майысу моменті M

$$B = T \cdot (B_n - B_{ш}) / 2 \text{ тең болуы мүмкін}$$

мұндағы N – тіреуіш бағандағы созылу күші;

D_b – шеңбердің диаметрі (бұрандамалық ойықтардың ортасы бойынша, 6.17-суретті қар.);

D_i – тіреуіш бағандардың диаметрі.

Бұрандамаларға әсер ететін күштерді анықтау кезіндегі осьтік күш N_b :

$$N_b = \frac{N \cdot k_p}{n}, \quad (6.52)$$


мұндағы n – бұрандамалар саны;

k_p – серіппе әсерінің коэффициенті:

$k_p = 1,2$ – бақылау тартылысы бар бұрандамалар үшін

$k_p = 1,8$ – тартылыс бақылауынсыз бұрандамалар ретінде қабылданған.

Барлық бұрандамалар қажуды есептеу кезінде ҚР ҚН EN 1993-1-8. Талаптарына сәйкес бақылау тартылысымен болуы тиіс.



6.17 Сурет, бұрандамалы ернемектік қосылыс

6.4.3 [6.4.3] Анкерлік бұрандамалар

Егер қажу есепке алынатын болса, анкерлік бұрандамалардың алдын ала тартылуы қажет. Бұл жағдайда болаттың тиісті таңбалары қолданылуға тиіс. ҚР ҚН EN 1993-1-8 қар.

ЕСКЕРТПЕ Сондай-ақ алдын ала тартылуды таңдау бойынша серіппе күшінің эксцентриситет ережелерін, тартылу деңгейін және т.б. ҚР ҚН EN 1993-1-8 қар.

6.4.4 Дәнекерлік қосылыстары

6.4.4.1 Дәнекерлік жіктерінің тұрпаттары

ҚР ҚН EN 1993-1-8, көмекші құралдың 4.3.1÷4.4 Тармақтарына сәйкес конустық саңылауы бар, бұрыштық, түйісу және пісіру жіктерінің есебі келтірілген. Дәнекерлеу түйісу жіктері толық немесе шала дәнекерленген болуы мүмкін. Қосылыстар мен дәнекерлеу жіктерінің неғұрлым кең тараған түрлері EN 12345 келтірілген.

6.4.4.2 Бұрыштық пісіру жіктері

Бұрыштық дәнекерлеу жіктері 60° - 120° аралығындағы бұрышта орналасқан беттің дәнекерленген бөлшектерін қосу үшін қолданылуы мүмкін.

60° кем бұрышты қолдануға да жол беріледі, алайда бұл жағдайда бұрыштық дәнекерлеу жігін шала дәнекерленген түйісу ретінде қарастыру қажет.

Бұрыштық дәнекерлеу жіктерінің 120° артық салмақ түсетін қабілеттілігін ҚР ҚН EN 1990 D Қосымшасына сәйкес сынақпен анықтау қажет.

Қосылған элементтердің шеттерінде орналасқан бұрыштық пісіру жіктерін (артында немесе бүйірінде) үздіксіз және толық мөлшердегі қашықтықта, кем дегенде, жіктің екі катетіне енгізу қажет, егер қолжетімділік пен үйлесімділік оны орындауға мүмкіндік берсе.

Элементтің шеткі бөлігіндегі пісіру жіктерінің орналасуы сызбаларда көрсетілуі қажет.

Бір тарапты бұрыштық дәнекерлеу жіктерінде эксцентриситет болған жағдайда - ҚР ҚН EN 1993-1-8. 4.12-Қосымша бөлімін қар.

6.4.4.3 Дәнекерлік жіктерінің есептік салмақ түсетін қабілеттілігі

6.4.4.3.1 Дәнекерлік жіктерінің ұзындығы

Дәнекерлеу жіктерінің тиімді ұзындығын ℓ толық тиімді а биіктігіндегі жікке тең ұзындық бойынша қабылдаған жөн. Оны жіктің толық тең ұзындығынан а қосарлы тиімді биіктікті шегеру арқылы қабылдау қажет. Дәнекерлеу жігінің тиімді ұзындығын төмендету талап етілмейді, жіктің басынан аяғына дейін алғанда, оның барлық ұзындығы бойынша толық мөлшері қамтамасыз етілген жағдайда.


Тиімді ұзындығы 30 мм кем немесе дәнекерлеу жігінің 6 қалыңдығынан кем бұрыштық дәнекерлеу жігі салмақ түсетін жік болып табылады.

6.4.4.3.2 Дәнекерлік жігінің тиімді қалыңдығы


А Бұрыштық дәнекерлеу жігінің тиімді қалыңдығын жіктің қосылған беттері мен үшбұрыштың (тең қабырғалы немесе қабырғалары тең емес) оң бетінің арасындағы биіктікке тең қабылдау қажет, 6.18.- суретті қар.

Бұрыштық дәнекерлеу жіктерінің тиімді қалыңдығы 3 мм кем болмауы тиіс

Толық дәнекерленген бұрыштық дәнекерлеу жіктерінің салмақ түсетін есептік қабілеттілігін анықтау кезінде жіктің қалыңдығын арттыру ескерілуі тиіс. 6.19.-суретті қар. Бұл ретте алдын ала сынақтар талап етілетін дәнекерлеудің қамтамасыз етілетінін дәлелдейді.



6.18 Сурет. Бұрыштық дәнекерлік жігінің қалыңдығы



6.19 Сурет. Толық пісірілген бұрыштық дәнекерлік жігінің қалыңдығы

6.4.4.3.3 Бұрыштық дәнекерлеу жіктерінің салмақ түсетін қабілеттілігін анықтау

Бұрыштық дәнекерлеу жігінің есептік салмақ түсетін қабілеттілігін 6.4.4.3.4-Тармақта келтірілген бағытталған әдіс бойынша немесе 6.4.4.3.5-Тармақта келтірілген жеңілдетілген әдіс бойынша анықтау қажет.

6.4.4.3.4 Бағытталған әдіс

Бұл әдісте ұзындығы дәнекерлеу жіктерімен берілетін күштер келесі құрамдас бөліктерге бөлінеді : дәнекерлеу жігінің бойлық осіне қатысты параллель және көлденең, сондай-ақ оның қиылысу жазықтығындағы қалыпты және көлденең құрамдас бөліктер.

Дәнекерлеу жігінің көлденең қиылысының есептік ауданы: $A_w = \Sigma a \cdot \ell_{\text{eff}}$ тең деп қабылданады.

Демек, дәнекерлеу жігінің көлденең қиылысының есептік ауданы оның түбірі арқылы өтеді деп санауға болады.


Кернеулерді келесі тәсілдер бойынша 6.20-суретте көрсетілген қалыпты және жанама кернеулерге әкелетін дәнекерлеу жігінің қиылысы бойынша біркелкі таратылған деп есептеуге болады:

σ_{\perp} – қалыпты кернеу, дәнекерлеу жігінің перпендикуляр қиылысы;

σ_{\parallel} – қалыпты кернеу, дәнекерлеу жігінің бойлық осіне параллель;

τ_{\perp} – жанама кернеу (дәнекерлеу жігінің қиылысу жазықтығында), дәнекерлеу жігінің бойлық осіне перпендикуляр;

τ_{\parallel} – жанама кернеу (дәнекерлеу жігінің қиылысу жазықтығында), дәнекерлеу жігінің бойлық осіне параллель.



6.20 Сурет. Бұрыштық дәнекерлік жігінің көлденең қиылысындағы кернеулер

Қалыпты кернеу σ_{\parallel} , дәнекерлеу жігінің бойлық осіне параллель, дәнекерлеу жігінің салмақ түсетін есептік қабілеттілігін тексеру кезінде есепке алынбайды.

Салмақ түсетін есептік қабілеттілік төмендегі екі шарт та орындалатын болса, жеткілікті деп есептеледі:

$$\left[\sigma_{\perp}^2 + 3 \cdot (\tau_{\perp}^2 + \tau_{\parallel}^2) \right]^{0.5} \leq f_u / (\beta_w \cdot \gamma_{M2}) \text{ и } \sigma_{\perp} \leq 0,9 \cdot f_u / \gamma_{M2}, \quad (6.53)$$

мұндағы f_u – неғұрлым әлсіз қосылған элементтің уақытша кедергісінің номиналдық мәні;

β_w – 6.19-кесте бойынша қабылданған түзету коэффициенті.

Материалдарының беріктік сипаттамалары әр түрлі бөлшектер арасындағы дәнекерлеу жіктерін материалдың неғұрлым беріктігі төмен сипаттамаларын ескере отырып есептеу қажет.

6.20 Кесте. Бұрыштық дәнекерлік жіктеріне арналған түзету коэффициенті β_w

Болаттың стандарты мен таңбасы			Түзету коэффициенті β_w
EN 10025	EN 10210	EN 10219	
S235 S235 W	S235 H	S235 H	0,8
S275 S275 N/NL S275 M/ML	S275 H S275 NH/NLH	S275 H S275 NH/NLH S275MH/MLH	0,85
S355 S355 N/NL S355 M/ML S355 W	S355 H S355 NH/NLH	S355 H S355 NH/NLH S355 MH/MLH	0,9
S420 N/NL S420 M/ML		S420 MH/MLH	1,0
S460 N/NL S460 M/ML S460 Q/QL/QL1	S460 NH/NLH	S460 NH/NLH S460 MH/MLH	1,0

6.4.4.3.5 Бұрыштық дәнекерлік жіктерінің есептік салмақ түсетін қабілеттілігін анықтаудың жеңілдетілген әдісі

6.4.4.3.4-Тармақшаға балама ретінде, Бұрыштық дәнекерлеу жіктерінің есептік салмақ түсетін қабілеттілігін оның барлық күштерге тең әрекет ететін ұзындығы бойынша келесі шартты қанағаттандыратын болса, оны жеткілікті деп санауға болады:

$$F_{w,Ed} \leq F_{w,Rd}, \quad (6.54)$$

мұндағы $F_{w,Ed}$ – дәнекерлеу жігінің ұзындық бірлігіне әсер ететін сыртқы күштердің мәні;

$F_{w,Rd}$ – дәнекерлеу жігінің бірлігіне салмақ түсетін қабілеттілігінің есептік мәні.

Дәнекерлеу жігінің қиылысу жазықтығының бағытына қарамастан, қосмша күш бағытына қатысты дәнекерлеу жігінің ұзындық бірлігі бойынша есептік салмақ түсетін қабілеттілігін $F_{w,Rd}$:

$$F_{w,Rd} = f_{vw,d} \cdot a \text{ формуласы бойынша анықтау қажет.} \quad (6.55)$$

мұндағы $f_{vw,d}$ – дәнекерлеу жігінің жылжуға есептік беріктігі.

Дәнекерлеу жігінің жылжуға есептік беріктігін $f_{vw,d}$:

$$f_{vw,d} = \frac{f_u / \sqrt{3}}{\beta_w \cdot \gamma_{M2}}, \text{ формуласы бойынша анықтау қажет} \quad (6.56)$$

мұндағы f_u және β_w 6.4.4.3.4-Тармақшасында анықталған.

6.4.4.4 Түйісу дәнекерлік жіктері

Түйісу дәнекерлеу жігі деп егер қосылыстың барлық қалыңдығы бойынша металл жігі мен негізгі металдың дәнекерлеу тереңдігі мен балқытылуы қамтамасыз етілген толық дәнекерленген дәнекерлеу жігін айтуға болады.

Шала дәнекерленген түйісу дәнекерлеу жігіне негізгі металдың қалыңдығынан кем тереңдіктегі дәнекерлеу жігі жатқызылады.

Дәнекерлеу жіктерін үзікті түрде қолдануға жол берілмейді.

Шала дәнекерлеу бір тарапты түйісу пісіру жігінде эксцентриситет болған жағдайда ҚР ҚН EN 1993-1-8 4.12-Қосымша бөлімін қар.

6.4.4.5 Түйісу дәнекерлік жіктерінің есептік салмақ түсетін қабілеттілігі . Толық дәнекерленген түйісу дәнекерлік жіктері


Толық пісірілген түйісу дәнекерлеу жіктерінің есептік салмақ түсетін қабілеттілігін қосылған бөлшектердің ең әлсіз бөлігінің салмақ түсетін есептік қабілеттілігін тиісті дәнекерлеу материалдарын қолдана отырып, дәнекерлеу жігінің аққыштығы мен уақытша кедергісінің созылуына тиесіі негізгі металдың мәндеріне тең етіп алғанда жеткілікті деп санауға болады.

Шала дәнекерленген түйісу дәнекерлеу жіктерінің есептік салмақ түсетін қабілеттілігін 6.4.4.3.2-Тармақшада келтірілген әдіспен толық дәнекерленген бұрыштық дәнекерлеу жігінің (6.19-суретті қар.)есебіне арналған әдіспен анықтауға болады.

Шала дәнекерленген түйісу дәнекерлеу жіктерінің қалыңдығы үлгілерді сынау кезіндегі тұрақты қол жеткізілген дәнекерлеу тереңдігінен аспауы тиіс, 6.4.4.3.2-Тармақшасын қар.

6.4.4.6 Конустық саңылауы бар дәнекерлік жіктері

Конустық саңылауы бар дәнекерлеу жіктерінің есептік биіктігі 6.21-суретте көрсетілген. Нысаны бойынша дәнекерлеу жігіне жақын есептік қалыңдықты анықтау үшін тік бұрышты қиылыстың тұйық профильдерінің дәнекерлеу жігін ҚР ҚН EN 1993-1-8, 7.3.1(7-Тармағын қар.)



6.21 Сурет. Конустық саңылау бар дәнекерлік жігінің тиімді биіктігі

6.4.4.7 Болат төсемді қолдану арқылы дәнекерлеу

Болат төсемді қолдану арқылы дәнекерлеу кезінде оның бетін дәнекерленген бөлшектің шетімен бірдейлестіру қажет.

Төсем арқылы екі бөлшекті дәнекерлеу кезінде дәнекерлеу жігінің катетінен кем қалыңдықты төсем қалыңдығына тең мәнге дейін арттыру қажет.

Қалыңдығы пісіру катетімен бірдей немесе одан артық әрбір бөлшекті есептік күшті беруге қажет деп саналатын төсемге жабыстыра пісіру керек.

6.5 [6.5] Діңгектерге арналған арнайы қосылыстар

6.5.1 [6.5.1] Діңгектің негізін біріктіру

Сфералық топсалық қосылыстың жаншуға есептік кернеуі топсалық тіреуіштерді жобалау нормаларна негіделуі тиіс, EN 1337-6. қар.

Сығылу аймағы алаңының сәйкестігін тексеру үшін, діңгек негізінің секцияларының бұрыштарындағы шынайы мәнді ескере отырып, майысу моменттерін анықтау үшін келесі ережелерді қолдану ұсынылады (6.22.-суретті қар.):

Егер діңгектің негізі топсалы тіреуіште орнатылған болса, діңгек осінің кез келген еңісінің бағытындағы түйісу нүктесіне шектеу қабылдаған жөн.

Эксцентриситеттер e_u және e_o (6.22-суретті қар.) келесі тәсілмен анықталады:

$$\begin{aligned} e_u &= r_1 \cdot \sin \psi_1 \\ e_o &= r_2 \cdot (\sin \psi_1 - \sin \phi) \end{aligned} \quad (6.57)$$


мұндағы r_1 – тіреуіштің томпақ бетінің радиусы;

r_2 – тіреуіштің иілген бөлігінің радиусы $r_2 > r_1$;

ϕ – негіздегі діңгек осінің еңісі.

$$\begin{aligned} \psi_1 &= \frac{r_2 \cdot \phi}{r_2 - r_1} \\ \psi_2 &= \psi_1 - \phi \end{aligned} \quad (6.58)$$

Егер радиус r_2 шексіз болса, онда бұл тегіс беттің мәні e_o тең деп қабылданады: $e_o = r_1 \cdot \phi \cdot \cos \phi$.



6.22 Сурет. Діңгек негізінің еңісінен туындаған эксцентриситеттер

Діңгек негізінің құралымы діңгектің базасы мен көлденең осінің қосылыстарын қамтамасыз етуі тиіс және діңгек осінің айналуын ұстап тұруы тиіс.

Діңгекті жобалау кезінде оның оқпанының қосылысы жағдайында іргетатың шөгуін, тартылыстардың іргетастары мен оқпанын есепке алу қажет.

6.5.2 [6.5.2] Тартқыштардың қосылыстары

Діңгекке немесе тартқыштардың іргетастарына жалғанатын барлық тартқыш қосылыстары көлденең және тік бағыттағы тартқыштардың еркін бұрылысын қамтамасыз етуі тиіс. ҚР ҚН EN 1993-1-11 қар.

Қосылыстарды жобалау және құралымдау кезінде тартқыш құралымдарының бейімділігін ескерген жөн..

ЕСКЕРТПЕ Әдетте, топсалы тіреуіштер ерекше жағдайларда қолданылуы мүмкін.

Барлық өзекшелер тиісті мүмкіндігімен бекітілуі тиіс, қолданылуы кезінде бір жақ бүйірге ығысудың алдын алу үшін.

Діңгектегі тартқышты бекітуге арналған бөлшек көлденең желдік жүктемеге, қалыпты тартқыш жазықтығына ықпалы ескеріле отырып, жобалануға тиіс.

Мұндағы пісіру қосылыстар пайдалану кезіндегі визуалды бақлаудың өткізілуін қамтамасыз етілетіндей құралымдалуы қажет.

Созудың мүмкін үзілуінен кейін бірден діңгекті есептеудің жоғарыда көрсетілген әдісі үш бағытта бекітілген діңгектерге қатысты қолданылады. Төрт (немесе артық) бағыттарда бекітілген діңгектерге қатысты сол қағидаларға негізделген ұқсас әдіс қолданылады.

Жобалаушылардың, тапсырыс берушінің және құзыретті органдардың келісуімен

үзілу кезінде туындайтын, жоғарыда көрсетілген динамикалық күш климаттық жүктеулермен құрастырылмауы тиіс.

2.3.7.2.3 [Е.3] Консервативті әдіс (артықпен есептеу)

Арқанның үзілуімен туындаған мұнараның діңгегі мен созуларындағы динамикалық күштер артығымен есептелуі мүмкін, бұл үшін келесі статикалық есеп қолданылады.

Үзілу алдында созуда әрекет ететін созудың көлденең құраушы күшін бұзылған созусыз діңгекке әсер ететін қосымша күш ретінде пайдалану қажет.

**7 ПАЙДАЛАНУ ЖАРАМДЫЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЕКТІ ЖАҒДАЙЛАР.
МҰНАРАЛАР ЖӘНЕ ДІҢГЕКТЕР**

7.1 [7.1] Жалпы ережелер

Жабалау кезінде пайдалану жарамдылығы бойынша мынадай шекті жағдайлар аса маңызды:

- конструкцияны тиімді пайдалануға кері әсерін тигізетін ауытқулар мен бұрылыстар, оның ішінде антенналардың жұмыс жасауы немесе қызмет көрсету;
- берілетін сигналдың жоғалуын туғызатын дірілі, ауытқуы және тербелістер;
- салмақ көтермейтін элементтердің бұзылуын туғызатын деформация, ауытқулар, діріл, толқулар.

ЕСКЕРТПЕ ҚР ҚН EN 1993-3-1 Ұлттық қосымшасында қауіпсіздің коэффициентінің ұсынылған мәні ретінде $\gamma_m = 1,0$ қабылданды. Жел жүктемесінің қалыпты мәндері уақытында алынған ауытқулар мен бұрылыстардың шекті мәндері ҚР ҚН EN 1993-3-1 7-тарауының ұсыныстарына сәйкес жобалау уақытында ҚР қолданыстағы тиісті нормативтік құжаттар бойынша қабылдануы тиіс.

7.2 [7.2] Ауытқулар және бұрылыстар

7.2.1 [7.2.1] Талаптар

Ең жоғарғы ауытқулар және бұрылыстарды конструкцияға және қосымша элементтерге сипаттамалық әсер ету комбинацияларын пайдалану арқылы анықтау қажет.

Діңгектер және тартқыштары бар түтін мұржаларының ауытқулары және бұрылыстарын екінші тәртіпте әсер ету (ҚР ҚН EN 1993-1-1 қар.) және динамикалық әсер етулерді есепке ала отырып есептеу қажет.

7.2.2 [7.2.2] Шекті мәндерді анықтау

Шекті мәндерді анықтау конструкцияларды есептеу кезінде жүргізіледі. Тартқыштары бар діңгектер үшін есептеулер ҚР ҚН EN 1993-3-1 В қосымшасына сәйкес келетін осы көмекші құралдың 2.3.1 тармағына сәйкес орындау қажет.

Хабарландыру және жарықтандыру конструкцияларына қатысты қаралатын шекті

мәндер ретінде горизонталь ығысу және конструкцияның бетінің бұрылу мәндері алынады. Бағытталған антенналар үшін шекті мәндер бағытталған антеннаның бекіту нүктесінде орнатылады.

7.3 [7.3] Ауытқулар

Мұнаралар және діңгектерді: необходимо проверить на предмет:

- жел бағытындағы жел ағындары тудырған ауытқулар;
- призмалық, цилиндрлік немесе көлбеулік элементтері немесе қабықшасы бар діңгектер мен мұнаралардың құйынды ағындардан туындағы ауытқулары (жел бағытан перпендикр діріл тудырады);
- тартқыштардың дірілін тудыратын шоқырақтау;
- жел мен жаңбырдың әсерінен болған ауытқулар.

1 ЕСКЕРТПЕ Динамикалық әсер етулер туралы толық ақпарат EN 1991-1-4 және ҚР ҚН EN 1993-3-1 В қосымшасында, сондай-ақ ҚР ҚН EN 1993-3-2 В қосымшасында баяндалған.

2 ЕСКЕРТПЕ Ауытқулар қажу бұзылуларының тез дамуына әкеп соғуы мүмкін, ҚР ҚН EN 1993-1-9 қар.

Егер керегелі мұнаралар және діңгектер немесе тартқыштары бар түтін мұржалары желден туындаған ауытқуларға шалдығатын болса (егер жобалау кезінде оларды төмендетудің өзге шаралары қабылданбаса), онда қажет болса, тәжірибеге сүйене отырып ҚР ҚН EN 1993-3-2 В қосымшасының нұсқауларына сәйкес демпфирлеу құрылғыларын орнатуды қарастырған жөн.

8 КЕШЕНДЕ СЫНАҚТАРМЕН ЖОБАЛАУ. МҰНАРАЛАР ЖӘНЕ ДІҢГЕКТЕР

8.1 [8(1) ÷ 8(4)] Жалпы ережелер

Сынақтар қоса жүретін жобалау кезінде ҚР ҚН EN 1990 белгіленген ережелерді басшылыққа алу қажет.

Сынақтар мынадай жағдайларда қажет:

- барабар есептік модельдер болмаған кезде;
- біртекті конструкциялардың үлкен санын қолдану кезінде;
- жобалау кезінде қабылданған жорамалдарды тексеру үшін. ҚР ҚН EN 1990 D қосымшасын қар.

Егер δ_s конструкциялық өшудің 2.7 кестеде келтірілген логарифмдік декремент мәндері цилиндрлік элементтерден құралған, соларды қолдайтын немесе ұстайтын керегелі сүйеулер мен діңгектер үшін қолайсыз деп есептеледі, осы міндерді анықтау үшін сынақтар жүргізуге болады.

ЕСКЕРТПЕ δ_s анықтау бойынша басшылық ҚР ҚН EN 1993-3-2 D қосымшасына сәйкес келетін көмекші құралдың 17-тарауында келтірілген.

Негізгіден гөрі жоғары тәртіптегі ауытқулар түрі айтарлықтай маңызға ие, атап айтқанда, тартқыштары бар діңгектер үшін. Осыны конструкциялық өшудің логарифмдік декрементті анықтау кезінде есепке алу қажет.

Желсіздік, желді және көктайғақ уақытындағы қаралатын жүктеме шарттарына сәйкес ауытқулардың жиілігі де өзгеріп отыратындығын есепке алған дұрыс болады.

9 ҚАЗУ. МҰНАРАЛАР МЕН ДІҢГЕКТЕР

9.1 [9.1] Жалпы ережелер

Қажуды тексеру кезінде ҚР ҚН EN 1993-1-9 ережелері қолданылады.

Керегелі мұнаралар мен діңгектердегі әлі есепке алынбаған қосымша моменттердің барлығының қажу беріктігіне ықпалын қарастыру қажет.

9.2 [9.2] Қажу жүктемесі

9.2.1 [9.2.1] Желілік тербелістер

Желілік тербелістерден кереге мұнаралардың қажуына (бүйірлік желдің әсерінен болған тербелістерді есепке алмай) екпінді желдің нәтижесіндегі ықпал бойынша есептеу орындаудың қажеттілігі жоқ.

ЕСКЕРТПЕ Тартқыштары бар діңгектер үшін элементтер бөлшектерінің санаты 71 Н/мм² асатын қажудың ұзақ уақытқа жарамдылығы желлілік тербелістерге ұшыраған құралымдарды 50 жылдан астам уақытқа жетеді деп есептелген.

Желілік тербелістерге қатысты осы көмекші құралдың 10÷18 Тарауларында келесі нормативтік құжаттардың ережелеріне сілтеме жасалған (даталанбаған сілтемелер үшін олардың өзгерістерін қоса алғандағы соңғы басылымын қолданады):

EN 1090 Болат және алюминий құралымдарды дайындау. Техникалық талаптар 2 бөлім

EN 10025 Легирленбеген құралымдық болаттан жасалған ыстықтай басылған бұйымдар. Жеткізудің техникалық шарттары

EN 10088 Тоттанбайтын болат

EN 13084-1 Еркін тұратын өнеркәсіптік түтиін мұржалары. 1 бөлім. Жалпы талаптар

EN ISO 5817 Пісіру. Болатты, никельді, титанды және олардың қорытпаларын пісіру кезіндегі (сәулелік пісіруді қоспағанда) пісіру жіктері. Жіктердің ақауларына қарай сапа деңгейлері [1.2(1)].

9.2.2 [9.2.2] Бүйірлік жел кезінде құйынның пайда болуынан туындайтын дірілдер.

Негізгіден гөрі жоғары тәртіптегі ауытқулар түрі айтарлықтай маңызға ие, атап айтқанда, тартқыштары бар діңгектер үшін. Осыны конструкциялық өшудің логарифмдік декрементті анықтау кезінде есепке алу қажет.

Желсіздік, желді және көктайғақ уақытындағы қаралатын жүктеме N шарттарына сәйкес ауытқулардың жиілігі де өзгеріп отыратындығын есепке алған дұрыс болады.

ЕСКЕРТПЕ ҚР ҚН EN 1991-1-4 Е Қосымшасындағы қажу ықпалдарын қар..

9.2.3 [9.2.3] Жекелеген элементтердің реакциясы

Бүйірлік желден болатын тербелістер салдарынан тозу жүктемесін бағалау кезінде қарқын әсерлерін есепке алу қажет.

ЕСКЕРТПЕ Бүйірлік жел кезіндегі тербелістерден болатын қажу жүктемесін бағалау үшін осы көмекші құралдың ҚР ҚН EN 1991-1-4 Е Қосымшасын қар. Икемділік шектеулері осы көмекші құралдың 6.3.3.2 және 6.3.3.3 тармақтарында келтірілген. Қажудың артуы тербелістердің туындауы жағдайындағы қысымның практикалық құралы болып табылады.

9.3 [9.3] Қажу беріктігі

Тартқыштары бар мұнаралардың, түтін мұржалары мен діңгектердің қажу беріктігін ҚР ҚН EN 1993-1-9 қар.

9.4 [9.4] Қауіпсіздікті бағалау

Қажуға арналған қауіпсіздікті бағалау ҚР ҚН EN 1993-1-9 8-Тарауына сәйкес:

$\Delta\sigma_{E,2} = \lambda \cdot \Delta\sigma_E$ (18.1) қолдана отырып, жүзеге асырылады

мұндағы λ – $\Delta\delta_E$ к $N_c = 2 \times 10^6$ циклдарына көшудің баламалы коэффициенті
 $\Delta\sigma_E$ – кернеулердің шоғырлану коэффициенттерін есепке алатын N циклдарына жататын кернеу диапазоны (18.2 Қосымша бөлімін қар.).

Мұнда баламалы коэффициентті λ :

$$\lambda = \left(\frac{N}{2 \cdot 10^6} \right)^{\frac{1}{m}}, \quad (18.2) \text{ бойынша анықтауға болады.}$$

мұндағы m – S-N ауытқу еңісі.

9.5 Қажу беріктігіне арналған жеке коэффициенттер

Қажу беріктігіне арналған жеке қауіпсіздік коэффициенттері 3-Тарауда және 6.2 Қосымша бөлімде ҚР ҚН EN 1993-1-9 сәйкес келуі тиіс.

ЕСКЕРТПЕ Ұлттық қосымшада коэффициенттердің сандық мәндері қабылданған : $\gamma_{FF} = 1,00$ и γ_{MF} 9.1 –кестеде келтірілген..

9.1 Кесте Қажу кедергісіне арналған жеке қауіпсіздік коэффициенттерінің γ_{MF} ұсынылған мәндері

Бағалау әдісі	Бұзылу салдары	
	Шағын салдарлар	Ауқымды салдарлар
Бұзылу кезіндегі жұмыс қабілеттілігі	1,00	1,15
Қауіпсіз ресурс	1,15	1,35

9.6 [9.6] Тартқыштардың қажуы

Тартқыштардың қажу тәртібін тексеру ҚР ҚН EN 1993-1-11 келтірілген тәртіпте жүргізіледі.

10 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР. ТҮТІН МҰРЖАЛАРЫ

10.1 Қолдану саласы

10.1.1 Жалпы мәліметтер

ҚР ҚН EN 1993 өзге бөліктеріне және оларды қолдану саласына қажетті нормативтік-техникалық көмекші құралдар туралы ақпарат осы көмекші құралдың 1 Тарауында келтірілген.

10.1.2 ҚР ҚН EN 1993-3-2 жататын бөліктегі нормативтік-техникалық көмекші құралды қолдану саласы

10.1.2.1 Осы көмекші құралдың түтін мұржаларына қатысты 10÷18 Тарауларын дөңгелек немесе конустық қиылыстағы болаттан жасалған тік түтін мұржаларын жобалау кезінде қолданған жөн. Оларда еркін тұратын, аралық деңгейлерге сүйенетін немесе тартқыштармен бекітілген түтін мұржалары қарастырылған. [1.1(1) мұнда және одан әрі ҚР ҚН EN 1993-3-2].

10÷18 Тарауларының ережелері дополняют положения Тарауов 1÷9 Тараулардың ережелерін толықтырады.

19 Тарауда EN 1090 қосымша мұнараларды, діңгектерді және түтін мұржаларын дайындауға (салуға) арналған ақпарат келтірілген.

10.1.2.2 Осы көмекші құралдың 10÷18 Тараулары болаттан жасалған түтін мұржаларының кедергілеріне (беріктігіне, тұрақтылығына және қажуына) қойылатын талаптарды ғана қарастырады.

ЕСКЕРТПЕ Бұл контексте (яғни кедергілер) түтін мұржасы термині:

- a) түтін мұржаларының құралымдарына;
- b) мұнаралардың болат цилиндрлі оқпандарына;
- c) тартқыштары бар діңгектердің болат цилиндрлі оқпандарына [1.1(3)] жатады.

10.1.2.3 [1.1(4)] Химиялық ықпал, термодинамикалық сипаттамалар және жылумен оқшауландыру сияқты аспектілерге қатысты ережелер EN 13084-1 қарастырылған. Газ жіберетін (түнбалық) құбырларды жобалауды EN 13084-6 қар.

10.1.2.4 [1.1(5)] Болаттан жасалған түтін мұржаларына арналған темрі бетонды іргетастар ҚР ҚН EN 1992 және ҚР ҚН EN 1997 қарастырылған. Сондай-ақ EN 13084-1 4.7 және 5.4 қосымша бөлімдерін қар.

10.1.2.5 [1.1(6)] Желдік жүктемелер осы көмекші құралдың 2 Тарауында қарастырылған (ҚР ҚН EN 1991-1-4 ережелеріне сәйкес).

ЕСКЕРТПЕ Тартқыштары бар түтін мұржаларына арналған күштерді анықтау әдістері осы көмекші құралдың 2 Тарауында қарастырылған (ҚР ҚН EN 1993-3-1 ережелеріне сәйкес).

10.1.2.6 Осы көмекші құралдың 10÷18 Тараулары ҚР ҚН EN 1998-6 келтірілген сейсмикалық ықпалдарды есепке алу арқылы жобалаудың арнайы талаптарын қарастырмайды. . Сонымен қатар EN 13084-1 5.2.4.1-Тармақшасын қар. [1.1(7)].

10.1.2.7 [1.1(8)] Тартқыштар мен олардың айла-бұйымдарына арналған ережелер осы көмекші құралдың 1÷9 Тарауларында бегіленген (ҚР ҚН EN 1993-3-1 және ҚР ҚН EN 1993-1-11 ережелеріне сәйкес келтірілген).

10.1.2.8 [1.1(9)] Болаттан жасалған түтін мұржаларын дайындауға (салуға) қатысты EN 1090 2-бөліміне және EN 13084-1 сілтеме жасалуы қажет.

ЕСКЕРТПЕ Дайындауды (құрылысын) жобалау ережелерінің шарттарына сәйкес келуге тиіс орында дайындау сапасының стандарты мен қолданылуға тиесілі құрылыс материалдары мен бұйымдарының сапасын көрсету қажеттігі мағынасында қарастырады.

10.1.2.9 [1.1(10)] Осы көмекші құралдың 10÷18 Тарауларында келесі мәселелер қарастырылған:

- Тарау 10 Негізгі ережелер;
- Тарау 11 Жобалау негіздері;
- Тарау 12 Материалдар;
- Тарау 13 Ұзақ уақытқа жарамдылық;
- Тарау 14 Құралымдар есебі;
- Тарау 15 Сындық шекті жағдайлар;
- Тарау 16 Пайдалану жарамдылығы бойынша шекті жағдайлар;
- Тарау 17 Сынаумен сүйемелденетін жобалау;
- Тарау 18 Қажу.

10.2 Нормативтік сілтемелер

Түтін мұржаларына қатысты осы көмекші құралдың 10÷18 Тарауларында келесі нормативтік құжаттардың ережелеріне сілтеме жасалған (даталанбаған сілтемелер үшін олардың өзгерістерін қоса алғандағы соңғы басылымын қолданады):

EN 1090 Болат және алюминий құралымдарды дайындау. Техникалық талаптар 2 бөлім

EN 10025 Легирленбеген құралымдық болаттан жасалған ыстықтай басылған бұйымдар. Жеткізудің техникалық шарттары

EN 10088 Тоттанбайтын болат

EN 13084-1 Еркін тұратын өнеркәсіптік түтиін мұржалары. 1 бөлім. Жалпы талаптар

EN ISO 5817 Пісіру. Болатты, никельді, титанды және олардың қорытпаларын пісіру кезіндегі (сәулелік пісіруді қоспағанда) пісіру жіктері. Жіктердің ақауларына қарай сапа деңгейлері [1.2(1)].

10.3 Қолдану шарттары

Осы көмекші құралдың 1.3 Қосымша бөлімін қар.

10.4 Қолдану қағидалары мен ережелерінің арасындағы айырмашылықтар

Осы көмекші құралдың 1.4 Қосымша бөлімін қар.

10.5 Терминдер мен анықтамалар

Осы көмекші құралдың 10÷18 Тарауларында жалпы қолдануға арналған ҚР ҚН EN 1990 келтірілген терминдер мен анықтамалар қолданылады.

Осы көмекші құралдың 1÷9 Тарауларына қосымша 10÷18 Тарауларда келесі анықтамалар қолданылады. Түтін мұржаларының құралымдары үшін қолданылатын анықтамалар 10.1. суретте көрсетілген.

Түтін мұржасы (chimney) – істен шыққан газдарды немесе өзге де газ тәріздес жану өнімдерін, ағынды немесе істен шыққан ауаны қоршаған ортаға шығаратын тік болат имарат немесе құрылыс құралымдары.

Еркін тұрған түтін мұржасы (self-supported chimney) – тіреуіш деңгейдің үстінен бір де бір құралыммен байланысы жоқ оқпанды ұстап тұрған түтін мұржасы.

Тартқышпен бекітілген түтін мұржасы (guyed chimney) – биіктігі бойынша бір немесе бірнеше деңгейде тартқыш арқылы бекітілген оқпанды ұстап тұрған түтін мұржасы.

Дара қабырғалы түтін мұржасы (single-wall chimney) – газ тәріздес жанған өнімдерді шығаратын оқпанды ұстап тұрған түтін мұржасы. Она может иметь теплоизоляционный слой и/немесе внутреннюю футеровку.

Қос қабырғалы түтін мұржасы (double-wall chimney) – болаттан жасалған сыртқы оқпаннан және газ тәріздес жану өнімдерін шығаратын бір ішкі газ жіберу құбырынан тұратын түтін мұржасы.

Көпоқпанды түтін мұржасы (multi-flue chimney) – құрылымы өзара байланысты бір немесе бірнеше түтін мұржаларынан тұратын топ немесе салмақ түсетін оқпан қабығының ішіндегі екі немесе бірнеше газ жіберу құбырларынан тұратын топ.

Газ жіберу құбыры (liner) – салмақ түсетін оқпан қабығының ішіндегі футерлеу жүйесінің құрылымдық элементі (мембрана).

Футерлеу жүйесі (lining system) – салмақ түсетін оқпан қабығынангаз тәріздес жану өнімдерін бөліп шығаратын жалпы жүйе. Ол бар болған жағдайда салмақ түсетін оқпан қабығы мен газ жіберу құбырының арасындағы аралықты, газ жіберу құбырын және оның тіреуіштерін іске қосады.

Салмақ түсетін оқпан қабығы (structural shell) – ернемектерді қоспағандағы, түтін мұржасының негізгі жүктеме салмағы түсетін болат құралым.

Аэродинамикалық құрылғы (aerodynamic device) – құралымдық бәсеңдетуді арттырмай құйынды қозғалысты азайту үшін түтін мұржасын жабдықтайтын құрылғы.


Бәсеңдету құрылғысы (damping device) – құралымдық бәсеңдетуді арттыру арқылы құйынды қозғалысты азайту үшін түтін мұржасын жабдықтайтын құрылғы.

Спойлер (spoiler) – бүйірлік желдің реакциясын азайту мақсатында түтін мұржасының бетіне орнатылған құрылғы.

Спираль тәріздес белдіктер, қаптамалар немесе белағаштар (helical strakes, shrouds or slats) – бүйірлік желдің реакциясын азайту үшін түтін мұржасының сыртқы бекітілетін құрылғы..

Тіреуіш плита (base plate) – түтін мұржасының негізіне бекітілген көлденең плита.

Іргетас бұрандамасы (anchor bolt) – түтін мұржасын іргетасқа бекіту үшін қолданылатын бұрандама.



Көп оқпанды
түтін мұржасы

Дара қабырғалы
түтін мұржасы

Қос қабатты қабырғалы
түтін мұржасы

1 – галстук; 2 – аралық құрылғы; 3 – тексеру қақпағы; 4 – кәріздік құбыр; 5 – негіз немесе салмақ түсетун тақта; 6 – басы; 7 – жоғарғы тақта; 8 – бастың бұрышы; 9 – бүйірлік тіреулер; 10 – минералды мақтамен оқшауландыру; 11 – газ жіберуші құбырла; 12 – жалғастырғыш ернемек; 13 – салмақ түсетін оқпанның қабығы; 14 – кіре беріс саңылау; 15 – газ жіберетін құбырдың негізі; 16 – негіздеме конусы; 17 – тірегіш шығыршық; 18 – тірегіш құралым; 19 – іргета бұрандамалары; 20 – мүмкін қаттылық шығыршығы; 21 – жоғарғы конус; 22 – спираль тәріздес аэродинамикалық тұрақтандырғыштар; 23 – аралық; 24 – жалғастырғыш ернемек; 25 – бөлгіш арақабырға; 26 – бәсеңдеткіш құрылғы; 27 – газ жіберетін құбыр; 28 – қапсырма-сатылар; 29 – тірегіш тақта

10.1 Сурет. Түтін мұржалары үшін қолданылатын анықтамалар

Қаттылық сақинасы (stiffening rings) – дайындау және тасымалдау үдерісінде түтін мұржасы қабығының сжәне дөңгелек нысанын сақтау үшін қолданылатын көлденең элементтер. Ойықтар мен саңылаулардың қатталығын қамтамасыз ету үшін қолданылатын көлденең элементтер құралым қабығын қисайту немесе еңістерін өзгерту кездерінде болуы мүмкін [1.5].

10.6 Символдар мен шартты белгілер

10.6.1 1-Тарауда белгіленген символдар мен шартты белгілерге қосымша ретінде, 10÷18 Тарауларда келесі негізгі белгілер қолданылады:

- c – тоттану шегі;
 - N – циклдар саны;
 - b – диаметрі;
 - d – бұрандама диаметрі;
 - h – биіктігі;
 - m – еңісі;
 - t – уақыты;
 - w – желдің қысымы;
 - ref – сілтеме;
 - crit – сындық шама;
 - ext – сыртқы;
 - F – жүктеме;
 - f – қажу;
 - int – ішкі;
 - lat – көлденең (бүйірлік жел);
 - top – жоғарғы бөлігі;
 - R – жарылыс;
 - Temp – температурасы;
 - λ – баламалық коэффициенті;
 - η – екіншіқатардағы тиімділіктерді есепке алу коэффициенті.
- 10.6.2 Қосымша белгілер алғашқы кездескен жерлерде анықталған [1.6].

11 ЖОБАЛАУ НЕГІЗДЕРІ. ТҮТІН МҰРЖАЛАРЫ

11.1 Талаптар

11.1.1 Негізгі талаптар

Түтін мұржасы тиісті әдіспен құрастырылған және техникалық жабдықталған болып табылатын жағдайларда, ҚР ҚН EN 1993-1-1, ҚР ҚН EN 1990 және EN 13084-1 белгіленген негізгі талаптарға сәйкес келетіндей болып жобалануы тиіс.

Тартқыштармен бекітілген түтін мұржалары құралымдарының жобасы ҚР ҚН EN 1993-3-1, сондай-ақ ҚР ҚН EN 1993-3-2 [2.1.1] тиісті тармақтарына сәйкес әзірленуі тиіс.

11.1.2 Сенімділігі қамтамасыз ету

11.1.2.1 Түтін мұржаларының сындық шекті жай-күйін тексеру үшін олардың бұзылуының экономикалық және әлеуметтік мүмкін салдарларына қарай сенімділіктің әр түрлі деңгейі қабылдануы мүмкін [2.1.2].

11.1.2.2 [А.1] Болаттан жасалған түтін мұржаларның сенімділік сыныптамасы ҚР ҚН EN 1993-3-2 А Қосымшасындағы ұсыныстарға сәйкес, 11.1-кестеде келтірілген сенімділік сыныптарын қолдану арқылы орындалады.

11.1 Кесте. Түтін мұржаларына арналған сенімділік сыныптамасы

Сенімділік сыныбы	
3	Атом электр станциясы сияқты стратегиялық орындарда немесе қала үлгісіндегі тығыз орналасқан елді мекендерде орнатылған түтін мұржалары. Экономикалық және әлеуметтік салдарлардың әсерінен өте көп бұзылатын өнеркәсіптік елді мекендердегі биік түтін мұржалары
2	1 сыныпқа немесе 2 сыныпқа жатқызуға болмайтын орындардағы немесе өнеркәсіп пункттеріндегі қарапайым түтін мұржалары
1	Бұзылуынан залал туындамайтын ашық ауылда жерлерде орнатылған түтін мұржалары. Адам мекендемейтін жерлердегі биіктігі 16 м кем түтін мұржалары.

11.1.2.3 Жеке ықпалдық коэффициенттері түтін мұржасының сенімділік сыныбына қарай қабылданады. Тұрақты γ_G және ауыспалы γ_Q ықпалдарға арналған жеке коэффициенттердің мәндері 11.2 – кестеде келтірілген.

1 ЕСКЕРТПЕ Тұрақты γ_G және ауыспалы γ_Q ықпалдарға арналған жеке коэффициенттерді таңдау кезінде желдің ықпалдылығының басым әсерін есепке алуға болады.

2 ЕСКЕРТПЕ Желдің динамикалық есепке алу ықпалдылығын есептеу кезінде γ_Q ықпалдылық коэффициенті қолданылады [А Қосымшасы].

11.2 Кесте Тұрақты және ауыспалы ықпалдарға арналған жеке коэффициенттер

Ықпал ету түрі	Сенімділік сыныбы	Тұрақты ықпал	Ауыспалы ықпал
Қолайсыз	3	1,2	1,6
	2	1,1	1,4
	1	1,0	1,2
Қолайлы	Барлық сыныптар	1,0	0,0
Апаттық жағдайлар		1,0	1,0

11.2 Шекті жағдайлар бойынша есептеу қағидалары

Осы көмекші құралдың 2.2. қосалқы тарауын қараңыз.

11.3 Қоршаған ортаның ықпалдары мен әсерлері

11.3.1 [2.3.1(1)] Жалпы ережелер

ҚР ҚН EN 1990 4-Тарауының жалпы талаптары орындалуы тиіс.

Түтін мұржаларының беріктігі мен төзімділігі 11.3.2 және 11.3.3 Тармақтарда қарастырылған ықпалдар бойынша тексеріледі.

11.3.2 [2.3.2] Тұрақты ықпалдар

Жеке салмағын есептеп шығау кезінде болаттан жасалған қралымның толық қалыңдығын тоттану салдарынан болатын шығынсыз есепке алған жөн.

Тұрақты ықпалдарға барлық тұрақты құралымдар мен фитингтерді, оқшаулануды, шаңнан болатын жүктемелерді, жабысқан күлді, жабындар мен өзге де жүктемелерді қоса алғандағы өзге элементтердің есептеу салмағы енгізілуі тиіс. Түтін құбыры мен оның футерлеу салмағын, егер маңызды деп табылатын болса, газ түріндегі ортаның жалғаспалы ықпалы мен футерлеу тығыздығының ылғалдылығын есепке ала отырып, ҚР ҚН EN 1991-1-1 сәйкес анықтайды.

11.3.3 [2.3.3] Ауыспалы ықпалдар

11.3.3.1 Уақытша жүктемелер

Алаңшалар мен қанаттас қоршауларға түсетін уақытша жүктемелер есепке алынуы қажет.

1 ЕСКЕРТПЕ Ұлттық қосымшада келесі уақытша жүктемелер қабылданған:

– Алаңшаларға түсетін уақытша жүктемелер: $2,0 \text{ кН/м}^2$

– Қанаттас қоршауларға түсетін көлденең жүктемелер: $0,8 \text{ кН/м}$

2 ЕСКЕРТПЕ Өзге климаттық жүктемелер болмаған жағдайда. аталған жүктемелердің қолданылуына жол беріледі. [2.3.3.2]

11.3.3.2 [2.3.3.2;B.1] Желдің ықпалы

11.3.3.2.1 Жалпы ережелер

Желдің ықпалын осы көмекші құралдың 2-Тарауы және ҚР ҚН EN 1991-1-4 бойынша қабылдау қажет.

Желдік жүктемелер толығымен түтін мұржасының сыртқы беттеріне және қосалқы элементтерге, мысалы, сатыларға қолданылады. Әдетте, желдің бағытына әсер ететін соқпа желден туындайтын кедергі күшінен тысқары, түтін мұржаларының дірілін тудыратын құйын ағысының салдарынан болатын күштерді есепке алу қажет.

ЕСКЕРТПЕ Сондай-ақ, тартқыштармен бекітілген түтін мұржаларына арналған ұсыныстарды осы көмекші құралдың 2.3.2-тармағынан қар.

Желдің өзге ықпалдарын, мысалы, жел қысымының біркелкі таралмауы (сопақшалануы) салдарын немесе интерференция әсерлерін, егер тиісті өлшемдер шамадан асып кетсе, есепке алу қажет, 14.2.1 - Тармақты қар.

Интерференциялық шоқырақтау немесе классикалық шоқырақтау әсерінен туындаған ықпалдар ҚР ҚН EN 1991-1-4 сәйкес бағаланады.

Егер түтін мұржалары желдің шамадан тыс ауытқуынан зақымдалатын болса, онда оны азайту үшін жобалау кезінде немесе бәсеңдету құрылғыларын орнату арқылы шаралар қолданылады, ҚР ҚН EN 1993-3-2 В Қосымшасына сәйкес келетін 11.3.3.2.2÷11.3.3.2.6 Тармақшаларды қар.

11.3.3.2.2 [B.2] Негіздеме болған жағдайда, стандартты аэродинамикалық және вибрациялық-инженерлік әдістердің көмегімен:

- спираль тәріздес белдіктер, спойлерлер мен қаптамалар сияқты аэродинамикалық құрылғылар;
- діріл жұтқыштар;
- бәсеңдеткіш құрылғылы арқандар;
- тікелей бәсеңдету (тіркелген нүктеде) сияқты жекелеген жабдықтарды немесе оларды үйлестіре қолдану арқылы дірілдерді азайтуға болады.

11.3.3.2.3 [B.2] Аэродинамикалық жабдықтар

Құйынды ағынның біркелкілігін бұзатын белдіктер, қаптамалар немесе белағаштар сияқты аэродинамикалық жабдықтарды ызалы күштерді азайту үшін қолдануға болады. Спираль тәріздес белдіктері бар болаттан жасалған түтін мұржаларын Скрутон саны 8-ден асқан жағдайда (ҚР ҚН EN 1991-1-4 Е Қосымшасын қар), келесі өлшемдерді қолдана отырып жобалауға болады. Өзге аэродинамикалық жабдықтар үшін аэродинамикалық құбырдағы сынақ нәтижелері сияқты, аталған жабдықтардың тиімділігіне тәуелсіз дәлел келтіру қажет.

Егер спираль тәріздес белдіктер түтін мұржасының жоғарғы бөлігінде орналасса, онда түтін мұржасының жалпы биіктігіне арналған бүйірлік желді көтеру коэффициентінің негізгі шамасын c_{lat} :

$$\alpha = \left(1 - \frac{\ell_s}{h}\right)^3, \quad \text{алынған коэффициентке } \alpha \text{ көбейтуге болады.} \quad (11.1)$$

мұндағы ℓ_s – белдіктермен жабдықталған қабықтардың ұзындығы;

h – түтін мұржасының жалпы биіктігі.

(11.2) формуласын осындай спираль тәріздес белдіктердің геометриялық сипаттамалары төмендегідей болып табылған жағдайда қолданады:

- үшкірісті белдіктер;
- белдіктер қадамы $h_s = 4,5b$ -дан $5,0b$ дейін;
- белдіктердің ені $t = 0,10b$ -дан $0,12b$ дейін;
- белдіктер, кем дегенде, $0,3h$ құрайтын және, әдетте, $0,3h$ пен $0,5h$ аралығында

болатын ℓ_s ұзындығында орналасады. Сонымен қатар, белдіксіз $1,0b$ аспайтын (11.1) формуласындағы ℓ_s ұзындығына қосылуы мүмкін жоғарғы бөлікке рұқсат беріледі,

мұндағы b – түтін мұржасының диаметрі.

ЕСКЕРТПЕ Жоғарыда келтірілген есептеуде ҚР ҚН EN 1991-1-4 Е Қосымшасының 1-тәсілі қолданылады. Көлденең желдің амплитуд аларын есептеу кезінде K_w ұзындығының түзету (келтірілген) коэффициентін 1,0 тең деп қабылдайды (ҚР ҚН EN 1991-1-4 Е-Тармақшасын қар).

Біріне бірі жақын орналасқан екі немесе одан көп бірдей түтін мұржаларына арналған белдіктер (11.2) Формуласында белгіленгеннен гөрі, тиімдірек болуы мүмкін. Егер түтін мұржалары арасындағы аралық орталық қашықтық $5d$ кем болса, онда құйындық ағысқа арналған белдіктерді қолдану әсерлеріне арнайы зерттеу жүргізу қажет, әйтпесе белдіктер тиімсіз болып есептеледі.

Белдіктермен немесе қаптамалармен қамтамасыз ету олар орналасқан түтін мұржасының қиылысу кедергісінің коэффициентін арттырады. Биіктігі түтін мұржасының 0,2 диаметрін құрайтын белдіктер үшін кедергі коэффициенті жалпы диаметрдің (яғни белдіктер биіктігін қоса алғандағы) 1,2 тең деп қабылданады.

11.3.3.2.4 [B.3] Динамикалық діріл жұтқыш

Дірілдерді азайту үшін динамикалық діріл жұтқышты, мысалы, берік тіреуіштегі көмекші салмағы бар дірілсөндіргішті, пайдалануға болады. Бәсеңдеткіш құрылғы құралымның бәсеңдетілуін арттыруға арналған бәсеңдеткіш және өзге де маңызды параметрлерді, меншікті жиілікті, салмақты есепке ала отырып, жобалануы тиіс.

Тиімді бәсеңдетудің талап етілетін қарқынын қажу әчерін есепке алғандағы, көлденең желдің дірілін талдау арқылы анықтайды.

Жүйенің жұмыс істеу қабілеттілігін, жиілік бейімділігін және бәсеңдеткіштігін тексеру үшін сынақтар жүргізу қажет. Алынған бәсеңдетудің жүргізілген талдауға сәйкес келетінін сынақтар арқылы белгілейтін сертификат дайындау қажет.

Егер бәсеңдеткіш құрылғыны орнату қажет болса, онда өндірушілер қандай уақыт аралығында бәсеңдеткіш құрылғыға бақылау және/немесе техникалық қызмет көрсету жүргізу қажеттігін анықтау қажет.

11.3.3.2.5 [B.4] Бәсеңдеткіш құрылғылы арқандар

Қосымша бәсеңдетуді қамтамасыз ету үшін бәсеңдеткіш құрылғылы арқандар қолданылады.

Осындай сөндіру жабдықтарының тиімділігін орнатылған түтін мұржасына жүргізілетін тиісті сынақтардың көмегімен дәлелдеу қажет.

Егер арқандардың ұштары берік бекітілген болса, онда арқанда қоса алғандағы құралым жобасының ең жоғары желдік жүктемесіне бағалау жүргізу қажет.

11.3.3.2.6 [B.5] Тікелей бәсеңдету

Түтін мұржасының жанында жеткілікті дәрежедегі биіктікте белгіленген нүкте болған жағдайда тікелей бәсеңдетуді түтін мұржасы мен қарастырылып отырған ауытқу нысанына арналған белгіленген нүктенің арасында бәсеңдету элементін орнату арқылы қамтамасыз етуге болады.

ЕСКЕРТПЕ Меншікті жиіліктері бірдей қосылған ұқсас түтін мұржалары үшін олардың қосылу салдарынан құралымның бәсеңдетілуін арттыруға жол берілмейді.

11.3.3.3 [2.3.3.3] Ішкі қысымдар

Егер төмен қысымның немесе жоғары қысымның нормадан ауытқуына әкелетін жағдайлар туындаса, онда бұл жағдайлар оқыс (апаттық) жүктемелер ретінде қарастырылады..

ЕСКЕРТПЕ Төмен қысымды қоршаған орта жағдайларының және жалпы ағын кедергісінен, мысалы, газ ағынының жылдамдығынан, газ тығыздығынан анықтауға болады, EN 13084-1, А Қосымшасын қар.

11.3.3.4 [2.3.3.4] Температуралық ықпалдар

Температуралық ықпал нақты газ ағынынан туындайтын әсерлерді қоса алғандағы, метеорологиялық жағдайлар мен пайдаланулардан шығатын температуралардың айырмасы әсерінен және құралым бойынша біркелкі тараған температурадан тұруы мүмкін.

Температуралық климаттық ықпалдарды ҚР ҚН EN 1991-1-5 қар.

Сонымен қатар нақты газ ағынын пайдалану әсерінен және оның салдарынан туындайтын температураны да есепке алу қажет, EN 13084-1 и EN 13084-6 қар.

11.3.3.5 [2.3.3.5] Мұзданудан болатын жүктемелер

Мұзданудан болатын жүктемелерге тартылған түтін мұржалары үшін мұздың тиісті қалыңдығын, оның тығыздығы мен таралуын анықтайды.

ЕСКЕРТПЕ Мұзданудан болатын жүктемелер үшін нақты ақпарат осы көмекші құралдың 2.3.2-Тармағында белгіленген (ҚР ҚН EN 1993-3-1 2.3.2-Тармағына сәйкес).

11.3.3.6 [2.3.3.6] Сейсмикалық ықпалдар

Сейсмикалық ықпалдар ҚР ҚН EN 1998-6 анықталады. Сондай-ақ EN 13084-1 қар.

11.3.3.7 [2.3.3.7] Тұтану

Түтін мұржасының ішіндегі тұтану қауіптілігін қарастыру қажет.

ЕСКЕРТПЕ Түтін мұржаларындағы тұтану:

– қосылған бойлер немесе пеш арқылы өтетін жанбай қалған отынның;

- соңы пеш құбырының жарылуына әкелетін көмірсутегінің жанбай қалған лақтырындысының;
- күйік қабаты мен күкірттің бөлінуінен;
- лтоқыма өнеркәсібі сияқты кез келген өндіріс қалдықтарының бөлінуінен, жақпа майлар мен конденсаттардың жалындауынан туындауы мүмкін.

Жүктемеге салмақ түсетін құралым тұтану ықпалының әсерінен туындайтын бұзылуға әкелмеуі тиіс және түтін мұржасының жанында олардың тұтану температурасына жеткенге дейін тұрмауы тиіс. Егер тұтану қауіптілігі туындайтын болса, тиесілі өртке қарсы жабынның болуы қамтамасыз етілуі тиіс. EN 13084-6 және EN 13084-7 қар.

11.3.3.8 [2.3.3.8] Химиялық ықпалдар

Химиялық ықпалдарды EN 13084-1 қар.

11.4 [2.4] Сындық шекті жағдайларды тексеру

Ықпалдардың есептік шамалары мен ықпалдардың комбинацияларын ҚР ҚН EN 1990 қар.

Жобалау кезінде сындық шекті жағдайлар мен қажуды бағалауға қосымша пайдалану жарамдылығы бойынша шекті жағдайдың шекті амплитудалары маңызды болуы мүмкін. (16 –Тарауды қар).

ЕСКЕРТПЕ Сындық шекті жағдайларға арналған жеке коэффициенттерді осы көмекші құралдың 11.1 Қосалқы бөлімінен қар.

11.5 [2.5] Геометриялық сипаттамалар

Құраымдық бөліктердің қаттылығы мен беріктігін, егер ол маңызды деп табылатын болса, тоттануға немесе температура ықпалына қойылатын шектеулерді ескере отырып, номиналдық геометриялық сипаттамаларды пайдалана отырып анықтайды, осы көмекші құралдың 12 және 14 Тарауларын қар.

11.6 Ұзақ уақытқа жарамдылығы

Ұзақ уақытқа жарамдылық талаптары қажу бағасын (18-Тарауды қар.) және қабықтың есептік қалыңдығын тиісті таңдалуын (13-Тарауды қар) және/немесе тоттанудан тиісті қорғалуын қамтамасыз етуі тиіс. Сонымен қатар ҚР ҚН EN 1993-1-1 4-Тарауын қар.[2.6].

ЕСКЕРТПЕ Ұлттық қосымшада құралым қызметінің есептік мерзімін 30 жыл деп қабылдау ұсынылған, егер техникалық тапсырмада өзге мән қарастырылмаса.

12 МАТЕРИАЛДАР. ТҮТІН МҰРЖАЛАРЫ

12.1 Жалпы ережелер

Жалпы ережелер ҚР ҚН EN 1993-1-1, ҚР ҚН EN 1993-1-3 және ҚР ҚН EN 1993-1-4, сондай-ақ осы көмекші құралдың 3-Тарауында мазмұндалған.

12.2 Құралымдық болат

12.2.1 [3.2.1] Материалдың қасиеті

Болаттың қоршаған орта температурасы мен жұмыс температурасы салдарынан механикалық қасиеттерінің өзгеруіне тиісті назар аудару қажет, 12.2.2-Тармақты қар.

400°C асатын температура үшін, балқып жылжу кезінде жарылысты болғызбас үшін, балқу жылжығыштығының әсерлерін қарастыру қажет.

Құралымдық болаттың тұтқырлық талаптарын ҚР ҚН EN 1993-1-10 қар.

12.2.2 [3.2.2] Құралымдық көміртекті болатты механикалық қасиеттері

S235, S275, S355, S420, S460 құралымдық көміртекті болаттың және атмосфералық тоттануға төзімді S235, S275, S355 болаттың механикалық қасиеттерін ҚР ҚН EN 1993-1-1 қар.

Болаттардың неғұрлым жоғары температура кезіндегі қасиеттері осы көмекші құралдың 12.1 және 12.2 кестелерінде келтірілген (EN 13084-7 сәйкес).

12.2.3 [3.2.3] Тоттанбайтын болаттың механикалық қасиеттері

400°C дейінгі температураға жарамды тоттанбайтын болаттың механикалық қасиеттерін ҚР ҚН EN 1993-1-4 қар. Неғұрлым жоғар температура кезіндегі қасиеттерін EN 10088 және EN 13084-7 қар.

12.3 Қосылыстар

Қосылыстардың материалдарын, пісіру материалдарын және т.б. осы көмекші құралдың 6-Тарауынан және ҚР ҚН EN 1993-1-8 [3.3] қар.

12.1– кесте. Температураға қарай аққыштық шегінің сипаттамалық мәндері ($f_{0.2}$ Н/мм²)

Болат түрі		Материалдың температурасы °С дейін																
Сок	Қысқарту	Материал																
EN 10025-2		20	50	100	150	200	250	300	350	400	450	500	550	600	650	700	750	800
S235JRG1		235	235	190	175	160	140	120										
S235JRG2		235	235	190	175	160	140	120										
S235J2G3		235	235	190	175	160	140	120										
S275JR		275	275	215	200	185	165	145	125	104								
S275J2G3		275	275	215	200	185	165	145	125	104								
S355J2G3		355	355	260	245	230	210	190										
EN 10025-2		Желдік келергі және шегендеу мұржасы																
S235JRW		235	235	190	175	160	140	120										
S235J2W		235	235	190	175	160	140	120										
S355J2WP		355	355	260	245	230	210	190										
S355J2G1W		355	355	260	245	230	210	190	170	140	120	85						
Использование		Ветровой щит и обсадная труба																
EN 10028																		
P265GH		255	247	232	215	197	181	166	154	145	80							
16Mo3		270	268	259	245	228	209	190	172	156	145	139						
13CrMo4-5		290	285	275	260	243	226	209	194	180	169	159	76					
10CrMo9-10		300	270	249	238	232	227	221	211	198	185	173	83	44				
Использование		Ветровой щит и обсадная труба																
EN 10088																		
X5CrNi18-10		195	177	157	142	127	118	110	104	98	95	92	90					
X6CrNiTi18-10		205	190	176	167	157	147	136	130	125	121	119	118					
X6CrNiMoTi17-12-2		215	202	185	177	167	157	145	140	135	131	129	127					
X2CrNiMo17-12-2		190	182	166	152	137	127	118	113	108	103	100	98					
X2CrNiMo18-14-3		190	182	166	152	137	127	118	113	108	103	100	98					
X1NiCrMoCu25-20-5		220	190	175	165	155	145	135	130	125	120	110	105					
Использование		Ветровой щит и обсадная труба																
EN 10095																		
X8CrNiTi18-10		205	190	176	167	157	147	136	130	125	121	119	118	110	77	45	30	15
X15CrNiSi25-21		230	190	176	167	157	147	136	130	125	121	120	112	105	77	50	37	23
X15CrNiSi20-12		230	190	176	167	157	147	136	130	125	121	120	120	120	85	50	35	20
Использование		Ветровой щит и обсадная труба																
		Только обсадные трубы																
		Мағыналары 40 мм қалыңдықтағы материал үшін келтірілген. Жоғарыда көрсетілген суықформалды материалдар үшін жарамды. Егер мағынасы жоқ болса, ондай жағдайда																

**12.2 Кесте. Серпімділік модулінің сипаттамалық мәндері (10^5 Н/мм²)
температураға қарай**

Тип стали			Материалдың температурасы °C дейін								
	Қысқарту	Материал	20	150	250	350	450	500	550	600	650 ÷ 1000
EN 10025-2	S235JRG1	1.0036	2,1	2,05	2,0	1,92					
	S235JRG2	1.0038									
	S235J2G3	1.0116									
	S275JR	1.0044									
	S275J2G3	1.0144									
	S355J2G3	1.0570									
EN 10025-5	S235JRW	1.8960	2,1	2,05	2,0	1,92	1,84	1,8			
	S235J2W	1.8961									
	S355J2WP	1.8946									
	S355J2G1W	1.8963									
EN 10028	P265GH	1.0425	2,1	2,05	2,0	1,92	1,84	1,8			
	16Mo3	1.5415									
	13CrMo4-5	1.7335									
	10CrMo9-10	1.7380									
EN 10088	X5CrNi18-10	1.4301	1,72,0 _a	1,641,94 ^a	1,561,86 ^a	1,491,79 ^a	1,421,72 _a	1,3851,685 ^a	1,351,65 _a	1,3151,615 _a	
	X6CrNiTi18-10	1.4541									
	X6CrNiMoTi17-12-2	1.4571									
	X2CrNiMo17-12-2	1.4404									
	X2CrNiMo18-14-3	1.4435									
	X1NiCrMoCu25-20-5	1.4539									
EN 10095	X8CrNiTi18-10	1.4878	1,72,0 _a	1,641,94 ^a	1,561,86 ^a	1,491,79 ^a	1,421,72 _a	1,3851,685 ^a	1,351,65 _a	1,3151,615 _a	
	X15CrNiSi25-21	1.4841									
	X15CrNiSi20-12	1.4828									
асығымдылық кернеуін есептеу үшін											

13 ҰЗАҚ УАҚЫТҚА ЖАРАМДЫЛЫҚ. ТҮТІН МҰРЖАЛАРЫ

13.1 [4.1] Тоттану шегі

Егер тоттану ықпалына шалдыққыш беттердің тоттану шегін жасаса, онда беріктік және қажу есептері тоттану ықпалына шалдыққан болаттың қалыңдығына негізделуі тиіс, егер тоттану ықпалына шалдықпаған қалыңдық кернеуді неғұрлым қолайсыз жағдайға әкелмейтін болса.

Тоттану шегі төменде көрсетілгендей, сыртқы (c_{ext}) және ішкі (c_{int}) шектердің қосындысына тең болуы тиіс. Бұл шектеулер барлық кезеңге немесе әрбір 10 жылдық кезеңнің бір бөлігіне қолданылады.

Жалпы шектеуді элементтердің беріктілігі мен төзімділігіне өйылатын талаптарды қанағаттандыруға қажетті қалыңдыққа қосады.

13.2 [4.2] Тоттанудың сыртқы шегі

13.2.1 Тоттанудың сыртқы шегі қоршаған орта жағдайларына сәйкес келуі тиіс.

ЕСКЕРТПЕ Ұлттық қосымшада тоттанудың сыртқы шегіне c_{ext} арналған шамалар 13.1. Кестеде келтірілген қоршаған ортаның қарапайым жағдайлары үшін белгіленген. Агрессиялы қоршаған орта үшін осы шектеулердің шамасын әр жобада жеке қабылдау қажет.

13.2.2 Тоттанудың сыртқы шектерін ұзындығы $5b$ түтін мұржасының жоғарғы бөлігіне ғана қолданады, мұндағы b – түтін мұржасының сыртқы диаметрі. Егер түтін мұржасы түтін мұржаларына жақын жатқан өнеркәсіп ластануымен немесе тікелей теңізге жақындығымен ерекшеленетін агрессиялы қоршаған ортада орналасқан болса, онда шектердің ұлғайтылуын немесе қорғау шараларының қабылдануын қарастыру қажет.

13.2.3 Төмендегі шұраларды қолдану қажет:

- барлық қосылыстар ылғалұстағыштықты жоятындай немесе азайтатындай мүмкіндікте жобалануы тиіс. Мысалы, элементтердің бағдарын, шеткерілігін және кадам шамасын қарастыру қажет немесе осы қосылыстардың егжей-тегжейлі қолдануын қарастыру қажет;

- топырақ деңгейіндегі құралымды өсімдік өскіндерінен босатады;

- тікелей монолиттеудің немесе іргетас құралымдарының топырақпен ықпалдастығының немесе тұрақты ылғалдылықтың салдарынан тоттануға шалдыққыштығының әлеуетті мүмкіндігін азайту үшін жабындары болуы тиіс.

13.2.4 Атмосфералық тоттануға төзімді болатты қолдану кезінде 13.2.3 - Тармақта белгіленген шаралар қабылданады.

13.3 [4.3] Тоттанудың ішкі шегі

Болатқа арналған тоттанудың ішкі шегінің (c_{int}) шамалары EN 13084-7 сәйкес 13.2.- кестеде келтірілген.

13.1 Кесте. Тоттанудың сыртқы шегі (c_{ext})

Қорғау жүйесі	Ықпалға шалдығу уақыты	
	Алғашқы 10 жыл	Әрбір келесі 10 жылдық кезең
Сырланған көміртекті болат (қайта сырлау бойынша жоспарланбаған бағдарламасыз)	0	1 мм
Сырланған көміртекті болат (қайта сырлау бойынша жоспарланған бағдарламамен)	0	0 мм
Оқшауландырумен және су өткізбейтін қабықпен қорғалған сырланған көміртекті болат	0	1 мм
Қорғалмаған көміртекті болат	1,5 мм	1 мм
Атмосфералық тоттануға төзімді қорғалмаған болат (13.2.3 Тармағын қар.)	0,5 мм	0,3 мм
Қорғалмаған тоттанбайтын болат	0	0
Салмақ түсетін оқпан қабығының қорғалмаған ішкі беті және қосқабырғалы түтін мұржасындағы немесе көпқпанды түтін мұржасындағы газ жіберу құбырының қорғалмаған сыртқы беті (көміртекті болат немесе атмосфералық тоттануға төзімді болат үшін)	0,2 мм	0,1 мм

13.2 Кесте. Түтін газдарымен байланысты беттерге арналған тоттану жіберілімі

Болат тұрпаты			Конденсатқа төзімділігі	EN 13084-1 сәйкес химиялық тоттану сыныптары							
				Ағашқы 10 жыл				Әрбір келесі 10 жылдық кезең			
	Қысқарту	Материал		Төмен, L	Орташа, M	Жоғары, H	Өте жоғары, V	Төмен, L	Орташа, M	Жоғары, H	Өте жоғары, V
EN 10025-2	S235JRG1	1.0036	D	1,0	2,50	N	N	1,0	1,50	N	N
	S235JRG2	1.0038									
	S235J2G3	1.0116									
	S275JR	1.0044									
	S275J2G3	1.0144									
	S355J2G3	1.0570									
EN 10025-5	S235JRW	1.8960	D	1,0	2,50	N	N	1,0	1,50	N	N
	S235J2W	1.8961									
	S355J2WP	1.8946									
	S355J2G1W	1.8963									
EN 10028	P265GH	1.0425	D	1,0	2,50	N	N	1,0	1,50	N	N
	16Mo3	1.5415									
	13CrMo4-5	1.7335									
	10CrMo9-10	1.7380									
EN 10088	X5CrNi18-10	1.4301	D	0,0	0,75	1,25	N	0,0	0,75	1,25	N
	X6CrNiTi18-10	1.4541	D	0,0	0,75	1,25	N	0,0	0,75	1,25	N
	X6CrNiMoTi17-12-2	1.4571	W	0,0	0,25	0,75	N	0,0	0,25	0,75	N
	X2CrNiMo17-12-2	1.4404	W	0,0	0,25	0,75	N	0,0	0,25	0,75	N
	X2CrNiMo18-14-3	1.4435	W	0,0	0,25	0,75	N	0,0	0,25	0,75	N
	X1NiCrMoCu25-20-5	1.4539	W	0,0	0,25	0,50	1,5	0,0	0,25	0,50	1,5
EN 10095	X8CrNiTi18-10	1.4878	D	0,0	0,75	1,50	N	0,0	0,75	1,50	N
	X15CrNiSi25-21	1.4841									
	X15CrNiSi20-12	1.4828									

N – рұқсат берілмейді

D – құрғақ күйінде пайдаланылады (су шығы нүктесінен жоғары)

W – ылғалды және/немесе құрғақ күйінде пайдаланылады (су шығы нүктесінен төмен)

Қышқыл шығының нүктесін EN 13084-1 стандартынан қар.

14 ҚҰРАЛЫМДАРДЫ ЕСЕПТЕУ. ТҮТІН МҰРЖАЛАРЫ

14.1 [5.1] Ықпалдылық әсерлерін анықтау үшін түтін мұржаларын модельдеу

Әдетте, түтін мұржасының сындық шекті деңгейін тексеру кезінде салмақ түсетін оқпан қабығы мен газ жіберу құбырының мүмкін бірлесу жұмысын есепке алмайды. Керісінше, салмақ түсетін оқпан қабығының қауіпсіздігіне кері ықпал етуі мүмкін газ жіберетін құбырлардағы шектеулерді есепке алу қажет.

ЕСКЕРТПЕ Салмақ түсетін оқпан қабығы мен газ жіберетін құбырдың өзара әрекетінен болатын бәсеңдету әсерлерін есепке алу қажет.

Газ жіберетін құбырдың беріктілігі мен төзімділігін салмақ түсетін оқпан қабығының өзгеруіне тиісті назар аудара отырып бағалайды.

Түтін мұржасының құралымында қолданылатын болаттың қаттылық және беріктік температурасының ықпалына тиісті көңіл бөлген жөн.

Түтін мұржасының қаттылығын есептеу кезінде тоттану ықпалына шалдыққан қабықтың қалдығын қолданады, егер тоттану ықпалына шалдықпаған қалыңдық кернеуді неғұрлым қолайсыз жағдайға әкелмейтін болса. Есептеуде 13.2 және 13.3 қосалқы бөлімдеріне сәйкес сыртқы және ішкі тоттану шектерін ескеру қажет.

14.2 [5.2] Ішкі тең әсерлі кереулер мен өзге де кернеулерді есептеу

14.2.1 [5.2.1] Құралым қабығын есептеу

Тең әсерлі кернеулер мен құралым қабығындағы кернеулерді есептеу ҚР ҚН EN 1993-1-6 келтірілген.

Әдетте, қабықтың сызықты-серпімділік есебін (LA) талдамалық жабдықтардың көмегімен я болмаса ақырғы элементтердің көмегімен қолдануға рұқсат беріледі.

ЕСКЕРТПЕ Цилиндрлік және конустық қабықтардың LA есебіне арналған ережелер мен формулалар ҚР ҚН EN 1993-1-6 белгіленген.

Бекітілмеген тік шеңберлі цилиндрлік қабықтарға арналған ішкі ықпал әсерінен туындайтын мембраналық кернеулерді шеңбер бойынша жел қысымының әркелкі бөлінуі салдарынан болатын майысу моменттерінен басқа, қабықтың майысу әсерлерін есептемеуге болатын, цилиндрді бір арқалық ретінде қарастыратын мембраналық теорияның көмегімен анықтауға болады.:

ЕСКЕРТПЕ Қабықтың әсерлерін есепке алмау өлшемдері Ұлттық қосымшада белгіленген. Қабылданған өлшемдер:

$$\ell / r_m \geq 0,14 \cdot r_m / t + 10, \quad (14.1)$$

мұндағы ℓ – жалпы биіктік;

r_m – қабықтың орташа радиусы (яғни табак қалыңдығының ортасына дейін);

t – тоттану әрекетіне шалдыққан табақтың қалыңдығы.

Ұзындық бірлігіне сақиналық майысу моменттерін шамамен:

$$m_y = 0,5 \cdot r_m^2 \cdot w_e \text{ анықтауға болады,} \quad (14.2)$$

мұндағы w_e – түтін мұржасының биіктігін z қабылдағандағы, ҚР ҚН EN 1991-1-4 5.1. Қосалқы бөлімі бойынша анықталған құралымның сыртқы бетіне ықпал ететін желдің қысымы,.

Жел қысымының салдарынан болатын сақиналық майысу моменттерін (25 м/сек дейінгі жел жылдамдығының базалық мәніне арналған (ҚР ҚН EN 1991-1-4 қар.)) бекітілген цилиндрлік қабықтарда есепке алмауға болады, мұндағы:

$$r_m / t \leq 160 \quad (14.3)$$

Қаттылығы сақиналармен бекітілген қабықтар үшін және қосылатын жерлерінде қаттылығы сақиналармен бекітілген цилиндрлік және конустық қабықтардың мембраналық кернеулерін ℓ/r_m және r_m/t қатынасына қарамастан, құралымды бір арқалық ретінде қарастырып отырған мембраналық теорияның көмегімен анықтауға болады. . Қабықтың майысу әсерлері, келесі жағдайдар сақталған жағдайда ескермей-ақ қоюға болады:

– жел қысымын қабылдау үшін орнатылған қаттылық сақиналары сақиналық майысу моменттерін есепке алынып жобалануы тиіс;

– цилиндрлік және конустық бөліктердегі қосылу желілерінде орнатылған қаттылық сақиналары меридионалды мембраналық күштердің еңісінен туындайтын тең әсерлі күштерді есепке ала отырып жобалануы тиіс.

Тең әсерлі кернеулер мен жоғарыда келтірілген есептеулер нәтижесінде алынған кернеулерді беріктікті тексеру үшін қолданады, 15.2.1 –Тармақты қар. және қабықтың бойлық төзімділігін тексеру үшін 15.2.2-Тармақты қар.

14.2.2 [5.2.2] Ақаулар

Еркін тұратын консольды салмақ түсетін түтін мұржаларының көлденең ақауларына жоғары бөлігінің (Δ , м) тігінен ауытқуы жағдайында рұқсат беріледі:

$$\Delta = \frac{h}{500} \cdot \sqrt{1 + \frac{50}{h}}, \quad (14.4)$$

мұндағы h – түтін мұржасының жалпы биіктігі, м.

Құралым қабығының жергілікті ақаулары ҚР ҚН EN 1993-1-6 келтірілген бойлық төзімділік шығыны кедергісінің формуласына енгізілген және оларды жалпы есептеу кезінде есепке алудың қажеті жоқ.

ЕСКЕРТПЕ Сондай-ақ тиісті геометриялық рұқсат шектерін осы көмекші құралдың 19-Тарауынан қар.

Түтін мұржасының өзге құралымдары элементтерінің ақаулары ҚР ҚН EN 1993-1-1 5.3.-Қосымша бөліміне сәйкес осьтік сығылу кезінде қарастырылады.

14.2.3 [5.2.3] Жалпы есептеу

14.2.3.1 Егер құралымның қабығы арқалық ретінде есептелетін болса, 14.2.1-Тармақты қар., онда есептеулерді арқалыққа арналған бірінші қатардағы жалпы теорияны қолдана отырып, жүргізуге болады, сонда :

$$\frac{N_b}{N_{crit}} \leq 0,10, \quad (14.5)$$

мұндағы N_b – қабықтың төменгі шетіндегі жалпы тік жүктеменің есептеу шамасы;
 N_{crit} – қабықтың төменгі шетіндегі бұзылудың серпімді сындық шамасы (ҚР ҚН EN 1993-1-6 қар.).

14.2.3.2 Егер құралым қабағы арқалық ретінде есетелетін болса, 14.2.1 – Тармақты қар., және екінші қатардағы жалпы теория қолданылса, онда арқалыққа арналған екінші қатардағы майысу моменттерін M'_b бірінші қатар моментінен M_b :

$$M'_b = M_b \cdot \left(1 + \frac{\eta^2}{8}\right) \text{ формуласы бойынша анықтауға болады.} \quad (14.6)$$

$$\text{мұндағы } \eta = h \cdot \sqrt{\left(\frac{N_b}{EI}\right)}, \quad (14.7)$$

мұнда h – қабықтың жалпы биіктігі;

EI – қабықтың төменгі шетіндегі майысу кезіндегі қаттылық.

Көрсетілген жеңілдетілген әдіс:

$$\eta \leq 0,8 \text{ және} \quad (14.8)$$

$$\frac{N_{top}}{N_b} \leq 0,10, \text{ болғанда ғана қолданылады,}$$

мұндағы N_{top} – қабықтың жоғарғы шетіндегі жалпы тік жүктеменің есептеу шамасы [5.2.3].

15 СЫНДЫҚ ШЕКТІ ЖАҒДАЙЛАР. ТҮТІН МҰРЖАЛАРЫ

15.1 [6.1] Жалпы ережелер

Жеке қауіпсіздік коэффициенті γ_M :

- жалпы немесе жергілікті бойлық майысу – γ_{M0} болмаған жағдайда, құралым элементтеріне арналған аққыштық шегі бойынша белгіленген кедергіні f_y ;
- жалпы немесе жергілікті бойлық майысу – γ_{M1} болған жағдайда, құралым элементтеріне арналған аққыштық шегі бойынша белгіленген кедергіні f_y ;
- созылу кезінде – γ_{M2} құралым элементтеріне арналған беріктік шегі бойынша белгіленген кедергіні f_u ;
- қосылыстар мен түйісулердің кедергілерін – ҚР ҚН EN 1993-1-8 қар. анықтау кезінде қабылданады.

ЕСКЕРТПЕ Егер жобалау кезінде Еурокодта көрсетілген материалдар қолданылатын болса, ҚР ҚН EN 1993-3-2 ұсынылған жеке қауіпсіздік коэффициенттерінің сандық шамаларын қолдану қажет: $\gamma_{M0} = 1,0$; $\gamma_{M1} = 1,1$; $\gamma_{M2} = 1,25$.

Егер жобалау кезінде жергілікті материалдар қолданылатын болса, онда сәулет және құрылыс істері бойынша уәкілетті орган ұйымынан осы материалдарды қолдануға арналған техникалық шарттарды алу қажет.

Түтін мұржаларының келесі сындық шекті жағдайларға тексереді:

- орнықты тепе-теңдік;
- құралым элементтерінің беріктігі;
- жалпы төзімділік;
- құралым элементтерінің жергілікті бойлық майысуы;
- құралым элементтерінің қажуы (қажет болған жағдайда аз циклды қажуды қоса отырып);
- қосылыстардың бұзылуы.

15.2 [6.2] Құралымның қабықтары


15.2.1 Беріктігін тексеру

15.2.1.1 Салмақ түсетін оқпан мен газ жіберетін құбыр қабықтарының беріктігі созылу кезіндегі пластикалық бұзылу немесе жарылудың шекті жағдайына тексерілуі тиіс.

Егер салмақ түсетін оқпан мен газ жіберетін құбыр қабығы ішкі ықпалдарға бір арқалық ретінде жобаланған болса, 14.2.1-Тармақты қар., оны қиысу сыныбын ескере отырып, ҚР ҚН EN 1993-1-1 немесе ҚР ҚН EN 1993-1-3 сәйкес тексереді.

Қалған жағдайларда салмақ түсетін оқпан мен газ жіберетін құбыр қабығын ҚР ҚН EN 1993-1-6 белгіленген әдістерге сәйкес тексереді.

15.2.1.2 Көлденең қиылыстың ойықтар мен саңылаулар арқылы (мысалы, қарау тесктері, газ жолдарын қабыстыруға арналған саңылаулар және т.б.) әлсіреуін қабықтың жергілікті төзімділігі мен қажу әсерлерін есепке ала отырып, тиісті мөлшердегі күшейту табактарының көмегімен орнын толтырады, нәтижесінде шеттердің айналасындағы қаттылық элементтері де пайдаланылуы мүмкін. (15.1-суретті қар.).



1 – қаттылықтың мүмкін сақиналары; 2 – қаттылықтың көлденең элементі; 3 – ойық

15.1 Сурет. Ойықтар мен саңылаулар жанындағы қаттылықты қамтамасыз ету

15.2.1.3 Қаттылықтың бойлық элементтерін пайдалану кезінде, егер жүктемелерден болатын меридионалдық (бойлық) кернеулердің бөлінуі қарастырылатын болса, астыңғы немесе үстіңгі тиісті ойықтардың жанында туындайтын қабық қабырғалары майысуының кез келген сақиналық кернеулері есепке қосылуын назарға алған жөн.

Қаттылықтың бойлық элементтері қабықтың негізгі аумағы бойынша кернеуін анықтауға болатындай жеткілікті дәрежеде ұзын болуы тиіс.

Жергілікті кернеуді бөлу деп, әдетте, қаттылық элементтері саңылаудың астынан немесе үстінен кем дегенде 0,8 ара қашықтығына немесе ойықтың 0,8 биіктігіне ең үлкен мәнді таңдайтындай талаптарды қанағаттандыратын мәндерді санауға болады және ойықтың ең үлкен бұрышы 120° құрауы тиіс.

ЕСКЕРТПЕ Ұлттық қосымшада түтін мұржасының оқпанындағы ойық үшін төмендегі шектеулер ұсынылған:

– Бір көлденең қиылыстағы құбырға екі газ жолы енгізілген жағдайда оларды бір осьтің қарам-қарсы жағына орналастыру қажет, егер үш газ жолы енгізілетін болса – бір-біріне 120° бұрышпен орналастырылғаны жөн, бұл ретте әлсіреудің бір көлденең қиылысудағы жиынтық көлемі болат құбырдың салмақ түсетін оқпанының 20 % асуға тиіс емес.

– Түтін мұржасына бірнеше газ жолдарын енгізу және олардың бір мезгілде жұмыс істеуі кезінде құбырдың төменгі бөлігіндегі немесе іргетас стақанындағы бөлу қабырғаларын немесе газ ағындарының өзара әсерінен тысқары бағытберуші келте құбырларды, сондай-ақ азайтқыш аэродинамикалық кедергілерді қарастыру қажет;

– Құбыр диаметрінің жартысынан аспайтын газ жолының диаметрінде ойық орны тиісінше күшейтілген құбырға газ жолын тікелей ойып енгізуге рұқсат беріледі. Ірі газ жолдарын ойып енгізу үшін түйіскен жерлерде цилиндр нысанды газ жолдарының биіктігі бойынша көлемі үлкен тік бұрышты нысанға тиісінше күшейтіліп көшірілуі мақсатқа сай болып табылады. Түтін мұржасымен кернеулескен жерлердегі газ жолы енгізілетін орын дөңгелек, сопақ немесе бұрыштары дөңгеленген нысанға ие болуы тиіс, бұл ретте оқпан қабығы қиылысының тең беріктілігін қамтамасыз ету мақсатында ойық периметрі бойынша табақтардың қоса дәнекерленуін күшейту қажет;

– Қажет болған жағдайда диаметрі үлкен бірнеше газ жолдары ойымдарының құбырмен қиылысуы әр түрлі деңгейде жүзеге асырылуы тиіс;

– Газ жолдарының құбырмен қосылған жерлеріндегі тұнбалық жіктерді немесе компенсаторларды алдын ала қарап отыру қажет.

15.2.1.4 Майысудан болатын сақиналық кернеулерді қабылдау үшін қаттылықтың бойлық элементтерінің соңындағы ойық жиектері бойынша бекітілген қосымша қаттылық сақиналарын қолданады.

Қаттылық сақиналарын ҚР ҚН EN 1993-1-6 [6.2.1] С Қосымшасына сәйкес тексереді.

15.2.2 [6.2.2] Тұрақтылықты тексеру

Құралым қабығының тұрақтылығын ҚР ҚН EN 1993-1-6 8-Тарауында белгіленген әдістерді қолдана отырып, көлденең тұрақтылық шығыны бойынша оның шекті жағдайына тексеру жолымен тексереді.

Егер сыртқы ықпалдарды есептеу кезінде құралым қабығын бір арқалық ретінде қарастыратын болса, 14.2.1 Тармақты қар., ҚР ҚН EN 1993-1-6 белгіленген кернеу есебінің қағидасын қолданады.

Егер арқалыққа арналған екінші қатардағы жалпы теорияны қолдану қажет болса, 14.2.3-Тармақты қар., онда қабықтың көлденең майысуын екінші қатардағы әсерлер жататын сығылудың меридионалды мембраналық кернеуімен жүргізеді..

15.3 [6.3] Түтін мұржасы құралымының өзге элементтерінің қауіпсіздігін бағалау

Түтін мұржасының өзекті элементтерінің беріктігі мен тұрақтылығын құралым қабығының бір бөлігі ретінде тексереді, 15.2. Қосымша бөлімді қар.

Қос қабырғалы түтін мұржаларындағы немесе көпоқпанды түтін мұржаларындағы газ жіберу құбырларының беріктігі мен тұрақтылығын салмақ түсетін оқпандардың қабығына ұқсас тексереді, 15.2. Қосымша бөлімді қар.

Егер қажет болса, онда газ жіберетін құбыр қабығының көлденең майысуына тексеруді пайдалану жарамдылығын тексеру сияқты жүргізуге болады, 16-Тарауды қар.

Егер түтін мұржасы құралымының салмақ түсетін жүктемесі өзге құралымдық элементтермен байланысты болса, онда ондай элементтер мен олардың қосылыстарының беріктігі мен тұрақтылығы 15.2 және 15.4 Қосымша бөлімдеріне сәйкес тексеріледі.

15.4 [6.4] Түйісулер мен қосылыстар

15.4.1 Жалпы ережелер

Түйісулер мен қосылыстардың есебі мен құрастырылуы 6.4 Қосымша бөлімде және ҚР ҚН EN 1993-1-8 келтірілген.

ЕСКЕРТПЕ Егер жобалау кезінде Егер жобалау кезінде Еурокодта көрсетілген материалдар қолданылатын қосылыстар пайдаланылса, онда осы көмекші құралдың 6.13 кестесінде келтірілген жеке қауіпсіздік коэффициенттерінің ұсынылған мәндерін қолдану қажет.

Егер жобалау кезінде жергілікті материалдар қолданылатын болса, онда сәулет және құрылыс істері бойынша уәкілетті орган ұйымынан осы материалдарды қолдануға арналған техникалық шарттарды алу қажет [6.4.1].

15.4.2 Ернемекті бұрандамалық қосылыстар

15.4.2.1 Бұрандамалар мен ернемектегі кернеуді қабықпен берілетін жүктеменің эксцентриситетін ескере отырып есептеп шығарады.

ЕСКЕРТПЕ Ұлттық қосымшада ернемекті бұрандамалық қосылыстарды жобалау бойынша келесі ақпараттар келтірілген:

Цилиндрлі секциялардың ернемекті түйісулерін (тек габаритті диаметрдің) рекомендуется мамандандырылған зауыттарда және имарат кері төменгі температураға ие аудандарда (толт.стік орындау) салынған жағдайларда немесе біліктілігі жоғары пісірушілер мен монтаждау пісіру жіктерінің сапасын жоғары бақылауға арналған техникалық мүмкіндіктер болмағанда жүзеге асыру ұсынылады.

Ернемектер үшін сапасы металдың қабатталу мүмкіндігін болдырмайтын, илем қалыңдығы бағытында кепілдендірілген механикалық қасиеттері бар қалың табақты болат қолданылады.

Түйісу жұмысының шарттары бойынша ең моментті құралымдық шешім құралым қабығына қатысты ернемек пен бұрандамалардың симметриялы орналасуы болып табылады.

Бұрандамалар орналасқан ернемек үшін тек құбыр сыртынан (15.4.2.3-Тармақшасының

жағайында) қабыққа қатысты бұрандамалардың симметриялы бекітілмеуінен болатын қосымша майысу моментін ескеру қажет (15.4.2.1 – Тармақшасын қар.). Ернемек қалыңдығын азайту үшін периметрі бойынша біркелкі орналасқан және тиісінше ернемекке және қабықтың қабырғасына дәнекерленген қысқа қабырғалар қолданылуы мүмкін. Қабырғалар екі қадамнан кем емес бомайтын қашықтықта мақсатқасай орналастырылуы тиіс.

Болат түтін мұржасы қабығының цилиндрлік және конустық бөліктерін, әдетте, қабырғасыз түйістіре пісіру арқылы қосу қажет.

Мұржаның цилиндрлік және конустық бөліктерінің ұштасқан жері, сондай-ақ құбыр қабырғасы қалыңдығының барлық өзгерген жерлері шеткері әсерден болатын қосымша кернеулерді есепке ала отырып, беріктігі тексерілуі қажет. Құбыр қабырғаларының қалыңдығы 4 мм кем болмауы тиіс.

Ернемекті қосылыстарды есептеу көмекші құралдың 6.4.2-Тармағында келтірілген ұсыныстар бойынша орындалуы тиіс.

15.4.2.2 Ернемектер құралым қабығына үзіліссіз дәнекерленуі тиіс. Үзікті пісіру қолданылмайды.

Беріктігі жоғары бақылау (алдын ала) керу бұрандамалары қолданылады.

Бұрандамалардың орталықтары арасындағы ең жоғары қашықтық 10d құрауы тиіс. Учитывая влияние утечки, ссылаясь на EN 13084-6 сілтеме жасай отырып, жылыстау әсеріескерілсе, қашықтықты азайту қажеттілігі туындауы мүмкін (мүмкін 5d дейін), мұндағы d – бұрандама диаметрі.

Бұрандаманың ең кіші диаметрі $d = 12$ мм құрауы тиіс.

15.4.2.3 Бұрандаларды бақылау болмаған жағдайда түтін мұржасының қызмет мерзімі бойында, ішкі ернемектерден, қашқақтайды.

Ернемектер құралым қабығына сәйкес келу үшін, сақинадан нысанында болуы тиіс. Ернемек пен құралым қабығының арасындағы кез келген саңылау пісіруге арналған техникалық жағдайларды қанағаттандыратындай болуы тиіс.

15.4.2.4 Бұрандамалар маңайындағы қабық кернеулерінің, ернемек пен қабықтың майысуының және мүмкін өзгеру салдарынан болатын қосымша кернеулердің шоғырлану мүмкіндігін ескеру қажет.

Қосылыстарды жобалау кезінде ернемекті қосылыстың температурасы мен температура өзгерісіне тиісті көңіл бөлу қажет[6.4.2].

15.4.3 Түтін мұржасын іргетаспен немесе тіреуіш құралыммен біріктіру

15.4.3.1 Болат қабықтың бетонды іргетаспен немесе тіреуіш құралыммен қосылуы аудару моментін, қабықтың негізінде туындаған және іргетақа берілген қалыпты күш пен жылжу күшін ұстануы тиіс.

15.4.3.2 Қосылыс тіреуіш тақта мен анкерлік бұрандамаларды қолдану арқылы орындалғанда, қабықпен берілетін жүктеменің эксцентриситетін ескере отырып, бұрандамалардағы жүктемелерді есептеп шығарады.

1 ЕСКЕРТПЕ Қажуды тексеруді 18-Тараудан қар.

2 ЕСКЕРТПЕ Егер аэродинамикалық немесе бәсеңдету құрылғыларын пайдалану арқылы тербелістер елеулі түрде азайса, бақылаусыз (алдын ала) керіліс бұрандамаларының қажу талаптарына сәйкес келуі мүмкін.

3 ЕСКЕРТПЕ Ұлттық қосымшада қосылыстарды іргетаспен жобалау бойынша келесі акпарат келтірілген:

Еркін тұрған түтін мұржасының іргетаспен қосылысының құралымында желдік жүктеме ықпалымен құбырдың тігінен қосымша ауытқу мүмкіндігі болмауы тиіс.

Түтін мұржалары іргетасқа анкерлік бұрандамалармен бекітіледі, олардың орналасу геометриясы шын мәнінде ең кіші шектеулермен қамтамасыз етілуі тиіс. Шеңбердің доғасы бойынша бұрандамалар арасындағы қашықтық $15^{\circ} - 30^{\circ}$ аралығында қабылдануы тиіс.

Тіреуіш желінің мейлінше кең тараған құралымдық шешімі тіреуіш тақтаға бекітілген анкерлік бұрандамалардың құралым қабығына қатысты симметриялық орналасуы болып табылады. Тіреуіш тақта үшін, металдың мүмкін қабатталуын болдырмайтын қалыңдығы 40 мм дейінгі табақ болатты қолдану ұсынылады. Қажет болған жағдайда, ернемекке және қабыққаанкерлік бұрандамаларға жақын орналасқан қысқа тік қабырғалар дәнекерленеді. Мұндай тіреуіш желі ортаның агрессивті емес жағдайында және түтін мұржасының қызмет мерзімі бойында анкерлік бұрандамаларды кезеңдік тексеріп отыру мүмкіндігі болған жағдайда қолданылады.

Түтін мұржасының ішінде анкерлік бұрандамаларды орналастыру мүмкін болмаған жағдайда, мұржаны іргетасқа бекіту тек сыртында орналасқан анкерлік бұрандамалармен жүзеге асырылады. Бұл ретте құбыр қабығына қатысты орналасқан анкерлік бұрандамалардың симметриялы бекітілмеуінен болатын қосымша майысу моментін ескеру қажет. Бұл жағдайда тік қабырғалар, тіреуіш тақтаны күшейтуден тысқары, сыртқы сақина мен тіреуіш тақтаға көлденең құрамдас бөліктердің берілуін қамтамасыз етеді.

Нөлдік белгідегі мұржаның габариттік емес диаметрінде мұржа қабығын тіреуіш тақтаға пісіру және қабырғаларды пісіру құрастыруда орындалады және пісіру сапасының жоғары бақылануымен сүйемелденеді.

15.4.3.3 Егер болат қабықты іргетаспен қосудың өзге әдістері мысалы, қабықты тікелей бетон іргетасқа жалғастыру немесе бітеу қолданылатын болса, онда есептеу моделінің сенімді екенін дәлелдеу қажет және қабылданған әдіске жататын құралымның негізгі бөлшектерін ескеру қажет [6.4.3].

15.5 [6.5] Пісіру қосылыстары

Пісіру арқылы дайындалған болат түтін мұржаларындағы қосылыстарға қойылатын талаптарды көмекші құралдың 6.4.-Қосымша бөлімінен және ҚР ҚН EN 1993-1-8, ҚР ҚН EN 1993-1-9 и EN 13084-1 қар.

16 ПАЙДАЛАНУ ЖАҒДАЙЫ БОЙЫНША ШЕКТІ ЖАҒДАЙЛАР. ТҮТІН МҰРЖАЛАРЫ

16.1 [7.1] Жалпы нұсқаулар

Болат түтін мұржалары үшін пайдалану жарамдылығы бойынша келесі шекті жағдайларды қарастыру қажет:

– желдің бағытындағы және/немесе құралымның сыртқы түрінде немесе тиімді пайдалану кезінде жағымсыз көрініс беретін бұйырлық желдің бағытындағы дөзгерістер мен

ауытқулар;

– қасында тұрған құралымдарға ықпал етуі мүмкін дірілдер, тербелістер немесе шайқалулар;

– құралымға жатпайтын элементтердің бұзылу мүмкіндігін тудыратын дірілдер, тербелістер немесе шайқалулар.

Егер пайдалану жарамдылығы бойынша шекті жағдайларды қарастыратын тиісті тармақтарда жеңілдетілген сәйкестік ережелері белгіленсе, онда ықпал ету комбинацияларын қолдана отырып, нақты есептеулерді жүзеге асыру талап етілмейді.

ЕСКЕРТПЕ Жеке коэффициенттерді, әдетте, пайдалану жарамдылығы бойынша барлық шекті жағдайлар үшін 1,00 тең деп қабылдайды.

16.2 [7.2] Ауытқулар

ҚР ҚН EN 1991-1-4 анықталған еркін тұрған түтін мұржасының жоғары бөлігінің қарсы жел бағытындағы ең жоғарғы ауытқу шамасы δ_{\max} желдік жүктеменің сипаттамалық мәнінен шектелуі тиіс.

ЕСКЕРТПЕ Егер техникалық жағдайларда өзге мән көрсетілмесе, онда Ұлттық қосымшада белгіленген шекті ауытқу шамасын қабылдау қажет:

$$\delta_{\max} = h / 50, \quad (16.1)$$

мұндағы h – түтін мұржасының жалпы биіктігі.

Еркін тұрған түтін мұржасының жоғары бөлігіндегі құйын ағынының салдарынан болатын діріл амплитудаларының ең жоғарғы шамасы шектелуі тиіс.

1 ЕСКЕРТПЕ Ең жоғары шамалардың анықталуын ҚР ҚН EN 1991-1-4 Е Қосымшасынан қар.

2 ЕСКЕРТПЕ Сенімділік сыныптарын қолдану кезінде осы көмекші құралдың 11.1.2-Тармағына сәйкес көлденең жел дірілі амплитудаларының шекті шамаларын 16.1. Кестеге сәйкес қабылдау ұсынылады.

16.1 Кесте. Көлденең жел дірілінің ең жоғары амплитудаларына ұсыныстар

Сенімділік сыныбы	Көлденең жел дірілі амплитудаларының шекті шамалары	
3	0,05	сыртқы диаметрінің
2	0,10	сыртқы диаметрінің
1	0,15	сыртқы диаметрінің

17 СЫНАҚПЕН СҮЙЕМЕЛДЕНЕТІН ЖОБАЛАУ. ТҮТІН МҰРЖАЛАРЫ

17.1 Жалпы ережелер

17.1.1 Сынақпен сүйемелденетін жобалау кезінде, необходимо руководствоваться положениями, установленными в ҚР ҚН EN 1990 белгіленген ережелерді басшылыққа алу қажет.

ҚР ҚН EN 1991-1-4 келтірілген логарифмдік сөну декрементінің озық шамаларын сынақ көмегімен растайды [8].

17.1.2 [D.1] Егер ҚР ҚН EN 1991-1-4 келтірілген логарифмдік сөну декрементінің озық шамаларын сәйкес емес деп санайтын болса немесе егер бәсеңдету құрылғыларын орнатқаннан кейін осы бәсеңдету құрылғыларының қолданылу нәтижелерін тексеру қажет болса, онда логарифмдік сөну декрементінің түтін мұржаларына арналған шамаларын анықтау үшін келесі нұсқаулықты басшылыққа алады.

17.1.3 [D.2] Логарифмдік сөну декрементін анықтау, ҚР ҚН EN 1991-1-4 F Қосымшасын қар.

17.1.4 [D.3] Логарифмдік сөну декрементін өлшеу әдісі

Өлшем дабылын түтін мұржасының жылдамдығынан, ауытқуынан, күштерінен немесе кернеулерінен алуға болады.

Өлшеудің әр түрлі әдістерін қолдануға рұқсат беріледі, мысалы, сөнудің ауытқу әдісі, автокорреляция әдісі немесе жолақ ені жартысының әдісі.

Өлшемге дірілдің жалпы энергиясының енетініне көз жеткізген жөн, сондықтан өлшеуді бір мезгілде ортогоналдық бағытта жүргізеді.

Өлшеу деректерін талдау кезінде дірілдің амплитудаға тәуелділігін есепке алады.

Сынақ кезінде құйын ағыны салдарынан болатын амплитуда түтін мұржасы амплитудасының жобасында есептелген шекте болуы тиіс немесе аталған бағалау амплитудасының бәсеңдетілуін қамтамасыз ету қажет.

Аэродинамикалық сөну ықпалын сынақ үдерісінде күшейтпе желдің болуы кезінде өлшенген шамадан шегереді. Аэродинамикалық сөнуді анықтауды EN 1991-1-4 F Қосымшасынан қар.

18 ҚАЖУ. ТҮТІН МҰРЖАЛАРЫ

18.1 Жалпы ережелер

18.1.1 Қарсы желдің немесе көлденең желдің күшінен шығатын кернеулер диапазонынан туындайтын қажудың мүмкін әсерлеріне көңіл аудару қажет.

ЕСКЕРТПЕ Көлденең желдің құйындық дірілдерінен болатын қажу, әдетте, жобалауды шарттастыратындықтан, қарсы жел күштеріне жататын қажуға, әдетте, тексеру жүргізілмейді.

Қажуды тексеруді ҚР ҚН EN 1993-1-9 қар.

18.1.2 Құралымның геометриялық нысанынан, мысалы, қосылыстың ерекше нысанында арналған немесе ойықтардан шығатын кернеулер болған жағдайда ҚР ҚН EN 1993-1-6 сәйкес кернеулердің шоғырлану коэффициенттерін қолдануға жол беріледі.

18.1.3 400°C артық температурада қолданылатын ыстыққа төзімді легирленген болаттардан дайындалған түгін мұржалары үшін, температура әсерінен қажудың бұзылуына әкелетін бұзылулардың қосылуын қосымша ескеру қажет.

ЕСКЕРТПЕ Ұлттық қосымшада 400°C артық температура кезіндегі қажу бойынша келесі қосымша ақпарат келтірілген.

Жоғары температура салдарынан туындайтын кернеулер, әсіресе, қаттылық қабықтары мен қабырғаларындағы температура айырмашылығының салдарынан туатын кернеулердің шоғырлану аймағында өте қауіпті. Температуралық режимнің өзгеруі кезінде әр кез сайын қайталанатын әр түрлі сипаттағы жергілікті кернеулердің пайда болуы мүмкін жеке табақтар арасындағы жылу берілісі кезіндегі жарылыстар салдарынан болатындықтан, көп қабатты табактық құралымдардағы температуралық кернеулерге ерекше назар аудару қажет.

18.1 – Кестеде әр түрлі температурадағы болаттардың қажу сипаттамалары бойынша ақпарат келтірілген.

18.1 Кесте. Әр түрлі температурадағы болаттардың қажу сипаттамалары

Температура в °С	Созылу кезіндегі аққыштық шегі %-бен	Кернеудің симметриялық циклы кезіндегі шыдамдылық шегі %-бен (тегіс үлгілер үшін)
20	100	100
100	100	95,8
200	108,3	106,6
300	110,3	136,8
400	83,5	115,1
500	59,3	50,3

Температураның ықпалын азайтушы шаралар ретінде:

- футерлеу құрылғысын жылумен оқшауландыру;
- құралымдық шешімдерді қабылдау;
- температуралық кернеулердің есебі ұсынылады.

18.1.4 Бұл бөлім тоттанудан қажуды қарастырмайды [9.1].

18.2 [9.2] Қажу жүктемесі

18.2.1 [9.2.1] Қарсы желден болатын тербелістер

Қарсы желден болатын тербелістер салдарынан тозу жүктемесін бағалау кезінде қарқын әсерлерін есепке алу қажет.

ЕСКЕРТПЕ Қарсы жел кезіндегі тербелістерден болатын қажу жүктемесін бағалау үшін осы көмекші құралдың 9.2.1-Тармағын қар.

18.2.2 [9.2.2] Көлденең желден болатын тербелістер

Көлденең желден болатын тербелістер салдарынан тозу жүктемесін ең жоғары кернеу диапазондарынан анықтауға болады.

ЕСКЕРТПЕ Кернеу диапазондары мен циклдар санын анықтау үшін 11.4 Қосымша бөлімін және ҚР ҚН EN 1991-1-4 Е Қосымшасының 1.5.2.6 Тармақшасын қар.

Биіктігі 3 м кем түтін мұржалары үшін қажуды тексеру жүргізілмейді.

Егер түтін мұржасы желінің сындық жылдамдығы құйынның туындауы салдарынан 20 м/сек асатын болса, онда жер деңгейінен 16 м төмен корреляциялық ұзындықты есепке алмайды, ҚР ҚН EN 1991-1-4 қар.

Неғұрлым жоғары нысандарды, егер аталған нысандар үшін желдің сындық жылдамдығы шекті шамадан төмен болып табылса, қарастыру қажет (ҚР ҚН EN 1991-1-4 қар).

18.3 Көп циклды қажу кедергілері








18.3.1 [9.3(1)] Түтін мұржаларының пісіру қабықтары құралымдарының бөлшектеріне арналған қажу кедергілерінің кестелерін ҚР ҚН EN 1993-1-9 қар.

ҚР ҚН EN 1993-1-9 қолдану жөніндегі нұсқаулықты және қажу кедергісінің ұлғайтылуын пісіру жіктерінің сапасына сәйкес 18.3.2 және 18.3.3 Тармақтарынан қар.

18.3.2 [C.1] ҚР ҚН EN 1993-1-9 8.1÷8.5-кестелерінен бөлшектің тиісті санатын іріктеу кезінде қабық бөлшектерін 18.2-кестеде белгіленген жазықтық ретінде қарастыруға болады.

Қажу ықпалына ұшыраған пісіру жіктері сапасының ең төмен деңгейі EN ISO 5817 сәйкес C сапасының деңгейі болып табылады.





18.2 Кесте. Бөлшектердің санаты бойынша бөлшектерді бөлу

Сілтеме	Бөлшек суреті	Сипаттама
ҚР ҚН EN 1993-1-9 8.3 Кесте 4 және 7 бөлшек		Қабықтағы көлденең түйісу қосылыстары. Екі жағынан орналасқан түйісу пісіру жігі (жік түбірін қоса пісіру)
ҚР ҚН EN 1993-1-9 8.3 Кесте 14 бөлшек		Қабықтағы көлденең түйісу қосылыстары. Бір жағында ғана орналасқан түйісу пісіру жігі
ҚР ҚН EN 1993-1-9 8.3.- Кесте 16 (< 1:4) бөлшек		Қабықтағы көлденең түйісу қосылыстары. Тұрақты тегіс төсемде орналасқан түйісу пісіру жігі
50 бөлшегінің санаты		Қабықтағы көлденең түйісу қосылыстары. Бір жағында ғана орналасқан түйісу пісіру жігі
ҚР ҚН EN 1993-1-9 8.2 - Кесте 10 бөлшек		Қабықтағы көлденең түйісу қосылыстары. Үзіліссіз пісіру жігі
ҚР ҚН EN 1993-1-9 8.2 Кесте 1, 2, 3, 5 және 7 бөлшек		Үзіліссіз көлденең қосылыс
ҚР ҚН EN 1993-1-9 Кесте 8.5 8 бөлшек		Жылжыту күші арқылы үзіліссіз көлденең қосылыс (Көлденең үзіліссіз қосылыстар, сондай-ақ осы жағдайда қар.)

18.2 Кесте. Бөлшектердің санаты бойынша бөлшектерді бөлу (жалғасы)

Сілтеме	Бөлшек суреті	Сипаттама
ҚР ҚН EN 1993-1-9 8.4 Кесте 6 және 7 бөлшек		Үзіліссіз көлденең қосылыс
ҚР ҚН EN 1993-1-9 8.4 Кесте 6 және 7 бөлшек		Қысқа көлденең қосылыс. (Сондай-ақ үзік жіктері бар үзіліссіз көлденең қосылыстарға арналған)
ҚР ҚН EN 1993-1-9 8.5 Кесте 1, 2 және 3 бөлшек		Толық пісірілмеген дәнекерлу жіктері бар айқаспа тәріздес қосылыстар.
ҚР ҚН EN 1993-1-9 8.4 Кесте 9 бөлшек		Пісіру қосылысының негізгі металға ықпалы
ҚР ҚН EN 1993-1-9 8.4 Кесте 2 бөлшек		Көлденең қосылыстар
ҚР ҚН EN 1993-1-9 8.4 Кесте 1 бөлшек		Қысқа көлденең қосылыстар
ҚР ҚН EN 1993-1-9 8.2 Кесте 8 бөлшек		Үзік жіктері бар үзіліссіз көлденең қосылыстар

18.2 Кесте. Бөлшектердің санаты бойынша бөлшектерді бөлу (жалғасы)

Сілтеме	Бөлшек суреті	Сипаттама
ҚР ҚН EN 1993-1-9 8.5 Кесте 6 және 7 бөлшек		Күшейткіш пластинка (өзге бөлшектермен немесе оларсыз)
ҚР ҚН EN 1993-1-9 8.5 Кесте 1, 2 және 3 бөлшек		Бұрыштық пісіру жігімен/түйісу пісіру жігімен негіздеме
ҚР ҚН EN 1993-1-9 8.5 Кесте 11 бөлшек		Түйісу пісіру жігімен ернемекті қосылыс. Бұрандамаларды орнату бойынша ҚР ҚН EN 1993-1- 8 қар.
ҚР ҚН EN 1993-1-9 8.5 Кесте 12 бөлшек		Бұрыштық пісіру жігімен ернемекті қосылыс. Бұрандамаларды орнату бойынша ҚР ҚН EN 1993-1- 8 қар.

18.3.3 [C.2] Сапаға қойылатын негізгі талаптар салдарынан қажу беріктігін арттыру

Егер сапаға қойылатын жоғары талаптар қолданылатын болса және сапаға қойылатын бұл талаптар нәтижесінде қажу беріктігінің артуына әкелетін болса, онда ҚР ҚН EN 1993-1-9 белгіленген санатқа қарағанда, жоғары бөлшек санатын қолдануға жол беріледі, егер бұл тиісті сынақтар көмегімен тексерілген болса.

ЕСКЕРТПЕ Ұлттық қосымшаға сәйкес, егер В сапасының деңгейі қолданылатын болса, келесі бөлшектер үшін қажу беріктігін арттыруды қарастыруға болады:

- екі жақтан да түйіске пісіру жіктері бар қабықтағы көлденең түйісу қосылыстары (пісіру жігі түбірінің пісірілуімен);
- үздіксіз пісіру жігі бар қабықтағы бойлық түйісу қосылыстары;
- жылжу күшімен немесе онысз үздіксіз бойлық біріктіру;
- толық пісірілмеген пісіру жігі бар айкаспа тәріздес қосылыстар.

18.3.4 Табақтың қалыңдығына арналған тоттану шегін қолдану кезінде тоттанудан қорғану жүйесінің орнына бөлшектерді бөлшектер санаттарының кестесінде белгіленген шамадан бір санатқа төмен жіктейді (ҚР ҚН EN 1993-1-9 7.1-суретті қар.).

18.4 [9.4] Қауіпсіздікті бағалау

Қажуға арналған қауіпсіздікті бағалау ҚР ҚН EN 1993-1-9 8-Тарауына сәйкес:

$\Delta\sigma_{E,2} = \lambda \cdot \Delta\sigma_E$ (18.1) қолдана отырып, жүзеге асырылады

мұндағы $\lambda = \Delta\delta_E$ к $N_c = 2 \times 10^6$ циклдарына көшудің баламалы коэффициенті
 $\Delta\sigma_E$ – кернеулердің шоғырлану коэффициенттерін есепке алатын N циклдарына жататын кернеу диапазоны (18.2 Қосымша бөлімін қар.).

Мұнда баламалы коэффициентті λ :

$$\lambda = \left(\frac{N}{2 \cdot 10^6} \right)^{\frac{1}{m}}, \quad (18.2) \text{ бойынша анықтауға болады.}$$

мұндағы m – S-N ауытқу еңісі.

18.5 [9.5] Қажуға арналған жеке коэффициенттер

Қажу беріктігіне арналған жеке қауіпсіздік коэффициенттері ҚР ҚН EN 1993-1-9 3-Тарауының және 6.2.-Қосымша бөлімінің нұсқауларына сәйкес қабылданады.

ЕСКЕРТПЕ Ұлттық қосымшада коэффициенттердің сандық шамалары 9.1.-кестеге сәйкес:
 $\gamma_{ff} = 1,00$ и γ_{mf} белгіленген.

19 КӨМЕКШІ ЭЛЕМЕНТТЕР ЖӘНЕ ӨЗГЕ АЙЛА-БҰЙЫМДАР. ДАЙЫНДАУ (ҚҰРЫЛЫС)

19.1 Көмекші элементтер және өзге айла-бұйымдар. Мұнаралар мен дінгектер**19.1.1 Сатылар, алаңшалар және т.б.**

Сатылар, алаңшалар, қоршаулар және өзге де айла-бұйымдар тиісті нормалар бойынша өолданылуға тиіс.

Сатылар, алаңшалар, қоршаулар және өзге де айла-бұйымдарды (көтеру құрылғыларын және т.б.) дайындау кезінде имараттардың тағайындалуына қарай ОСТ 45.27 талаптарын және өзге де ведомстволық құжаттардың талаптарын басшылыққа алу қажет. Бұл ретте, сатыларды диафрагма-алаңшаларда тігінен көшуімен жобалау қажет. Диафрагмалар арасындағы қашықтық 12 м артық болған жағдайда, арнайы аралық алаңшаларды алдын ала қарастырған жөн. [D.4.1].

19.1.2 Найзағайдан қорғау

Мұнараларды, дінгектеді және тартқыштарды нөсерден қорғау максатында жерге тиімді тұйықтау қажет. Ол топыраққа орналастырылған металл қазықтар мен тақталарға іргетасты сақиналап қоршай бекітілген металл таспамен қамтамасыз етілуі мүмкін. Тартқыштардың анкерлері де осыған ұқсас тәсілмен қорғалуы тиіс.

Жерге тұйықтау жүйесі болатқұралымды тұрғызғанға дейін орнатылуы тиіс, құрастыру үдерісінде жерге тұйықтау жүйесіне арналған қосылыстарды алдын ала қарастыру қажет.

Егер барлық құралымдық қосылыстар электрлі түрде байланысқан болса, қосымша қосылымдардың қажеті жоқ.

Найзағайдан қорғау имараттардың тағайындалуына қарай, жеке әзірленген жоба бойынша РД 34.21.122, ВСН-1, РД 45.162 және өзге де ведомстволық құжаттарға сәйкес орындалуы тиіс [D.4.2].

19.1.3 Авиациялық жарық кедергісі және күндізгі таңбалау

Әуе кемелерінің қозғалысы үшін қауіптілік тудыратын имараттардың ҚР азаматтық авиациясындағы әуежай қызметі жөніндегі тәлімдемеге сәйкес орындалатын жарық кедергісі және күндізгі таңбалауы (түсі бойынша кезектесетін жолақтармен бояу) болуы тиіс. Бұл талаптар тиісті іс-шараларға сәйкес жобада ескеріледі [D.4.3].

19.1.4 Бүлдірушіліктен қорғау

Жобада, қажет болған жағдайда және Тапсырыс берушінің келісімі бойынша, ауыспалы алаңшаларды айналып өтуде тіреуішке бөтен адамның кіруіне кедергі келтіретін бүлдірушілікке қарсы құралымдардың тіреуіштерін металл құралымдарда орнатуды қарастыру талап етілуі мүмкін [D.4.4].

19.2 Дайындау (құрылыс). Мұнаралар мен дінгектер

19.2.1 [F.1] Жалпы ережелер

Мұралар мен дінгектерді дайындау және монтаждау EN 1090 2 – бөліміне сәйкес жүргізіледі.

Аталған стандарттың F Қосымшасының талаптарына сәйкес тоттанудан қорғау беттерді дайындау және жүйелерді қолдану немесе мырыштау арқылы сырлау немесе металмен қаптау көмегімен жүзеге асырылады. Тоттанудан қорғау талаптары жұмыстарды орындау ерекшелігінде, пайдалану сипаттамаларының ерекшелігінде немесе қолданылған қорғау өңделімі бойынша жұмыс сипаттамаларына қойылатын талаптарды көрсетілуі тиіс.

Пайдалану сипаттамаларының ерекшелігінде:

- EN ISO 12944-1 бойынша тоттанудан қорғаудың күтілетін мерзімі;
- EN ISO 12944-2 бойынша тоттану белсенділігінің санаты көрсетілуі тиіс.

Пайдалану сипаттамаларының ерекшелігі сонымен бірге сырлаудың немесе мырыштаудың артықшылығын анықтай алады.

Егер тоттанудан қорғаудың күтілетін мерзімі және тоттану белсенділігінің санаты көрсетілсе, лға қойылатын талаптарды осы шарттарға сай келетіндей етіп, қалдыру қажет.

Сырлау EN ISO 12944-7 стандартына сәйкес орындалуы тиіс.

Мырыштауды EN ISO 1461 стандартына сәйкес орындау қажет.

19.2.2 [F.2] Бұрандамалы қосылыстар

Мұнаралар мен дінгектердегі барлық бұрандамалы қосылыстар пайдалану кезінде тығырықтардың босауынан қорғалған болуы тиіс.

Қажу ықпалының қажеттілігін ескеретін орындарда элементтердегі бұрандамалық ойықтар бұрғылап тесілген болуы тиіс.

Дәлдігі жоғары бұрандамаларды, беріктігі жоғары бұрандамаларды немесе EN 1090-2 стандартында келтірілгенге қарағанда неғұрлым қатаң шектегі бұрандамалық ойықтарды қолдануға болады(19.2.4.2-Тармақшаны қар.)

19.2.3 [F.3] Пісіру қосылыстары

Құралым бөлшегінің қажу кедергісінің сыныбын таңдау кезінде рұқсат берілетін пісіру жіктерінің сапасы (9.3 Қосымша бөлімді қар.) құралымның жұмыс сызбаларында көрсетілуі тиіс.

EN 1090-2 7-Тарауына сәйкес, пісіру жағдайлары бойынша EN ISO 3834 немесе EN ISO 14554 стандарттарының тиісті бөлігінің талаптарына сәйкес орындалуы тиіс. Пісіру жұмыстарын жүргізу жоспары EN ISO 3834 стандартының тиісті бөлігінің талаптарына сәйкес өндірістік жоспарлаудың бір бөлігі ретінде ұсынылуы тиіс.

Орындау сыныптарына сәйкес EN ISO 3834 стандартының келесі бөліктері қолданылады:

- EXC1: 4 – бөлім «Сапаға қойылатын алғашқы талаптар»;
- EXC2: 3 – бөлім: «Сапаға қойылатын стандартты талаптар»;
- EXC3 и EXC4: 2 – бөлім: «Сапаға қойылатын кешенді талаптар».

Пісіру қажеттілігіне қарай EN ISO 15609, EN ISO 14555 немесе EN ISO 15620 стандарттарының тиісті бөлігіне сәйкес пісіру технологиясына (WPS) арналған ерекшеліктің қолданылуымен аттестатталған технологиялар негізінде орындалуы тиіс. Дәнекерленген компоненттер EN 1090-2 стандартының 10 және 11 Параграфтарында келтірілген талаптарға жауап беруі тиіс.

19.2.4 [F.4] Рұқсат берулер**19.2.4.1 [F.4.1] Жалпы ережелер**

Дайындау кезінде EN 1090-2 келтірілген рұқсат берулерді сақтау қажет.

Егер EN 1090-2 келтірілген рұқсат берулер құралымның жұмыс істеу талаптарына сәйкес келмейтін болса, неғұрлым қатаң рұқсат берулерді қолдану қажет.

19.2.4.2 [F.4.2] Монтаждауға берілетін рұқсаттар**19.2.4.2.1 [F.4.2.1] Кереге көз мұнаралар**

Мұнара төбесінің ең жоғары ығысуын көрсету қажет.

ЕСКЕРТПЕ Ұлттық қосымшада мұнаралар төбесінің құралымдарының аяқталған монтаждаумен шекті ауытқуын ҚР қолданысындағы тиісті нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес, бірақ ұсынылған шамадан аспайтындай көлемде қабылдау қажеттігі ескертілген.

Мұнара төбесінің ең жоғары ауытқуын мұнара биіктігінің 1/500 бөлігінен аспайтындай мөлшерде қабылдау ұсынылады.

Соңғы теңестіруді температуралық ықпалды есепке ала отырып, қалыпты жағдайда жүргізу қажет.

19.2.4.2.2 Тартқыштары бар дінгектер

Жобалау кезінде құралымның желдің ауыспалы жылдамдығына сезімталдығын тартқыштарды ақырғы теңестіру немесе тарту кезінде анықтау қажет.

ЕСКЕРТПЕ Әдетте, егер мұндай операциялар желдің жылдамдығы 5 м/сек асатын кезде жүргізілсе, температуралық ықпалды есепке ала отырып, желдің ықпалының орнын толтыру мақсатында, есептерді орындау қажет.

тартқыштарды ақырғы теңестіру немесе тарту, әдетте, төменгі босау ярусынан басталады.

ЕСКЕРТПЕ Дінгек оқпаны осінің шекті ауытқуы және тартқыштардың монтаждық тартылыстары бойынша берілетін рұқсаттар ҚР қолданысындағы тиісті нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес, бірақ ұсынылған шамадан аспайтындай көлемде қабылдау қажет.

Келесі мәндер ұсынылады:

а) Дінгектің орталық осінің соңғы жағдайы дінгек негізі биіктігінің 1/500 бөлігіне тең радиустағы дінгек негізінің басында тігінен орналасқан конус шегінде болуы тиіс. Бұл антенналардың немесе антенналық керегелердің тартқыштарына жатқызылмайды.

б) Аталған ярустың барлық тартқыштарының бастапқы тартылуына тең қолданылатын көлденең құрамдас бөлшектер орташа көлденең құрамдас бөлшектің 5 % аспауы тиіс. Аталған ярустың барлық тартқыштарының бастапқы тартылуы ешқандай жағдайда есептеу мәнінен көп дегенде 10 % артық айырмашылығы болуы тиіс емес, ҚР ҚН EN 1993-1-11 қар.

в) Тартқыштардың екі ярусының арасындағы дінгек оқпанының ең жоғары бастапқы ауытқуы $L/1000$ болуы тиіс, мұндағы L – қарастырылып отырған ярустар арасындағы қашықтық.

г) Монтаждаудан кейін дінгекке орнатылған тартқыштардың үш келесі қосылысының теңестірілуіне берілетін рұқсат $(L_1 + L_2)/2000$ мәнімен шектелген, мұндағы L_1 және L_2 – дінгек оқпанының екі жүйелі ұшуының ұзындығы.

19.2.4.3 [F.4.3] Тартуға қоылатын шектеулер

Монтаждаудан кейін тартқыштарды орнатылған жеріндегі нақты температураны есепке ала отырып, жобалық есептеулерге сәйкес тарту қажет, ҚР ҚН EN 1993-1-11 қар.

Тартқыштар дірілінің туындау мүмкіндігін азайту үшін, желсіз ауа райында тарту жүргізу қажет, әрбір тартқышты тарту бұзу жүктемесінің 10 % кем болуы тиіс.

1 ЕСКЕРТПЕ Биіктігі шамалы дінгектерге қатысты бұлмән арттырылуы мүмкін.

2 ЕСКЕРТПЕ Қозғалыссыз ауада тартудың төменгі деңгейі тартқыштардың шоқырақтауына әкелуі мүмкін.

19.2.5 [F.5] Тартқыштарды алдын ала созу

Тартқыштардың серпімді жағдайын қамтамасыз ету үшін, алдын ала созу қажет (анкерлеуге дейін). Мұны, егер қолайлы мүмкіндіктер болса, жабдықтаушының өндірісінде, құрылыс алаңында жасауға болады, ҚР ҚН EN 1993-1-1 қар.

ЕСКЕРТПЕ Алдын ала созудың қажеттілігі келесі тартылулардың жоспарланған бағдарламасына, қолданылатын арқандар мен темір арқандардың тұрпаты мен мөлшерлеріне, сондай-ақ ауықуларға бейімділігіне байланысты болады.

Алдын ала тарту бұзу жүктемесінің 10 %-дан 50 % дейінгі құрамдас бөлігінің тартқышына жүктемені циклдық қосу арқылы жүргізіледі. Циклдар саны 10-нан кем болмауы тиіс. Бұл үдерісті жүктемелік тартқышты шкив арқылы жібере отырып орындауға болмайды.

19.3 Дайындау (құрылыс). Түтін мұржалары

19.3.1 [E.1] Жалпы ережелер

Түтін мұржаларын EN 1090-2 дайындау стандартына сәйкес дайындайды және құрастырады. изготавливают и монтируют в соответствии со стандартом на изготовление. Применяют особые требования для дымовых труб, установленные в EN 13084-7 белгіленген түтін мұржаларына арналған ерекше талаптарды қолданады.

Жобалау кезінде 19.3.2-Тармақта белгіленген дайындау рұқсаттарын есепке алады.

ЕСКЕРТПЕ ҚР ҚН EN 1993-3-2 белгіленген беріктік пен тұрақтылық ережелері , 19.3.2-Тармағында белгіленген дайындаудың ерекше рұқсаттарына қол жеткізілетін болжамдарға негізделген.

Бұрандамалармен бекітуге дейін бір-бірімен қабыстыру кезінде ернемектер арасындағы аралықтар 1,5 мм аспауы тиіс.

Ернемектер тегіс болуы тиіс, рұқсат етілетін ауытқулары ені 100 м болғанда 0,5 мм болуы тиіс және шеңбер бойындағы мүмкін ауытқу 1,0 мм асуы тиіс емес.

ДСалмақ түсетін тақтасы мен іргетас бұрандамаларымен дайындалған түтін мұржалары үшін, тақта мен іргетас арасына тұнбаланып отырмайтын цемент ерітіндісін пайдаланады.

19.3.2 [E.2] Дайындауға берілетін рұқсатар

Кез келген деңгейдегі h , м тігінен орналасқан болат қабықтың мүмкін көлденең ауытқуы Δ еркін тұрған түтін мұржасы үшін:

$$\Delta = \frac{h}{1000} \cdot \sqrt{1 + \frac{50}{h}}, \quad \text{құрауы тиіс.} \quad (19.1)$$

Бұл рұқсатты газ жіберу құбырының осьтік желісінде де қолданады.

19.3.3 [Е.3] Пісіру жіктерінің сапасы және қажу

Құралым бөлшегінің қажу кедергісінің сыныбын таңдау кезінде белгіленген пісіру жіктерінің сапасы, 18.3 – Тарауды және 19.2.3-Тармақты қар., құралымның жұмыс сызбаларында көрсетілуі тиіс.

Қажу жүктемелеріне ұшыраған құралымдардағы пісіру жіктерінің сапалық деңгейін ҚР ҚН EN 1993-1-9 бойынша белгілеген жөн.

А ҚОСЫМШАСЫ

(ақпараттық)

МҰНАРАЛАРДЫ ЕСЕПТЕУ ҮЛГІЛЕРІ

А.1 ҮЛГІСІ. Дөңгелек құбыр элементтерімен шаршылай қиылысу жоспарындағы биіктігі 40,0 м мұнараның есебі.

А.1.1 Бастапқы деректері

Дөңгелек құбыр элементтерімен шаршылай қиылысу жоспарындағы биіктігі 40,0 м мұнараның есебін орындау талап етіледі.

Мұнара осы көмекші құралдың 2.3.1.1.5-Тармақшасы бойынша 0,38 кПа желдік қысымның нормативтік (сипаттамалық) мәнімен қабылданған III желдік аудандағы құрылысқа арналған. Желдік ықпалға арналған өңірдің тұрпаты осы көмекші құралдың 2.4.-кестесі бойынша I деп қабылданған. Мұнара 14° ($\Phi = 0,25$) еңістіктегі ылдиға орналасқан және сыртқы ауа температурасы $-30^\circ > t \geq -40^\circ$ аралығындағы аудандардың құрылысына арналған.

Мұнараның сенімділік сыныбы осы көмекші құралдың 2.1.-кестесі бойынша 2 болып қабылданған.

Мұнара 40.000 м белгісіндегі мөлшері $6,0 \times 6,0$ м и $2,0 \times 2,0$ м негізіндегі төртқырлы керегекөз пирамиданы бейнелейді. Мұнара әрқайсысының ұзындығы 80 м болатын бес секциядан тұрады. Мұнараның көлденең қиылысындағы кеңістік өзгермеушілігін қамтамасыз ету үшін 4.000 м, 12.000 м, 20.000 м, 28.000 м, 36.000 м және 40.000 м белгілердегі диафрагмалар қарастырылған.

Адамдарды мұнараға көтеру үшін дөңгелек болаттармен қоршалған тік баспалдақ-сатылар мен демалу үшін швеллерлерден жасалған көшпелі алаңшалар жасалған. 12.000 м, 20.000 м и 28.000 м белгілерінде көшпелі алаңшалар орналастырылған. 36.000 м және 40.000 м белгілерінде жабдыққа қызмет көрсету алаңшалары қарастырылған. Сақиналық тұрпаттағы ернемектер арқылы секцияларды өзара бұрандамалармен біріктіру қарастырылған. Қаттылық байланыстарының (мұнара керегелерінің) тіреуіш бағандарға (мұнара бедіктеріне) жанасуы фасонка арқылы бұрандамалармен қарастырылған.

Элементтердің қиылысуы DIN сортаменттері бойынша қабылданған: ірі дөңгелек құбырлар үшін –DIN 2448 бойынша, швеллерлер үшін –DIN 1026 бойынша, бұрыштар үшін –DIN 1028 бойынша. Құбырлар ыстықтай өзгерген күйде қабылданған.

Мұнара элементтері мен баспалдақ-сатылардың қиылысуымен мұнара сұлбасы А.1 суретінде келтірілген. Диафрагмалар мен алаңшалар элементтерінің қиылыстарын А.2 суреттен қар. Қаттылық байланыстарын (мұнара керегелерін) бекіту желілері А.3 суретте келтірілген.

Мұнарада келесі жабдық қарастырылған:


– 40.000 м белгісіндегі алаңшада $\varnothing 48$ мм (2 дана) фидерлермен PPC $\varnothing 3,0$ м 2 антенна және $\varnothing 20$ мм (2 дана) фидерлермен PPC $\varnothing 2,4$ м 2 антенна орнатылған.

– 36.000 м белгісіндегі алаңшада $\varnothing 48$ мм (2 дана) фидерлермен PPC $\varnothing 3,0$ 2 антенна орнатылған.


А.1.2 Жүктемелерді жинау**А.1.2.1 Тұрақты жүктемелерді анықтау.**

Тұрақты жүктемелер мұнара элементтерінің меншікті салмағы мен жабдықтың салмағына қарай анықталады. Мұнараның меншікті салмағы тиісті бағдарламалар бойынша (мысалы, SCAD Office

жобалау-есептеу кешені) орындау кезінде есепке алынуы мүмкін (мұнара құралымының есепке алынбаған элементтеріне тиісті коэффициентті қабылдаумен).



А. 1 Сурет Баспалдақ элементтері мен биіктігі 40,0 м дінгектің аланы



А.2 Сурет. Алаңшалардың элементтері мен диафрагмалардың сұлбасы

Бұл үлгіде SCAD бағдарламасы бойынша есептеу тапсырмасына арналған тұрақты жүктемелер жиыны келтірілген.

Төменде C1 таңбалы секцияға арналған тұрақты жүктеменің анықтамасы келтірілген (0.000 ÷

8.000 м белгілері).

C1 секциясының қабылданған қиылыстары (EN 10210-1 бойынша S275H болаттан жасалған DIN 2448 сортаменті бойынша қабылданған дөңгелек құбыр элементтері):

– тіреуіш бағандар (белдіктер): $\varnothing 244,5 \times 6,3$ құбыры; ұзындығы $\ell = 8,0$ м; саны $n = 4$ дана салмағы $g = 37,729$ кг/м;

– қаттылықтың негізгі байланыстары (көлбеулер): $\varnothing 127 \times 3,2$ құбыры; ұзындығы $\ell = 5,0$ м и $\ell = 4,7$ м; саны $n = 8$ дана (әрқайсысының ұзындығы); салмағы $g = 9,963$ кг/м;

– қаттылықтың негізгі байланысы (кергіш): $\varnothing 70 \times 2,6$ құбыры; ұзындығы $\ell = 5,6$ м; саны $n = 4$ дана салмағы $g = 4,405$ кг/м;

– қаттылықтың негізгі байланысы (кергіш): $\varnothing 127 \times 3,2$ құбыры; ұзындығы $\ell = 5,2$ м; саны $n = 4$ дана салмағы $g = 9,963$ кг/м;


– ернемектер: $330 \times 330 \times 30$ мм; ауданы $A = 0,086$ м²; саны $n = 4$ дана салмағы $g = 235,5$ кг/м²;

– фасонкалар: $200 \times 500 \times 8$ мм; ауданы $A = 0,1$ м²; саны $n = 24$ дана салмағы $g = 62,8$ кг/м²;

– тіреуіш плита: $680 \times 680 \times 42$ мм; ауданы $A = 0,46$ м²; саны $n = 4$ дана салмағы $g = 329,7$ кг/м²;

– қаттылықтың көмекші байланысы (диафрагма): $\varnothing 101,6 \times 2,9$ құбыры; ұзындығы $\ell = 5,6$ м; саны $n = 1$ дана салмағы $g = 7,199$ кг/м;

– қаттылықтың көмекші байланысы (диафрагма): $\varnothing 70 \times 2,6$ құбыры; ұзындығы $\ell = 3,8$ м; саны $n = 4$ дана салмағы $g = 4,405$ кг/м.



А.3 Сурет. Мұнара элементтерін бекіту желілері

Секция элементтерінің меншікті салмағының жиынтық сомасы G_k :

$$G_k = \Sigma(g \cdot \ell \cdot n \cdot k), \quad \text{Н формуласы бойынша анықталады.}$$

мұндағы g – қума метрдің (немесе ауданның) салмағы, кг/м немесе кг/м²;

ℓ – элементтің ұзындығы немесе ауданы, м немесе м²;

n – секция элементтерінің саны;

k – есепке алынбаған элементтер коэффициенті.

C1 секциясы элементтерінің меншікті салмағының жиынтық тұрақты жүктемесі G_{k1} (сипаттамалық мәні):

$$G_{k1} = 54,35 \cdot 8,0 \cdot 4 + 19,7 \cdot (5,0 + 4,7) \cdot 8 + 14,7 \cdot 5,6 \cdot 4 + 39,4 \cdot 5,2 \cdot 4 + 5,42 \cdot 2,5 \cdot 16 + 5,42 \times \\ \times 1,4 \cdot 16 + 5,42 \cdot 2,0 \cdot 8 + 235,5 \cdot 0,07 \cdot 4 \cdot 1,1 + 62,8 \cdot 0,1 \cdot 24 \cdot 1,1 + 314,0 \cdot 0,176 \cdot 4 \cdot 1,2 + 27,5 \times \\ \times 5,6 \cdot 1 \cdot 1,1 + 14,7 \cdot 4,0 \cdot 4 \cdot 1,1 = 5770,0 \text{ кгс} = 57700,0 \text{ Н}$$

Сатының, саты қоршауы мен фидерлердің элементтерінің қиылысы (ұзындығы 8,0 м секцияға арналған):

– бағандар: $\bullet \varnothing 28$ мм; ұзындығы $\ell = 8,0$ м; саны 2 дана салмағы $g = 4,83$ кг/м;

– басқыштар: $\bullet \varnothing 20$ мм; ұзындығы $\ell = 0,45$ м; саны 27 дана салмағы $g = 2,5$ кг/м;

– қоршау: $\bullet \varnothing 14$ мм; ұзындығы $\ell_1 = 8,0$ м; саны 3 дана ұзындығы $\ell_2 = 1,75$ м; саны 13 дана салмағы $g = 1,21$ кг/м;

– фидер: $\bullet \varnothing 48$ мм; ұзындығы $\ell = 8,0$ м; саны 4 дана салмағы $g = 1,0$ кг/м;

– фидер: $\bullet \varnothing 20$ мм; ұзындығы $\ell = 8,0$ м; саны 2 дана салмағы $g = 0,15$ кг/м.

C1 секциясы элементтерінің меншікті салмағының жиынтық тұрақты жүктемесі G_{k2} (мұнара секцияларының барлық таңбалары үшін):

$$G_{k2} = 4,83 \cdot 8,0 \cdot 2 \cdot 1,2 + 2,5 \cdot 0,45 \cdot 27 + 1,21 \cdot (8,0 \cdot 3 + 1,75 \cdot 13) + 1,0 \cdot 8,0 \cdot 4 \cdot 1,2 + 0,15 \times \\ \times 8,0 \cdot 2 \cdot 1,2 = 220,0 \text{ кгс} = 2200,0 \text{ Н}$$

Осы көмекші құралдың 2.3.8 Тармағына сәйкес жүктеме элементтің ұзындығы бойынша есептеледі, сондықтан мұнараның бір тіреуіш бағанына (белдігіне) бөлінетін тұрақты жүктеме:

$$q_n = (G_{k1} + G_{k2}) / L / n_n = (57700,0 + 2200,0) / 8,0 / 4 = 1872,0 \text{ Н/м тең болады,}$$

мұндағы L – секцияның ұзындығы;

n_n – белдіктер саны.

C2, C3, C4, C5 секцияларының тұрақты жүктемесі А.6 және А.7 суреттеріндегі сұлбалар бойынша анықталатын элементтердің сәйкес қиылыстарын, ұзындығы мен санын ескере отырып, осыған ұқсас есептеледі.

40.000 м белгісіндегі алаңшадан қиылыстары бар тұрақты жүктемені анықтау:

– арқалықтар: швеллер [12; ұзындығы $\ell_1 = 2,0$ м, саны $n = 6$ дана және $\ell_2 = 0,8$ м, саны $n = 1$ дана, салмағы $g = 13,4$ кг/м;

– диафрагма: L60×6 бұрышы; ұзындығы $\ell = 1,3$ м; саны $n = 4$ дана салмағы $g = 5,42$ кг/м;

– диафрагма: L60×6 бұрышы; ұзындығы $\ell = 2,0$ м; саны $n = 1$ дана салмағы $g = 5,42$ кг/м;

– люк: L50×5 бұрышы; ұзындығы $\ell = 0,8$ м; саны $n = 4$ дана салмағы $g = 3,77$ кг/м;

– қалыңдығы t4 бұдыр төсем: $A = 4,0$ м²; саны $n = 1$ дана салмағы $g = 33,4$ кг/м²;

– қоршау: $\bullet \varnothing 28$ мм; ұзындығы $\ell_1 = 1,2$ м; саны $n = 8$ дана $\ell_2 = 8,0$ м; саны $n = 1$ дана салмағы $g = 4,83$ кг/м;

– қоршау: $\bullet \varnothing 14$ мм; ұзындығы $\ell_1 = 8,0$ м; саны $n = 2$ дана салмағы $g = 1,21$ кг/м.

40.000 м белгісіндегі алаңшаның жиынтық тұрақты сипаттамалық жүктемесі $G_{k,пл}$:

$$G_{k,пл} = \Sigma(g \cdot \ell \cdot n \cdot k) = 13,4 \cdot (2,0 \cdot 6 + 0,8) \cdot 1,1 + 5,42 \cdot 2,0 \cdot 1,1 + 5,42 \cdot 1,3 \cdot 4 \cdot 1,1 + 3,77 \cdot 0,8 \cdot \\ 4 \cdot 1,1 + 4,0 \cdot 33,4 + 4,83 \cdot (1,2 \cdot 8 + 8,0 \cdot 1) \cdot 1,2 + 1,21 \cdot 8,0 \cdot 2 \cdot 1,2 = 504,0 \text{ кгс} = 5040,0 \text{ Н}$$

Жекелеген көмекші элементтердің тұрақты жүктемелерін анықтау (жабдық салмағы – антенналар).

Антенналардың салмағы тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша қабылданады.

Осы мұнара үшін:

– РРС Ø3,0 м антенналары – $G_{\text{ант.}} = 310$ кг

– РРС Ø2,4 м антенналары – $G_{\text{ант.}} = 225$ кг

Антенналарға арналған трубобағандар Ø114×3,6; ұзындығы $\ell = 3,0$ м; салмағы $g = 10,03$ кг/м
40.000 м белгісіндегі көмекші элементтердің (антенналардың) тұрақты жүктемесі:

$$G_{\text{к,отм.40}} = (310 \cdot 2 + 225 \cdot 2) \cdot 1,05 + 10,03 \cdot 3,0 \cdot 4 \cdot 1,05 = 1250,0 \text{ кгс} = 12500,0 \text{ Н};$$

36.000 м белгісіндегі көмекші элементтердің (антенналардың) тұрақты жүктемесі:

$$G_{\text{к,отм.36}} = 310 \cdot 2 \cdot 1,05 + 10,03 \cdot 3,0 \cdot 2 \cdot 1,05 = 714,0 \text{ кгс} = 7140,0 \text{ Н},$$

мұндағы $k = 1,05$ есепке алынбаған элементтер.

Есептеу нәтижелері А.2 кестесінде келтірілген. Есептік жүктеме құралым сенімділігінің 2 сыныбына арналған осы көмекші құралдың 22.2. кестесі бойынша қабылданған тұрақты жүктемеге $\gamma_G = 1,1$ арналған жеке қауіпсіздік коэффициентінің жоғарыда келтірілген сипаттамалық мәндеріне көбейту арқылы алынған.

А.1 Кестесі. Мұнараға түсетін тұрақты жүктемелер

Секция маркасы (белгілер)	өл ш. бір л.	C1 0.000÷ 8.000	C2 8.000÷ 16.000	C3 16.000 ÷ 24.000	C4 24.000 ÷ 32.000	C5 32.000 ÷ 40.000	40.000 м белг. аумағ ы	36.000 м белг. аумағ ы
Құралымға түсетін жалпы жүктеме (сипаттамалық)	Н	36900,0	27770,0	26920,0	20110,0	23220,0	4960,0	—
Бір тіреуіш бағанға бөлінген (сипаттамалық)	Н/ м	1153	868,0	841,0	628,0	725,0	—	—
Бір тіреуіш бағанға бөлінген (есептік)	Н/ м	1269,0	955,0	925,0	691,0	798,0	—	—
Жекелеген көмекші элементтерден (антенналардан) жүктеме (сипаттамалық)	Н	—	—	—	—	—	12500,0	7140,0
Антенналар мен алаңшадан бір тіреуіш бағанға түсетін желілік жүктемелер (есеп- тік)	Н	—	—	—	—	—	4800,0	1964,0

А.1.2.2 Желдік жүктемелерді анықтау.

Аталған мұнара үшін қабылданған 0,38 кПа желдік қысымның нормативтік мәні үшін желдің базалық жылдамдығының негізгі мәні көмекші құралдың (2.1) Формуласына сәйкес алынған:

$$v_{b,0} = \gamma \cdot 40,49 \cdot \sqrt{w_0} = 1,17 \cdot 40,49 \cdot \sqrt{0,38} = 29,2 \text{ м/с}.$$

Коэффициенттер $c_{dir} = 1,0$ и $c_{season} = 1,0$.

Желдің жылдамдығының базалық мәні v_b көмекші құралдың (2.2) Формуласына сәйкес:

$$v_b = c_{dir} \cdot c_{season} \cdot v_{b,0} = 29,2 \text{ м/с тең.}$$

Желдің орташа жылдамдығы $v_m(z)$ өңірдің кедір-бұжырлығына, орографиясына және жел жылдамдығының базалық мәніне v_b тәуелді болады.

Мұнараның әрбір секциясы үшін желдің орташа жылдамдығын анықтауға арналған биіктік z секция биіктігінің шегіндегі шекара аумақтарының ортасы бойынша қабылданады (белгілер 4.000м, 12.000м, 20.000м, 28.000м және 36.000м) және жоғарғы аумақ үшін 40.000м белгісі қабылданады.

Өңірдің тұрпатын (кедір-бұдырлығын) есепке алушы коэффициент осы көмекші құралдың (2.4) Формуласына сәйкес анықталады:

$$4.000 \text{ м белгісі үшін: } c_r(z) = k_r \cdot \ln\left(\frac{z}{z_0}\right) = 0,1698 \cdot \ln\left(\frac{4}{0,01}\right) = 1,017,$$

Мұндағы, осы көмекші құралдың 2.4 – кестесі бойынша қабылданған өңір коэффициенті k_r I өңір тұрпаты үшін:

$$k_r = 0,19 \cdot \left(\frac{z_0}{z_{0,ji}}\right)^{0,07} = 0,19 \cdot \left(\frac{0,01}{0,05}\right)^{0,07} = 0,1698 \text{ тең,}$$

Мұндағы, $z_0 = 0,01$ 2.4-кесте бойынша қабылданған, ал $z_{0,ji} = 0,05$ м.

Ұқсас есептелді: 12.000 м белгісі үшін – $c_r(z) = 1,204$;

20.000 м белгісі үшін – $c_r(z) = 1,291$;

28.000 м белгісі үшін – $c_r(z) = 1,347$;

36.000 м белгісі үшін – $c_r(z) = 1,390$;

40.000 м белгісі үшін – $c_r(z) = 1,408$.

Тапсырмаға сәйкес, мұнара $\Phi = 0,25$ (немесе 14°) еңісті ылдиға (көмекші құралдың 2.4.-суретін қар.), орналасқан. Мұнара мен еңжоғарғы нүстенің арасындағы көлденең қашықтық $x = -5,0$ м құрайды. Ылдидың жел жақ бетіндегі проекцияның ұзындығы көлденеңінен $L_u = 40,0$ м. Көмекші құралдың 2.3.1.1.9-тармақшас ына сәйкес, бұл шарттардың орографиялық коэффициентін $s_0(z)$ есепке алу қажет. Коэффициент $s_0(z)$ көмекші құралдың 2.4.-суретіндегі кесте бойынша анықталатын жергілікті орографиялық коэффициентке s тәуелді немесе осы көмекші құралдың (2.9) Формуласы бойынша қарастырылатын жел жақ аймақ бойынша есептелуі тиіс:

$$4.000 \text{ м белгісі үшін: } s = A \cdot e^{\left(\frac{B \cdot x}{L_u}\right)} = 0,8385 \cdot e^{\left(2,5434 \cdot \frac{-5}{40}\right)} = 0,6102, \text{ мұндағы}$$

$$A = 0,1552 \cdot \left(\frac{z}{L_e}\right)^4 - 0,8575 \cdot \left(\frac{z}{L_e}\right)^3 + 1,8133 \cdot \left(\frac{z}{L_e}\right)^2 - 1,9115 \cdot \left(\frac{z}{L_e}\right) + 1,0124 = 0,1552 \cdot \left(\frac{4}{40}\right)^4 - 0,8575 \cdot \left(\frac{4}{40}\right)^3 + 1,8133 \cdot \left(\frac{4}{40}\right)^2 - 1,9115 \cdot \left(\frac{4}{40}\right) + 1,0124 = 0,8385$$

$$B = 0,3542 \cdot \left(\frac{z}{L_e}\right)^2 - 1,0577 \cdot \left(\frac{z}{L_e}\right) + 2,6456 = 0,3542 \cdot \left(\frac{4}{40}\right)^2 - 1,0577 \cdot \left(\frac{4}{40}\right) + 2,6456 = 2,5434 ,$$

Жел жақ беттегі проекцияның тиімді ұзындығы $L_e \Phi = 0,25$ еңісі үшін көмекші құралдың 2.6.-кестесі бойынша: $L_e = L_u = 40,0$ м тең.

Коэффициент $c_o(z)$ көмекші құралдың (2.7) Формуласы бойынша анықталады:

$$c_o(z) = 1 + 2 \cdot s \cdot \Phi = 1 + 2 \cdot 0,6102 \cdot 0,25 = 1,3051.$$

Ұқсас есептелді: 12.000 м белгісі үшін – $c_o(z) = 1,2160$;

20.000 м белгісі үшін – $c_o(z) = 1,1566$;

28.000 м белгісі үшін – $c_o(z) = 1,1180$;

36.000 м белгісі үшін – $c_o(z) = 1,0927$;

40.000 м белгісі үшін – $c_o(z) = 1,0830$.

Жер деңгейінен жоғары z биіктігіндегі желдің орташа жылдамдығы $v_m(z)$ осы көмекші құралдың (2.3) Формуласына сәйкес анықталады:

$$4.000 \text{ м белгісі үшін: } v_m(z) = c_r(z) \cdot c_o(z) \cdot v_b = 1,017 \cdot 1,3051 \cdot 29,2 = 38,76 \text{ м/с} .$$

Ұқсас есептелді: 12.000 м белгісі үшін – $v_m(z) = 42,74$ м/с;

20.000 м белгісі үшін – $v_m(z) = 43,58$ м/с;

28.000 м белгісі үшін – $v_m(z) = 43,99$ м/с;

36.000 м белгісі үшін – $v_m(z) = 44,35$ м/с;

40.000 м белгісі үшін – $v_m(z) = 44,53$ м/с.

Турбуленттілік қарқындылығы $I_v(z)$ осы көмекші құралдың (2.14) Формуласы бойынша анықталады:

$$4.000 \text{ м белгісі үшін: } I_v(z) = \frac{k_i}{c_o(z) \cdot \ln\left(\frac{z}{z_0}\right)} = \frac{1}{1,3051 \cdot \ln\left(\frac{4}{0,01}\right)} = 0,1279 ,$$

мұндағы турбуленттілік коэффициент $k_i = 1,0$, ҚР ҚН EN 1991-1-4 сәйкес қабылданды.

Ұқсас есептелді: 12.000 м белгісі үшін – $I_v(z) = 0,1160$;

20.000 м белгісі үшін – $I_v(z) = 0,1138$;

28.000 м белгісі үшін – $I_v(z) = 0,1127$;

36.000 м белгісі үшін – $I_v(z) = 0,1118$;

40.000 м белгісі үшін – $I_v(z) = 0,1113$.

Жылдамдық қарқынының ең жоғары мәні $q_p(z)$ көмекші құралдың (2.15) Формуласы бойынша анықталады:

4.000 м белгісі үшін:

$$q_p(z) = [1 + 7 \cdot I_v(z)] \cdot \frac{1}{2} \cdot \rho \cdot v_m^2(z) = (1 + 7 \cdot 0,1279) \cdot \frac{1}{2} \cdot 1,25 \cdot 38,76^2 = 1779,6 \text{ Н/м}^2$$

мұндағы $\rho = 1,25 \text{ кг/м}^3$ – ауаның тығыздығы.

Ұқсас есептелді: 12.000 м белгісі үшін – $q_p(z) = 2068,7 \text{ Н/м}^2$;

20.000 м белгісі үшін – $q_p(z) = 2132,6 \text{ Н/м}^2$;

28.000 м белгісі үшін – $q_p(z) = 2163,6 \text{ Н/м}^2$;

36.000 м – белгісі үшін $q_p(z) = 2191,4 \text{ Н/м}^2$;

40.000 м белгісі үшін – $q_p(z) = 2204,9 \text{ Н/м}^2$.

Көмекші құралдың (2.18) формуласы бойынша желдік жүктемені F_w анықтау үшін құралымдық коэффициентті c_{sd} есептеп шығару қажет (көмекші құралдың 2.3.1.1.13 – Тармақшасын қар.), ол үшін алдымен k_p , B және R параметрлері анықталады (көмекші құралдың 2.3.1.1.14 – Тармақшасын қар.).

ҚР ҚН EN 1991-1-4 6.1-суретке сәйкес тік имараттар үшін қабылданған базалық биіктік z_s үшін құралымдық коэффициент анықталады:

$$z_s = 0,6 \cdot h = 0,6 \cdot 40,0 = 24,0 \text{ м},$$

мұндағы h – имараттың биіктігі.

Базалық биіктікке z_s тең 24.000 м белгісі үшін:

- өңірдің тұрпатын есепке алатын коэффициент: $c_r(z) = 1,321$;

- желдің орташа жылдамдығы: $v_m(z) = 43,8 \text{ м/с}$;

- турбуленттілік қарқындылығы: $I_v(z) = 0,113$;

- жылдамдық қарқынының ең жоғары мәні: $q_p(z) = 2149,1 \text{ Н/м}^2$ анықталады.

Осы көмекші құралдың 2.3.1.1.15 – Тармақшасына сәйкес, 24.000м белгісі үшін осы көмекші құралдың (2.23) Формуласы бойынша есептелетін турбуленттілік ұзындығының масштабы $L(z)$ анықталады :

$$\alpha = 0,67 + 0,05 \cdot \ln(z_0) = 0,67 + 0,05 \cdot \ln(0,01) = 0,43974 \text{ болғанда,}$$

$$L(z) = L_t \cdot \left(\frac{z}{z_t} \right)^\alpha = 300 \cdot \left(\frac{24}{200} \right)^{0,43974} = 118,1 \text{ м},$$

мұндағы базалық биіктік $z_t = 200 \text{ м}$, ұзындықтың базалық масштабы $L_t = 300 \text{ м}$.

Негізгі меншікті майысу жиілігі n_1 көмекші құралдың (2.29) Формуласы бойынша анықталады:

$$n_1 = \frac{46}{h} = \frac{46}{40} = 1,15, \text{ Гц}$$

Жел күшінің спектралдық тығыздық функциясын $S_L(z, n)$ анықтау үшін $n = n_1$ бойынша 24.000 м белгісіндегі өлшемсіз жиілік $f_L(z, n)$ есептелуге тиіс:

$$f_L(z, n) = \frac{n \cdot L(z)}{v_m(z)} = \frac{1,15 \cdot 118,1}{43,8} = 3,1.$$

Жел күшінің спектралдық тығыздық функциясын $S_L(z, n)$ 2.7-суреттегі кесте бойынша анықталуы немесе осы көмекші құралдың (2.24) Формуласы бойынша есептелуі тиіс:

$$24.000 \text{ м белгісі үшін: } S_L(z, n) = \frac{6,8 \cdot f_L(z, n)}{(1 + 10,2 \cdot f_L(z, n))^{5/3}} = \frac{6,8 \cdot 3,1}{(1 + 10,2 \cdot 3,1)^{5/3}} = 0,063$$

B^2 реакциясының фондық құрамдас бөлігі көмекші құралдың (2.25) Формуласы бойынша есептеледі:

$$24.000 \text{ м белгісі үшін: } B^2 = \frac{1}{1 + 0,9 \cdot \left(\frac{b+h}{L(z_s)} \right)^{0,63}} = \frac{1}{1 + 0,9 \cdot \left(\frac{3,6 + 40,0}{118,1} \right)^{0,63}} = 0,676,$$

мұндағы $b = 3,6 \text{ м}$, $h = 40,0 \text{ м}$ – желге перпендикуляр бағыттағы имараттың ені мен биіктігі.

R^2 реакциясының резонанстық құрамдас бөлігін анықтауға арналған параметрлер көмекші құралдың 2.3.1.1.22-Тармақшасы бойынша есептеледі:

24.000 м белгісі үшін:

$$\eta_h = \frac{4,6 \cdot h}{L(z_s)} \cdot f_L(z_s, n_{1,x}) = \frac{4,6 \cdot 40}{118,1} \cdot 3,1 = 4,831,$$

$$\eta_b = \frac{4,6 \cdot b}{L(z_s)} \cdot f_L(z_s, n_{1,x}) = \frac{4,6 \cdot 3,6}{118,1} \cdot 3,1 = 0,435.$$

Аэродинамикалық өткізгіштік функциялары R_h және R_b негізгі майысу тербелістерінің нысандары үшін осы көмекші құралдың (2.33) және (2.34) Формулалары бойынша есептеледі:

$$R_h = \frac{1}{\eta_h} - \frac{1}{2 \cdot \eta_h^2} \cdot (1 - e^{-2 \cdot \eta_h}) = \frac{1}{4,831} - \frac{1}{2 \cdot 4,831^2} \cdot (1 - e^{-2 \cdot 4,831}) = 0,186;$$

$$R_b = \frac{1}{\eta_b} - \frac{1}{2 \cdot \eta_b^2} \cdot (1 - e^{-2 \cdot \eta_b}) = \frac{1}{0,435} - \frac{1}{2 \cdot 0,435^2} \cdot (1 - e^{-2 \cdot 0,435}) = 0,764;$$

Құралымдық сөнудің логарифмдік декременті көмекші құралдың 2.7.-кестесі бойынша қабылданады: қарапайым бұрандамалармен бекітілген мұнаралар үшін $\delta_s = 0,05$ тең.

Тербелістердің негізгі нысаны көмекші құралдың (2.40) Формуласы бойынша анықталады:

$$4.000 \text{ м белгісі үшін: } \Phi_1(z) = \left(\frac{z}{h}\right)^\zeta = \left(\frac{4}{40}\right)^{2,5} = 0,003,$$

мұндағы $\zeta = 2,5$ – торлы құралымның металл мұнараларға арналған.

Ұқсас есептелді: 12.000 м белгісі үшін – $\Phi_1(z) = 0,049$;

20.000 м белгісі үшін – $\Phi_1(z) = 0,177$;

28.000 м белгісі үшін – $\Phi_1(z) = 0,410$;

36.000 м белгісі үшін – $\Phi_1(z) = 0,769$;

40.000 м белгісі үшін – $\Phi_1(z) = 1,000$.

Аэродинамикалық сөнудің логарифмдік декрементін δ_a анықтау үшін осы көмекші құралдың 2.3.1.4-Тармақшасына сәйкес мұнаралардың торлы құралымдары үшін анықталатын жүктеме (күш) коэффициентінің мәні c_f , қажет. Төменде осы жүктеме коэффициентінің c_f анықтамасы келтірілген.

Ең алдымен көмекші құралдың 2.3.1.4.4-Тармақшасына сәйкес мұнараның құралымдық элементтеріне арналған желдік жүктеме коэффициенті $c_{f,s}$ анықталады. Оны анықтау әдісі C1 таңбалы секция үшін (0.000÷8.000 м белг.) төменде келтірілген.

C1секциясының қабылданған элементтер қиылысын, мұнараның жел жақ қырындағы олардың ұзындығы (жарықта) мен саны:

– тіреуіш бағандар (белдік): бұрышы L244,5×6,3; ұзындығы $\ell = 8,0$ м; саны $n = 2$ дана;

– қаттылықтың негізгі байланысы (көлбеу): $\varnothing 127 \times 3,2$ құбыры; ұзындығы $\ell = 4,5$ м; саны $n = 2$ дана;

– қаттылықтың негізгі байланысы (көлбеу): $\varnothing 127 \times 3,2$ құбыры; ұзындығы $\ell = 4,3$ м; саны $n = 2$ дана;

– қаттылықтың негізгі байланысы (кергіш): $\varnothing 70 \times 2,6$ құбыры; ұзындығы $\ell = 5,2$ м; саны $n = 1$ дана;

– қаттылықтың негізгі байланысы(кергіш): $\varnothing 127 \times 3,2$ құбыры; ұзындығы $\ell = 4,8$ м; саны $n = 1$ дана;

– фасонкалар: $200 \times 500 \times 8$ мм; A аумағы $= 0,1$ м²; саны $n = 6$ дана.

Көлденең қиылысты элементтердің қиылыстары үшін A_c және $A_{c,sup}$ аудандарын есептеу кезінде осы көмекші құралдың (2.47) Формуласы бойынша есептелетін Рейнольдс (Re) саны бойынша анықталатын элементтің режимін (сынға дейінгі немесе сыннан жоғары) білу қажет.

Рейнольдс саны ең жоғарғы мәні базалық биіктікте z_e анықталатын жел жылдамдығының ең жоғары мәні мен элементтің диаметріне тәуелді болады, жылдамдық қарқыны q_p келесі формула бойынша анықталады:

$$v = \sqrt{\frac{2 \cdot q_p}{\rho}}, \text{ мұндағы } \rho = 1,25 \text{ кг/м}^3 - \text{ауаның тығыздығы.}$$

Секцияның барлық элементтері үшін Рейнольдс саны есептеп шығарылады:

а) $\varnothing 244,5 \times 6,3$ белдік үшін жылдамдық қарқыны $q_p = 1779,6$ Н/м²

$$Re = \frac{b \cdot v(z_e)}{v} = \frac{b \cdot \sqrt{2 \cdot q_p / \rho}}{v} = \frac{0,2445 \cdot \sqrt{2 \cdot 1779,6 / 1,25}}{15 \cdot 10^{-6}} = 8,7 \cdot 10^5,$$

мұндағы $v = 15 \cdot 10^{-6}$ м²/с – ауаның кинематикалық тұтқырлығы.

б) $\varnothing 127 \times 3,2$ көлбеу мен кергіш үшін және $q_p = 1779,6$ Н/м²

$$Re = \frac{0,127 \cdot \sqrt{2 \cdot 1779,6 / 1,25}}{15 \cdot 10^{-6}} = 4,52 \cdot 10^5;$$

в) $\varnothing 70 \times 2,6$ кергіш үшін және $q_p = 1779,6$ Н/м²

$$Re = \frac{0,070 \cdot \sqrt{2 \cdot 1779,6 / 1,25}}{15 \cdot 10^{-6}} = 2,49 \cdot 10^5.$$

Жоғары сындық режимдегі элементтерге жататын дөңгелек қиылысты секцияның элементтері үшін, аудандар анықталады:

$$A_{c,sup} = d \cdot L \cdot n = 0,2445 \cdot 8,0 \cdot 2 + 0,127 \cdot 4,5 \cdot 2 + 0,127 \cdot 4,3 \cdot 2 + 0,127 \cdot 4,8 \cdot 1 = 6,757 \text{ м}^2.$$

Сынға дейінгі режимдегі элементтерге жататын $Re < 4 \times 10^5$ дөңгелек қиылысты секцияның элементтері үшін, аудандар анықталады: $A_c = d \cdot L \cdot n = 0,070 \cdot 5,2 \cdot 1 = 0,364 \text{ м}^2$,

мұндағы d – элемент диаметрі; L – элементтің ұзындығы; n – секция қырындағы элементтер саны.

Тегіс қиылыс элементтерінің ауданы: $A_f = 0$;

Жалпы есептеу аудны: $A_s = A_f + A_c + A_{c,sup} = 7,121 \text{ м}^2$;

Желілік фасонкалар ауданы: $A_g = A \cdot n = 0,1 \cdot 6 = 0,6 \text{ м}^2$;

C1 секциясының жиынтық (базалық ауданы): $\Sigma A = A_{ref} = A_s + A_g = 7,121 + 0,6 = 7,721 \text{ м}^2$ тең.

Мұнараның өзге секцияларына арналған базалық аудандар A_{ref} осыған ұқсас есептелді:

C2 секциясы үшін – $A_{ref} = 6,527 \text{ м}^2$;

C3 секциясы үшін – $A_{ref} = 6,270 \text{ м}^2$;

C4 секциясы үшін – $A_{ref} = 5,151 \text{ м}^2$;

C5 секциясы үшін – $A_{ref} = 5,002 \text{ м}^2$;

Белдіктерінің мөлшерлері ескеріліп, секция габариттері анықталады (олардың сыртқы қырлары бойынша).

C1 секциясы үшін ортақ (орташа) секция ені $B = 5,6 + 0,2445 = 5,8445$ м;

секция ұзындығы $L = 8,0$ м.

Бірінғай коэффициент φ көмекші құралдың (2.55) Формуласы бойынша анықталады:

$$\varphi = \Sigma A / A = \Sigma A / B \cdot L = 7,721 / 5,8445 \cdot 8,0 = 0,165$$

Жел ықпалы бұрышының коэффициентін есептеуге арналған K_1 және K_2 коэффициенттері:

$$K_1 = \frac{0,55 \cdot A_f}{A_S} + \frac{0,8 \cdot (A_c + A_{c,\text{sup}})}{A_S} = \frac{0,8 \cdot (0,364 + 6,757)}{7,121} = 0,8 \text{ тең;}$$

$\varphi < 0,2$ болғандықтан, $K_2 = 0,2$ деп қабылданады.

Шаршы қиылыс құралымдарына арналған жел ықпалы бұрышының коэффициенті K_θ көмекші құралдың (2.60) Формуласы бойынша есептеледі:

